

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

ӘОЖ 372.893:636:91"19""1920/1930"(574)

Қолжазба құқығында

ТОКИШКАДИРОВ БОТАБЕК БЕЙБИТБЕКОВИЧ

“XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау” тақырыбын “Қазақстан тарихы” курсында оқыту әдістемесі

6D011400 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының
доктор,
профессор
Байсарина Қ.Қ.

Шетелдік ғылыми жетекші
доктор
профессор
Щеглова Т.К.

Қазақстан Республикасы
Семей, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ АГРАРЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ	20
1.1 Ұжымдастыру науқаны қарсаңындағы өлкедегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....	20
1.2 «Кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны.....	38
1.3 Шығыс Қазақстанда астық және ет дайындау бағытын жүзеге асыру саясаты.....	54
2 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ	71
2.1 Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекеттік саясат.....	71
2.2 Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруалар қожалықтарын тәркілеу науқанының іске асырылуы және мал басының қысқаруы.....	87
2.3 1930-1933 жылдардағы ашаршылық және оның салдары.....	107
3 XX ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АХУАЛЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ӘДІСНАМАСЫ	135
3.1 Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ахуалын оқытудың теориялық ұстанымдары мен әдіснамасы.....	135
3.2 XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісінің саяси-әлеуметтік мәні және оқыту мәселелері.....	143
3.3 XX ғ. 20-30 жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздері (эксперимент).....	154
ҚОРЫТЫНДЫ	169
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	172
ҚОСЫМША А – Семей губерниясындағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму көрсеткіштері.....	182
ҚОСЫМША Ә – XX ғ. 20-30 жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздері бойынша эксперименттік көрсеткіштер.....	185

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Аршын – 1 аршын 71,12см. немесе 0.7112 м. тең болған. Қазақтың байырғы ұзындық өлшем бірлігі, шынтақтан саусақтың ұшына дейінгі аралық.

Верста – орыстың ескі қашықтық өлшем бірлігі. 1 верста – 500 сажень немесе 1500 аршынға тең.

Десятина – орыстың байырғы жер аумағын өлшеу бірлігі. 1 (қазыналық) десятина – 2400 кв. саженьге (109, 25 сот. немесе 1,09 га.) тең.

Пұт (пуд) – орыстың ескі салмақ өлшем бірлігі. 1 пұт – 16, 3804964 кг. тең болған.

Рен дүкені (ренский погреб) –XX ғасырдың басындағы шарап сататын орын. «Рен» сөзі – немістің «рейн» сөзінің бұрмаланып айтылуы және «рейн шарабы» сөзінің синонимі болған.

Сажень – орыстың ескі қашықтық өлшем бірлігі. 1 сажень – 3 аршынға тең болған.

Четь – бір нәрсенің төрттен бірі, ескі өлшем бірлігі. Егістік жердің аумағын өлшегенде: 1 четь (четверть) – егін егілген 1 десятина жердің жартысына (шамамен 0,5 га.) тең; ұзындықты өлшегенде: 17,78 немесе кейбір деректер бойынша 19 см. тең болған.

Ұжымдастыру – шағын, жеке шаруа қожалықтарын кооперация арқылы ірі қоғамдық социалистік шаруашылықтарға (колхоздарға) айналдыру.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
БК(б) П	– Бүкілодақтық Коммунистер партиясы
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
РКФСР	– Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
ХКК	– Халық Комиссарлары Кеңесі
ҚазАКСР	– Қазақ Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы
ОАК	– Орталық Атқару Комитеті
ШҚОҚЗТҚО	– Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығы
ҚР ОММ	– Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. «XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау тақырыбын Қазақстан тарихы курсына оқыту әдістемесі)» атты зерттеу жұмысын бұрын толық айналымға түспеген архив деректері мен тарихи мәліметтерге сүйене отырып, тоталитарлық жүйенің қалыптасу кезінде қазақ шаруаларының көрген қасіреттерін тарихи шындық тұрғысынан зерттеу. Зерттеу сараптамалары мен қорытындыларын «Қазақстан тарихы және «Өлкетану» курстарын оқытуда пайдалану.

Тақырыптың өзектілігі. Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде. Оның ең басты көрінісі - тарих ғылымының бұрынғы идеологиялық қыспақтан арылып, ғалымдарымыздың төл тарихты түбегейлі зерттеуге бет бұрғандығы дер едік. Ұлттық тарих жалаң күйінде емес, тұтас ұлттық таным, төл рухани құндылықтар контекстінде қарастырыла бастады.

Еліміз егемендігінің нәтижесінде демократиялық негіздер басымдылыққа айнала бастаған қоғам жағдайында, әсіресе отарлық кезең мен кеңестік дәуір де орын алған халқымыздың қилы тағдырына қатысты оқиғаларды тарихтың таразысына салуға және әділ бағасын беруге байланысты нәтижелі қадамдар жасалуда. Соның бірі – Қазақстан Республикасы Президенті Қасым Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 24 қарашасында қол қойған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы [1]. Осы Жарлыққа сәйкес, еліміз тарихындағы зұлмат оқиғалар хроникасын жан-жақты зерттеу, оны толық қалпына келтіру және тоталитаризм жылдарында зардап шеккен қазақстандықтар туралы тарихи жадыны сақтау бағытындағы жаңа ізденістер кезеңі басталды.

Дәстүрлі қазақ шаруашылығына кеңестік аграрлық саясат және саяси экономикалық саладағы іс-әрекеттерінің тигізген ықпалы зор. Қазіргі таңда елімізде нарықтық экономикалық қатынастардың қарқынды дамуына байланысты, ел ішінде аграрлық мәселеге деген қызығушылық арта түсуде. Әсіресе, аймақтық аграрлық қайта құруларға баса назар аударылуда. Себебі, әр аймақ географиялық және экономикалық, саяси, тарихи, мәдени және әскери ерекшелікке ие екендігі белгілі. Сондықтанда біз қарастырып отырған XX ғасырдың басындағы Шығыс Қазақстан аймағы тарихи дәстүрлерге бай, мұнда ежелден-ақ қазақтардың көне дәстүрлі шаруашылығы – көшпенді мал шаруашылығы жақсы дамыған өлке.

«Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» Қазақстан тарих ғылымы алдында тарихи білімнің біржақтылығынан арыла отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау қажеттігі айтылған [2]. Кеңес дәуірінде кез-келген тарихи жағдайға, сол кезде орын алған оқиғалар өзгертіліп берілгендігі барлығымызға белгілі. Тарихи оқиғаларды қайтадан ақиқат көзімен қарап, шындықты ашық айтуға тәуелсіздік алған уақыттан бастап мүмкіндік алдық. Қазіргі таңда өз

тарихымызды қайта жан-жақты зерттеп, өткен күннен сабақ алу болашақ үшін өте маңызды. Өткендегі тәжірибенің жақсысынан үйреніп, қателіктерінен сабақ алу үшін үшін қажет», - деп, тарихымызда болған оқиғалардың маңыздылығына баға берген [3]. Мұрағат қорларында әлі күнге ашылмаған ақиқаттың бетін ашып, бағасын беру алдағы уақыттың еншісіндегі жұмыс.

Осы жылдары КСРО-да халықтың даму ерекшеліктерімен санаспай, жоғарыдан төмен қарай басқарылатын билік жүйесі өз осал жақтарын бірден көрсетті. Бұл мемлекеттік жүйе қоғам мен жеке тұлғаны өзіне толығымен бағындырды. Үдемелі қарқынмен ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға кіріскен кеңестік билік, бұл шараларды жергілікті халықтың өмір сүру ерекшеліктерін ескермей күштеу әдісімен жүргізді. Жергілікті билік пен күш құрылымдары ауыл шаруашылық науқандарын репрессиялық саясаттың құралы ретінде белсенді пайдаланды. Орталық Комитеттің біржақты қабылдаған шешімдері салдарынан халық аштықтың азабын тартып, аман қалғаны шет елдерге босып кетті. Елімізде орын алған жаппай ашаршылық және оның салдары отандық тарих ғылымында зерттеу нысанасына алынып, сонымен бірге оның әлеуметтік-демографиялық салдары әлі күнге дейін анықталуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты еңбегінде «Еліміз тәуелсіз болып, әлемдік өркениет аясында дамудың жаңа сатысына өткен тарихымызды саралап, ақиқатты бүкпесіз айтатын, оған жаңа тұрғыдан баға беретін кезең» - деп атап көрсетті [4]. Қазақстан егемендігін алған 90-шы жылдардың басында-ақ ерікті қоғам ретінде өз тарихы туралы ақиқатты білуге ерекше ден қоя бастады. Бүгінгі күні еліміздің тарихы, әсіресе кеңестік кезеңдегі даму жолының негізгі және өзекті мәселелері тарихи ақиқат тұрғысынан қайта зерттеліп, түсіндірілуде.

Кеңестік биліктің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары ауылды жерлерде шаруалардың жаппай наразылығын тудырды. Алғашқыда бұл науқандарға шаруалардың қарсылығы шет елдерге миграция түрінде байқалды. 1929-1931 жылдар аралығында республика бойынша 80 мыңдай адам қатысқан 400-ге жуық үлкенді-кішілі бас көтерулері орын алды. Шығыс Қазақстанда шаруалардың наразылығы 1930 жылға қарай ірі көтерілістерге ұласып, Кеңестік биліктің саяси-экономикалық шараларына қарсы шаруалар жаппай бас көтерді. Шаруа толқуларын контрреволюциялық ұйымдардың әрекеті деп танып, аяусыз басып, жаншыды.

Қазіргі таңда елімізде экономикалық қатынастардың қарқынды дамуына байланысты, ел ішінде аграрлық мәселеге деген қызығушылық арта түсуде. Бүгінгі аграрлы экономиканың бір бөлігі болып табылатын дәстүрлі мал шаруашылығының XX ғасыр басындағы қиын жағдайы және оның себептері мен салдарын толық ашу бүгінгі күннің талабы. Сондықтан XX ғасырдың алғашқы он жылдықта жасалған апаттық аграрлы жаңартуды зерттеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

«XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау тақырыбын Қазақстан тарихы курсына оқыту

әдістемесі» біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып табылады. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі күн көрісі болып отырған мал басының азаюы орны толмас ашаршылыққа әкеліп, босқыншылыққа ұшыратты. Сондықтан бұл тарихи кезеңнің осынау белесін бүгінгі өркениетті талап деңгейіндегі көзқарастар ағымында қарастыру арқылы аймақ өмірінің даму динамикасын ғылыми нақтылау зерттеу тақырыбының өзектілігіне айналмақ.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. XX ғ. 20-30-шы жж. аграрлық реформалар, қазақ шаруаларын жаппай ұжымдастыру, Қазақстандағы мал шаруашылығының ахуалы және отырықшылыққа көшіру Қазақстан тарих ғылымында едәуір зерттелді. Дегенмен, мемлекеттік саясат ретінде қалай іске асырылды, оның тарихи тамырлары, жалпы әлеуметтік-саяси, мәдени-рухани нәтижелері және салдары әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бұл оқиғалардың ақтаңдақ беттерін ашу аз уақытта аяқталатын жұмыс емес, бұл мәселе әліде үлкен еңбекті талап етеді деп ойлаймыз.

Кезінде белгілі саясаткер және зерттеуші Т. Седельников патша өкіметінің отарлау саясатын сынай отырып, қазақтардың жерін тартып алу науқанын құптамады. Алайда автор қазақ даласындағы жер үшін күресті таптық позиция тұрғысынан емес, көшпелі және отырықшы феодалдар арасындағы күрес ретінде қарастырды [5]. Ол осы кезде орын алған тарихи жағдайды көрсетуге тырысқан. Мысалы, Т. Седельников қазақтарға пайдалануға берілген жердің азаюы салдарынан олардың бірте-бірте отырықшы-егінші шаруашылыққа өте бастағанын ашық жазады. Осыған орай бірнеше шаруашылық типтерінің: таза мал шаруашылығы, мал шаруашылығы және егіншілік, таза егіншілік, егіншілік-кәсіпшілік пайда болып, дамығанын көрсетеді. Ол Қазақстандағы аграрлық жағдай жөнінде дәйекті пікір айтуға талпынған. Бұған жеті жыл бойы Қазақстандағы аграрлық мәселемен жан-жақты таныс болуы мүмкіндік берді. Ол өз еңбегінде А. Кауфманның тұжырымдарын өткір сынға алды [6] «...құқықтық жағынан біз екі тұлғаның жалпы иеленуінің кәдімгі түріне тап болып отырмыз: бірінші тұлға – бұл тұтастай орыс қол астына қарайтын қазақ халқы, екінші тұлға – мемлекет», - деп жазды [6, с. 17]. Автор ресми түрде қазақ халқының атынан сөйлеп, Қазақстанда жер қатынасын қалпына келтіруді талап етті.

XX ғ. 20-60-шы жж. Қазақстан ауыл шаруашылығының ерекшеліктері, жер саясатына қатысты көптеген еңбектер жарияланды. Бұл тұрғыда Ә. Бөкейхан, Т. Шонанов зерттеулері өте маңызды. Таптық тұрғыдан бұл мәселені Ғ. Тоғжанов та баяндады. Зерттеуші П. Галузо 1917 жылға дейін жерді пайдалану, қазақтардың егіншілікпен айналысуы, көшпелілердің отырықшылануы М.Г. Сириус, Е.А. Полочанский, А.Н. Челинцев, И.А. Зверяков еңбектерінде баяндалады дейді. Оның еңбегінді Қазақстандағы аграрлық қатынастарға біршама сипаттама берілген [7, б. 21]. Кеңестік тарихнамада Қазақстандағы 20-30 жж. ауыл шаруашылығындағы өзгерістер, ұжымдастыру, колхоз құрылыстары, кадр мәселесі туралы Б.А. Төлепбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Ә.Б. Тұрсынбаев, Ф.И. Колодин, О. Сексенбаев,

Ж. Жұмабеков, Н. Әлімбаев және басқаларының зерттеулері бар. Ж. Жұмабеков зерттеулерінде ауыл шаруашылығының кадр мәселесі және жалпы жағдайы баяндалған. Алайда олар кеңестік идеология аясынан шыға алмады.

Қазақтың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-тіршілігі, оның шаруашылығы туралы теориялық пайымдаулары, оны бір мезгілде күштеп қаратудың трагедиялық сипаты аясында қарастырылған. Кеңес дәуіріндегі аграрлық саланың көрнекті зерттеушілері Б.А. Төлепбаев, Ә.Б. Тұрсынбаев еңбектерінде Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы ұжымдастыру, кеңестік аграрлық өзгерістердің іске асырылуы жан-жақты талданған. Олардың еңбектерінде негізгі концептуальдық тұжырым ретінде лениндік ұлт саясатының коммунистік партияның басшылығымен осы өңірде іске асуы басшылыққа алынды. Осы тұжырым аясында отырықшыландыру және ұжымдастыру үрдістері баяндалған ол еңбектерде деректік негіздегі материалдар өте бай. Бұл зерттеушілер сол кездегі ұжымдастыру барысында орын алған қиындықтарға да, халық наразылығына да назар аударған. Алайда, олар сол кездегі саясат бағытында ондай наразылықтарды (ол көп жерлерде көтерілістерге ұласқанды) бандиттік немесе басмашылық бас көтеру деп сипаттауға мәжбүр болған. Жалпы бұл зерттеушілер еңбектері сол кездегі ресми саясат тұрғысынан тарихи ақиқат қалай жазылғанына куә болуымен қатар, өзінің деректік негізі жағынан құндылығын жоғалтпайды.

Осы тұрғыдан тақырыпқа тікелей қатысы бар Г.Ф. Дахшлейгер мен К. Нұрпеисовтің «История крестьянства Советского Казахстана» (Алматы, 1985), еңбектерін де айтуға болады [8]. Г.Ф. Дахшлейгер Қазақстандағы ауыл мен деревнядағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар туралы пайымдамалар жасады. Олар қазіргі ғылым үшін маңызын жоғалтқан жоқ. Көрнекті ғалымның «Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929)» [9] атты іргелі зерттеуінде және басқа да еңбектерінде жаңа экономикалық саясат тұсында Қазақстанның облыстарындағы жер мәселесі және аграрлық реформалар барысы баяндалған.

В.Ф. Шахматов көшпелі мал шаруашылығындағы дағдарыстың себептерінің бірі жеке меншік жер пайдалану және жайылымдарға жеке меншік иеліктің пайда болуынан деп санады [10]. Автор көшпелі шаруашылықта жерді пайдаланудың түрлерін көрсете отырып, Қазақстанның әртүрлі аудандарында жерді пайдалану біркелкі болған жоқ деген қорытындыға келеді.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін жазылған зерттеу жұмыстарының отандық тарихнамадалатын орны ерекше. Бұл еңбектердің құндылығы сонда, оларда Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихына мұрағат қойнауларында ондаған жылдар бойы құпия сақталып, ғылыми айналымға түспеген құжаттар негізінде шынайы баға берілген. Мысалы, Ж.Әбілхожиннің зерттеулерінде қазақ халқының дәстүрлі өмір сүру шаруашылығының қалай қарастырылып, кеңестік аграрлық реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру зардаптары қарастырылған. Ж. Әбілхожин [11], Берденова К.Ә. [12], Е. Қуандық [13] Алдажұманов [14]

және басқаларының зерттеулері отырықшыландыру саясатын ашуға көп үлес қосты. Көрнекті ғалым М.Х. Асылбековтың және демограф Ә.Б. Ғалиев пен М. Тәтімұның [15] еңбектерінде Қазақстандағы 1920-1930 жж. әлеуметтік-демографиялық үрдістер жан-жақты зерттеу арқауы болды.

Тәуелсіздік жылдары «ұжымдастыру», «ашаршылық» тақырыбындағы мұрағат құжаттарына зерттеушілер қол жеткізіп, оны тереңдете қарастыра бастады. Көрнекті ғалым М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстан тарихындағы «ақтандақтарға» байланысты еңбектері және оның ұжымдастыру мен ХХ ғ. 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін туралы зерттеулері бұл мәселені саралауға көп септігін тигізді [16]. Ғалымның 1990 ж. зерттеушілер Ж. Әбілхожин және М. Тәтімұпен бірігіп жазған «Казахстанская трагедия» атты мақаласы «Вопросы истории» (1989, №7) журналы арқылы Москвада жарияланып, 30-жылдардағы алапат аштық пен босқындық зобалаңын әлемге алғаш рет әйгіледі. Сол сияқты К.Н. Нұрпейісовтың қазақ шаруалары туралы бұрынғы кеңестік кезеңдегі және соңғы жылдардағы зерттеулері ХХ ғ. 20-30 жж. туралы көп мағлұмат береді [17].

Ғалым Т. Омарбековтың «Зобалаң», «Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері», «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» зерттеулерінде сталиндік-кеңестік кезеңнің қайшылықты тұстарының көлеңкелі, бірақ тарихымызда ұзақ жылдар «жабық» болып келген мәселелері жаңа, егемен елдің тарихы тұрғысынан қарастырылған [18]. Зерттеуші Қазақстандағы жаппай кеңестендіру саясатын, сауатсыздықты жою, қазақтандыру науқанын, мәдени құрылыс тарихын тың деректер арқылы ашуда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің қызметіне тоқталып өткен. Кеңестендіру саясатының салдарларын көрсете келе, автор жаңадан бой көтеріп келе жатқан тоталитарлық қоғамға халық бұқарасына жанашыр, қамқоршы болатын ұйымдардан гөрі, осы халықты үрей психологиясы ауқымынан шығармай, белгілі бір саяси шеңбер ішінде ғана айналып әрекет жасайтын, адамдарды ресми саясатқа қарсы келмей, керісінше, оны әркез бас шұлғып қолдаумен қанағаттанатын рухта тәрбиелейтін мемлекеттік органдардың қажет болғандығын баса көрсеткен [19]. Сондай ұйымдардың қатарында билік партиясының органы ВК(б)П Өлкелік комитетімен қатар Қазақстан Орталық Атқару Комитеті де бар еді. Сондай-ақ ғалым ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген «Кіші Қазан», байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына мұрағат құжаттары мен материалдары негізінде талдау жасап, шынайы ғылыми тұжырымдар түйіндеген [20].

Зерттеуші Ғ.Х. Халидуллиннің көлемді монографиялық еңбегінде («Политика советского государства в отношении казахских шаруа (1917-1940 гг.». - Алматы, 2001. - 214 с.) [21] кеңес мемлекетінің аграрлық саясатына, оның ішінде қазақ шаруаларына тікелей қатысты оқиғалар тың деректер негізінде баяндалған. Автор қазақ шаруаларының кеңес өкіметі жылдарындағы саяси-әлеуметтік жағдайын, аграрлық реформалар барысын зерттей отырып, негізгі назарды ұжымдастыру қарсаңындағы шаралар мен ұжымдастыру және

оған шаруалардың қарсылық қозғалысына аударған. Монографияда көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшыландыру аграрлық реформаларды іске асыру аясында қарастырылып, кеңес мемлекетінің аграрлық саясатына, оның ішінде қазақ шаруаларына тікелей қатысты оқиғалар тың деректер негізінде баяндалады.

О.Х. Мұхатова еңбектерінде аграрлық тарихнамаға шынайы талдау жасалса [22], Ж. Таңатарова зерттеулерінде қазақ ауылын ұжымдастырумен қатар отырықшылыққа көшіру барысы, бұл тұрғыдағы мемлекет саясаты тың деректер негізінде ашылған. Ж. Таңатарова Батыс Қазақстандағы ұжымдастыру мен отырықшыландыруға көшіру науқанын Еділ бойындағы қалмақ шаруаларындағы науқанмен салыстыра зерттеуі көп мағлұмат береді. Бұл зерттеулердің барлығы 1920-30 жылдардағы қазақ ауылының ауыр жағдайынан көрініс береді.

Зерттеуші К. Сантаева Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жылдарында болған алапат аштықтың негізгі себебін мал басының шұғыл кемуімен, қазақтан малды тартып алуымен түсіндіреді. Қазақ халқының алапат ашаршылыққа басқыншылыққа ұшырауының басты себебі - дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі мен тіршілік көзі болған бар малынан айырылғандығында жатыр-деп көрсетеді [23]. Сонымен қатар, басқыншылыққа ұшыраған қазақ халқының қасіреті де көптеген зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып жүргендігін білеміз. Мәселен, Сібірге босып барған Шығыс Қазақстан өңірі қазақтарының тағдыры М.П.Малышева мен В.С.Познанскийдің «Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934)» [24] деген еңбегінде де көрініс тапқан.

1920-1930 жылдыры Шығыс Қазақстанда жүргізілген ұжымдастыру және оның салдарлары тақырыбында бай материалдар жинақтап, көп еңбек сіңірген зерттеушілер М.Ғ. Ескендіров, Қ.Қ. Байсарина және Б.Нәсенов еңбектерін ерекше атаймыз. Ұжымдастыру қарсаңындағы елдегі қоғамдық-саяси жағдайлардың сипатын тереңірек түсіндіруге М.Ғ. Ескендіровтың «Восточном Казахстане в годы силовой модернизации (1926-1939)» [25] сияқты еңбектері біршама ықпал етеді. Бұл еңбектерде тоталитарлық тәртіптің қалыптасып, үстем етіп келе жатқандығы және коммунистік партияның ұстанған бағыты мен бір орталықтан басқару жүйесінің біртіндеп жүзеге аса бастағандығы көрсетіледі. Қ.Қ. Байсаринаның «Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы (1920-1930)» атты оқу құралы мен «Семей өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры/1931-1933 жж.» мақаласы және басқа да еңбектерінде Кеңес үкіметінің жүргізген әлеуметтік-экономикалық реформалар сипатына тоқтала отырып, Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығына жағдайына жан - жақты талдау жасаған [26, 27]. Сонымен қатар аймақтағы "Кіші Қазан" бағыты мен ауқатты шаруа қожалықтарында мал басының қысқару тенденциясын тың дерек көздерін ғылыми саралау арқылы көрсеткен.

Бұл зерттеулердің тарихта алатын орнын атап өткен жөн. Осы кезеңнің Семей округі жеріндегі жүрген оқиғаларды көрсететін, 23 томдық жинаққа

кіретін Б. Нәсеновтың «Абыралы қанды жылдары (1905-1945)» [28], «Абыралы көтерілісі» [29] бөлімдерінде архив деректерінен алынған құжаттар мен материалдар жариялаған. бралы көтерілісі тақырыбындағы құжаттар мен материалдар ғылыми-зерттеу және деректанулық сипаттағы кейінгі зерттеулерге арналған деректі жинақ ретінде маңызды рөл атқарады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Қазақстанның орталық мұрағатының әр жылдары құжаттар жинақтарын жариялай бастады. Бірақ, айта кету керек, бұл басылымдарда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңі бойынша құжаттар аз көлемде берілген. Мұрағат құжаттарының бір бөлігі «Трагедия казахского аула. 1928-1934 гг.» [30] және «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг.» [31] құжаттар жинақтарында ұсынылса, кейінірек 2021 жылы отан тарихшыларының қажырлы еңбегінің арқасында бұрын жарық көрмеген құжаттар «Ашаршылық. Голод. 1928-1934 гг.» [32] құжаттар жинағына топтастырылып, жарияланды. Құнды деректер беретін еңбекке 2002 жылы «Абай облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» және «Шәкәрім университетінің Академик М. Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығы» бірлесіп шығарған «Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.)» [33] материалдар жинағы жатады. Бұл жинақта Семейдің Ертіс өңірінде Кеңес өкіметінің индустрияландыруды іске асыру, 1928 жылдан басталатын ауқатты шаруаларды тәркілеу және ұжымдастыру саясатының мәселелеріне қатысты материалдар кеңінен берілген.

Шетелдік тарихнамада да зерттеліп отырған мәселе бойынша жарияланымдар бар. Осы мәселе туралы жазылған арнайы зерттеуге тоқталсақ, француз ғалымы Изабель Ойяның «КСРО қазақтарын отырықшыландыру және Қазақстан мен Орта Азия шаруаларын ұжымдастыру» туралы монографиясында арнайы қарастырылған («La sédentarisation des Kazakhs dans L'URSS de Staline. Collectivisation et changement (1928-1945)» Maisonneuve et Larose. - 2006. – 416 p.) [34] И. Ойян Қазақстанда 1990 жылдардан бері қарай жарық көрген құжаттық жинақтар мен қазақстандық зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, қазақ шаруаларының әлеуметтік жағдайын, отырықшылануын, ұжымдастыру барысын және оған қарсы болған шаруа көтерілістерін баяндайды.

Ресейлік тарихнамада бұл мәселе В.П. Данилов еңбектерінде және басқа да зерттеулерде қысқаша ғана баяндалып өтеді. Американдық ғалым, саясаткер М. Олкоттың 90-жылдардың бас кезінде шыққан «Қазақтар» деген кітабында да бұл мәселе жалпылама түрде, негізінен кеңес тарихшыларының еңбектеріндегі деректер негізінде баяндалған. Автор бұл мәселеде ешқандай жаңалық айтпайды және деректері тексерілмеген,

Батыс тарихнамасында 20-30 жылдардағы ұжымдастыру мен оның салдары туралы жазылған М.Олкотттың «Фабрикация социального прошлого: казахи Средней Азии» еңбегі [35] және 30-жылдардағы қазақ ауылдарын қамтыған ашаршылық туралы жазылған 1986 жылы Лондонда жарық көрген Р. Конквесттің «Жатва скроби: советская коллективизация и террор голодом»

атты кітабының орны айрықша. Автор бұл еңбегінде ұжымдастыру желеуімен ашаршылық арнайы ұйымдастырылған науқаншылдық деген Х.Сетон-Уотсонның пікірін қолдайды [36]. Сонымен қатар Р.Конквист «Жатва скорби» мақаласында қазақтардың 1926 және 1939 жылдардағы, яғни екі санақ аралығындағы шығынын 867 400 (3 968 300 минус 3 100 900) адам болғаны туралы жазады (Конквист Р. Жатва скорби. 1988. – 620 с.) [37]. Айта кетер тағы бір жайт, автор өзінің 1986 жылы Лондонда шыққан «Урожай беды» кітабының бір тарауын «Казахская трагедия» деп атаған. Зерттеуші жанама және тағы басқа қолы жеткен деректерге сүйене отырып, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жылдарында сталиндік террордан әрбір үшінші қазақтың құрбан болғанын айтады. Тағы басқа батыстың А.Р. Льюис и Н.Р. Роулэнд секілді зерттеушілері қазақтардың отырықшландыру салдарынан 1926 жылғы 4 млн. адамнан 1939 жылы 3 млн. адамға азайғанын, ал табиғи өсімді ескергеннің ізінде шығынның 1,5 млн. адамды құрағанын жазған [38] Америка тарихшысы М. Малиа «Советская трагедия. История социализма в России» еңбегінде 1926-1939 жылдардағы КСРО-ның жалпы демографиялық тапшылығының 15 млн. Адамды құрағанын әрі олардың басым бөлігі ауыл халқынан болғанын жазады. [39] 30-жылдар туралы батыс тарихнамасында жазылған деректер мен цифрлардың шындық екенін 80-жылдардың ортасы мен 90-жылдардағы кеңестік тарихнама, кейін тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы дәлелдеді.

Аталған тақырыпқа қатысты Қазақстан тарихи курсына білім берудің теориялық және әдістемелік бағытында зерттеулерді атап өткен жөн. Мәселен, Т. Тұрлығұловтың [40], Б. Әбдіғұлованың [41], Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаеваның [42], және т.б. әдістемелік еңбектерді атап айтуға болады. Бұл еңбектерді тарихты Қазақстан тарихын мектептерде оқытуға баса көңіл бөлінгенімен, ондағы әдістемелік тұжырымдар жоғары білім беру жүйесінде тарихшы мамандар дайындауға да қолдануға негіз болады. Ж.Б. Кундакбаева, К.Ш. Алимгазинов, А.М. Абдилдабекова, Э.Т. Телеуовалардың [43] зерттеуі тарихи білім берудің инновациялық технологиясын кеңнен тоқталады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2020 жылдың 24 қарашасында саяси-қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, мұрағат қорларындағы құпия құжаттар ашылып, кешенді жұмыстар атқарылды Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша 2023 жылдың аяғында ашаршылық ақиқатына қатысты көп томдық деректер жинағы шықты [44].

Аталған ғылыми – әдістемелік еңбектерде қарастырылған тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесінің іргелі мәселелері диссертациялық зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді оқу үрдісіне енгізуге қатысты жұмыстар басшылыққа алынды.

Біз қарастырып отырған ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы мен 30-шы жылдарының басы көптеген зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып жүргені белгілі. Авторлардың көпшілігі бұл кезеңді зерттеудің маңыздылығы оның тәуелсіз Қазақстанның өткен тарихының тағдырымен тікелей байланыстылығында жатыр деп көрсетеді. Отандық тарихшылардың

кең көлемді зерттеулерінің бірі ретінде зерттеліп келе жатқан бұл тақырып әлі күнге дейін өзектілігін жойған емес. Сондықтан аталған мәселені бүгінгі күні отандық тарихта жаңаша зерделеу қажеттілігін дәлелдей түседі.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

«XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының дамуын нақты деректер арқылы талдай отырып, ғылыми ой-тұжырымдар жасалынса, республика аймақтарындағы ауыл шаруашылығының дамуы мен экономикалық саясаттағы мәселелердегі күрделі шешуін қажет ететін мәселелерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берер еді.

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму тарихына талдау жасап, оның ыдырау себептері мен салдарларын тарихи құжаттар мен деректер негізінде саралап, ғылыми-теориялық тұжырымдар жасауға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары болашақ маман даярлауда, тарихи білім беру үрдісінде оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде ықпалын тигізеді.

Зерттеудің нысаны – XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау тақырыбын Қазақстан тарихы курсына оқыту әдістемесі болып табылады.

Зерттеу пәні: Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму тарихы.

Зерттеудің мақсаты XX ғасырдың 20-30 жж. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылықтың өзгеріске ұшырау үрдісі мен оның кері әсерін зерделеу, жұмыстың негізгі әрі басты мақсаты болып табылады. Шығыс Қазақстандағы ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты мен дәстүрлі мал шаруашылығының құлдырау себеп-салдарларын жан –жақты зерделеу. Ұжымдастыр жылдарында орын алған астық және ет дайындау нақанының көшпелі, жартылай көшпелі қазақ шаруаларының өмірінде терең із қалдырған қасіретті тағдырын жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан зерттеу. Аталған тақырыпқа қатысты жүйеленген мұрағат деректеріне сүйене отырып, тарихи құжаттарды ғылыми айналымға енгізу және педагогикалық әлеуетін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу.

Зерттеудің міндеттері: Осы мақсатты жүзеге асыру үшін зерттеу жұмысының алдына мына міндеттер қойылды:

1. Дәстүрлі мал шаруашылығының Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы өзгеріске ұшырау үрдісін зерттеу.

2. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісінің саяси-әлеуметтік мәнін айқындау.

3. Зерттеу нысанына қатысты деректерді жүйелеу, саралау негізінде қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау себептерін нақтылайтын деректерді ғылыми айналымға енгізу.

4. Шығыс Қазақстан аймағындағы ауқатты шаруа қожалықтардың мал-мүлкін тәркілеу нақанын түбегейлі өзгерістерге дайындық сатысы ретінде көрсету.

5. Астық және ет дайындау науқандарын және оның өңірдегі дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсерін зерттеу.

6. Отырықшылық және ұжымдастыру науқандарының күштеп жүргізілгенін тарихи құжаттар арқылы анықтау.

7. Жаппай ашаршылық пен басқа өңірлерге көшіп кету жағдайына әкелген дәстүрлі шаруашылықтың күштеп өзгеріске ұшыраудың кері ықпалын зерделеу.

8. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінде жаппай ұжымдастыру үрдісінің мал шаруашылығына әкелген зардаптарын салыстырмалы талдау.

9. Өлке тарихын оқытуда дәстүрлі мал шаруашылығының алатын орнын айқындау.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Диссертацияның теориялық-әдіснамалық негіздерін тарихи зерттеудің жалпы ғылыми әдістерінің жиынтығымен қатар тарихи талдауға тән таным теориясы заңдылықтары құрайды. Зерттеу жұмысына сипаттау, тарихи сараптамалы талдау жасау, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, түсіндірмелі баяндау, тарихи құбылыстарды бағалау сияқты әдістер қолданылды.

Сонымен қатар қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты статистикалық деректер мен құжаттар салыстырмалы түрде сараланып, тақырыптың мазмұнын ашуда объективтік принцип басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Зерттеу жұмыстың деректік негізіне тарихи, этнографиялық, статистикалық, мұрағат құжаттары және баспасөз материалдары бойынша кешенді деректер алынды. Зерттеу жұмысының деректік негізін бірнеше деректер топтамасы құрайды:

Оның бірінші тобына Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты және Шығыс Қазақстан облысындағы «Қазіргі заман тарихы құжаттамасының орталығы», Абай облысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының қорларындағы құжаттар аталған тақырыптың тарихи-шынайы мазмұнын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының 141-қоры (БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті) құжаттарынан Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру науқанының сандық сипатына қатысты берілген деректер алынды. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 5 қоры - республикадағы ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау мәселесіне қатысты қабылданған қаулы-қарарлары жинақталған. №74 қордағы іс-қағаздарыда астық, ет дайындау науқаны байланысты арнаулы нұсқаулар берілсе, ал №116 қордан Семей губерниясында ауыл шаруашылық өнімдерін дайындауы жөнінде есептер мен мәліметтер алынды.

Абай облысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының қорларындағы деректер жинастырылып, жекелеген мәселелердің шынайы мазмұнын айқындауға ықпал ететін құжаттар топтамасын құрайтын еңбектермен шолулар мәліметтік жинақтар кеңінен пайдаланылды. Әсіресе Шығыс Қазақстан өңіріндегі 1928-

жылғы тәркілеуге арналған 74 және 3 қорлардағы мәліметтер зерттеу жұмысының негігі дерек көзі болып табылады. Жаппай ұжымдасыру барысында саяси науқандарды жүзеге асыру үшін қабылданған қаулы-қарарлары аталмыш архивінің 3-қорындағы (Қазақстан компартиясы Семей обкомының партиялық архиві), 7-қорындағы (Қазақстан компартиясы Семей обкомының партиялық архиві) құжаттарында берілген және қабылданған қаулыларға сәйкес кулактарды тап ретінде жою мен жер аудару, тәркілеу мен шолақ белсенділер қызметі, шекара асып кеткен халықтың сандық көрсеткіші мен қайта елге оралғандардың тағдыры және көп кездесе бермейтін шаруалар көтерілісінің сипаты бейнеленсе, ұжымшарлардың өсу қарқыны мен сипаты мұрағаттың 409-қорының (Семей округтік атқару комитеті), 96-қорының (Семей қалалық атқару комитеті), 250-қорының (Ауыл шаруашылығы колхоздарының Семей округтік одағы), 390-қорының (Жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің Разин аудандық атқару комитеті), 1223-қорының (Еңбекшілер депутаттарының Борас аудандық атқару комитеті), 1443-қорының (Еңбекші депутаттары және олардың атқару комитеттерінің Абыралы аудандық Кеңесі) құжаттарында көрініс тапқан. Мұндағы жалған және сын көтермейтін колхоздардың құрылуы жергілікті жерлердегі басшылар мен шолақ белсенділердің жіберген олқылықтарынан болды деп көрсетіледі. Бірақ аудандық атқару комитеттерінің құжаттарынан шаруалар көтерілісіне қатысты мәселелер кездескен жоқ.

Аштық нәубетінің нәтижесінде әр түрлі эпидемиялық ауруларға ұшырағандармен, панасыз балалардың тағдырымен күштеп ұжымдастыруға наразы болған шаруалардың арыздары жөніндегі деректер мұрағаттың 577-қорының (БК(б)П-ң Семей округтік бақылау комиссиясы және жұмысшы - шаруа инспекциясы), 578-қорының (Шығыс Қазақстан облысы БК(б) П-ң бақылау комиссиясы және жұмысшы шаруа инспекциясы) құжаттарында берілген. Десек те, бұл құжаттарда аштыққа ұшырағандардың тағдыры жөніндегі мағлұматтар көп ұшыраса бермейді. 86 – қордағы (Семей округтік қаржы бөлімшесі), 361-қорындағы (Округтік санақ бөлімшесі) құжаттарда елдегі ауыр жағдайға қарамастан, салықтан түскен қаржының ортақ қазанға деп әкетілгендігі және бұл жергілікті жерлердің өзін - өзі басқаруларына кедергі болғандығы көрсетілген. Ал 68-қоры (Семей округтік соты), 81-қоры (Семей округтік прокуратурасы), 655-қоры (Семей қалалық прокуратурасы) құқық қорғау органдарының жұмысына қатысты болғанымен шаруалар көтерілісіне байланысты ештеңе айтылмаған, тек 6-қордағы (Семей округтік бақылау комиссиясы) құжаттарда астық дайындау кезіндегі үштіктердің қызметі мен халыққа қатысты қысымшылығы керсетілген.

Деректердің екінші тобына мұрағат құжаттарының жинағын жатқызуға болады. Мәселен, «Коллективизация сельского хозяйства в Кировском (Усть-Каменогорском) районе» [45] сияқты құжаттар жинағында Өскемен ауданындағы ұжымдастыруға, әсіресе кулакты тап ретінде жою мәселесіне қатысты мәліметтер шоғырланған. Сол сияқты Шығыс Қазақстан өңіріне қатысты «Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период

коллективизации» [46] деген құжаттар жинағын автор жариялай отырып, халықтың қолында 2-ден 20-ға дейін бас малдары болған, бірақ неліктен олар қыс ішінде суыққа қарамастан бала-шағасын алып Қытай асып кетті деген сауал тастай отырып, бұл мәселе әлі зерттеуді қажет етеді дейді. Ал, «Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932-1933 гг.» [47] және «Гонимые голодом: Документы о судьбе тысяч казахов, бежавших в Сибирь» [48] атты құжаттар жинағында аштық жылдарындағы Сібірге өтіп кеткен Шығыс Қазақстан халқының халі мен тауқыметі және балалар панасыздығына қатысты мәліметтер топтастырылған. Сол сияқты «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг.» [49] және 2023 жылы жарық көрген «Ашаршылық. Голод 1928-1934» атты құжаттар жинақтары Қазақстандағы күштеп ұжымдастырумен оның қайғылы қасіреті мен аштықтың салдарын бейнелейтін құжаттар жарияланған.

Зерттеу деректерінің үшінші тобына тақырыпқа қатысты кезеңдегі заң жинақтары, Кеңес өкіметінің қаулы-қарарлары, ұжымдастыру науқаны туралы жарияланған құжаттық жинақтар мен материалдар да кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар БК(б)П шешімдері мен мен құжаттық материалдары да кеңестік мемлекеттік саясатты талдауға арқау болды. Атап айтқанда БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті қаулылары, Қазақстан Компартиясы съездері, пленумдарының шешімдері, қарарлары, КОКП съездерінің, конференцияларының және пленумдарының материалдары да жұмыста көрініс тапты.

Деректердің төртінші тобына жарыққа шыққан статистикалық жинақтардың материалдарын жатқызуға болады. Статистикалық жинақтардағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының даму заңдылығы мен құрылымын және тарихи процестерді талдау барысында мұрағат деректері мен статистикалық материалдарды салыстырмалы түрде пайдаланды.

Деректердің келесі бір үлкен тобын баспасөз материалдары құрайды. Олардың қатарында ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы “Қызыл Қазақстан”, “Народное хозяйство Казахстана”, “Большевик Казахстана”, “Советская степь”, “Еңбекші қазақ” мерзімді баспасөз материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы материалдар да ғылыми айналымға енгізілді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы және оның тарихи салдарлары, орын алған тәркілеу және қуғын-сүргін мәселесі өзара сабақтастырыла талданып, бір жүйеге келтіріліп, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан зерттелді:

1. Ұжымдастыру науқаны қарсаңындағы өлкедегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу барысында, мұрағат қорларынан алынған деректері негізінде аймақтың ерекшеліктері жан-жақты талданған.

2. Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруалар қожалықтарын тәркілеу науқанының іске асырылуы және мал басының қысқаруы, кеңестік саяси-экономикалық эксперименттердің қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына кері ықпалы зерделенген.

3. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және XX ғасырдың басындағы қазақ ауылындағы түбегейлі өзгерістер ұшырау себептері тұңғыш рет жаңарған көзқараста, мұрағат құжаттары негізінде жарыққа шығып, ғылыми айналымға енгізілді.

4. XX ғасырдың бірінші ширегінде Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығының дамуы мен құлдырауы жағдайына талдау жасалып, мемлекет тарапынан жүргізген іс-шаралар анықталып, жан-жақты баға берілген.

5. Шығыс Қазақстанда жүргізілген астық және ет дайындау науқанының жүзеге асырылуы және оның салдарлары бұрын ғылыми айналымға енген мұрағат құжаттары негізінде жан-жақты талданып, ғылыми айналымға енгізілді.

6. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы аграрлық реформаның тарихи құжаттар негізінде, оның тиімді және тиімсіз жақтарын мазмұнын айқындауға ұмтылыс жасалды.

7. Жаппай ұжымдастыру науқанына қарсы болған шаруалар көтерілісінің негізгі себептері мен салдары айқындалып, жан-жақты талданды.

8. Шығыс Қазақстан өңірінде орын алған аштықтың салдарлары нақты статистикалық мәліметтер арқылы талданып, айқындалған.

9. Диссертацияның әдіснамалық және теориялық негізі болып білім игерудің жалпы ғылыми қағидалары алынды.

10. Өлкетану тарихын оқытуда дәстүрлі мал шаруашылығының даму деңгейі мен ерекшеліктері айқындалып, тың мұрағат деректері арқылы талдауға мән берілді.

11. XX ғ. 20-30 жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздері жасалынды.

Зерттеудің кезеңдері. Бірінші кезеңде зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-тарихи әдебиеттерге тарихнамалық талдау жасалып, мұрағат материалдары жинақталып, талданды. Ұжымдастыру науқаны қарсаңындағы өлкедегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, «Кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны және Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ахуалы мен проблемалары жүйеленіп, зерттеу жұмысының ғылыми аппаратты жасалды.

Екінші кезеңде Аймақтағы мал шаруашылығының жағдайы, даму барысы, нәтижелеріне байланысты дерек көздері бойынша материалдар жүйеленді және мәселенің тарихи алғышарттары бойынша тұжырымдар дайындалды. Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруалар қожалықтарын тәркілеу науқанының іске асырылуы мен көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекеттік саясаттың мәнін айқындалады.

Зерттеудің үшінші кезеңінде дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы талданып, қорытындылар жасалынды. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығының даму тарихын «Қазақстанның тарихы» және «Өлкетану» курсына оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдері іздестірілді.

Зерттеудің практикалық мәні.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен ұсыныстарын еліміздің ауыл шаруашылық саласын дамытуға басты назар аудару, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекелестік деңгейін арттыруға серпінді ықпалын тигізеді. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар мен қорытындылар мал шаруашылығын дамыту, еңбек өнімділігін арттыру, мал басын ұлғайту арқылы ауыл еңбеккерлерінің табыстарын молайтуға және әлеуметтік мәселелерді шешу жұмыстарында практикалық маңызы ерекше. Бұл мәселе төл тарихымыздың кеңестік кезеңдегі 1920-1930 жылдардағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы және оның тарихи салдарларын тереңдете жан-жақты зерттей түсу қажеттігін дәлелдей түседі. Бүгінгі таңда Абай облысының ауыл шаруашылық саласында жаңа өзгерістер жасау үшін өткен ғасырдың нәтижелі және нәтижесіз болған барлық тәжірибелерінен эксперимент жасалынуы керек.

Зерттеу нәтижесі жинақталған тың мұрағат деректер, құжаттық жаңа жинақтар және басылымдардағы жаңа көзқарастармен жазылғандықтан біршама объективті тұрғыда сипатталады. Сондықтан XX ғасырдың 20-30 жж. қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалына қатысты тарихи деректер мен зерттеу тұжырымдарын арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдалануға болады. Зерттеу жұмысын Қазақстан тарихы 1920-30 жж. жылдардағы әлеуметтік – экономикалық және саяси тарихына арналған монографиялар даярлау барысында, оқулықтар жазуда, арнаулы курстар мен семинар сабақтарын жүргізуге пайдалануға болады.

Сонымен қатар, диссертацияда келтірілген мәліметтерді, тарихи деректердегі пікірілер мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы курсы» және «Өлкетану» курсына оқылатын дәрістер мен өткізілетін семинар сабақтарында кеңінен пайдалануға болады. XX ғ. 20-30 жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздерін оқу-әдістемелік кешен ретінде оқытушылар мен студенттерге қолдануға болады.

Зерттеу тақырыбының хрэналогиясы.

1921-жылғы ЖЭС тен бастап Голощекиннің билікке келуімен және Қазақстанда ұжымдастырудың іске асырылуы мен ұжымдастырудың нәтижесі 1931-1933 жж. ашаршылықты қамтиды.

Қорғауға келесідей қағидалар ұсынылады:

1. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы және оның тарихи салдары, ауқатты шаруалар қожалықтарын тәркілеу науқанының іске асырылуы және мал басының қысқару себептері мен сипатын тарихи шындық принциптеріне сүйене отырып, талдау жасалынды.

2. Шығыс Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру науқаны кезіндегі орын саясаттың бағыт-бағдарын, мәні мен сипатын және қайшылықтары мен зардаптарына баға берілді.

3. Кеңес үкіметінің аграрлық салада жүргізген саясатының мәнін ашып, тәжірибесін ой-елегінен өткізе отырып, Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауы және оның тарихи салдары айқындалды.

4. 1920-1930 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму кезеңдері мен дағдарыс себептерін қарастыра отырып, еліміздің аграрлық саясатының мазмұны мен бағыттарына талдауға талпыныс жасалынды.

5. Қазақстан тарихын оқыту курсында заманауи оқытудың әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, студенттердің білімін, дүние танымын кеңейтуге көмекші әдістемелік нұсқаулар берілді.

6. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму тарихына қатысты деректер мен тарихи құжаттарды және арнаулы зерттеулер қорытындысын Өлке тану курсына қолданудың жолдары берілді.

7. Бүгінгі таңда тарихи білім беруде жаңа көзқарастардың қалыптасуына және оның негізінде тарихи оқиғалар мен құбылыстарға объективті баға беруге, қоғамдық-саяси бағыттарды бағамдап, шындыққа көз жеткізуге, тарихи тағылымнан сабақ алуға ықпал ететін теориялық ұсыныстар берілген.

Зерттеудің дәлелдігі мен негізділігі: қолданылған әдіснамалық ұстанымдардың негізділігімен, қойылған міндеттерге сәйкес кешенді ғылыми зерттеу әдістерін пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихи деректерге жан-жақты талдау жасалынып, тарихи құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Зерттеу нәтижелерінің тұжырымдары мен қорытындылары теориялық-әдістемелік тұрғыда нақтыланып, оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету ерекшеліктерін айқындаумен негізделген.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары:

Диссертацияның негізгі қорытындылары, мазмұны мен нәтижелері «Scopus» деректер базасына кіретін басылымда 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары оқу орындары министрлігі ұсынған басылымдарында 5 ғылыми мақала жарық көрді.

Халықаралық ғылыми журналдарда «The Public Role of Deputies Elected to the State Duma from the Steppe Region: An Effective Dialogue between Government and Society» және «Education in Turkestan and Western Siberia at the end of the XIX century to the 1920s: Formation of “New Method” Schools and Their Features» мақалалары, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Семей өңірінде жүзеге асырылған тәркілеу науқаны», «Голощекиннің «Кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны», «Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу және оның тарихи салдары», «1920–1930 жылдар қасіреті: Моңғолияға көшкен қазақтар тағдыры», «1928 жылғы декрет: қазақ байларының тағдыры мен трагедиясы» мақалалары жарық көрді.

Зерттеудің құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспе және үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ АГРАРЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

1.1 Ұжымдастыру науқаны қарсаңындағы өлкедегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Кеңес өкіметі өмір сүрген кезеңнің өн бойында, әсіресе XX ғасырдың 1920-30-шы жылдары арасында орын алған адам құқықтарының аяқасты болуын, заңсыз репрессиялардың себептерін бүгінгі біздер сол кеңестік жүйенің табиғатымен түсіндіруге тиіспіз. 1917 жылы қазанда төңкеріс жолымен билікке келген большевиктер партиясы, Ресей халқына бүкіл елде бір меншікке негізделген коммунистік қоғам орнатуды күшпен әкеп танды.

Кеңес үкіметінің алғашқы қабылдағын Жер туралы декретінде жер шаруаларға беріледі деп жарияланды. Бүкіл Ресейдегі сияқты Қазақстанда да «Жер туралы Декреттің» жүзеге асуы жергілікті жерлерде кеңес өкіметінің орнауына тікелей байланысты болды. Қазақстанда кеңес өкіметінің кешірек орнауы, азамат соғысы салдарынан жерді мемлекет меншігіне алып, жалпы жер пайдалануды ретке келтіру Россияның ішкі облыстарына қарағанда едәуір кешігіңкіреп, бірнеше жылдарға созылды. Бұл тарихи құжат қазақ қоғамы үшін жер мәселесін әділ шешуге жол ашатын және отаршылдық зардаптарын жою деп қабылданды және бірте-бірте шаруалардың кеңестік жағдайда отырықшылыққа көшуіне кең жол ашты. Осы декреттің негізінде Түркстан АКСР Халық Комиссарлары Кеңесі 1918 жылы наурызда «Кенсай» және «Қапланбек» деп аталатын ірі жер иениелерін мемлекет меншігіне алу туралы жарлық шығарды [50]. Алайда жер Декреті негізінде көшпелі шаруалардың отырықшылыққа өтуіне әлі уақыт керек болатын. Декрет мұның тек алғашқы қадамы еді. Себебі көшпелі шаруалардың отырықшылыққа өтуіне материалдық-техникалық база қажет әрі қолайлы жер қайта бөлініп берілуі тиіс болды.

1920 жылдары Қазақстан жерді әділетті бөлу арқылы барлығына, оның ішінде көшпелі халыққа да пайдалануға мүмкіндік беретін бірқатар заңдар мен ережелер қабылдады. Бұл шаралардың құқықтық негізі жер туралы жарлық болды. Жер туралы жарлықтың орындалуы Қазақстанда большевиктердің аяусыз күресі нәтижесінде жүзеге асырылды. Билік жұмысшылар депутаттарының жергілікті кеңестеріне берілуімен жер туралы жарлықтың орындалуы большевиктердің, уездердің және үкіметтердің атқарушы комитеттері арқылы жүзеге асырылды. Осыған байланысты үкіметтің кеңестерге ауысуына және олардың қызметіне ықпал ету үшін әртүрлі жергілікті конгрестер шақырылды. Жер мәселесінде еркіндік алған көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары бұған үлкен үміт артып, отырықшы жағдайға көшуге ниет білдірді және аграрлық өзгерістерді толық қолдады [50, с. 47].

Алайда, Кеңес мемлекеті және ол құрған большевиктер партиясы әуел бастан жер бөлу саясатын жүргізіп, халықты бөліп, таптық күресті күшейтті. Сондықтан Кеңес үкіметінің жер мәселелеріне арналған ұрандары іс жүзінде

карапайым адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына үлкен ықпал жасай алмады.

Жер декреті Қазақстандағы кедейлерге, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелілерге бір жерде қоныстануға, егіншілікпен айналысуға және өмір сүру жағдайларын жақсартуға негіз болады деп саналды. Әрине, кедей жерлердегі шараларға ақысыз пайдаланылуға бері, оларды Алымдықтардан құтқару, ал жалшы қанауға тыйым салу және басқа да шаралар Қазақстанның ауылдық жерлерінде жерге орналастыру жүйесін құруды қамтамасыз етті. Бұл алғашқы аграрлық реформалар арқылы кеңестік социализм негізінде шаруалар өмірін қайта құрудың экономикалық және саяси-әлеуметтік алғышарты болды. Бұл шаралар қазақ халқының біртіндеп және экономикалық тұрақтылығы үшін де маңызды болды.

Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты барлық жұмысшылардың, соның ішінде көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының мүдделеріне сай болды деп есептелді. Біріншіден, олар жер мәселесіне қатысты отаршылдықтың қалдықтары жойылады деп сенді. Шынында да, жер мәселесінде: Орал мен Ертіс бойындағы қазақтар мен орыстарға қатысты патша үкіметінің жеңілдетілген режимінің жойылуы, 1916 жылы Жетісудағы жер реформасы. Қазақ ақындары патша жазалаушыларының нәтижелеріне қуанды, мысалы, жер мәселелеріндегі зорлық-зомбылықты жою.

Жалпы жер мәселесі туралы Жарлыққа сәйкес қабылданған шаралар негізінде Қазақстанның большевиктер мен ауылдардағы ірі жер иелері, шіркеулер мен қазыналық жерлер қысқартылды. Бұл жерлер мемлекет меншігіне өтіп, тегін пайдалануға берілді. Осыған байланысты, мемлекет мемлекеттен жеке жерлерге қамқорлық көрсетіп, оларды шаруаларға беруін талап етті, ал оның барлық жабдықтары жұмыс істемей қалды.

Кеңес билік қазақстандық қоғамда бұрыннан қалыптасқан көшпелі шаруашылық жүйесін бұзған жоқ. Өйткені елді мекенге көшу оңай болған жоқ. Сондықтан Кеңес мемлекетінде қазақ халқының ежелгі экономикалық сипаттамалары ескерілді. Бұл кеңес мемлекетінде жерді тең бөлу саясатын қоспағанда, бірде-бір реформа жобасы болмағанына байланысты болды. Азаматтық соғыстан кейінгі міндет жер мен мал арасындағы серіктестік негізінде ынтымақтастық орнату болды.

Қазақстан облысының өнеркәсіптік кәсіпорындардан алшақтығы және жеке өнеркәсіптің болмауы тұтастай алғанда оның экономикасына әсер етті. Мұнда кең мал шаруашылығы басым болды. Таралған отбасылар көшпелі малдарды пайдаланып топтарға бөлінді. Олардың көші-қон жолы тым алыс еді. Мәселен, Адай, Балқаш және Қарсақпай ауылдарында адамдар он күннен айға көшті. Көшпелі қазақ ауылдар ерте көктемнен қысқа дейін 500-1000 км жүрді мал жайылымына сәйкес. Мұның бәрі қазақ ауылының әлеуметтік құрылымының проблемасы болды.

Сондықтан да қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуы, оның ежелден қалыптасқан, мал шаруашылығына негізделген экономикасына байланысты болатын. Сондықтан оны жана жағдайға бейімдеп

өзгерту қажет болды. Кеңес мемлекетінің аграрлық саясатын жергілікті жерде іске асыру үшін «Болыстық жер комитеттерінің қызметі туралы», «Жер комитеттері туралы» заңдар шықты. Осы заңдарға сәйкес жергілікті Кеңестердің жанынан жер комитеттерімен жер-су комитеттері құрылды. Олар жаңа өзгерістерді іске асырумен айналысты.

Өзінің жұмысында Жер-су комитеттері шаруалардың пайдаланылуына берілетін жердің көлемін белгілеп, жерді пайдалану ережесінің орындалуына бақылау жүргізді, жерге мұқтаж болып отырған шаруалардың есебін алды, жер-суды пайдалану кезінде шыққан елдің арасындағы даулы мәселелерді реттеумен айналысты.

Кеңес үкіметі Қазақстанда алғашқы аграрлық өзгерістерді іске асыруда өлкенің ұлттық және табиғи-географиялық жағдайда қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты көптеген қиыншылықтарды ескеруі тиіс болды. Мұндай қиыншылықтар өлкенің жалпы бір жақты экономикалық дамуының салдарынан, қазақ аулындағы қалыптасқан қауымдық-рулық қатынастардың әсерінен туындаған еді. Сондықтан шаруалардың көпшілік жағы әсіре тап күресін шиеленістіруге ынтасы болмады. Сондықтан, көп жылдарда халық таптық күресті қабылдамады.

1920-шы жылдардың алғашқы жартысында аграрлық саланың дамуына айрықша жол ашқан кооперация қозғалысы еді. Өйткені ол осындай қалыптасқан тарихи жағдайда шаруалардың революциядан кейінгі жылдарда кеңес үкіметінің сол кездегі жаңа экономикалық саясатына негізделген аграрлық мәселе жөніндегі принциптеріне сүйенді. Ауыл шаруашылығын «социалистік негізде қайта құру» үшін ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастырудың қажеттігі туындады. Көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыруда оларға көршілес отырған жер серіктестері, мал өсіру серіктіктері сияқты ұжымдық шаруашылықтың үлгісіне сүйенудің пайдасы зор еді.

Революцияға дейін отарлық негізде қоныс аударып, Орталық Россиядан көшіп келген орыс шаруалары мен казактары селосында негізгі тұлға орта шаруалар және ауқатты кулактар болса, қазақ аулында, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарда халықтың көпшілігі кедей шаруалар болды. Сондықтан да кеңес үкіметі Қазақстан сияқты ұлт аймақтарының мәдени және экономикалық артта қалушылығын жоюға айрықша көңіл бөлді. Жалпы сол кездегі тарихи үрдістер барысын ескерсек, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының біртіндеп отырықшылыққа ауысуының әуел бастан объективтік себебі бар еді. Өйткені Қазақстанда іске аса бастаған аграрлық өзгерістердің, алғашқы реформалар мен шаралардың, таптық негізде болса да, қазақ шаруалары үшін сайып келгенде маңызы зор болды. Патшалық билік кезінде жерінен айрылған қазақтар жерге ие болды. Енді көшпелі және жартылай көшпелі шаруалардың отырықшылануа өтуіне жол ашылғандай болды. Ал сол аграрлық өзгерістердің принциптік негізі, сайып келгенде, Кеңес мемлекетінің «Жер туралы» декретіне негізделді. Алайда, бұдан қазақ шаруалары тек көшпелі тұрмыстан отырықшылыққа ауыса салды деген ұғым

тумайды. Бұл 20-жылдардағы кеңес мемлекетінің аграрлық саясаты негізінде біртіндеп қазақ шаруаларын отырықшыландыруға жасалған бетбұрыс болатын.

XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстан аймағында аграрлық өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған негізгі шаралар қоныс аудару және осыған байланысты көшпелі, жартылай көшпелі қазақ шараларына қатысты болды. Жер бөлу науқаны социалистік негізде ауыл шаруашылығындағы жер қатынастарын реттеу жөніндегі мемлекеттік басқарудың нұсқауларына негізделген ауылдық жерлерде жерді пайдаланудың жаңа тәртібін енгізуге бағытталған болатын. Ол үшін тиісті ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, жер (ауылшаруашылық) комиссариатының жерге орналастыру бөлімінде жергілікті билік ретінде республиканың көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарында жерге орналастыру бөлімі құрылды [51].

Қазақстан жағдайында бұл жер учаскелерін бөлуге және оларды іс жүзінде жүзеге асыруға экономикалық негіз дайындайтын орган болды. Оның мәні Қазақстандағы өткен отарлау жағдайымен байланысты болды. Осыған байланысты республикадағы қазақ зиялылары Н. Нұрмақов, Ж. Сұлтанбеков және басқалар қазақ шаруаларына алдымен жер беруі керек деп, дәйекті түрде ұлттық мүддені қорғады. Алайда қазақ зиялыларына ұлтшыл экстремистік айыптар тағылып, аталған шараларды бірінші орынға қою туралы шешімі жойылды.

Соған қарамастан, көшпелі шаруашылықтарға жайылымдық қамтамасыз етумен қатар, оларды күнкөріс үшін егістік жерлермен қамтамасыз ету мәселесі шешілді. 1921-1922 жж. Жетісуда О.Жандосов, С. Жер реформасы нәтижесінде 1916-1917 жж. Жетісуда облысының жер, қазақ және қырғыз қалаларын басқарған Қожанов. Қазақтар мен орыстар басып алған жердің миллионнан астам бөлігін алды. Жерді орналастыру және осы негізде қоныс аудару кезінде ұжымдық серіктестік құруға жол ашылды. Шарандардың өздері мұны қалаған. Себебі жеке шаруа қожалығын жүргізу қиынға соқты. Кеңес өкіметі құрылғаннан бастап, ынтымақтастық идеясы еңбекке қабілетті тұрғындар арасында кеңінен танымал болды. Мәселен, 1921 жылы Семей облысында 70-тен астам ауылшаруашылық ұжымдары болды. Көшпелі егіншілік басым болған Қарқаралы өңірінде мал шаруашылығына негізделген әр түрлі қайырымдылық серіктестіктер бар [52]. Осылайша, қазақ шаруаларының көпжылдық тәжірибесі бірқатар жерлерде ұжымдық мал шаруашылығы мен егіншілік әдісі бойынша жаңа негізге өткенін көреміз. Алайда, бұл ерте серіктестік әкімшілік негізінде емес, өз бастамасы бойынша ынтымақтастық негізінде құрылды.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қарсаңында республикамыздың барлық өңірлеріндегідей Қазақстанның шығысында да экономиканың жетекші саларының бірі ретінде ауыл шаруашылығы қарқынды дамыды. Жаңа экономикалық саясаттың жүзеге асырылуы ауылды жерлердегі мал басының көбейіп, орта шаруалардың қатары өсуіне алып келді. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру қарсаңында республикамызда 1926 жылғы есеп бойынша

мал басының саны 40,5 млн. жетті. Бұл көрсеткіш 1913 жылғы 29,9 млн. мал басының санынан асып түсті.

Шығыс Қазақстан өңіріндегі Семей губерниясы шаруашылығының барлық салаларының ішінде ауыл шаруашылығы өте маңызды деп саналды. Губернияның өзіндік тарихи орны мен экономикалық және тұрмыстық жағдайына байланысты ауыл шаруашылығы айтарлықтай аумақты қамтыған. Губерния ауыл шаруашылығы саласында егін және мал шаруашылығымен айналысты. Губернияның отырықшы аудандарына - Семей, Павлодар, Өскемен және Бұқтырма уездері жатса, Қарқаралы мен Зайсан уездері мал шаруашылығы саласында егін және мал шаруашылығымен айналысатын аудандар болып саналды. Дәлірек айтсақ, Ертістің оң жағалауында егіншілікпен - мал шаруашылығымен айналысатын отырықшы шаруашылық басым болса, Ертістің сол жақ жағалауындағы казактар шебінен 10 шақырым оңтүстікке қарай мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысатын жартылай көшпелі және көшпелі шаруашылық басым болды.

Шығыс Қазақстанның ауылды жерлеріндегі халық отырықшы және көшпенді өмір сүрді. Көшпенді өмір сүретін негізгі халық – казактар болса, отырықшы халықтар орыстар, украин шаруалары болды. Тек көшпенді өмір сүретін – қазіргі Абай облысының Ақсуат, Абай, Шұбартау аудандары, сонымен қатар, шығыс өңірдегі Қарқаралы уезі мен Зайсан халқының бөлігі болса, керісінше Өскемен және Бұқтырма уездері отырықшылықпен, ал Павлодар және Семей аймақтарында отырықшы әрі көшпенді өмір сүру салты қалыпты жүрді. Ауыл шаруашылығының негізгі жетекші салаларының бірі ретінде казак ауылдарында мал шаруашылығы, ал орыс тілді шаруалар шоғырланған аудандарда егіншілік жақсы дамыды. Шаруалар бидай, арпа, сұлы, жүгері, және т.б. дәнді дақылдарды өсірумен айналысты. 1927 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда егістік көлемі 8,9% артып, 56418 десятина жерді алып жатты [53]. Ал мал басы (Қосымша А) көрсетілген жыл сайын өсіп отырған.

Жоғарыда келтірілген деректерден мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы Ұжымдастыруға дейін Семей губерниясында бірқалыпты дамып отырған. Орыс тілді халықтар шоғырланған аудандарда шаруашылық объектілерінде 82204 шаруалар жұмыс атқарып, 71,5%-н құраса, ал казактар мал шаруашылығының 32015 немесе 28,5%-ы айналысты. Семей округіндегі мердігерлік кәсіптен өндірілген өнім халықтың сұранысын қанағаттандырмады. Негізгі айналысатын кәсіп түрі: тері, жүн, егін дақылдары шикізат өнімдерін өндіру кең етек алды. 1925 жылға қарай өндірістік қатынастар саласында Өскемен, Семей, Павлодар уездерінің даму қарқыны жоғары болды. Өскемен уезінде 2 май шығаратын, 1 арақ-шарап зауыты, 1 тері зауыты, ұн тарататын және кішігірім электростанция жұмыс атқарды [54].

Семей губерниясындағы халық саны республика бойынша бірінші орынға шыққан. (Қосымша А)-да 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағының нәтижесі көрсетілгендей Семей губерниясында 1920 жылмен салыстырғанда 262 240 адамға (25%) тұрғындар саны [55].

Қазақстан бойынша қалаларда жергілікті халықтың ұлттық құрамында: орыстар мен украиндықтар және қазақтар мен татарлар құрады. Қарқаралыда қазақтар және орыстар мен украиндықтар өмір сүрсе, Зайсанда халықтың басым бөлігі қазақтар және татарлар құрады. Өскеменде тұратын орыс және қазақ тұрғындары 1926 жылы қазақ ауылдарында елу екі пайызын құраса, барлық ұлттардың ішіндегі қазақтардың үлес салмағы қырық жеті пайызды көрсетті. Қарқаралы уезінде негізгі тұрғылықты халық қазақтар болса, Зайсан уезінде қазақтар сексен пайызды құрады.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жекелеген аудандар бойынша келтірсек. Қарқаралы округіне қарасты Абыралы ауданында және Шұбартау аудандарында мал басына келетін борлсақ негізінен қой-ешкі және жалқы малы басымрақ болды, ал түйе малының басы төмен болды. Шыңғыстау ауданына егіншілік шаруашылығы 1928 жылдан бастап келді. Ауылдарда 99% қазақтар, ал 1%-ын орыс халқы құрады. Ұсақ мердігерлік өндірістер ауданның негізгі даму сатысында болды. 1929 жылы ұсақ мердігерлік өндіріс орындары өсе түсті.

1929 жылдың қазан айынан 1930 жылдың тамызына дейін колхоздарда біріккен шаруа қожалықтарының үлес салмағы Қазақстанда 6,9%-дан 30%-ға дейін, ал жекелеген округтер бойынша 53%-ға дейін көтерілді. 1930 жылдың 1 желтоқсанына қарай астық аудандарында ұжымдастырумен 40% шаруашылық, ал мал шаруашылығы аудандарында - 24,5% қамтылды. Республика бойынша ауыл шаруашылығындағы социалистік сектордың бірінші бесжылдарындағы өсу серпіні жоғарлай бастады [56].

Азамат соғысынан кейін большевиктер ауылдарда ұжымдық шаруашылықтар құруға 1918 жылы кірісті. Осылайша, олар ауылда жаңа, социалистік өмір құру жолына бет алды. Бұл әртүрлі шаруалашылық формалары еді. Осылайша ауылды жерлерде жерді бірлесіп өңдеу бойынша серіктестіктер, ауылшаруашылық артельдері және ауылшаруашылық коммуналары болып ұжымдық шаруашылыққа көше бастады. Большевиктер бірден олардың қызметін реттей бастады, ол үшін қажетті құжаттар қабылданды. Сонымен, 1919 жылы ақпанда РКФСР ауылшаруашылық халық комиссариаты "ауылшаруашылық өндіргіш коммуналардың қалыпты Жарғысын" бекітті, ал мамыр айында "еңбек ауылшаруашылық артельдерінің қалыпты жарғысы" қабылданды. Бүкілресейлік кооперативтік конгрестер кеңесі 1919 жылы "ауылшаруашылық өндірістік серіктестігінің үлгілі жарғысын", ал 1922 жылы "ауылшаруашылық өндірістік ұжымының уақытша жарғысын" қабылдады. Олардың барлығының мақсаты жеке шаруашылықтан бас тарту арқылы жаңа, колхоз өміріне көшудің маңыздылығын мойындау болды. Осы экономикалық реформалар азамат соғысы кезімен қатар жүріп өз нәтижесін толыққанды бере алмады. Себебі барлық азық-түлік пен өнеркәсіптік өнімдер армияның қажеттіліктеріне жұмсалды. 1921 жылы қатты құрғақшылық салдарынан егіннің шықпай қалуы мен «Әскери коммунизм» саясаты негізінде орнаған қатал еңбек тәртібі ауыл шаруашылығындағы дағдарысты одан әрі өршітіп, елді аштық жайлады. Осы жылдары большевистік үкіметке қарсы

толқулар әр өңірде орын ала бастады. Бұл қарсылықтар әсіресе Семей облысында шиеленісті болды. Жаңа орнаған Кеңес елі билікті алғаннан кейін тез арада әлеуметтік-экономикалық реформаларды қолға алып, 1921 жылы наурыздағы жарияланған жаңа экономикалық саясат жыл соңына қарай ХКК декреттерімен заңнамалық деңгейде рәсімделді. Бұл экономикалық саясат аясында жеке кәсіпкерлік жандана бастады, әр түрлі артельдер еркін саудаға мүмкіншілік алып, билік шаруалардың талаптарын естіді. Жаңа экономикалық саясатты іске асыру барысында шаруалардың басты талабы салық салу мәселесі шешілді. Бұл дегеніміз салық егіс науқанына дейін орнатылып және ол жыл бойына белгіленді, ең бастысы салық салымы, азық-түлік салымы көлемінен екі есе аз болды. Енді шаруалар мемлекеттік астық жеткізілімдерінің барлық көлемін орындау кезінде артылып қалғанын еркін сататын болды. Осылайша шаруаларға еңбек өнімділігін арттыру үшін материалдық қолдау мен ынталандыру еркіндігі берілді.

Жаңа экономикалық саясат тез арада оң нәтижелерін көрсетті. Екі жыл ішінде ауыл шаруашылығының көпшілігі қалпына келтірілді. Осы экономикалық реформаны әрі қарай ұстанғанда 1927 жылы анықталған елдегі астық тапшылығынан біртіндеп, біржолата құтылуға болатындай еді.

1926 жылы өндірісті қайта қалпына келтіру шаралары барысында, V – Бүкілқазақтық құрылтайда Қазақстанды басқа бүкілодақтық деңгеймен салыстырғанда әлдеқайда артта қалушылық байқалды. 1926 жылдың басында Қазақстан өнеркәсіп саласы бойынша – 61% құраса, ауыл шаруашылық саласы – 82% жетті [57]. Осылайша аграрлы елді индустриалды елге айналдыру үшін, Өлкелердің экономикалық потенциалын анықтап алу керек еді. Өнеркәсіп саласына қарағанда егін өнімі мен мал өнімдерін өндеу ісі жетекші орында болды. Осы артта қалған өнеркәсіп саласын жандандыру үшін табиғи ресурсқа мол Қазақстанда ірі өнеркәсіп орындарын құруға лайықты жерлер жол-көлік байланысынан жырақта қалған аудандардан алыс аймақтар болды. Сол себепті игерілмеген жаңа жерлерде жұмысшы қоныстары мен қалалары салынып, онда экономикалық, геологиялық зерттеулер ұйымдастырылып, темір жол мен көлік жолдарын салу, су құбыры құрылысын іске қосу жұмыстары жүргізілді.

Шаруаларды таптық идеология негізінде ұжымдық жауапкершілікке тәрбиелеуде партияның арнайы құрған Жарлы, Қосшы және Шаруалардың өзара көмек комитеттері сияқты қоғамдық ұйымдар арқылы жан-жақты жұмыстарды жүргізуге тырысып бақты. Партия бір ауылдың екінші ауылға, бір болыстың екінші болысқа өзара көмектесу идеясын насихаттау арқылы ауылдағы патриархалдық – феодалдық қатынастардың шырмауынан шығуға болады деп есептеді. Сонымен қатар, саяси тұрғыдан алғанда өзара көмектесу идеясын тарату арқылы көпшіліктің ұжымдық жауапкершілікке және жолдастық ынтымақтастыққа деген сезімін ояту көзделді.

Семей губерниясының өзара көмек комитеттері ХКК-ң 14/У-1921 жылғы декретіне сәйкес 1921 жылдың тамыз айында құрыла бастаған. Дәл осы кезде астық салғыртын жинау науқаны қауырт жүргізіліп жатқаны белгілі. Губерниялық Атқару Комитетінің ұсынысымен комитеттер астық салғыртын

жинауға тартылған. Нәтижесінде комитеттердің атқаратын негізгі қызметтері 14/У-1921 жылы жарияланған декретте, яғни қағаз жүзінде жабулы күйінде қалған. Алайда уақыт өте келе атына заты сай емес комитеттермен қатар, губернияның ашыққан халқына қол ұшын беріп, шаруа арасында өзара көмек жұмыстарын жүргізуді нығайтқан комитеттер де болған.

1925 жылдың 1 қазанында Семей губерниясы бойынша, Шаруалардың өзара көмек комитеттерінің саны ұлғая түседі, яғни губерниялық комитет - 1, уездік - 6, қалалық - 2, болыстық - 86, ауылдық - 665, оның орыс болыстарында - 50, қазақ болыстарында - 261 болған. Орыс комитеттерінің мүшелері - 20631 болса, қазақ комитеттері - 13784 адамды құраған. 1 қазандағы шаруа комитеттерінің қоры 47 415 сомға жеткен. Бұл көрсеткіш орташа есеппен орыс комитеттері үшін -75 сомнан, ал қазақ комитеттері үшін - 45 сомнан келді. Ал, 1926-1927 жылы 81100 мүшесі бар 270 ауылдық өзара қоғамдық көмек комитеті болса, 1927-1928 жылы 20 000 мүшесі бар, 352 комитет жұмыс істеген [58].

Мүшелік жарналар әр жыл сайын және ұйымға кірер алдында төленген. Сайлауға құқығы бар әрбір азамат 10 тиын төлеп шаруалар ұйымына мүше болған. Жиналған мүшелік жарна комитеттің табысы ретінде есептелінген жоқ, керісінше бөлінбейтін қорға жиналып, айналымда жүретін қаржы саналған. Бұл айналымдағы қаржы қоғамдық егістікке беріліп, ұлғайтылып отырған. Ұлғайтылған қаржының 10 пайызы кездейсоқ шығынды жабу үшін және айналымдағы қаржының мөлшерін сақтау үшін жеке қор да ашылған. Бұл жеке қор мемлекеттік банкте немесе жинақ кассасында сақталған. Қаржының 20% айналымдағы ақшаның ұлғайтылуына берілген, ал 30%-ы комитетті асырауға және 40%-ы ауыл шаруашылығын дамытуға жұмсалған.

Республика халық шаруашылығында анық көріне бастаған өсу нышаны дағдарыстан шығудың белгісі ғана емес, тоқырау мен құлау тенденциясының уақыт өткен сайын жағымды-жарқын қам-харекетке орын бере бастағандығының куәсі еді. Мұндағы ең басты нәрсе шаруашылық орындары, шаруалардың өзара көмек комитеттері экономиканың өлшем-мөлшеріне қарай ауыл халқына көмек көрсете бастады.

Уездік комитеттерде әр жыл сайынғы жарнаны жекелеген мүшелер емес, тұтас бір шаруашылық төлеген. Шаруашылықтың өзі әл-ауқатына қарай 6 топқа бөлінген. Бірінші топты кедейлер мен батрақтар құрағандықтан, олар жарна төлеуден босатылған. Екінші топ – 20 тиын; үшінші топ – 40 тиын; төртінші топ - 60 тиын; бесінші топ - 1 сом; алтыншы топ - 1,50 тиын төлеген. Жарнаны уақтылы дұрыс төлемейтін мүшелерді жөнге салу үшін жаңа ереженің 15-бабы басшылыққа алынатын болған [59]. Қарап отырсақ, мұнда да еріктілік қағидасы сақтала қоймаған.

Сонымен қатар, өзара көмек комитеттері өз қорларын құру барысында қоғамдық егін егуге көп көңіл бөлді. Себебі, егін егу бір жағынан табыстың басты кезі саналса, екінші жағынан қоғамдық еңбек шаруалардың белсенділігін айқындай отырып, ұжымдық еңбекке баулудың бір жолы деп қарастырды. 1925 жылдың қаңтар айында губерниялық комитетке заңдық кеңес бюрасы ашылып, жұмыс жасаған. Оның негізгі мақсаты «Степная правда», «Қазақ тілі» газеттері

арқылы шаруаларға мемлекеттің жасап отырған жеңілдіктерін түсіндіру болатын. 1925 жылдың қазан айына дейін Семей губерниясының шаруаларынан заңдық кеңес бюрасына 15 әртүрлі мазмұндағы сұрақтар түсіп, соларға толыққанды жауаптар берілген. 1925 жылдың 17 наурызында шаруалардың өзара көмек комитеттерінің 3-ші губерниялық съезі шақырылған. Оған Бұқтырма, Семей, Павлодар және Қарқаралы уездеріндегі шаруалар комитетінің өкілдері ғана қатысқан, ал Зайсан мен Өскеменнен өкілдер келе алмаған. Дегенмен де Губерниялық съезге қатысушы шаруалар комитеттерінің өкілдері айтарлықтай көп болмаса да, күн тәртібіне қойылған мәселелердің барлығы кеңінен талқыланған. Алайда, шаруалар комитеттеріне жер үлесін беру мәселесі, Губернияның жер бөлімшесіне уақытында түсірілген өтініштерге қарамастан ұзақ уақыт бойы шешілмеген.

Губернияның Жер бөлімшесі шаруалар комитетінің егістік науқанын жүргізу жұмыстарына қатысты жер алу мәселесіне түсінік бере отырып, егістік және шабындық жерлерді жартылай көшпелі қазақ тұрғындарынан келісім - шарт негізінде, ал егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтан және мемлекеттің жер иелігінен еңбек етуге қажетті жер үлесін тек екі жылға жалға алуға болады деген. Әрине бір-екі жылдың ішінде егістік алқабын өңдеп, оны айтарлықтай жоғары деңгейге жеткізу мүмкін емес, ол үшін ұзақ уақыт және қолайлы жағдай қажет болды.

Шаруаларды біріктіру мақсатында комитеттер астық тұқымына зәру шаруаларды айқындап, алдымен солардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуді көздеді және тұрғындарды кооперацияларға тарту үшін «комитеттер қорынан» олардың мүшелік жарналарын төлеуді өз қолдарына алған. Мәдени шараларды жүргізу үшін губерниялық комитеттерге көпшілікті өздерінің жетістіктерімен таныстырып, тәжірибе алу мақсатында «Степная правда» және «Қазақ тілі» газеттеріне арнайы тілшілерін жіберу тапсырылған.

Жергілікті жерлердегі комитеттер өзара көмек комитеттерінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсінбеуі нәтижесінде әркімнің өз еркімен беретін мүшелік жарнасын міндетті түрде алынуы тиіс деп жинаған. Соның салдарынан халық болыстық, ауылдық Кеңестер мен комитеттер арасындағы ерекшеліктерді айыра алмаған, ал міндетті түрде жиналатын мүшелік жарнаны мемлекеттің ерекше салығы ретінде түсінген.

Көпшілікті ұйымдастырып, оларды өзара көмек комитеттеріне тарту жұмыстары нашар жүргізілген. Мәселен, ұйымдасқан комитеттердің жалпы саны - 3368 болған, яғни барлық тұрақ пунктерінің 36%-ы ғана еді. Ұйымдастыру жұмыстары қазақтарға қарағанда, орыс тұрғындарының арасында басымырақ жүрген, Қазақ комитеттері жалпы ұйымдасқан комитеттердің 22%-ын құраған. Өзара көмек комитеттері басшыларының көпшілігі өзара көмек жұмыстарымен толыққанды таныспаған және өз міндеттерін атқаруға деген ықыластары жоқ адамдардан құралған.

1924 жылғы Ережеде көрсетілгендей, шаруалар комитеттеріне ерікті түрде мүше болу қағидасына сәйкес ұйымдардың қайта құрылуы республика бойынша баяу жүрген. Мәселен, 1926 жылдың ақпанына дейін тек 615 немесе

18% комитет қана қайта құрылған. Ал комитеттерде жұмыс істейтін әйелдердің пайыздық көрсеткіші 7%-дан аспаған. 1926 жылдың ақпанына дейін тіркелген комитеттердің 30%-дайының атқарған жұмыстарының нәтижесі туралы ешқандай мәлімет түспеген. Бұл 30%-қ көрсеткіштің айтарлықтай пайызы Ақмола мен Семей губернияларына қатысты болған.

Жалпы, жоғарғы комитеттердің төменгі комитеттерге беретін нұсқамалары тек қағаз жүзінде жіберіліп, ауызша түсіндіру жұмыстары дұрыс жолға қойылмаған. Комитет басшылары өз жұмыстарын губерниялық Атқару комитетінің, жер басқармасының қызметтерімен сабақтастыра жүріп, шаруалардың өзара көмегіне өз деңгейінде көңіл бөлмеген. 1926 жылға дейін губерния бойынша комитеттердің өз ықпалымен бірлестіктерге кірудің 417 жағдайы ғана тіркелген. Себебі комитеттер кооперативтермен тығыз байланыста болмаған. Тек кейбір жергілікті жерлердегі комитеттер ғана кедей шаруалармен диқаншылардың бірлестіктерге мүше болу үшін төлейтін пайларын өз мойындарына алған. Комитеттердің өз табиғи қорларын бірлестіктер арқылы өткізу жағдайы да нашар дамыды. Мәселен, жоғарыда көрсетілген уақытқа дейін құны 610 сом болатын қоры ғана өткізілген.

Көпшілік комитеттердің жұмысы жоспарлы түрде емес, керісінше хатшы немесе төрағаның ыңғайына қарай жүргізілген. Халық алдында уақытылы есеп бермеудің нәтижесінде, комитеттер өздерінің мақсат мүдделерін көрсете алмады. Оның салдарынан олар тұрғындардың арасында айтарлықтай беделге ие болмады. Болыстық, ауылдық кеңестердің тарапынан ешқандай көмек болмаған, тіпті олар комитеттердің жұмыстарына араласып, шаруалар комитеттерінің қорын өздерінің қажеттіліктері үшін иемденген. Мәселен, Зайсан уезінің Сталин болысының комитетінде 1000 пұд тарының, 10 бас малдың, 50 қойдың және 800 пұд астықтың жоғалғандығы тіркелген.

Мүшелік жарнаның өзі әр түрлі төленген жағдайларда кездесіп отырды, бір жерлерде мүшелік жарнаны төлеген адамдар ауыл шаруашылығы салығынан босатылса, енді бір жерлерде халық мүшелік жарнаны да, салықты да қоса төлеген. Орташа есеппен алғанда бір айда ауыл комитеттерінен-10 сом, болыстық комитеттерден – 38 сом түскен. Тексеруші комиссиялардың жұмысы да қанағаттанарлықсыз деңгейде жүрген. Жылына бір-ақ рет тексеру арқылы олар көп нәрсені айқындай алмады. Тексеруші комиссияның мүшелері шала сауатты болғандықтан, комитеттер жұмысын толық талқылай алмады. Актілердің өзі дұрыс толтырылмай, кінәлі адамдардың аты - жөндері жазылмай қалған. Сол сияқты Қосшы одағы да кедейлерді топтастыруды, сонымен қатар, байлардың қанауы мен рулық патриархалдық қатынастардан азат етуді шаруаларды қайта құру ісіне жұмылдыруды көздеді.

1926 жылдың 31-шілдесінде ҚазАКСР-ң барлық губерниялық атқару комитеттеріне жіберілген және құпия сақталуы тиіс деген ескертпесі бар өкімхатта: «Қазақстан ОАК Президиумы Қосшы одағына және оның мүшелеріне жалпы Қазақстанның кедейлер ұйымы өкілдеріне қарағандай оң көзқараста болуды тапсырады, ал Қосшы одағына деген немқұрайлылық, жалпы Қазақстан кедейлеріне деген немкеттілікті білдіреді. Қазақстан ОАК

Президиумы жоғарыдағы нұсқауларды бұзған кінәлілер заңды түрде қатаң жауапқа тартылатындығын ескертеді», - делінгендей, орталық кедейлер мен батырақтарды ұйымдастырушы Қосшы одағының нығайып дамуына мүдделі болған.

Семей губерниясында Қосшы одағы 1926 жылдың мамыр айында құрыла бастады. 1-ші қазанға дейінгі ұжымдастыру уақытында Қосшы одағына – 5839 кедей, 364 - батрақ, 631 – орта шаруа мүше болған [60]. Ал, 1927 жылдың 1 қазанында Қосшы одағына мүше болған 23 4914 адамның 3534 (15%)-і батрақтар, 17646 (76%)-ы кедейлер, 2181 (9%)-і орташалар болса, 1928 жылдың 1-ші мамырында, яғни аудандастыруға дейін - 31023 адам мүше болған, оның 4118 (11%)-і батрақтар, 24013 (82%)-і кедейлер, 2862 (74%) - орташалар еді. Аудандастырудан кейін Қосшының 15 аудандық және 151 ауылдық комитеті мен 145 енді құрылып жатқан ұяшықтары жұмыс істеп тұрған [61].

Қосшы одағы кедейлер мен батрақтарды ұйымдастыру жұмысында айтарлықтай шараларды атқарғанымен, олардың қызметінде біршама кемшіліктер де болды. Мәселен, 1927 жылдың 5-ші тамызында губерниялық атқару комитеті Президиумына келіп түскен мәліметте Бұқтырма уездік атқару комитетіндегі Қосшы одағы қызметкерлерінің құрамы 3 адамнан ғана (Қосшы одағының уездік комитет төрағасы, нұсқаушы және хатшы) құралғандығы айтылған. Басшылар жұмысшыларды басқарумен қатар, түрлі жиындарға қатысып, жазда Қосшы бірлестігінің төменгі органдарын тексерумен іссапарға шығып, тапсырмалар беріп отырған. Оны 1928 жылдың 8-ші мамырындағы Семей Губерниялық Атқару Комитеті Президиумының отырысында тыңдалған "Губерниялық Қосшы одағының жұмысына" деген баяндамалық жұмыстан көре аламыз. Баяндамада келесі қателіктердің болғандығы көрсетілген, яғни: "1926 жылы Қосшы одағының алдына қойылған міндеттер қанағаттанарлық деңгейде жүзеге аспаған. 1928 жылдың 25-ші мамырындағы Семей губерниялық комитетінің барлық уездік комитеттерге жіберген хатында да губерниялық Қосшы одағының, уездік Қосшы одағымен арадағы байланысының әлсіздігі талқыланып, ендігі жерде байланысты жақсарту үшін уездік жұмысшыларға ықпал ету қарастырылады.

Өзара қоғамдық көмек комитеттері мен Қосшы сияқты қоғамдық -саяси ұйымдар шаруаларды өз деңгейінде ұйымдастыра алмады, десек те, бұл бағытта жүргізілген жұмыстар тоқтатылған емес. Шаруаларды ұжымдық еңбекке баулу және оның артықшылықтарын насихаттау сияқты шаралар баспасөз беттерінен көрініс тапты. Бұқаралық ақпарат құралдары еңбекші шаруалардың қоғамдық - саяси бағыттары мен әлеуметтік - рухани құндылықтарын өзгертіп, жаңа идеологиямен алмастырудағы ең басты қозғаушы күш саналды.

Ал, 1925 жылдың 11-ші қарашасында Семей губерниясы бойынша 4200 данамен 3 газет шығарылып тұрды. Жекелей алғанда «Степная правда» - 1814, «Қазақ тілі» - 1693, «Новая деревня» - 700 дана еді. Газет таралымының аздығынан, ауыл түгіл уездердің өзі айтарлықтай деңгейде қамтамасыз етілмеді. Мәселен, «Степная правда» газетінің таралымы қалаға - 1200 дана,

ауылға - 614; «Новая деревня» газеті қалаға - 350 және ауылға - 350 данамен тараса, «Қазақ тілі» газетінің таралымы біршама жақсы болды, яғни қалаға - 193, ауылға - 1500 данамен тараған [62]. Мерзімді басылым міндеті партия ұстанған саясат пен идеологияны насихаттау болды. Мәселен, 1926 жылдың 30-ы сәуіріндегі Өлкелік Комитет пленумының кешкі отырысында жасалған баяндамасында: "Кеңестік баспасөз үгіт – насихат арқылы идеологиялық күрес жүргізіп, ауыл еңбекшілерін өз қатарымызға тартуымыз керек. Қазақстан шаруашылығын сипаттайтын және оның жетістіктері мен болашақтағы даму мүмкіндіктерін анықтайтын мәліметтер жинақталған кітапшаларды шығарсақ, оның құндылығы арта түсер еді" [63], - деп сол кездегі баспасөз беттеріндегі мақалалардың мазмұны шаруаларға саяси тұрғыдан тәрбие беруге бағыттала отырып, оларды толғандырып жүрген мәселелерді көтеріп, жаңа қоғамды жақсы қырынан таныту арқылы шаруашылықтағы ұжымдық қатынастардың дамуына ықпал етуге және еңбекші шаруаларды жаңа қоғамды өз күштерімен құруға баулыды.

Аталған шаралар шаруалардың таптық және саяси сана сезімінің өсуіне Кеңес билігінің одан әрі нығаюына қызмет етті. "Астық өнімдерінің болашақтағы дамуын баспасөзде хабарлау үшін Орталық Комитеттің 1926 жылдың 14 шілдесіндегі нұсқауында көрсетілген, яғни астық жем - шөбінің болашақтағы сандық мәліметінің теңгерімі және әр түрлі мәдени дақылдар мен жекелеген аудандар бойынша, астық өнімінің түсіміне қатысты болжамы, сонымен қатар сыртқа шығарылатын астық туралы мәліметтеріне байланысты жариялануға тиіс емес деген шектеулері басшылыққа алынуы тиіс" болды. Көптеген аудандарда шаруашылықтағы кейбір мәселелері қарапайым халық үшін нақты болмағаныда анық. Мұндай бағыт Семей губерниялық комитетінің газеттерге қатысты қабылданған қаулысында да көрініс тапты. Жалпы, баспасөз беттерінде саяси оқиғалардың жиынтығы мен ауыл шаруашылығы мәселелеріне қатысты ақыл - кеңестер беріліп, ауылдың тұрмыс жағдайы суреттелетін. Жергілікті қоғамдық - саяси ұйымдар жұмысының бағыт - бағдары көрсетіліп, баспасөз беттерінде көбіне ұжымдық шаруашылыққа бейімдейтін мәселелер көтеріле бастады. Шаруалар комитеттерінің жүргізген жұмыстары кедейлер арасында игі нәтижелерін берді. Ауыл мен қыстақтарда орташалар шаруашылықтары көбейіп, орташалардың кедейлермен одағы нығая түсті.

Жаңа экономикалық саясатты дәйікті түрде жүзеге асыру өзінің игі нәтижелерін берді. Ауыл мен қыстақтарда орташалар шаруашылықтары көбейіп, орташалардың кедейлермен одағы нығая түсті. Алайда бұл ұзаққа созылған жоқ. Шабындық және егістік жерді қайта бөлу науқаны ауылдағы жағдайды ушықтыра түсті. Жоғарыда айтқанымыздай, қоғамдағы жеке меншікті жою байлардың егістік және шабындық жерлерін бөлу мен малдарын тәркілеу науқандарында айқын байқалды. Соған орай, 1926 жылдың 20-шы мамырында Қазақстанның ОАК мен ХКК-сі «Жерді пайдалануда әлі жерге орналастырылмаған көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың егістік және шабындық жерлерін уақытша бөлуге» қатысты қаулы қабылданған еді.

Жер бөлу науқаны байдың экономикалық үстемдігін шектеу сияқты саяси қажеттіліктен туындады, яғни шабындық және егістік жерді қайта бөлу арқылы байлардың ауылдағы жер бөлудегі үстемдігін жою және бай шаруашылықтары қорының молайып, өркендеуіне шектеу қою еді [64]. Сонымен бірге, бұл науқан қазақ шаруаларының экономикалық дербестігін қамтамасыз етумен қатар, олардың таптық сана сезімінің қалыптасып, өзара ру аралық байланыстарының әлсіреуіне ықпал етуі қажет болды. Шаруалардың таптық сана - сезімін қалыптастыру үшін олар бұл науқанның жүзеге асуына тартыла бастады [65]. Ал бұл дегеніңіз рулық қауымдастық қағидалары негізінде елеулі алауыздықтарға және әлеуметтік күрделі қақтығыстарға бармай, ағайыншылдық аясында отырған қазақ ауылы арасына таптық негізде от тастап, кедейді байға айдап салып, жарлы жақыбайдың ауқаттыларды ауылдағы биліктен ығыстыру еді [66].

Семей губерниясының Жер басқармасы 1926 жылдың 20-шы мамырында қабылданған декретті алғаннан кейін, оны қолдану нұсқамасын жариялайды. Ол нұсқаманы губерниялық атқару комитетінің Президиумы 1926 жылдың 15-ші маусымында бекітіп, қазақ тілінде 3000 дана, орыс тілінде 500 дана бастырып болыстық атқару комитеттері мен ауыл кеңестеріне тарату үшін уездік Жер басқармасына жіберілген. Сонымен қатар, губерниялық атқару комитетінің 20-ы маусымда өткен Пленумында 20-ы мамырда қабылданған декреттің пайдалану тәртібін губерниялық және болыстық атқару комитеттерінің қызметкерлеріне қосымша түсіндірілген. Пленумда әсіресе болыстық комиссияларға әкімшілік ауылдар арасындағы келіспеушіліктерді де шешу жүктелген.

1926 жылы өткізілген егістік және шабындық жерлерді бөлу науқаны бірден жүзеге асқан жоқ. Губерния бойынша көбіне тек шабындық жерлерді бөлу жұмыстары ғана жүргізілді және бұл шараның өзі барлық болыстарды толық қамтымады. Жер бөлу және теңестіру науқанының өз дәрежесінде өткізілмеуіне бірқатар жағдайлар себеп болды. Мәселен, декреттің өзі жергілікті жерлерге кешігіп жетті. Жер бөлу науқанының жүргізілуіне қатысты халық пен бірқатар билік өкілдері де дайын болмады. Ал, қаражаттың тапшылығы дайындық, насихат, есеп жүргізу сияқты жұмыстардың одан әрі дамуына қол байлау болды. Әрине, мұндай олқылықтардың орын алуы нәтижесінде, 1926 жылғы шабындық жерлерді бөлу жұмыстарының саяси және экономикалық тиімділігі күткендегідей болмады. Тіпті губерниядағы әрбір уездің өзіндік табиғи ерекшелігі егістік және шабындық жерлерін бөлу жұмыстарын бір уақытта бастап және аяқтауға мүмкіндік бермеді. Бұл жерді бөлуге қатысты жалпы губерниялық жоспардан гөрі әрбір уездің өзіндік жоспарының болуы қажет екендігін дәлелдеді. Соған орай жергілікті жерлердегі жерді бөлу науқанын жүргізу Уездік Жер басқармаларына жүктеліп, ал оны қадағалау және есебін алу жұмыстары - Губерниялық Жер басқармасының құзырына берілген. Дегенмен де жер бөлу науқаны барысында губерниялық жоспар негізге алынатын болған. Ол жоспар бес бөлімнен тұрды. Ал уездік Жер басқармасының жоспарын уездік атқару комитетінің Президиумы

бекіткеннен кейін ғана қолданысқа енгізілген. болыстық атқару комитеттері мен ауылдық Кеңестер жер бөлу жұмыстарын өз беттерінше атқара алмай әлсіздік танытқандықтан, ендігі жерде жер бөлу науқанына одан әрі қарқын беру мақсатында уездік комиссиялар құрылады. Оның құрамына уездік атқару комитеттерінің төрағасы, уездік Жер басқармасының бастығы, уездік комитеттің және Қосшы одағының төрағасы мен уездік атқару комитетінің хатшысы мүше болған. Болыстық атқару комитеті, ауылдың Кеңес және жұмысшы үштіктері – уездік комиссиялардың уәкілдері болып саналды. Уәкілдер уездік комиссияларға әр он күн сайын жер бөлу науқанының есебін жеткізіп тұрған [67].

1926 жылдың 15-ші тамызындағы уездік Жер басқармасының берген мәліметінде шабындықты теңестіріп бөлу науқаны тек Өскемен мен Бұқтырмада және Зайсан уезінің 4 болысында аяқталғаны баяндалады. Ал, Қарқаралы уезінен келген мәліметте үштіктердің енді ғана құрылуы нәтижесінде жер бөлінісі де кейін жүргізіле бастағандығы айтылады. Семей мен Павлодар есебі тамыз айының ортасына дейін келіп түспеген.

Егістік және шабындық жерлерін теңестіріп бөлу науқаны нәтижесінің есебі толыққанды жүргізілуі үшін губернияның Жер басқармасы арнайы түрде 1926 жылдың 20-шы тамызына деп жеделхат арқылы уездік Жер басқармасының бас қызметкерлерін жиналысқа шақыртады. Алайда белгіленген мерзімнен қалмай тек Өскемен, Бұқтырма және Семей уезінің өкілдері ғана келеді. Ал Зайсан уезінің өкілі тамыз айының 28-де ғана жеткендіктен, аталмыш айдың 23-ші жұлдызында өткен жиналысқа қатынаса алмаған, бұл жиналыс егістік және шабындық жерлерін теңестіріп бөлу науқанын ұйымдастыру және оны іске асыру жұмыстарына қатысты бірқатар толықтырулар енгізген.

Жалпы, жеделхатты алысымен жергілікті жерлердегі уездік атқару комитетінің мүшелері болыстық атқару комитеті мен ауылдық Кеңестерде нұсқамаларды түсіндіру үшін және науқанға қатысты жұмыстарды ұйымдастыру үшін уәкіл ретінде жіберілген. Уәкілдер Өскемен мен Бұқтырма уездерінің барлық болыстарына жіберілген. Ал қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты уәкілдер Зайсан уезінің тек 4 болысына ғана барған. Уәкілдерге бөлінген ақшаның өзі мардымсыз болды. Мәселен, Зайсан уезінің Жер басқармасы уәкілдерінің іс сапарларына деп тек 70 сом ғана бөлуіне шамасы келген.

Болыстық атқару комитеттері мен ауылдық Кеңестер бірыңғай ауыл шаруашылығы салығын өткізуге қатысты шаруашылықтағы заттардың, есебін жүргізіп жатқандықтан, шабындықты бөлу науқанына айтарлықтай көңіл бөлінген жоқ. Шабындықты бөлу науқанына ауыл Кеңестерін жаппай жұмылдыру әрдайым мүмкін бола бермеді. Тіпті бұл науқанға қатысқан Қосшы, Өзара қоғамдық көмек комитеттерінің өздері көп жағдайда әлсіздік танытты. Себебі олар әлі де болса өздерінің ұйымдарын жоғары дәрежеде ұйымдастырып, айтарлықтай беделге ие бола қоймаған еді.

Бөліске түсетін шабындық өлшемінің есебі сияқты тұрғындардың, әсіресе кедейлердің де есебі жүргізілмеген. Бұл, әрине, ауыл кеңестері мен Қосшы одағы жұмыстарының әлсіздігімен түсіндіріледі. Дегенмен де Өскемен, Зайсан сияқты уездерінің кейбір болыстары өздерінің есептерінде шабындық жер ауданының дәлме-дәл көрсеткіштерін көрсеткен. Берілген көрсеткіштер қаншалықты дәрежеде шынайылыққа сәйкес екендігі белгісіз. Себебі жер көлемінің есебі доңғалақтың айналымы, арқан сияқты қарапайым өлшемдер арқылы жүргізілген, Бұқтырма уезі таулы жерде орналасқандықтан, шабындық жерлердің өлшемін жүргізу қиынға соққан. Себебі шабындық жерлердің көбі тік беткейлерде орналасты. Дегенмен де, егістік және шабындық жерлердің есебін халықтан сұрап білу арқылы жүргізудің өзі қанағаттанарлық жұмыс деп есептелінді. Жер десятина арқылы бөлінді немесе егістіктің көлемі себілетін тұқым мөлшерімен, ал шабындық жер орылған шөптің көлемімен есептелінген.

Шабындық және егістік жерді қайта бөлу арқылы байлардың ауылдағы жер билеудегі үстемдігін жою, сонымен бірге бай шаруашылықтары қорының молайып, өркендеуін шектеу шаралары көзделген. Бірақ осынау реформа дегеннің әлсіз жақтары әуел бастан-ақ біліне бастады. Қайта бөлуді жүзеге асыру барысында өзекті бір жәйт мүлде ескерілмеді: ауылдың іс жүзінде тіршілік етіп жатқан шаруашылық құрылымында жерді жай ғана бөліп беру өздігінен ешбір қайшылықты жоя алмады.

Жерді бөліп беру барысында алдымен оның құнарлығы жағынан деңгейі анықталатын. Әрине, оған арнайы агрономдар тартылған. Олардың жұмыстарының нәтижесінде егістік құнарлығының деңгейі 3 түрге бөлінген. Мәселен, әкімшілік ауыл 550 адамнан тұратын 10 шаруашылық ауылдан құралған. Егістік ауданының көлемі жалпы жиналыстың шешімімен 1500 десятина деп айқындалған. Алайда егістік жерлер әкімшілік ауылдың территориясында біркелкі орналаспаған. Мысалы, Сары - Бұлақ шатқалында - 500 дес. Сары Өлеңде - 300 десятина. Қара шоқыда - 300 десятина және Кіші Қараталда - 400 десятина болған. Жалпы жиналыстың шешімі көрсеткендей Сары - Бұлақ шатқалының егістік жері құнарлылығы жағынан бірінші деңгейге жатқызылып, ол 1,5 дес. бөлінетін болды. Сары Өлең мен Қара Шоқы жерлері екінші деңгейге жатқызылып, 2 десятинадан берілетін болған. Кіші Қаратал шатқалы 3-ші деңгейге жатқызылған. Ендігі жерде әрбір адамға егістік жері қандай мөлшерде берілетіндігін есептеп шығару қажет. Бұл үшін егістік жерін түгелдей бірінші деңгейлі егістік жері - 500 дес, ал Сары Өлең мен Қара Шоқының екінші деңгейлі 600 десятина жерін, бірінші деңгейліге теңестіре отырып, /600:1,5/ оның 400 десятина құрайтындығын анықтаймыз. Ал үшінші деңгейлі Кіші Қаратал шатқалындағы егістіктегі бірінші деңгейліге теңестіргенде (400:2) 200 десятина болады. Сонымен, бірінші деңгейлі егістік Сары Бұлақта - 500 десятина, Сары Өлең мен Қара Шоқыда - 400 десятина және Кіші Қараталда 200 десятина, яғни жалпы 1100 десятинаны құрайды.

Демек әрбір адамға /1100:550/ 2 десятина егістік жерінен келеді, яғни егістік жерін бөлгенде бір адамға Сары Бұлақтан 2 десятина, Сары Өлең мен Қара Шоқыдан - 3 десятина және Кіші Қараталдан 4 десятина жер үлесі тиесілі.

Ең жақсы жерлер кедейлерге, одан кейін орташаларға, ең соңында байларға да мөлшермен берілетін болған [68].

1926 жылдың 15 тамызына дейін Семей губерниясында жүргізілген шабындық жерін бөлу нәтижесі (Қосымша А) дан көруге болады [69].

1927 жылы өткізіледі деген егістік және шабындық жерлерін бөлу науқанына қатысты дайындық 1926 жылдың соңында басталған еді. 1927 жылдың 25 ақпанында Губерниялық бестіктер, ал наурыз айының басында уездік бестіктер ұйымдастырылады. Сонымен, жер бөлу науқанының алғашқы дайындық жұмыстары ақпан айының соңында іске аса бастайды. Осыған орай 28-ші ақпанда Губернияның Жер басқармасы Уездік Атқару Комитеттері мен Уездік Жер басқармаларына егістік жерлерді бөлудің жоспарлары жіберіледі. Ал, 7-ші наурызда егістік және шабындық жерлерді бөлуге қатысты губернияның Жер басқармасына толықтырулары бар жаңа нұсқау хат келеді. Дәл осы кезде жергілікті жерлерде бұрынғы нұсқаманы негізге ала отырып, науқан дайындығына кірісіп кеткен еді. Ендігі жерде өзгертілген нұсқау хаттың негізінде бестіктің құрамындағы газет редакторының орны Губерниялық прокуратурамен, ал болыстық үштіктің орны уездік уәкілмен алмастырылады. Губернияда жер бөлу жұмыстарын атқаратын қызметкерлердің саны 123-ке дейін көбейтіліп беріледі. Осыншама қызметкерді қаржы-қаражатпен қамтамасыз ету мүмкін болмағандықтан, Осылайша нұсқау хатта бекітіліп берілген қызметкерлердің саны 60%-дан артық қысқартылған. Солай бола тұрса да уәкілдер болыстық және ауылдық жерлерге наурыз айының екінші жартысында, ал Семей уезіне тіпті 2 сәуірде ғана жіберілген [69, п. 47], Жалпы, 1927 жылы губерниядағы 52 болыстың 49-ында егістік және шабындық жерлерін бөлу қарастырылады.

Еліміздің шығыс аймағындағы көшпелі аудан қатарына жататын Қарқаралы уезінің Шет, Деғандел және Шұбартау болыстарында Жер бөлу науқаны жүргізілмейтін болған. Кейіннен қабылданған шешімдердің бірінде Өскемен уезінің Шар болысында жер бөлу жүргізілмейтіндігі айтылады. Осы уездің Колбин болысындағы жер бөлу 1927 жылдың күзіне, ал Буконь болысы 1928 жылдың көктеміне қалдырылады. Жалпы, губерния бойынша, 73170 шаруашылықтан, оның ішінде 66 453 қазақ шаруашылығынан құрылған 26 болыста егістік жерлер бөлінеді деп белгіленед. 1927 жылдың 13-ші наурызында жергілікті жерлерге өзгертілген Губерниялық жоспар бойынша, егістік жерін бөлу науқаны күзге ауыстырылатындығы айтылады. Кейін 23-ші наурызда телеграф арқылы Уездік жер басқармаларына көктемде тек тәжірибе ретінде қарқынды түрде егістік жерін бөлуге қатысты ұсыныс жасалады [70].

Жер бөлудің көрсеткіші ретінде әр уездің кем дегенде бір болысында жер бөлу науқаны қарқынды түрде жүргізілетін болып шешілген соң, олар келесідегідей тәртіппен белгіденеді; яғни Павлодар уезінде – Уруков болысы, Қарақаралы уезінде – Мендешев болысы, Семей уезінде – Ленин болысы, Өскемен уезінде – Ұлан болысы, Зайсан уезінде – Сталин болысы және Бұқтырма уезінде – Нарым болысы еді.

Жоғарыда атап өткендей, тәжірибе ретінде жүргізілген егістік жерін қарқынды түрде бөлу жұмыстары ойдағыдай нәтиже бермеді. Мысалы, науқанды ұйымдастыруда кеткен олқылықтарға байланысты Семей уезінің Ленин болысында жер бөлу өз деңгейінде іске аспады.

Қарқаралы уезінің Мендешев болысында жер бөлу мүлде жүргізілмеген. Себебі ондағы ұйымдастыру жұмыстары кеш қолға алынған. Павлодар уезі мен Зайсан уезінің есептері уақытылы жеткізілмегендіктен олардың жұмыстары туралы мәлімет жоқтың қасы. Тек Бұқтырма уезінің Нарым болысы мен Өскемен уезінің Ұлан болысында ғана жер бөлу науқаны табысты өткен. Дегенмен де, бұл болыстарда жүргізілген науқанның өзіндік кемшіліктері болды. Мәселен, Нарым болысындағы егістікке жарамды жердің есебі алғашқыда 4536,50 десятина деп тіркелсе, сұрастыру барсында бұл көрсеткіш 6156,50 десятина жеткен, ал кейін өлшеу нәтижесінде жердің көлемі 9878 десятина екендігі айқындалған. Сол сияқты Ұлан болысындағы егістік көлемі бастапқыда 3187 дес. деп тіркелсе, кейін ол өлшеу нәтижесінде 12530 десятинаға жеткен. Ұлан болысында жүргізілген егістік жерлерінің есебі шындыққа сәйкес келмейтіндігі Уездік бестіктің 7-ші сәуірдегі қабылданған қаулысында да айтылады. Әрине, мұндай олқылықтарға жол берілуіне негізінен ұйымдастыру жұмыстарының дұрыс жолға қойылмағандығымен түсіндіріледі. Мәселен, дәл осы Ұлан болысына жіберілген нұсқаухаттардың дені орыс тілдерінде болғандықтан, оны қазақшаға аудару біршама қиындықтар туғызған.

Сонымен, көктемгі жер бөлу науқанында белгіленген 6 болыстың тек 4-інде ғана егістік жерлері бөлінген. Семей уезінің Ленин болысының егістік жерін бөлу 1927 жылдың күзіне, ал Қарқаралы уезінің Мендешев болысының 1928 жылдың көктемгі науқанына қалдырылады. Ал қалған 4 болыстық 10158 шаруашылығына қатысты 59646 десятина егістік жерінде бөлу жұмыстары жүргізілген. Көктемгі егістікті бөлу науқаны нәтижесінде тек бір Нарым болысында 239 ауқаттының 697 дес. артық жері алынады, ал 1409 жері жоқ шаруашылықтарға 1130 десятина жер беріледі.

Губерниядағы шабындық жерлерді бөлу науқаны 46 болысты қамтыған. Шабындық жерлерді бөлуге қатысты 1927 жылдың 20-шы қыркүйегінде 72699 шаруашылықтан, оның ішінде 70 218 қазақ шаруашылығынан құралған 25 болыстан түскен мәліметте көрсетілгендей, жалпы көлемі 199 49 десятина болатын шабындық жерінде бөлу жұмыстары жүргізілген. Шабындық жерді бөлу нәтижесінде байлардың - 17154, ал орташалардың 5782 десятинадан артық жерлері алынған және жері жоқ кедейлерге 36 899 десятина жер бөлініп берілген. 1928 жылдың 22-ші наурызындағы 39 болыстық есебінің негізінде берілген мәліметте 91534 шаруашылыққа қатысты 302 448 десятина шабындық жер бөлгендігі айтылады [71].

Өткізілген науқанның тәжірибесі көрсеткендей, жер бөлу жұмысының дамуына қаражаттың жетіспеушілігі аяққа тұсау болғаны анық. Губерниялық бестік өзінің егістік жерлерді бөлуге қатысты жасаған жоспарын Жер басқармасына таныстырғанда жер бөлу жұмыстарының күрделілігін және оны бір маусымда аяқтау мүмкін емес екендігін айта келе жер бөлу науқанын 3 кезеңге

бөлген, яғни 1927 жылдың күзі, 1928 жылдың көктемі мен күзі. Дегенмен де 1927 жылдың күзі науқанын ойдағыдай жүргізуге тағы да қаражаттың тапшылығы кедергі болған. Мәселен, күзгі науқанды өткізу үшін ең кем дегенде 9038 сом қажет болған. Орталықтың берген 4000 сом мөлшеріндегі несиесі көктемгі және жазғы жер бөлінісін тексеруге және шабындық науқанын аяқтауға жұмсалып кеткен. Тек қазан айының соңында ғана 4000 сом беріліп уездерге таратылған. Осылайша күзгі науқан да қаржы-қаражатпен толыққанды қанағаттандырылмады.

1927 жылғы күзгі егістіктегі бөлу науқанында 27164 қазақ шаруашылығынан құралған 10 болысты, ал 1928 жылдың көктемінде 20 251 қазақ шаруашылығынан тұратын 5 болысты қамту көзделеді. Соған орай атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, яғни 1927 жылдың күзгі егістік жерді бөлу науқанына қатысты 8 болыстан келген мәліметте көрсетілгендей, егістікті бөлу жұмыстарының көлемі 76 816 десятина болатын жерді қамтыған. Ал 1928 жылғы егістікті бөлу науқанының жүргізілуі губерниялық бестіктің 26-шы қарашада 1927 жылы уездік бестіктерге жіберген хатының негізінде ақпанның 7-ші жұлдызында қолға алынған. Губерниялық бестік 27-ші сәуірде егістік жерлерді қайта бөлуге қатысты Уездік бестіктерге нұсқау - хаттар жібереді. Онда егістік жерін бөлу жұмыстарын әрбір уезд 3 болыста жүргізулері тиіс болды. Бұл науқанды өткізуге қатысты қажетті 8740 сом үкіметтен бөлінбейді. Керісінше, жіберген жеделхатында науқанды өткізуге қажетті қаржыны жергілікті жерден жинау ұсынылады. Себебі жер бөлу науқанын өткізу үшін бөлінген ақшаның орынсыз жұмсалғандығы анықталған. Қарқаралы уезіне 1928 жылдың көктемгі науқанына деп бөлінген 1353 сом игерілмей қалған [72].

Егістік және шабындық жерлерді бөлу барысында ауқаттылар айтарлықтай жерінен айырылып, ендігі жерде оған иелік етуге және ауыл аймаққа билік жүргізуге деген құзыры біртіндеп шектеле бастайды. Мәселен, 1927 жылдың жазғы шабындық жерлерді бөлу науқаны нәтижесінде Зайсан уезіндегі ауқаттылардың жері – 65%-ға, Өскемен уезінде – 39%-ға, Қарқаралы уезінде – 52%-ға, Семей уезінде – 64%-ға қысқарған. Керісінше кедейлердің жері айтарлықтай ұлғая түсті. Мәселен, Зайсан уезі кедейлерінің шабындық жермен қамтамасыз етілуі 76%-ға, Өскемен уезінде 46%-ға, Қарқаралы уезінде 39%-ға, Семей уезінде 28%-ға көбейген. Алайда кедей өзіне бөлінген жайылымға жаятын малы да, бөлінген егістік жерді өңдейтін күш көлігі де шамалы болғандықтан «Жер алдық» деген аты болмаса бұдан кедей өмірінде түбірлі өзгерістер бола қойған жоқ.

Жер бөлу науқаны орташаларды да айналып өтпеді. Мәселен, Зайсан уезіндегі олардың иелігі – 2%-ға, Өскемен уезінде – 30%-ға, Қарқаралы уезінде – 6%-ға, Семей уезінде – 18%-ға кеміген. Орташалардың иелігіндегі жердің кемуі пайызға шаққанда айтарлықтай болмаса да бұл науқан олардың шаруашылықтарының дамуына біршама соққы болып тиді. Бастапқыда жер бөлу науқаны орташалардың мүдделеріне қайшы келемейді деп айтылса да, іс жүзінде олардың құқықтары бұзылып, ауқатты байлардың санатына жатқызылған кездері де аз болмады. Сонымен, шабындық және егістік жер

иеліктерін бөлу байларды экономикалық жағынан әлсіретудің алғашқы қадамы болса, ауылдағы бір шаруашылық аясында күн көріп отырған орташалардың күнделікті күн көріс дағдысынан айыру арқылы ендігі жерде олардың мемлекеттік бірлестіктерге тартылуының алғышарттары жасала бастады.

Қорыта келгенде ұжымдастыру қарсаңындағы өлкедегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай халық шаруашылығында анық көріне бастаған өсу нышаны ғана емес, дағдарыстан шығудың белгісі және тоқырау тенденцияларының уақыт өткен сайын жағымды қам-харекетке орын бере бастағанының куәсі еді. Өлке экономикасының көпукладты сипаты анық байқала бастайды. Жеке меншіктің әралуан түрлерінің қатар өмір сүре бастауы, олардың ұдайы өндіру арқылы бірін-бірі толықтырып отыруы халық шаруашылығының үдемелі қозғалысын анықтады.

1.2 «Кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны

XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы ұлттық сананың оянуы халықтың саяси әлеуметтік ұйымдасуына, өмір тәжірибесіне, жаңа дәуір өзгерістерін қабылдау қабілеттеріне де елеулі әсер етті. Қоғамдық-саяси көзқарастың қалыптасу барысын бүгінгі күннің тұрғысынан қарасақ, ең негізгі қозғаушы күш ұлттық зиялылар тобы екенін көреміз. Олар қоғамдағы жүріп жатқан процестерді терең отырып, әлеуметті өзгерістер кезеңінде белсенділік танытты. Қазақтың озық ойлы азаматтарын ойландырған маңызды үш мәселе: жер мәселесі, оқу-ағарту мәселесі және патшалық. Отарлаушылық саясаттың қыспағы салдарынан өзін-өзі билеуден қалған елді өркениет жолына шығарып, азаттық әперу еді.

Патшалық Ресей тұсында отарлау саясатына қарсы шығып, тәуелсіздік, дербестік үшін, ұлттық бірлік үшін күрескен ұлт зиялылары: Ж. Мыңбаев, С. Садуақасов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов сынды ұлт зиялыларының жаңа толқынында да «ұлтшылдар» деген сияқты негізсіз айыптаулар тағылды. 1925 жылы Республика партия ұйымының басшылығына Ф.И. Голощекиннің келуі қазақ зиялыларын әртүрлі топтарға бөлумен ерекшеленді. Кейіннен бұл «топтар» қуғындауға ұшырады. Тарих бетінен 1925-1930 жылдары «оңшыл», «солшыл» деген атаулардан кездестіреміз.

Голощекин өзінің «Кіші қазан» идеясы арқылы қазақ даласына жаңа жаналықпен келді. Қазан революциясы әсер етпеген ауылдардағы өмір бұрынғы емін-еркін күйде өтіп жатыр деп есептеп, ол ауылдарды социализм жүйесіне ауыстыруды көздеді. Әрине, ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабары жоқ бірінші хатшының бұл саясаты халқымызды үлкен нәубетке ұшыратуы мүмкін еді. Зерделей білген қазақ интеллигенциясы бұл саясатқа қарсы шықты. Әсіресе «оңшыл» бағыттағылар белсенді болды. Ол кезеңде С.Садуақасовтың беделі артып келе жатқан еді. Сол себепті Қазақ автономиялы республикасының 1925 ж. 5-19 сәуір аралығында өткен V съезінде Смағұл халық-ағарту комиссары болып тағайындалды.

Қазақ зиялылары Ж. Мыңбаев, С. Садуақасов сынды азаматтар бірінші кезекте ұлттық мүддені қойып, осы күресте қазақ шаруаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жете түсіне білді. С. Садуақасовқа енді Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелерін, Голощекиннің «Кіші қазан» идеясын жұртқа таныстыру және оның дұрыс емес екенін дәлелдеу үшін өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы қолайлы тірек болды. 1925 жылы РК(б)П Орталық Комитеті Қазақстанның баспасөз қызметін арнайы бірнеше рет қайта қарады. Негізгі мақсат баспасөздің партиялық болуы еді.

Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев пен Талас Омарбековтың «Тарих тағылымы не дейді?» атты еңбегінде, 1925 жылдың 2 наурызында РК(б)П ОК секретариаты «қырғыз баспасөзінің алауқаты мен оны дамыту жұмыстары» туралы шешім қабылдағандығын жазады. Мұның нәтижесінде: «біріншіден, Ә. Бөкейхан бастаған бір топ алаштық интеллигенция осы жылы-ақ баспа орындарындағы қызметтерінен босатылды, екіншіден, сынға ұшыраған мерзімді баспасөздің бірталайы жабылды, үшіншіден, барлық мерзімді басылымдар, кітап шығару ісі үстінен қуатты партиялық бақылау орнады» - деген пікірлерін ескерсек, қайраткер С. Садуақасов және басқада алаш азаматтарының цензуралық басылымдық тар шеңберінде ұлт мүддесі үшін күресуге мәжбүр болғанын көреміз.

Партия ішіндегі таластар Кеңес Одағының басшылығында болған И. Сталин, Л. Троцкий, А. Зоновьев, Л. Каменев, А. Рыков, Н. Бухарин сияқты қайраткерлерге де әсер етті. Кімнің қай басшыны қолдайтынына байланысты «оңшыл», «солшыл» бағыттар пайда болды. «Оңшыл» бағыттың басында тұрғандар ауыл шаруашылығының өндіруші күштерін дамыту арқылы индустриялық дамудың қорын нығайтып, өнеркәсіпті өркендетуге бірте-бірте көшуі көздеі. «Солшыл» бағыт социализм құруды көздеп, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, серіктестікпен ұйымдастырудың күрделі ұжымдық түріне өту және ұжымдастыруды неғұрлым тездету бағытын ұстанды. Бұл үшін әлді, ауқатты шаруаларды тәркілеу, оларды шетке жер аударып, жалпы шаруалар бұқарасынан аластау қажет деп саналды. Баспасөз бетінде, жұртшылық алдындағы саяси насихатта бұл бағытты қолдаушылар бірін-бірі «оңшыл», «солшыл» деп айыптайтын болды. Халық арасында аталған бағыттарды объективті дұрыс түсіндіруге кеңестік жүйе мән бермеді. «Оңшылдар» оңға, «солшылдар» солға тартады, ал партия тура жолды таңдап отыр деген біржақты, саяси менмендік пікір үстемдік алып, халық бұқарасы кеңестерге деген сенімнен қол үзе бастады.

1926-27 жж. Голощекин ауылда «Кіші қазан» саясатын жүзеге асыра бастады. Тарихта бұл идеяның іске асырылуы Қазан революциясынан кейін шабындық, егістік және жайылымдық жерлердің «байларының қолдарында қалуымен» түсіндірілді. Социализмнің негізгі мақсаты рулық келіспеушіліктерге жеткізбей, қазақ ауылының шырқын бұзу, адамдардың арасында таптық жүйе негізінде кедейді байға қарсы қою арқылы биліктен ауылдың ауқаттыларын шеттету еді.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық үрдістерін, атап айтқанда жайылымдар мен жайлауларды рулық қауым болып иемденетін қазақ қауымында әлі де малға жекеменшік берік орныққанын жақсы біле тұра ауылдың шырқын бұзып, оны таптық қозғалысқа келтіру елдегі ауқаттыларды жоюды көздегендіктен азамат соғысының бастамасы еді. «Кіші қазанның» идеялық авторы Голощекин тұсында жарық көрген ресми құжаттардан мынаны оқуға болады: «Қазақ ауылында жерді пайдалану жайылымдық жерлерді иемдену үшін жекелеген шаруашылық топтарының күресі нәтижесінде тарихи қатынасты 1926-27 жылдарға дейін ауылдағы жерді пайдалануға шаруашылық топтары арасында жерді тең бөлмеу де сондай-ақ осы топтар ішінде таңдаулы шабындық және жайылымдық жерлерді байлардың басып алуы да негіз болды. Аталған мәселеге байланысты «Жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» заң қабылдады, осы заңның негізінде шабындық жерді бөлу әр адам басына есептелетін болды. Жан басына есептеп бөлу қиындық туғызған жағдайда әр үйге бөлуге рұқсат етілді. Шабындық пен егістік жерді бөлгенде кедей таптағыларға ең жақсысын әрі қыстауларының маңайындағы жерді сұрау мүмкіндігі туды. Бұл жұмыстарға бақылау жүргізу Ж. Сұлтанбеков басқаратын қазақстанның егіншілік халық комиссариатына тапсырылды. Бұл жұмыстардың ілгерілету мақсатында губерниялардағы, уездердегі, округтердегі атқару комитеттерінен арнайы үштік қызметі жұмылдырылды. БК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті 1927 ж. 2 ақпан күні бюро мәжілісін жасап, онда үштік мәселесін қарастырды. Үштіктің негізгі құрамы атқару комитеті мен ауылдық кеңесте бекітіледі және ХКК мен ОАК арнайы қаулысы бойынша аймақтағы жүргізілетін жұмыстарға үштік жауап береді. «Үштіктің» негізгі міндеті мен құқығы арнайы қаулыда бекітілді.

Қаулыға сәйкес дамып келе жатқан социалистік-тоталитарлық жүйенің «үштіктері» қазақ жеріде алғаш сынақтан өткізілді. Тарихшы-ғалым Талас Омарбеков Ф. Голощекиннің «Кіші қазан» саясатын «үштіктер» мен «Сәдуақасовшылдықты» әшкерелеуші деп сипаттады. 1926-27 жж. әкімшіл-әміршіл жүйемен қарсыласқан Смағұл Садуақасов пен Жалау Мыңбаев «оңшыл оппортунистер» деп айыпталды. Голощекин 1925-1926 жж. қазақтан шыққан ұлт зиялылары мен саясаткерлерін барлық қырынан зерттеп, ішінен қазақ ұлтының мүддесін үшін күресетіндерді биліктен шеттетуді көздеді. Голощекин саясатын одақтық деңгейдегі баспасөзде өткір сынға алған С. Садуақасовтың «О национальностях и националах» деген еңбегі сол кездегі әкімшіл-әміршіл жүйені айқындап берді. Бұл мақаласында ол «орталықтағы басқару органдары өз жұмысында ұлт мәселесінің маңызын ескеріп-елемей келеді» - деп нақты жағдайды жасырмай, ашып көрсетті.

1926 жылдар Голощекин мен С. Садуақасов бастаған «оңшыл» топтар арасындағы айтыс-тартыстармен ерекшеленді. Ф. Голощекин бұл топ санатына Смағұл Садуақасов, Жалау Мыңбаев, Сұлтанбек Қожановты жатқызса, біресе Сәдуақасов пен Мыңбаевтың қатарына Мұстамбаевты да жатқызды. Қазақтың бұл төрт қайраткері де Голощекин жолдасқа ұнамады. Себебі, бұл

азаматтардың негізгі мақсаты жердің таратылмауы, ұлттың жойылмауы, еркін қоғам құру, халықтың бейбіт өмір сүруі болды. Таптық және интернационалдық көзқараста берік тұрған Голощекинге мұндай пікірлер ұнай қоймағаныда белгілі еді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ партиялық қызмет атқарып, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласқан Ж. Мыңбаев 1920 жылдардың II-жартысында партияның идеологиялық концепциясын жүргізіп отырған әртүрлі әлеуметтік-экономикалық шараларын қолдай қоймады. Оның себебі Кеңес үкіметінің «жергіліктендіру» (коренизация) және «қазақыландыру» саясаты көп жылдар көлемінде біржақты дәріптеле бастады. Ж. Мыңбаев 1926 жылы 22-23 қыркүйек айында болып өткен Қазақ АССР Өлкелік Партия Комитетінің бюро мәжілісінде мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру жөнінде біршама ұсыныстар айтты. Онда ол жергіліктендіру шараларын ұйымдастыруда партия ұйымдары өте сылбырлық танытып отырғанын сынады. Ол бірінші кезекте төменгі жергілікті басқарудан бастап, жоғарғы мемлекеттік билік мекемелеріне дейін «қазақыландыруды» жолға қоюды ұсынды.

1927 жылы Голощекин «Казахстан на Октябрьском смотре» және «10 лет Советской власти» деген екі бірдей кітап шығарып, онда «қазақ ауылы Қазан лебін сезген емес», - деп жазды. Ол Қазақстанда партия ішіндегі екі уклонды атап өтіп, солармен істі «бітіруге» тырысады, алғашқы уклонға ұлы орыс шовинизмі болса, екіншісі – Алашорда әсер еткен жерлердегі қазақ ұлтшылдарының тобы болатын. Осы ұлтшыл уклон құрбандары болып қазақтың көрнекті коммунистері сәйкес келіп еді, атап айтқанда: Н. Нұрмақов, О. Жандосов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Н. Төрешұлов т.б. [73].

Голощекин қазақ интеллигенциясымен «есеп айырысуды» асығыстықпен жүргізді. 1925 ж. республикалық газет хабарына сүйеніп: Қазақстанның отырықшылыққа айналатын шаруашылықтарына көмек» деген мақала жариялаған. Осы кезде даланы бұрынғыдай отарлау саясаты бойынша – ең шұрайлы жерлер мен қыстақтар тартып алынған болатын, соларды қайтарып беру, мал шаруашылығының катастрофалық құлдырауда болуы туралы мәселелер көтерілген және отырықшылыққа көшу процесін неғұрлым тез арада қолғаалу ұсынылған болатын. Бұл арада өмір бойы мал бағып өткен қазақ халқы үшін, Т.Рысқұловтың «табиғи жағдайлар болмағандықтан білместік дағдарыс әкелді», - деген өте нақты айтылған пікір екенін көруге болады. Және осы сәтте «Жергілікті пролетариатты» тындырымпаз адамдарды қалыптастыруға күш салып жатты. Сонымен бірге ол интеллигенция мен уклоншылармен арадағы «Кіші Қазан» мәселесіндегі келіспеушілікті өрістетуге жол ашады. Алаш қайраткерлерін айтпағанда, қазақ байларын күштеп жою саясатына ашық қарсы шыққандар сол жылдары Голощекин Ф.И. басқарып тұрған Қазақстан большевиктерінің өз ішінде де болды. 1927 VI жалпы қазақтық партия конференциясында «Сәдуақасов-Қожанов тобын» сынға алып, ал басшыларын Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды [74].

Өзінің басшылық қызмет еткен уақыттарында Голощекин 1925 жылы III пленумда айтқан «не боясь крови» деген сөзін ұстанып өтті. 1928 ж. 16

октябрьде Қызылордалық партактивтік жиналыста: «Вообще, когда я говорю о группировках, я имею в виду национализм... Когда я упоминаю садвокасовщину, я имею в виду и ходжановщину, и рыскуловщину, и мендешевщину, и всех тех, кто был с ними. Объективные условия для группировщиков у нас еще правда не казахстанская» - деген болатын.

Бұл кезде Қазақстан қойнауының байлығын бұрынғыдан бетер қазып алу жүріп жатты. Ұлттық кадрлар болса да, олардың да жағдайы артық болмады, ауыр жұмыстарға салынды. Оларға сенім көрсетілмеді. Аштық пен аурудан Балқаштың құрылысында 40 мыңнан аса қара жұмысшы жан тапсырған, оның үстінде Қарағанды шахталарының құрылысында, мұнай өндіруде, жан – тәсілім берген жүздеген мың жандарды қосыңыз [75].

Осындай сәттерде 1927-28 жылдары «Кіші Қазан» жоспары жасалынып, жалғаса берді. Осы науқанды іске асыру кезінде қазақтардың астығын, малы мен мүлкін түгін қалдырмай тартып алып, олардың өздерінің қалыптасқан салтымен санаспай, киіз үйлерінен қалаға қуып әкеліп, ондаазық-түліксіз, шамсыз, отынсыз, көліксіз қалдырып жатты. Қазақ кедейлерінің қасіреті мен кеңес үкіметінің арамзалығын түсіну үшін – деп жазды Мұстафа Шоқайұлы өзінің «Советтер билеген Түркістан» деген еңбегінде, - патшалық құрылыс қазақ халқынан орыс қоныс аударушыларына 40 мың тақтадай шұрайлы жер тартып алғанын, ал, Совет өкіметінің ұлт-азаттық төңкеріс атынан «Әлемдік прогресшіл пролетариат атынан құлатылғанын құрылыстың, жер жөніндегі әділетсіздігі түзетіледі, тартып алынған жерлері қазақтарға қайтарылады, бұдан былай қазақ жерлеріне қоныс аударушылар жіберілмейді», - деп уағда бергенін білу керек» - деп еді [76]. Осы үзіндіден саяси және экономикалық бағыттағы кеңестердің шараларының прогрессивті емес тәсілдерінің қазақ тағдырында жетерлік болғанын сезуге болар еді.

«Қазақстанды социализмге Шығыстан бірінші етіп жеткіземіз», - деп, Қазақстандағы ұжымдастыруды алғашқы кезеңде бастады. Бұған әрине, кезінде Москвадағы көптеген қазақ зиялыларының қарсы болғаны белгілі, алайда бұған ешкім (не Сталин, не Голощекин) мән берген жоқ. Сталиннен Голощекин «Кіші Қазан революциясын жасауға рұқсат сұрағанда «ұлы көсемнің» өзі «ең дұрыс саясат осы» деп, «мен де қосыламын», - деп рұқсат берді. Колхоздастыру кезінде колхозға кіргісі келмегендер саны өте көп қарсылықтар жасаған [13, б. 43]. Асығыс іске асқан «Кіші Қазан революциясы орта шаруалар мен байлардың және кедейлердің де Кеңес үкіметіне қарсы қоюына мүмкіндік бергені сріндай, өз малдарын өздері өлтіріп, талан – таражға салуға дейін жеткен. Осының бәрі дұрыс ұйымдаспағандықтан және күштеп кіргізіп, мал – мүліксіз қалдырудан келіп туындаған, заңды құбылыс деп санаймыз.

Ауыл шаруашылығы жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылдары жемісті болғанымен, кейіннен тоқырауы байқала бастады. Көрнекті ғалым, профессор С.П. Швецов қазақтың көшпелі тұрмысын мәдени артта қалу деп тануға барынша қарсы болып, « қазақ – малшы, көшпелі, өйткені оны қоршаған қазіргі жағдайда ол басқаша болаалмайды, осыны одан оны қоршаған табиғат талап етеді. Ол тұтастай соған тәуелді», - деп атап көрсеткен болатын [77].

1925 ж. мәліметтер бойынша ірі қараға шаққанда 5 басқа дейін ғана малы бар мал бағушы қожалықтардың үлесі Орал губерниясында – 75.6%, Ақтөбеде – 73.2%, Ақмолада – 57.4%, Семейде – 56.9% болды.

Астық даярлаудағы дағдарыс 1927-1928 жж. байқалды, әрине 1925-1926 жж астық даярлау белгіленген жоспардан артық берілсе де, бұл жетіспеушілік 1928-31 жж. 807 мың пұт, оның ішінде оның ішінде Одақтың қамбасына құйылмай қалғаны – 18,127 мың пұт болыпты [78]. Мәліметтер бойынша астық дайындауда жеке қожалықтардың үлес салмағы біртіндеп күрт азайған. Астық дайындауды негізінен мемлекеттік мекемелер мен кооперативтер жүргізген. Бұдан жекешелердің арзан бағамен мемлекетке астық өткізгілері келмеулерін байқауға болады.

1927 ж. колхоздар жүйесі 1072 болса, 1928 ж. – 2354, 1929 ж – 4876-ға дейін өскен екен. 1926 ж. Қарқаралыда 639 үй саны болды, ал, негізін уезді көпелі тұрмыс кең орын алған болатын, 31651 шаруашылық көшпелі болды, ал отырықшы – 1876 ғана болды. Олардың жалпы санының 5% ғана байға жататын еді, орташа – 35%, кедей – 60% болды. Мал саны: қой-ешкі – 553290, сиыр, өгіз – 65432, жылқы – 59580, түйе – 20184 бас болған екен. 1926 ж. саңақ бойынша қазақтардың арасындағы саудамен айналысушылар екен. Ал, 30-шы жылдары, жеке саудамен айналысушылар 60% төмендегенін көруге болады. Бұл туралы Абылхожин Ж. зерттеуінде: «с завершением коллективизации и оседанием это явление в массовом виде перестало существовать» деп көрсетеді [79].

Голощекин тұсындағы асыра сілтеушілік саясатқа қазақ қоғамына әрі өндіріс иесі, әрі басқарушы қызметін атқарған байлардың тағдыры душар болды. Әрине бұл асыра сілтеушілік саясаттың қате екендігі сол кездерде-ақ мойындалғанмен, ауқатты адамдарды тек ғана еңбекші халықтың жауы деп біліп, тап ретінде жою мақсат етілді. ВКП(б) – Орталық Комитетінің Қазақ Өлкелік комитеті баяндамасы (3 мамыр, 1928) бойынша қабылданған қаулыда [80] «Өлкелік комитет бірқатар саяси және шаруашылық мәселелерін дер кезінде және саяси ықпалына қарсы күрес жөніндегі шараларды атап айту жөн», - делінген. Аталған құжаттағы шаралардың жемісі жайлы «Қазақстан компартиясы тарихи очерктерінде» де жазылған (1928): 1928 ж. күзінде Қазақстан партия ұйымы, - делінген онда, тағы бір маңызды әлеуметтік – экономикалық шараны – 700 ірі бай, жартылай феодалдық Совет өкіметінің қас жауының мал – мүлкін кәмпескелеуді ойдағыдай жүзеге асырды. Орта шаруа қазақ ауылындағы басты тұлғаға айналды» [2, б. 210]. Бірақ, шындығында сол орта шаруа да бұрмалаушылардың құрығына ілініп кете берген. Бұны ВЦИК-тің Қазақ ССР Орталық атқару комитетінің баяндамасы бойынша қабылданған қаулысында-ақ мойындауға тура келген (30 ақпан, 1929 ж): «байлар мен кулактарға қарсы бағытталған шаралардың ұшығы кейде орташаларға да, тіпті жекелеген жағдайларда кедейлерге де тиді...» - делінген.

Мұхтар Әуезовтің 1932 ж. 10 июльдегі «Социалистік Қазақстан» газетіне басылған хатында: «Байлар мен ру басыларын кәмпескелеудің қажеттілігін іштей қабылдамадым; колхоз, совхоз құрылысының тұсында істеген берік ұлы

шаруашылықтарына да басында сенімсіздікпен қарсы болдым», - дейді ол. Осынша шырқырайтын бұл қандай шаралар еді? 1926 ж. байларды, онан соң 10-15 малының тұяғына қарап, жан бағып отырған орта шаруаларды конфискалау басталды. Малын алған соң қазақ шаруалары анық тақырға отырып, мекенінен ауып, қандай кәсіппен айналысарын білмей тоз-тозы шығып, босқынға түсті. Тікелей конфисकेлеу науқанынан 1 млн. орта шаруа зардап шегіп, кедейдің ең төменгі сатысына түсті, анық ашаршылыққа бет алды. Торғай, Ақмола, Семей облыстарының кедейлері үлкен өзеннің бойында отырған жұрттардың жанына ығысып, көше бастады. Арқаның сұрапыл суық қысы малы жоқ кедейді анық қайыршы етіп, қырып салды. Осы зардаптарды біліп болжағандай Мұхтар Әуезов: «Көшпелі қазақ шаруаларына конфискация жасау саясатының қажеті жоқ, олар ғасырлар бойы қалыптасқан жер жағдайына, рулық салтына орай өздері – ақ жаңа дәуірге қалыптасып кетеді; қазақ шаруасының еншісі баяғыда-ақ бөлініп қойған», - деп көрсеткені қазір түсініктірек болғандай. Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру тұсындағы «бай – кулактан тазалау» процесіне жергілікті әкімдер «совет өкіметіне қарсы қастандық пен колхоз құрылысына зиянкестік жасау» деген ұранмен белсенді қатынасты.

КСРО-да әкімшіл-әміршіл жүйенің біртіндеп мемлекеттік авторитарлық басқаруға көшуі, сондай-ақ біртіндеп басқарудың жеке дара билікке ұласуы қоғамдық сананы да соы бағытта бүлдіруге, адамдардың психологиялық көңіл-күйін өзгертуге алып келеді. Мұның ақыры өз еркінен тыс партия бағытын қаласа да, қаламаса да қолдайтын көпшілікті тәрбиелеуге жеткізді. Мұндайда жергілікті басшыларды Мәскеуден берілген нұсқауды қалтқысыз қабылдап, оны бұлжытпай орындауға дағдаландырды. Оған қарамастан республикалық деңгейде жауапты қызметте жүріп Голощекиннің «Кіші қазан» саясатына, жекелеп айтқанда қазақ жерінде өзге ұлттарды қоныстандыру жолымен отарлау бағытына, қазақ шаруаларын күштеп меншігінен айыруға және ұжымдастыруға негізінен ашық қарсы шыққан азаматтар да болды. Олар Қазақстан большевиктерінің алғашқы «оппозициялық тобын» құрайтын Садуақасов, Мыңбаев, Асфендияров, Нұрмақов, Кенжин, Қожанов, Мұстамбаев, Сұлтанбеков және т.б. еді. Қазақ зиялылары қазақ жеріндегі Голощекиннің саясатының қате тұстарын И. Сталинге алғаш көрсетуге әрекет жасағандадың алғашқылары болды. Голощекиннің саясатына қарсы шыққандар «ұлтшыл» деген айыпқа ілігіп, 20 жылдардың II жартысында партия төңірегіндегі айтыстарына ұласып кетті. Голощекин елдегі билікті қолына алғаннан кейін, өзіне қарсы топ өкілдерін анықтады. Ол үшін ең негізгі қарсыластар – Ж. Мыңбаев, С. Садуақасов, С. Қожанов болды. Оның пайымдауы бойынша бұл топтардың тірегі алаш интеллигенттері болды. Голощекин өз сөзінде: «С. Қожанов қарсы топ өкілдерінің қатарында болды, Семей өңірінен К. Тоқтыбаев қосылды, айтпақшы қарсы топ өкілдерінде Әлихан Бөкейхан да бар көрінеді».

Қазақтың зиялы топ өкілдерін жою Голощекин үшін социализмнің кеңінен таралуына ашатын жол іспеттес болды. Ұжымдастыру,

отырықшыландыру, индустрияландыру саясаттары арқылы кеңес үкіметінің кеңінен таралуына жұмыс жасады. Бұл мәселеде «ұлтшыл және ауытқушылар», «ұсақ буржуазиялық-оңшылдар» деген айыптаулармен негізгі мәселелер шешілмей жатты. «Оңшыл» «ұлтшыл-ауытқушылардың» қатарында Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Жалау Мыңбаев және өзге де Голощекинмен ұлттың негізгі мәселелерінде байламға келе алмағандар тұрды. Олардың ұлттық мүддені қорғауға бағытталған табиғи әрекеттері Ф. Голощекин тарапынан «ұлтшылдық» есебінде сипатталды. Голощекиннің Қазақстанға жіберілуі де кездейсоқ емес-ті. Оның бірінші басшылыққа кандидатурасы бірқатар факторлармен ерекшеленді.

И. Сталин Поволжье, Орал, Батыс сибір, Орта Азия региондарын маңызды геосаяси қатынастарды жасауға бағыттады. Мұны Орталықтың адамына ғана сеніп тапсыруға болатын. Екінші Голощекинге өлкенің әлеуметтік-экономикалық құрылымын дамытып, қазақ халқының экономикалық, рухани-мәдени бағытта Ресейге жақындату жағынан Ресеймен байланыстыру міндетін орындау тапсырылды. 1925 жылдың 12 қыркүйегінде БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің мүшелері қазақ жеріне келетін жаңа басқарушыны Қызылордадағы теміржол вокзалында күтіп алды. Келе салысымен, кеңестік саясат тарамаған ауылдарға революция жасайтынын жеткізді. Голощекиннің “Кіші қазан” саясаты Мәскеуден арнайлап жүктелген тапсырма екендігі көрініп тұрды. Голощекин келісімен арада 3 айдай уақыт салып 1-7 желтоқсан аралығында V Бүкілқазақтық партконференция ауылдардағы коммунистік насихат жұмыстарына кірісті. Қазақстандағы жаңа ұйымдар, жаңа идеялық-саяси төңкерістер бағыт алды. Конференция қатысушыларының көпшілігі 1918-1920 жж. партия қатарына өткендіктен, Ф. Голощекинге қолдау көрсетіп, төмендегідей ұсыныстар жасады:

- рулар арасындағы бөлінушілікті жою;
- тұрмысы төмен кедей таптың құқықтарын белгілеу;
- революциялық заңдылықтарды қатаң ұстау;
- жұмысшы милиция мен сот қызметінің құрамын қайта қарау;
- жұмысшы, шаруа топтарынан шыққан тұлғаларды партияның жұмыстарына араластыру.

Ресейде болып жатқан өзгерістерді Қазақстанда сол қалпында қайталаудың, әрине, ақылға сымайтыны белгілі. Екі елдің діні, тілі, әдеп-ғұрпы, тарихи жолы екі бөлек нәрсе. Қазақстанда автогонистік негіздегі тап күресі бола да қоймаған. Осыларға қарамастан, қарсы болғандарға қолданылатын жаза да белгіленді. Жалпы қабылданған бағыттар республикадағы ұлттық мүддеге адал кеңес қайраткерлерінің қарсылығын тудырды. Реформалар барысында ұлттық көзқарастардың көрініс беруіне, мұндай әртүрлі топтардың шығуына орталықтың өзі кінәлі, халықты, ұлтты қорғау үшін көзқарастары жөнінен осылай бірігуден басқа амалдары қалмады. 1919-1920 жылдары Орта Азияда жұмыс тәжірибесі бар Ф. Голощекин, И.Сталиннің ақылымен қазақ коммунистерін алдайтын саясат жүргізді. Орталық Комитет алдына үш түйіні

шешілмеген сұрақтар қойды. Олар – ұлтаралық қатынастар, топтар және рулық тартыстар, ұлттық интеллигенция позициялары.

БК(б)П Өлкелік Комитеті 1926 жылы 2 мамырда «Қазақстан партия ұйымдағы партия ішіндегі топтар және ұлтаралық қатынастар туралы» директивалық хат қабылдады. Хатта бұрынғы ұлттық интеллигенцияның, дәлірек айтқанда Алашорданың кеңестерге қарсы ұстанған бағытына, кеңес өкіметінің ұлттық саясатының көзқарасы қазіргі республикадағы ұлттық қатынастардың қалай дамуы туралы сөз болды. Жарияланған хат 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 10 жылдық мерекесіне арналды. Тарихтан белгілі ұлт-азаттық көтеріліс жылдарында қазақтарға рухани ықпал етуші ұлттық интеллигенция партия қатарына кеш өтті. Алашордалықтар қарулы күреске қарсы болып, Уақытша үкімет пен бейбіт қатар өмір сүрді. Қазақ коммунистері Ресей большевиктері тәрізді большевиктік партияға ол құрылған уақыттан бастап енген жоқ. Азамат соғысы жылдарында болашаққа үмітпен қараған, кеңестер билігінен жақсылық күткендіктен оны қабылдады. Олардың өзіндік екершеліктерін ескермегені үшін мұндайда Қазақстанның большевиктерін кінәлаудың қажеті жоқ. Алашордалықтарға қайта оралсақ, олар кеңес өкіметінің алғашқы жылдары олармен қоян-қолтық қызметтес болуға тырысты. Қазақ ұлтының түпкі мүдделері үшін Алаш қозғалысына қатысушылар кеңестік билікпен келісімге келу керектігін түсінді. Алайда большевиктік партия ішкі саясатында Қазан төңкерісінен кейін мұсылмандарға берілген дін бостандығы, шарифат соттары, тіл, жер тұтастығы, әдеп-ғұрып бәрі сақталатыны жөніндегі уәделермен әбден сенімге кіргеннен кейін, бар күшті ішкі «жауларға» жұмсап, оларды құртуға кірісті. Жасырын жымысқы қаскүнем ойлар 1937-1938 жылдары шарықтау шегіне жетіп, алашордалықтар мен «ұлттық топтар» мүшелері түгелдей дерлік атылды. Осындай жаппай жазалаудың ішінде қазақтың біраз көрнекті ұлттық интеллигенциясының өкілдері де кетті, кеңестік өкіметке олардың көзқарастары, әрине, керек те емес еді. 1920 жылдардан бастап қазақ интеллигенттерінен большевик қазақтарды «сыпайы» түрде ажырату белең алды.

Ф. Голощекиннің пікірі бойынша «С. Қожанов, С. Сдауқасов, Ж. Мыңбаев тобы партияға қарсы ең қауіпті топ» болып саналды. Осыған орай 1925 жылы С. Қожанов Мәскеудегі БК(б)П Орталық Комитетінің аппаратына Ұлтреспубликалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушы ретінде жаңа қызметке жіберілді, яғни оны әдейі Қазақстаннан алып кетті. Әрине, Ф. Голощекин Қожановты ғана емес, Қазақ республикасының басшылығында отырған Ж. Мыңбаев пен С. Садуақасовтың да қызмет мәселелерін шешіп алу да оның жоспарында тұрды.

1926 жылдың 25-30 қарашасында БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті мен Өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумы өткізілді. Онда бірқатар мәселелер қаралды. Оның ең негізгісі БК(б)П «Өлкелік Комитетінің бюросындағы жағдай туралы» Ф. Голощекин жасаған баяндама еді. Басқаша айтқанда «Қазақстандағы партия төңірегіндегі айтыс-тартыстар» мәселесі көтерілді. Негізінен баяндаманың мазмұны басқа еуропалықтар мен жергілікті

қазақтардың өзара қарым-қатынастарынан басталып, Ж. Мыңбаев пен С. Садуақасовты сынауға жалғасты. Ф. Голощекиннің Өлкелік Партия Комитетінің V конференциясының II пленумында екі Қайраткермен пікірлері бір жерден шықпай, оларды өзінің төңірегіне топтастыра алмағаны рас. Ал енді келесі III пленумында ол Ж. Мыңбаев пен С. Садуақасовтың мәселелеріне соңғы нүктені қоюға тырысты.

Ф. Голощекин Ж. Мыңбаев, С. Садуақасовтарға ескертулерін жаңа қоғамға сәйкес бейімделіп, «принципсіздік көзқарастардан арылу» қажет деген ақылмен бастады. Бұл жерде «кіші қазан» идеясымен келіспеушілік жөнінде сөз қозғалып отырғаны белгілі. Бұл идеясыз қазақ елінің өркендеуі мүмкін еместігін Голощекин үнемі дәлелдеп отырды. Алайда екінші ескертуі келетін болсақ: Ф. Голощекин Ж. Мыңбаевтың және С. Садуақасовтың өзіне дұрыс көзқараспен қарауын талап етті. «Олардың ойынша мен пролетарлық диктатура емес, буржуазиялық демократияның өкіметін орнатуға келіппін», - деп ол қинала сөйледі. Ұлттық қайраткерлерде ұлтшылдық болған емес, кезінде В. Нанейшвилеге ешқандай «ұлтшыл» көзқарас Ж. Мыңбаевтың да, С. Садуақасовтың да тарапынан болған жоқ. Сондықтан да Нанейшвили бұл екі қайраткерде үлкен басқару орындарға тағайындалып, қызмет етті. Ал Ф. Голощекин мүлде басқаша жұмыс әдісін орнықтырды. Ол өз ілімі мен көзқарасын ғана дұрыс деп санайтын орталықтың адамы еді. Барлық мәселені жалғыз өзі және жеке шешуді жөн көрді.

XIX ғ. соңында патша үкіметі қазақ жерлерін зерттеу мақсатында Қоныстандыру басқармасы арқылы Қазақстандағы әр уезге экспедициялар шығарғаны белгілі. Бұл саясаттың негізгі мақсаты қазақтардың құнарлы жерлерін игеріп, өздерін құмдақ және шөлейт жерлерге қарай ығыстыру еді. Артынша бұл мақсатқа көшпелі қазақ ауылдарын отырықшыландыруда қосылған еді. Мұны тек Кеңес өкіметі ғана күшпен іске асырды.

Кеңестер Одағында жаппай ұжымдастыру процесімен қатар жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын жаппай отырықшыландыру мәселесіде қоса көтерілген еді. Қазақстандағы отырықшыландыру ісін бастаған Ф.И. Голощекин бұл іске бірден саяси мазмұн беруге тырысты. Жаппай ұжымдастыру және халықты отырықшы шаруашылыққа көшіру кезеңінде қазақ халқы өзінің байырғы кәсібінен айырылып, үйсіз, күйсіз, аш-жалаңаш қалғанында амалсыз кеңестік саясатқа бағынуына тура келді. Сол себепті барлығы дерлік амалсыз колхоз жұмысына кірді. Отырықшы шаруашылықтың алғашқы бес жылы сәтсіз болғандықтан негізгі атқарылуы керек жұмыстарды келесі бесжылдыққа жоспарлады.

Қазан социалистік революциясынан кейінгі он жыл ішінде қазақ сахарасында елеулі өзгерістер болды. Қазақ халқы Социалистік Автономиялы Республиканың шаңырағын көтерді. Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық-мемлекеттік шекараларын айқындады. Жас Қазақ республикасы Ресейдің құрамында шапшаң нығайып, күш жинай бастады.

Ғасырлар бойы ең басты болған жер, ел тағдырының мәселелері көтерілді. Еңбекші шаруалардың мүддесіне сай Ертіс пен Жайық бойындағы:

Орал мен Сібірдегі казак әскерлерінің жерлері казак еңбекшілеріне қайтарылды, Жетісу, Сырдария облыстарында жер-су реформалары жүргізіліп, кулактардың 100 мың десятина жері Қазақ АКСР-індегі станицалар мен поселкелердің пайдалануындағы артық жерлер еңбекші казак халқының тұрақты пайдалануына берілді. 1926-1927 жылдары егіндік және шабындық жерлер қайта бөлініп, 235, 536 қожалық жерге орналастырылды. Қайта бөліс науқаны нәтижесінде қанаушылардан тартып алынған 1136 мың гектар шабындық және 1250 мың гектар егіндік казак шаруаларына берілді. Кедейлер мен батырақтар еңсесін көтере бастады. Кооперативтік қозғалыс өрістей түсті. 1927 жылы ауыл шаруашылығының кооперация жүйесі 135 мыңнан астам мүшесі бар 12 одақты, 738 төменгі ұйымды қамтыды. Мал шаруашылығы айтарлықтай алға жылжыды. Мал саны 1927 ж. 38,919 мыңға жетті, бұл 1913 жылмен салыстырғанда 10 миллион бас артық еді [81]. Республика халқының материалдық әл-ауқаты артып, сапалық жаңа биіктерге көтерілді. Орта есеппен бір казак қожалығына 40,1 бас, ал егіншілікпен айналысатын орыс, тағы басқа ұлттардың шаруашылығына 15,5 бас мал келетін. Ал ауылдағы таптық жіктелу айтарлық жоғары еді, орта шаруалар негізгі тұлғаға айналды. Қосымша А-да мал басының пайыздық көрсеткішін көруге болады.

Өлкелік партия ұйымы нығайып, ауыл коммунистінің қалыптасу процесі жедел жүріп жатты. 1927 жылдың аяғына қарай Қазақстан партия ұйымындағы жұмысшылардың үлес салмағы 33,3 процентке, ал казак коммунистерінің саны 37,9 процентке жетті. Ауылда советтендіру саясаты іске асырылды. Сонымен қатар өлкеде 1925 жылдан бастап кейбір келеңсіз құбылыстар бой көрсетті, олар кейіннен коллективтендіру кезінде күш алып, халыққа өлшеусіз қайғы-қасірет әкелген арандатуға әкеліп соқты.

1925 жыл өткен өлкелік V партия конференциясының жерге орналастыру туралы шешімінде таптық принцип ұлттық принциппен алмастырылды. Бірінші кезектен тек казак халқы жерге орналастырылды.

1928 жылдың күзінде өлкеде 696 ірі бай жартылай феодалдардың мал-мүлкін конфискулеу іске асырылды. Байлардан тартып алынған мал-мүлік (150 мың мал, ауыл шаруашылығы құрал-саймандары) 206 26-дан астам кедей қожалығын нығайтуға, 293 жаңа мал шаруашылығы артельдерін, 5 совхоз құруға мүмкіндік берді. Осы бір науқанның нәтижесі туралы сол кездің өзінде-ақ екі түрлі пікір қалыптасқан еді. Өлкелік партия комитетінің 1 хатшысы Ф.И. Голощекин болса, бұл істі ауылдағы Қазан дауылының басы, ілгеріде жүргізілетін реформалардың үлгісі ретінде қарастырды. Т. Рысқұлов болса, бұл пікірде асыра сілтеушілік басым екендігін атап көрсетті. М.И. Калинин бүкіл Қазақстан халқының не бары бес-ақ проценті ұстаған миллиондаған малды тұтас, не азғана шығынмен социалистік секторға өткізе алмау партия, кеңес ұйымдарының нашар жұмысының нәтижесі деп бағалады [82]. Біздің пікірімізше, ірі жартылай феодал-байларды конфискулеуді өлкелік партия ұйымы ғылыми негіздемей, зорлықпен өткізді, ұжымдастыруды жүргізу барысында тап тартысын шиеленістіре түсті.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында лениндік принциптер өрескелдікпен аяққа басылды, коллективтендіру зорлық-зомбылықпен жүргізілді, командалық, бюрократиялық әдіс осы жылдары үстем болды. Кәмпескелеу науқанының зардабы мейлінше қатты болды. Жергілікті органдарға жіберілген нұсқауларда кәмпескеленушілердің саны жалпы шаруашылықтардың 3-5 процентінен аспауы тиіс деп көрсетілген. Көптеген аудандарға бұл көрсеткішке қол жеткізу қиын тиді. Алайда «бас алғыштар» көп ойланып, бастарын қатырмады. Сондықтан кәмпескелеушілердің саны қажетті «жоғары деңгейге жеткізілді». Ал, кейбір жерлерде, тіпті 2-3 есе асып түсті. Мысалы, Петропавл дуанының Красноармейск ауданында барлық қожалықтардың 7% (496 қожалық) кәмпескеленді. Ал, Қостанай дуанындағы Боровское ауданының, селоларының бірінде 37 қожалық иесі жер аударылды [83].

Ірі байлармен бірге ауқаттылар мен орташа шаруалар да қоса тәркілеуге жатқызылды. Кулактардың қатарына өту үшін жақсы үйің немесе сиырың болса да жетіп жатыр [84]. Сонымен қатар мынаны ескеру керек, кәмпескелеу туралы шешімді кедейлермен мен жалшы-батырақтардың ауыл жиыны айқындайтын. Ал кәмпескеленгендердің дүние-мүлкі жарлы-жақыбайлардың мүшелік жарнасы ретінде колхоздың ортақ қорына айналатынын зердеге түйсек, 1930 жылдың жазында Қазақстандағы колхоздардың бөлінбейтін қорында кәмпескеленгендерден тартып алған дүние-мүлік 25,2 процентін құрады, ал оның бір бөлігі кедейлерге таратылатын [85]. Мұның өзі таптық талаптардың түп-төркінін түсіндіреді.

1930 жылдың 15 наурызында яғни Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің «Жаппай коллективтендіру аудандарындағы ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және бай-кулактармен күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін бары бір айдан соң республикада 3113 адам қамауға алынып, сотталды, ал, 2450 семья жер аударылды» [2, б. 301]. Келесі айларда жазалау шаралары бұдан да қалың қауымды қамтыды деп нық сеніммен айтуға болады. Сол кездегі кейбір ресми деректер де оны растады. Солардың бірі бойынша, 1930 жылдың орта шенінде түрліше комиссарлардың «ақ-қараны айыру» нәтижесінде 4073 адам түрмеден босатылып, 1160 жанұя аударылған жерлерінен қайтарылған, 2664 адамның ісі тоқтатылған, 1618 адамға сайлау правосы берілген, 1266 қожалықтың төлеген айыбы доғарылған, 9533 қожалыққа кәмпескеленген меншіктері қайтарылған. Мұның өзі жоғарыға арызданып, шағым айтуға батылы барғандар хақында ғана. Ал жоғарыға зорығып, даусы жете алмағандар қаншама. Және айыпқа дұрыс кесілді деп жөнсіз қуғын-сүргінге айдалғандар бар емес пе? Оның үстіне бұл науқан 1930 жылы аяқталған жоқ қой. Кейбір толық емес деректерге, қарағанда 1931 жылы 5500 семья қамауға алынып, жер аударылған. Бірталай қожалықтар 1932-33 жылдары, одан кейін де түп тамырымен жойылды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау және көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру барысында жол берілген қиғаштықтар мен

бұрмалаушылықтардың нәтижесінде оның зардабы орасан зор аумақты қамтыды. Қосып жазу және жоспарлау барысында өрескел қателіктер жіберілуі салдарынан аудандарға орындалуы мүмкін емес тапсырмалар берілді. Мысалы, өрісінде 173 мың бас мал жайылған Балқаш ауданына 300 мың бас мал әзірлеу тапсырылды. Осылайшы басын тізу науқаны әу бастан-ақ зорлықпен жүрді.

20-жылдардың екінші жартысында Қазақстанда әкімшілік-командалық қысымшылдық-бюрократиялық, үркітіп-қорқыту жұмыс тәсілі мен әдісі, регионалдық көсемшілдік қалыптаса бастады. Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1 хатшысы кезінде жауыздығымен атағы жер жарған революционер Ф.И. Голощекин қазақ сахарасында Ұлы Қазан социалистік революциясы болып өткен жоқ, оның «тынысын ауыл сезбеді де», «Қазақ ауылында кеңес өкіметі жоқ», «ауылдың Қазаны болмады» деген жалған концепцияны уағыздады. Ол өзінің басшылығымен Қазақстанда «біздің кіші Қазанды» өткіземін, қазақ еңбекшілерін «азаттық жолына, Қазан жолына» [86], саламын деген қайшылықты бағытты негіздеді. Ауылдағы нағыз Қазан байларды – жартылай феодалдарды конфискелеу деп таныды. Теориядағы қателіктер іс жүзінде толып жатқан келеңсіз құбылыстарды тудыра бастаған кезде жер-жерде өлкелік партия комитетіне наразылық күшейгенін білген Ф.И. Голощекин 1927 ж. күзде И.В. Сталинге хат жолдады. Хатта аумақтық партия ұйымы селоларда жұмысшылардың негізгі советтерін ұйымдастыру, ауылдық социализмді жандандыру, қазақ кеңесшілдерінің ұлтшылдарға, оның көсемдеріне бағытталған қарсылықтарды дамыту, аппаратты жергіліктендіру, кедей орташа шаруашылықтарға нақтылы көмектесу, өркениет бағытында ауылдық ұстаздарды әзірлеу, оқыған және өркениетті қазақ зиялыларын ауылға жіберу, көшпенділердің өмірі салтына ықпал жасау және т.б. үйрету саясаты жүргізіліп жатқандығын хабарлады. Кешікпей Москвадан «Жолдас Голощекин! Менің ойымша, осы хатта белгіленген саясат негізінен бірден-бір дұрыс саясат. И.Сталин» деген жауап та келіп жетті. Ф.И. Голощекин өлкелік партия ұйымының 6 конференциясында (қараша, 1927 ж.) бұл хатты жария етті. Партияның XV съезінде В.М. Молотов кеңестік шығыста «Кеңестерді жандандыру емес, оларды құру саясатын қолдап қана қоймай, оны одан әрі дамытып, шын мәніндегі нағыз Кеңес өкіметі жасалу үшін бізге бірнеше жылдар керек», – деген тұжырымға келді.

1927 жылы қарашада БК(б)П Өлкелік VI партия конференциясында БК(б)П Орталық Комитетінің секретары А.А. Андреев: «Менің ойымша, жолдас Голощекиннің баяндауынша, партия басшылығы айтарлықтай мықты, өктемді, қысымшыл емес» – деген қорытынды жасады. Міне, осындай жағдайда Ф.И. Голощекин азамат соғысының кезіндегідей, өз ілімін жүзеге асыру үшін әкімшілік-командалық әдіске басты. Ол осы конференцияда жеті сағат бойы жасаған баяндамасында: «Зиновьевтің маған не дегенін сіздер білесіздер ме: «Қазақстан Голощекиннің еншісіне басыбайлы берілген» – Ал бұл болса Мыңбаевтың сөзі емес пе? – деді. Мұнымен де тоқтамай, «Қашан, қай жылдары, Қазақстан партия ұйымы осындай қанатын кең жайып, өсіп-өркендеп еді? Өлкелік комитет соңғы екі жылдағыдай беделге бұрын-сонды бөленіп

көріп пе еді? Қандай да болмасын топтың «көсемдері» Өлкелік комитетке қарсы шығып көрсін, олардың бәрі бір аптаның ішінде жаншылады», – деп күш көрсетті [2, б. 208].

Ф.И. Голощекин іс жүзінде осылай істеді де, ол өзіне қарсы пікір айтқандардың бәріне бірде ұлтшылдық айдарын тақты. Ал І. Құрамысов сияқты оның жақтастары «Партия ұйымының барлық жетістіктеріне Ф.И. Голощекиннің сіңірген еңбегі зор», – деп дәріптеді [87]. Патша үкіметіне, буржуазия үстемдігіне қарсы күресте шыныққан, азамат соғысының отжалынында сыннан өткен профессионал-революционер бейбіт өмірде ұлт аймақта ұлы В.И. Лениннің барынша төзімді, барынша байыпты болуды аманат еткен өсиетін орындай алмай, әкімшілдік, қысымшыл жолға түсті, өз басшылығымен «Кіші Октябрь» жүргізуді ойлап тауып, өлкенің көсемі атануды көздеген ойдың жетегінде кетті. БК(б)П Орталық Комитетінің Бас хатшысы И. Сталин бастаған, секретарьлары В.М. Молотов, А.А. Андреев, т.б. Ф.И. Голощекинді қолдап, оның гегемондық өктемдікке дем берді, жол ашты. Қазақ сахарасына сергелдең әкелген шешуші факторлардың бірі осылай орнықты. Революция талқандаған империяның артта қалған шет аймағында тұратын, капитализмге соқпай, бірден социализмге бет алып келе жатқан бұл халықтың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ескерілмеді. 1927 жылдың өзінде-ақ Голощекин «Казахстан на Октябрьском смотре» және «10 лет Советской власти» деген екі бірдей кітап шығарып, онда «қазақ ауылы Октябрь лебін сезген емес» деген дәлелсіз байбаламға басқаны елдің бәріне мәлім [88].

Қазан мен тәркілеу науқанын араластыру мағынасыз әрекет екенін, шаруаларға 150 мың бас мал берілгеннен-ақ көруге болады. 696 ірі феодалдық мал-мүлкінің тәркіленуі туралы хабар байлармен бірге қарапайым қазақ шаруаларының да жанын алқымға келтірді. Орташа шаруаларда шабындық жерлер мен егістік алқаптарын қайта бөлу, жартылай феодал байлардың мал-мүлктерін тәркілеу ауыл шаруасына саяси тәрбие беруге назар аударылды. Голощекин мен оны орындаушылар лениндік жаңа экономикалық саясатынан бас тарта отырып, нақты аймақ ерекшеліктерін есепке алмастан, ұжымдастыру науқанының екпінін еселей түсті.

Қазақ даласында қатар жүргізілген жер-су реформасынан бастап, тәркілеу науқаны, шаруаларды ұжымдастыру науқаны, халықты отырықшылыққа көшіру сияқты маңызды саяси экономикалық шараларды қазақ даласында қалай, қандай ретпен, қандай уақытта, қандай өзара байланыстар арқылы, өткізу тиімді болар еді деген сұрақтар қойылмағаны да анық. 1929 жылғы бір сөзінде Қазақстандағы колхоздастыру қозғалысы елдің басқа аудандарына қарағанда баяуырақ қарқынмен жүреді деген пікірге келіспейтінін білдірген Голощекиннің екінші хатшысы Құрамысовтың Голощекинненде асып түскені көп нәрсені аңғартады; «Қазақстанның кенже дамыған аймақ екеніне қарамастан, біздегі коллективтендіру қарқыны бүгінгі таңда орасан зор. Біз бұл мәселе жөнінде одақтық көптеген озық облыстарын басып озудамыз», – деп түсіндірді.

Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны әкімшілдік асыра сілтеушілік пен қорқыту-үркітудің негізінде жүрді. Елге ештеңенің мән-жайын түсіндірместен бір жерге одақтастырылған малдар ешқандай күтім болмағандықтан қырыла бастады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «қайдан тапсаң, одан тап – қаптың түбін қақ». «Социализмге сотқа тартылмаған адам болмайды», – деген ұрандар талай елдің түбіне жетті. Әулиеата ауданында 1929 жылы 1,5 миллион бас қой болса, 1934 жылы оның 7-ақ мыңы қалған... Сарысу ауданының тұрғыны Сарыбаев дегеннің екі түйесі, бес қойы болғанына қарамастан, оған төрт сиыр, 80 қой салық салынған. Мұндай келтірілген мысалдар өте көп. Оның үстіне асыра сілтеу фактілері көбейіп, көп ұзамай бүкіл республика көлемінде осындай әрекеттер орын ала бастады. Ораз Исаев Қазақстан өлкелік комитетінің VI Пленумында 1929 жылы 40 миллион бас мал болса, 1933 жылы бар болғаны 4-ақ миллион қалғанын мойындауға мәжбүр болды. Мұның өзі сол дәуірдің ащы шындығы еді.

Дегенмен, Голощекин осындай ашық фактілердің өзін көре тұра өзінің теориясынан бас тартпады. Алайда, сол кездің өзінде Голощекиннің қателігін бетіне басып, ашық айтатын азаматтар аз болмаған. Мәселен, Қазақстан өлкелік комитетінің VI Пленумында Қазақстан компартиясының көрнекті қайраткері С. Сегізбаев сөз сөйлеп, Ф.И. Голощекиннің қолдан жасаған идеяларына күйрете соққы берді. «Біз ең алдымен пролетариат диктатурасы жағдайында бір әлеуметтік-экономикалық формациядан екіншісіне, мысалы, көшпенді өмірден отырықшылыққа ауысу процесінде құрбандықтар болмай қоймайды дейтін саяси қате пікірге жол бермеуіміз керек» – деді. Төртіншіден, Ф.И. Голощекин Қазақстанда аймақтық ерекшеліктерге байланысты туындаған кемшіліктер 1925-1930 жылдар арасында жойылды деген пікір туғызуға тырысты. Басқаша айтқанда, ол басқарған жылдары «Қазақстан бүкіл Одақпен тең дәрежеге жеткен» дегенге келтіргісі келді [2, б. 261]. Ф.И. Голощекин мұндай теориялық «негіздемелері» қазақ даласындағы ұжымдастыру қарқынын еліміздің дамыған аудандары сияқты шапшаңдықпен тез арада жүргізу үшін қажет еді. Голощекин Сталиннің берген қағидаларын «дамытып», жартылай феодалдық қатынастарды қирату үрдісіне тап тартысы шиеленісе түседі, бұл тартыс, әсіресе ауылда күшейе бермек деген қате пікірді жоғарыдан заңдастырмақ болып бар күшін салды. Сөйтіп, ол қуғын-сүргін науқанына бұқараны теориялық психологиялық тұрғыдан дайындады. Бесіншіден, Филипп Голощекин қазақ ұлтынан шыққан коммунистерге сенімсіздікпен қарады. Қазақ коммунистерін үш топқа бөліп, біріншілерін тәрбиеге көнбейтін ұлтшыл уклонистерге, екіншілерін ебін тауып екі асайтын, жағдайға байланысты өзгеріп отыратын құбылмаларға, үшіншілерін бүкіл қателіктер үшін жауапкершілікті Голощекинге аударғысы келетіндерге жатқызды.

Тарихи зерттеулерде Қазақстан жеріндегі ұжымдастыру үрдісінде шаруаларды ұжымдастырып шаруашылыққа біріктірудің лениндік принциптерінен ауытқуға жол берген Голощекиннің жеке өз басы дейтін бір жақтылау ұғым қалыптасты. Асыра сілтеудің себептерін «голощекиндіктен» іздеу ғылыми тұрғыдан анағұрлым дәл және дұрыс болар еді. Экономика

саласында голощекиндік саясат аштыққа, мал басын он есе азайтып жіберуге, халық шаруашылығының көптеген салаларындағы дағдарысқа әкеп, жаңа экономикалық саясаттың беделін түсіруге әкеп соқты.

1932 жылдың 17 қыркүйегінде, Қазақстандағы коллективтендіру барысында орын алған асыра сілтеушіліктердің ауқымы ұлғайған үстіне ұлғая түскен кезде, БК(б)П Орталық Комитеті «Қазақстанның ауыл шаруашылығы туралы» арнайы қаулы қабылдады. Бұл документке мал шаруашылығындағы шығынның себебі анықталып, оның орын толтыру шаралары белгіленді. Алайда, өкінішке орай, аштыққа ұшыраған халық тағдыры атаусыз қалды.

Жалпылай ұжымдастыру негізінде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы аудандарында отырықшыландыру ісі қатар жүргізілді. Л.И. Мирзоян айтқандай, «көшпелілерді отырықшылыққа көшіру негізінен дұрыс саясат. Бірақ, бір мәселе, біріншіден, отырықшылыққа көшуді даярлауда; екіншіден, оны ұйымдастырудың қарқыны мен мәнінде; үшіншіден, әр ауданның ерекшелігін ескеруде; төртіншіден, халықтың белсенділігін пайдалана білуде» еді [89]. Қазақстанда ұжымдастыру барысында лениндік принциптердің өрескел бұрмалануына жол берілді. Шаруаларды ұжымдастыруда олардың еріктілігі сақталмады, олардың ой-пікірімен есептескен жан болмады. Жалған белсенділер әкімшілік әдістерімен ғажайып шеберлік көрсетті. Ораз Исаев өзінің Қазақ өлкелік комитетінің VI Пленумында жасаған баяндамасында Торғай төрелерінің: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұранын келтіргені сол-ақ екен, жалған белсенділер оны қағып әкетіп, саяси ұранға айналдырып жіберді. Тек қана Торғайдағы миллионнан астам малдан не бары 98 мың мал қалды. Талас ауданында «кімде-кім колхозға кірмесе оған жер шөлден, не таудан беріледі, суарылма жерден қуылады», – деп қорқытып орналысуға әкелді [90]. Шаруа қожалықтары жинақталып бір жерге көшіріліп, қыс ішінде киіз үйге мал қамалды. Келді елді мекендердегі ауданындағы мал, құс қана емес, қарбыздың, қиярдың тұқымына дейін ортақтастырылды, осындай жағдайлардан кейін мал басы азайып күрт түсе бастады. Мұндай жаңдайлар бір ғана аудандар мен ауылдарда ғана емес республиканың жер-жерлерінде де орын алды. Мәселен. Шұбартау ауданында 1930 жылғы 98-мың мал болса, 1933 жылы бар болғаны 917-ақ бас қалған.

Егер 1926 жылы жаңа экономикалық саясат негізінде мал басы революцияға дейінгі деңгейге жеткізілсе, ал коллективтендіру алдында оның саны 40 миллионнан асып түсті. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасыннан» кейін 5,1 миллионға түсіп, 8 есеге дейін кеміп кетті. Әсіресе, көшпелі және жартылай көшпелі аудандар ауыр халге түсті. 1930 жылы осындай 15 ауданда 6 миллион мал болса, 1933 жылы бар болғаны 91,8 мың ғана қалды [91].

Ұжымдастыруда еркіндік принциптерден шегіну бүкіл Одақ экономикасына кері әсер етті. Ал осы процесте Қазақ АССР-інің үлесі ерекше еді. Мысалы, 1928-1932 жж. Одақ бойынша жылқы 10:4 миллион басқа кемісе, оның 3,6 миллионы, ал 53,5 миллионға азайған қойдың 22 миллионы,

21,8 миллион сиырдың 6,3 миллионы Қазақстан еншісінен кеміген еді [2, б. 265].

Сонымен, қорыта айтқанда, қазақ шаруаларын меншігінен зорлап айыруды, олардың қожалықтарын күштеп ұжымдастырудың жүзеге аырылуы қазақ халқының тағдарына әсерін тигізді.

Ұжымдастырудың алғышарты болған әкімшіл-әміршіл, күштеу шаралары Қазақстанда аса қауырт, жедел түрде жүзеге асты. 1928-1929 жылдары Одақта белең алған күштеу әдістері Қазақстанда ерте басталды. Оған 1925 жылы республика партия ұйымына келген Ф. Голощекиннің волонтаристік саясаты ықпал етті. 1926-1927 жылдарда қазақ қоғамының қалыпты дамуы бұзылып, "Кіші Қазан" ойраны басталды. Голощекиннің қолдан жасалған тап күресі 1926-1928 жылдарда еш нәтиже бермеген өте таяз шаралар: шабындықты, егістікті және жайылымдарды бөлу, ірі бай-феодалдарды кәмпескелеу жүргізіліп, бұлар экономиканың қалыпты дамуына кері әсер етті. Сөйтіп, негізі жоқ социализмнің утопиялық мақсаттары зорлық, қысым арқылы жүзеге асып, адам факторы аяққа басылды.

1.3 Шығыс Қазақстанда астық және ет дайындау бағытын жүзеге асыру саясаты

Экономикада саласында индустриализация бағытыныңда жоспарларды іске асыру үшін ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау төтенше маңызға ие болды. Алайда 1927-1928 жылдар аралығында елде орын алған астық дағдарысын күтпеген жағдай әкелді. Елдің негізгі астық өндіретін аудандарында құрғақшылықтың салдарынан нашар өнім алынды. Елде 1927 жылы күзінде астық бағасы төмендеп кетті, осыған қарамастан үкімет тарапынан қаржы ауыл шаруашылығынан өнеркәсіпке аударыла берді. Қыста бүкіл елде астық дайындаудан құлдыраушылық басталды. Қалың жұрт саясаттағы ауытқушылықты сезіне білді. XV съезден оралған Голощекин: «Болшеvizмнің бүкіл тарихи бір жеңістен екінші жеңіске өту, сонымен бірге бұл жол бір қиындықтан екінші қиындыққа өтудің бейнесі болып табылады, ал кулакка шабуыл беру – бұл ірі коллективті шаруашылықтың курсына және кедей мен орташаның коллективтенуіне өту», - деп бүркемеледі. Ф.И. Голощекиннің «кулак өсіп келеді» деуі асыра айтылғандық екенін 1923 ж. кулак-байдың Қазақстандағы 6-8%-тен 3-4%-ке дейін төмендегенінен байқауға болады. Сөйтіп, 1928 ж. «алып – сатарларды құрту», «кулактар және алып сатарлар – ең қауіпті жау» деген мәселе көтерілді [92]. Сталин 107 статьяның кулактарды реттеу «үшін прокурор және сот өкіметтерінде кеңінен қолданылуына мүмкіндік беруге мүдделі болды. Сібірден оралған ол «БК(б) П-ның барлық ұйымдарына» деген дерективаға қол қойды, онда заң бойыншаалып сатарлар мен кулактардан алынған астық артықтарының 25% әл ауқаты нашарларға, тұқымға, әлде тұтынушылық қажеттігі болған жағдайда кредитке беру туралы айтады. 1928 ж. егін дұрыс шықпады, бұл жыл ұжымдастырудың алғашқы іске асқан жылы болатын, партия органдарының ішінде ұжымдастыруды жүргізіп аяқтаудан жарыс өткізілді. Голощекин

Қазақстанды Россиямен салыстырып, тез уақыттарда Россиядан қалмай ұжымдастыруды бітіру мақсатымен жанталасты. 1929 ж. 9 наурызда Қызылорда партактивінде Голощекин: «Мен Қазақстанды аралап шықтым, 5 млн-ға зат шығарып, астықты 50 млн-ға сатып алған», - деп баяндады [18, б. 110]. Бай кулактарға әкімшілік тұрғыдан шара қолдану тиімділік әкелмеді. 34121 соттанған бай-кулактан 631 мың пұт астық пен 53400 мал басы тартып алынды. Бұл астық дайындаудағы 3.5% құраған. Сонымен бірге БК (б)П-ның Қазақ өлкелік комитетінің 1929 ж. көктемдегі рапорты бойынша: астық – 84.3%, ет дайындау ірі мал бойынша – 1.5 есе, ал қоймен үш есе ұлғайтылған.

Бұл жерде астық беруде ең негізгі ауыртпалық орташа мен кедейдің мойнына түскені түсінікті болып отыр. Сонымен бірге тартып алынған ең соңғы дәнге дейін үкіметке аударылатын. Ешқашан егін екпеген қазақтардың көшпелі шаруашылықтарына міндетті түрде астық беру міндеті салынған. Олар өз малдарын сатып, астық алып оны мемлекетке өткізуге мәжбүр болған. Мұның бәрі әрине таптық, тап ішіндегі соғыстың жандануына жол ашу екені түсінікті, бұл жағдай Голощекин Қазақстанға алғашқы келген күннен-ақ байқалып отырған болатын [92, с. 25].

1929 ж. 11 қыркүйегінде Қазақстанның Кеңес халық комитетінің жаңа председателі Ораз Исаев барлық бай-кулак, ауқатты шаруашылықтардың өздерінің артық астықтарын 1929 ж. 1 қарашасынан қалдырмай тапсыруы туралы жарлыққа қол қояды. Ал, орындамағанға тапсыруға қажетті астықтың 5 есе құнын төлеу штрафын салумен немесе 61 ст. бойынша іс, қылмысты іс қозғау бұйырылды.

Голощекин «Егін мен коллективтендіру» атты 1926 ж. 14 қазанындағы газет мақаласында «колхоздастыру Қазақстанда тез қарқынмен дамуда, егер 1928 ж. колхоз саны 2315 болса, 1929 ж. – 4348 колхоз болған» - деп хабарлады. 24 күн өткен соң газет колхоздар ауылдағы социализмнің оазисі» деген айдар тағып, жариялады. Онда Өлкелік комитетінің бюролық қаулысын енгізген, ол қаулы Голощекин атағандай ірі колхоздар құру туралы және 1929-1930 жж. колхоздардың санын 140 мың шаруашылықтарға дейін ұлғайту және егіс алаңын екі есеге дейін ұлғайтуға мән берілді. Ал, Сталин 1929 жылды «ұлы дағдарыс жылы деп атады, ал, нағыз дағдарыс күндері әлі алда болатын. Бүкіл бесжылдыққа белгіленген үлкен науқанды қазақ ауылының хал-ахуалын бұрын естіп білмеген. Филипп Исаевич бір-ақ жылда тындырмақшы болуы жанталаса орындауды қажет еді [93].

Бұл кезде республикада астық даярлау быарысында жүгенсіздік байқалған жағдайда «республика прокуроры» істерді өте қысқа мерзімді өткізуді қамтамасыз етуге міндетті болды. 1927 ж. 17-29 желтоқсандарда Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы осы қаулыдағы мәселені тағыда талқылап, жергілікті партия органдарын міндеттейтін шешімдер қабылдап, партия ұйымдарына нұсқау хаттар жөнелтті. Дегенмен Мәскеуде басшылары мұндай нұсқаулар қанағаттандырмады. И.В. Сталиннің өзі қол қойған бұл үшінші нұсқау-телеграммада базардағы ауылшаруашылығы бағасын бүлдіріп жатқан кулактарға және алып-сатарларға ерекше жазалау шараларының қажеттігін атап

көрсетеді. Сондай – ақ жергілікті жерлердегі партия басшыларына да қысым жасап, егер бір аптаның ішінде «астық даярлауда шешуші өзгеріске» қол жетпейтін болса «ОК партия ұйымының қазіргі басшыларын ауыстыру қажеттігін мәселе етіп қоятыны ескертіледі».

Аталған нұсқау хат астық даярлаудағы төтенше шаралардың басталуына нақты негіз жасады. Өзінің шешімінде Қазақстанның Өлкелік партия комитетінің секретариаты жергілікті аппараттарды кінәлаумен ғана шектелмей, ет даярлау науқанынан қарқын шектеу есебінен астық даярлау қарқынын үдету қажеттігіне олардың назарын аударды. Осы мақсатпен «ірі астық өндіретін аудандарда астықтың неғұрлым көбірек түсуін» қамтамасыз ету үшін мал дайындаудағы бағаны орта есеппен 10% ары төмендетпеу қажеттігі айтылып, және сонымен бірге «бұл аудандарда мал даярлауды қыса түсу мүмкіндігін» бір күндік мерзім ішінде анықтау сауда хал-қамына тапсырылды. Сонымен қатар осы 7 қаңтардағы секретариат мәжілісінде республика прокуратурасына, ППОГПУ-ға олардың жергілікті органдарына астық даярлауға әсер ететін барлық директиваларды орындауға барынша ықпал жасау тапсырылды.

Ұжымдастыру науқаны тұсында аз уақыттың ішінде 2.5 млн. шаруа қожалықтары жойылып, 10 млн.-ға жуық қоғам мүшелері «кулак» деп жер аударылып, «ит жеккенге» айдалды. Қалған халықты сталиндік саясат колхоздарға біріктіріп, «жатақ» етті. Қала берсе ол колхоздан басқа жерге мүшелері кетпес үшін паспорт режимін енгізіп, көп айтып жүрген «казармалық» социализмді құрды.

Ұжымдастыру барысындағы ең маңызды шара қолдағы бар жеке меншік малды ортақтастыру болғандықтан, яғни ең басты мақсат малды өндірістік сипатта пайдалану көзделгендіктен, шаруалардың малы тәркіленгенде де қорқыту, үркіту әдістері кең қолданылды. Мәселен, Шар ауылдық кеңесінің «Керуен көл» колхозындағы Кенжалин Беген деген шаруа жалғыз жылқысын соғымға деп тығып қойғаны үшін айыпталғаы және тері зауытындағы міндеттерінен босатылған, партия сенімін ақтамағандықтан деген жаламен жұмыстан шығарылған, себебі, олар «Астықты қаскөйлікпен бермей отырғандар» деп ашық айыпталды. Тіпті 4-5 десятинадан 200-250 пұд астық тапсырғандар, ендігі жерде 300-400 пұд тапсыра алады деп саналған. Және ол іс жүзінде күрделі сипатқа ие болды. Мәселен, Казанцев Иван Иванович деген Өскемен ауданының Бобровка селосының тұрғыны 1929 жылы 8 десятина егін еккендігін және құрғақшылыққа байланысты 4,35 десятина немесе 70% егіннің күйіп кеткендігін айта келе, ауыл комиссиясының мұны ескермегендігін, тіпті бір десятинадан шығатын өнімділікті 39 пұд деп белгілеп, ендігі жерде жиыны 160 пұд тапсыруға міндеттеп кеткендігін сөз етіп шағымданған. Сонымен қатар, шаруа мұндай мөлшердегі астыққа иелік етпегендіктен жоспарды орындай алмаған және сол үшін де ол әкімшілік жауапқа тартылып, 1930 жылдың қаңтарында айыппұл ретінде салынған 45 пұд мөлшердегі астықты тапсыруы тиіс болған. Алайда, ол бұл айыппұлды да төлей алмағандықтан, оның барлық мүлкі тәркіленіп, кулак шаруашылықтарының қатарына жатқызылған [94].

Сол сияқты, Разинск ауданының Пролетар және Краснояр селоларындағы тұқымдық астық тапсырмағандар жиырма кедей мен орташаның барлық мүлкі тізімге жазылып алынған. Яғни, оларда кулак ретінде тәркіленген. Ал кулактардың барлық жанұясы, соның ішінде балалары да тұтқындау бөлімшелеріне әкелінген және барлық мал-мүлкі, тіпті киім-кешек пен балалар ойыншығына дейін тәркілеген.

Борас ауданының Сосновка селосына келген астық жинаушы өкіл Макаренко 8 орташаны тұқымдық астық тапсырмағаны үшін деп түрмеге айдап жіберген. Сол сияқты, Белағаш ауданының Мищенко селосына барған Богомоллов деген уәкіл тұқымдық астық тапсырмағандарға қатысты жаппай мал - мүлкін тәркілеуді жүргізген. Сонымен қатар, колхозды мүлікпен қамтамасыз етеміз деген желеумен таңдап алынған 38 шаруашылықтың барлық мүлкі колхозға алынып берілген. Мүлікті алу барысында әр түрлі келеңсіз оқиғалар орын алған, мәселен, Богословка селосына ауысып келген Богомоллов бұл жерде де тұқымдық астық тапсырмағандарды қорқытқан жағдай жиі орын алып отырды. Өскемен ауданының Бобровка селосында астық жинаушы өкілдер тұқымдық астық тапсырмағандарды суық қамбаларға отырғызып, жазалаймыз деп қорқытқан. Соның бір айқын көрінісін төмендегідей мысалдардан көруімізге болады. Мәселен, Убин ауданының Секисов және Быстроуха селосындағы астық жинаушылардың қылмысты істеріне қатысты 1929 жылдың 23-ші қарашасында округке келіп түскен мәліметтерде астық жинаушылардың үлкен қателіктерге жол беріп жатқандығы айтылған, Екі көршілес селоға жіберілген тексеруші уәкіл, астық жинаушылардың қателік емес, қылмыс жасап жатқандығын анықтаған.

Астық жинаушылар өз қателіктері барысында шаруаларға қатысты айрықша заңсыздық көрсетіп, яғни астық тапсыру мәселесіне қатысты шаруаларды түнделетіп, жүйелі түрде шақыра берген; жауап берушілердің қорқытып әрекет жасап, мылтықпен атып тастаймыз деп қорқытқан; еш негізсіз барлығын жаппай соттай берген; қалай болғанда да шаруадан астықты алу үшін, оны түнде бірнеше сағатқа далада қалдырған; аулаларда тінтулер жүргізіп, мүліктерді тізіп тіркеген; көп жағдайда ату керек, - деген сияқты қорқытулармен астасып жатқан. Мұндай жәбірлеу әдістері көбіне орташалар мен кедейлерге қолданылды. Тұтыну қоғамының төрағасы Агапитов, үйіне тоқтаған сот төрешісіне, 900 пұд астық жинағанын мәлімдеген.

Аталған науқанды жүзеге асыру үшін астық жинаушылар шаруаларды түнделетіп шақыртып алулары және олардан астық талап етулері, тіпті жанұясымен қоса шақыртуларымен қатар, оларды мылтықпен үркітіп, "төбеге апарып акт жазамыз", - деп қорқытулары сияқты жәбір көрсетулері жиі кездесіп отырды. Әрине, мұндай жағдайлардың орын алуына өзіндік себептердің болғандығы айқын. Мәселен, Дверкова шаруаларға қатысты жәбір көрсетумен қатар, өзге астық жинаушы жұмысшыларға өзінің бұйрықтарын қалтқысыз орындауды талап еткен, қарсылық көрсеткен жағдайда "сотталушының орындауда боласын", - деп өктемдік көрсеткен, тек қорқытып қана қоймай, оны іс жүзіне де асырған. Мәселен, Волков сияқты комиссия мүшесін негізсіз тоғыз

күн қамауда ұстауы соның дәлелі. Дверкованың талап етуі бойынша, комиссия мүшелерінің қажеттілігі үшін деп тәулік бойы кезекшілікте шаруалардың 20-40 жылқысы дайын тұрған. Нәтижесінде орташа есеппен 30-60 адам күнделікті қамауда отырған. Олардың көбі орташалар мен кедейлер болды. Дверкова өз қызметін пайдалана отырып ешкіммен санаспай 30 пұд астықты өзіне алған. Әрине, мұндай жағдай комиссия мүшелері мен шаруалардың наразылығын тудырған, Быструха селосында да жоғарда келтірілген жәбірлеу әдістері кеңінен қолданылған. Аталмыш селоның Голубев деген уәкілі астық жинауда жазалау әдістерін қолданбаған комиссия мүшелерін сотпен қорқытқан.

Астық тапсырмағандарға жаза қолданылған және комиссия шаруаларды бірнеше күн үйлеріне жіберілмеген. Ондық қызметін атқарған Г.С. Кузнецов деген шаруа уәкілдер тарапынан жасалған жәбірлеуге шыдай алмай, желтоқсанның 8-нен 9-на қараған түні өзіне қол жұмсаған. Голубев село комиссияларының орнына үштіктер тобын ұйымдастырған және оған барлық астық тапсырмағандарды түнде жөнелтуді бұйырған. Сонымен қатар, Голубев түнделетіп комиссияға келе қалғанда, шаруа бөлме ішінде отырса, оларды шұғыл түрде далаға шығаруды бұйырған, комиссия мүшелерін сотпен қорқытқан. Дәл осы Голубевтің бұйрығымен астық тапсырмағандарға ықпал ету мақсатында, оларды түнделетіп бір комиссиядан екінші комиссияға жөнелтіп отырған. Жалпы, Секисов және Быструха селоларындағы түнгі жұмыстарды жүргізуге қатысты негізгі нұсқауларды аудандық атқару комитетінің төрағасы Мельников берген.

Мельников тексеру жұмысымен Секисов селосына келгенде-ақ ауылдық кеңестегі 3 адамды астық жинауда ешқандай әрекет етпегені үшін деп соттатып жіберген. Ал, келесі күні астық жинауға байланысты жиналыс өткізгенде ол Ф. Рольский деген кедейдің: «Кедейден тек көмек талап ете бермей, оған қайта көмектесу керек», - дегені үшін оны сол жерде соттатып жіберген. Әрине, мұндай шаралар жиналған өзге шаруалардың көңіл күйлеріне кері ықпал еткендігі айқын. Себебі олар жақтан: «жиналыстың кезінде кедейге сөз бермейді», - деген сияқты сыбыстар естілген еді. Ұжымдастыру науқаны барысында қазақтарға өктемдік көрсету ашық түрде өрши түскен. Мәселен, Күршім ауданының Роза селосының Мельниченко, Березовский сияқты азаматтары өз беттерімен қазақтарға қатысты төрелік жасап, оларды сұрақ астына алған және: «бұларды милицияға аттандыра бергеннен гөрі осы жерде жазалау керек», - деп соққыға жыққан.

Семейдің орман шаруашылығындағы жұмысшы қазақтарға уақытында орындау мүмкін емес мөлшердеп тапсырмаларды жүктеген, олар мұндай тапсырмалар орындалмаған жағдайда жазалаған жағдайлар жиі болып тұрған. Елге қайта кейін келушілерді жұмыспен қамтамасыз етуде жүргізілмеген. Қазақша жазылған өтініштер мен жинақтар жекелеген жұмысшылар тарапынан қабылданбаған. Көбіне олар: «Бізде қазақ жұмысшылары жоқ болғандықтан қабылдай алмаймыз» - деп қысқа қайырған.

Дәл осы уақытта халықпен санаспайтын белсенділердің қалыптасқаны белгілі. Көп жағдайда олар өздерін биліктің өзімен алмастыруға бойұсынып,

әкімшілік басқару көп жерде орын алған. Мәселен олар бай - кулактың орнына орташаның бар-жоқ дүниесін тізімге ала отырып, оған айыппұл салып, үй-жайын күнде тінтіп, мал-мүлкін тәркілеп, яғни шаруашылығы мен өміріне қысымшылық көрсету арқылы тыныш жатқан ауылдың шырқын бұзған. Соның нәтижесінде шаруаларға көрсеткен зорлық пен зомбылықтың, озбырлықтың аясы кеңейіп кеткен [95]. Дегенмен де, шаруаларға төнген қатерді, шолақ белсенділердің қателігі немесе қылмысы деп үзілді-кесілді айта алмаймыз. Олар жалаң әкімшілік басқаруға бой алдыра отырып, асыра сілтеушілікке барды десек немесе бай-кулак пен шаруаның әлеуметтік жағдайын айыра алған жоқ десек, сол сияқты жоспарды орындау үшін және жоғарғы көрсеткішке жету үшін қызмет етті. Себебі олардың өздеріне жүктелген міндеттерімен қатар оларға қатысты қатаң жазалау шаралары да белгіленген еді. Мәселен, 1929 жылдың 16-шы маусымында еткен белсенділердің біріккен жиналысында төмендегідей қаулы қабылданады:

Астық тапсырмағанға қатысты аяусыз шабуыл жасау үшін барлық белсенділермен қатар, жекелеген белсенділердің күш жігері мен қолдағы бар құралдарды қолдану қажет. Белсенділер комиссияға көмектесе отырып, ауқатты шаруалардан оқшаулануын қалыптастыру үшін, ең алдымен өздері ешқандай туысқандық қатынастарға қарамастан аталмыш санаттағы адамдармен қандай да болмасын байланысын үзуі тиіс. Ал көпшілік халыққа оларды алыпсатарлардың одақтастары және Кеңес билігінің жаулары деп көрсету арқылы өзара қарым-қатынастарын тоқтатуға ықпал етуі тиіс. Әрбір белсенділерге 4-5 күннің ішінде астық қорларын тапсыру ұсынылады. Егер астық тапсырмаса оларды белсенділер қатарынан түсіріп, жұмыстан шығару қажет, ал бұл жағдай да оған әсер етпесе қара тақтаға жазып, оларды оқшаулау керек, егер қажет болса басқа шаралар арқылы да ықпал ету керек.

Науқан кезінде өткізілген жиналыстарда қабылданған қаулыны әрбір белсенді қаперіне ұстауы қажет. Олардың ұйымдаспаған тәртіп көрсетулері немесе кедей батырақтардың жиналысында қарсы сөйлеуі жалпы белсенділердің қаулысына қарсы бағытталған болып қарастырылады. Әрбір белсенді оларға қатысты тәртіпті біліп, оны бұзбаулары керек. Ал егер тәртіп бұзылып жатса, басқа адамдарға шара қолданғандай белсенділерді де 58-бап бойынша сотқа тартуда аянып қалмау керек. Жалпы кулак сияқты тап жауымен күресте белсенділер әрқашан да ұйымдасқан және бір тәртіпке бағынған болуы шарт. Сол арқылы ғана біздің тап күресіндегі жеңісіміз айқындалмақ"- делінгендей, белсенділер тікелей жоғарыдан келген тапсырманы орындамаған жағдайда, өздері де сол жаппай ұжымдастырудың, сол бір әкімшілік-әміршіл жүйенің құрбаны болар еді. Сондықтан да олар сондай қадамға еріксіз барды. Белсенділер өздері жаппай ұжымдастыру және астық және ет өткізу науқандарында орынсыз оқшылықтарды жіберіп жатқандықтарын мойындаған. Оны 1930 жылдың 10-13-ші мамырында өткен Шемонайха аудандық партия жиналысынан да байқауға болады. Мәселен, Романов деген белсенді: "Қалған мал ештеңеге жарамсыз. Тұқым жоқ. Колхоздарда құлдырау байқалады. Саяси көңіл-күйде нашарлауда... Біз бүгінгі күнге дейін бұл туралы партия ішінде де

айтқан жоқпыз. Біз әлі күнге дейін жоспарды асыра орындаймыз деп жанталасамыз. Сонымен қатар, барлығын орындаймыз деп берудің қажеті жоқ. Барлығымыз бізге айтқанды ғана істейтін тыңдаушы болдық. Ауданда астық жоқ екендігін барлығымыз білдік, алайда бізге табуларың керек деп айтқаннан кейін біз іздедік. Нәтижесінде ештеңе бітірген жоқсындар деп үстеме тапсырма берді", - дейді. Ал, Васильев болса: "Біз әрқашан жазық беткей бойынша домалай бердік, нәтижесінде не болды. Біз дайындау жоспарын жасағанда 52 мың пұд дайындаймыз деп ойладық, ал округ біздің оңшылдарға бұрып бара жатқанымызды айтты. Аудандық комитеттің пленумындағы жоспарды орындаңдар деген тапсырмалар үсті-үстінен беріліп жатты.

Ұжымдастыру астық дайындау науқанына қысым жасау нәтижесінде өтті. Колхоздардың астық тапсыру жоспарын құрғанда тек 5-колхоз ғана тапсыра алатындығы анықталған, алайда округтің талабы бойынша тұқымдық астықты да алған. Олқылықтардың барлығы астықтың Семейден емес, Семейге жөнелтіліп жатқандығынан болып жатыр. Ауданнан жұмыс күші мен жем-шөп талап етілген. Соған орай, ортақ шөп қоры тапсырылған, нәтижесінде ауданның барлық малы қырылып қалған. Жоспарды орындаудың сипаты да төмен, мәселен, наурыз айында адамға қажет емес тауарлар жіберіліп, оны сатып алуға мәжбүрлеген, өйтпегенде қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартыласындар деп қорқытқан.

Сол сияқты астықты тиеу жұмыстары жаңбырлы күні жүргізілген, оның да алдын алуға болар еді, бірақ округ жұмысшылары өздерінің айтқандарынан қайтпаған, - десе, Мартынов: "Ауданға міндеттелген 8000 пұд астық тапсыру жоспарын орындаудағы салмақ жұмысшылар мен ауылдық кеңестерге түсті. Алайда, аш адамдармен ешқандай жұмыс жүргізу мүмкін емес. Округ нұсқамаларында жоспарды нақты түрде ауқаттыларға жеткізу ұсынылады. Бұл науқандар дәл осы орташаларға арналған еді. Сол сияқты колхоздар да өз астық қорларын түгелдей дерлік тапсырып тастағаннан кейін, олар да таратылған. Аудандық комитеттерден келгендерге, мен ауыл адамдары арам өлген жылқы етін жеп жатыр дегенімде, олар маған ендігі жерде тұқым қорын жинау керектігін тапсырды. Сонымен қатар округтің тапсырмасы бойынша біз 22000 жұмыртқа дайындауымыз керек болды. Бұған тұтыну қоғамы қарсы шыққанда, оған істің сот арқылы қаралатындығы айтылған," - деп қысымшылық көрсетудің әртүрлі сипатын баяндаған. Сол сияқты жоғарыда атап өткен Шестаков деген белсенді: "Астық дайындау науқаны уақытында Сычев маған келіп, 10 сағаттың ішінде 192 бойынша сотқа тартуда аянып қалмау керек. Жалпы тап жауымен күресте белсенділер әрқашан да ұйымдасқан және бір тәртіпке бағынған болуы шарт. Сол арқылы ғана біздің тап күресіндегі жеңісіміз айқындалмақ",-делінгендей, тікелей жоғарыдан келген тапсырманы орындамаған жағдайда, өздері де сол жаппай ұжымдастырудың, сол бір әкімшілік-әміршіл жүйенің құрбаны болар еді, Сондықтан да олар сондай қадамға еріксіз барды. Белсенділер өздерінің адамгершілік қағидаларына қарсы жасалып жатқан істерге басшылық етіп жүргендерін білген. Содан да болар,

белсенділер өздері жаппай ұжымдастыру барысында орынсыз олқылықтарды жіберіп жатқандықтарын мойындаған.

Астық өткізу үшін мал ашаруашылығымен айналысатын Семей облысының Шұбартау, Мақаншы, Ақсуат, Абай, Зайсан және басқа аудандардағы малдарын сойып етке беріп, астық сатып алып өткізіп отырған. Міне осындай шаруаларға қатысты жасалған олқылықтарды ауданға жіберілген комиссарлардың басшылығымен жүргізілді. Әрбір ауылдан кулак ауласын табуды негізгі жоспар ретінде белгіледі, тіпті орташаларды да қосу қажеттілігі көрсетілді, оларды кулак ретінде санамаған үшін сөгіс жарияланды. Осындай науқан кезінде шындығында олар астық дайындауға белсенді қатысу нәтижесінде азғана малы бар немесе малы жоқ орташалар мен кедейлерге үлкен қысым жасалған.

Заманның заңдылығынан аса алмағандықтарын Иванов: "Краснояр ауылдық кеңесінде артық астық бар деген жоспарды біз өзіміз жасадық және оны асыра орындауға тырыстық. Жалпы, жоғарыдан келетін жоспар мөлшерінің көрсеткіші артығымен жазылатын, ол ауылға жеткеннен кейін тағы да екі есе ұлғайтылатын. Біз пайыздық көрсеткішке жетуге тырыстық, тіпті бір-бірімізден асып кетуге асықтық. Ал, оның нәтижесі қайғылы жағдайға душар етті," - деп мойындайды. Мокиенко болса: "Округтік комитеттің баяндамашысы белгіленген жоспардың жергілікті жерлерге байланысты өзгертіліп, ұлғайтылуы әбден әдетке айналғандығын атап өткен.

Шаруаларға қатысты олқылықтар 1928-1929 жылдары да болған еді. Жоспарды орындауда аудан кедейлері мен орташалары бізбен бірге жүрді. Себебі біз жоспарға ешқандай үстеме қосылмайды деген едік, кейін жоспарға 85 мың, одан соң 4 мың астық тапсыру жоспары берілгеннен кейін бізге ешкім сенбейтін болды. Аудан жағдайының мәз емес екендігін айтқанымызда біздің өзімізді кінәлі етіп көрсетті," - дейді. Өкіметтің декреті бойынша біз 19000 цент. астық жинап беруіміз керек болды және оны толық орындадық. Бұл науқанда негізгі салмақ кулактар мен ауқаттыларға түсті. Бұл кулактар 1928-1929 жылдары да тәркіленген еді, ендігі жерде тұқым қорын жинау үшін олар бес есеге артық тәркіленді. Мұның жағдайларды да Красавин білді, бірақ округке кетіп қалды және сол жақтан телеграф арқылы колхоздардан 62000 енді. Жинаңдар деп хабарлады. Қарап отырсақ, тұқым сепкенімізден гөрі, тұқым тапсырғанымыздың мөлшері айтарлықтай артық болатынға ұқсайды.

Округтерде тапсырмалардың ұлғайтылатындығы соншалық ауданның әрбір шаруашылығынан 108 сомнан алу қарастырылған, дәл сол уақытта шаруашылықтың барлық құны 80 сом тұратын. Сол сияқты ет тапсыруға байланысты жоспарда 305 шошқа деп берілген, ал округтың тапсырмасы бойынша біз одан да көп тапсыруымыз керек. Жұмыртқа тапсыруда да дәл осындай жағдай орын алған. Сонымен қатар, сүт, май тапсырмағандарды әкімшілік жауапкершілікке тарту сияқты нұсқамалар да болған. Дәл сол уақытта сүт тапсыруға қатысты жоспарды орындау үшін көтерем болып жатқан сиырларды саууға тура келген. Мұны округ жақсы біледі, бірақ бізге сенбейді, - деп, халық жағдайының күннен-күнге нашарлап бара жатқандығын айтса,

Волокитин деген белсенді: "Округтік комитет жұмыстарының жетістіктерін ешкім тартып алмайды. Бірақ астық дайындау науқанын жетістікке жатқызуға болмайды. Олар шаруашылықтың нақты көрінісін білгеніміз жоқ дейді, бірақ бұл жалған сөз, себебі біз ауданның нақты есептелінген жоспарын бергенімізде, оны округ ұлғайтып жіберетін. Олар көбіне мұндай жағдайды сіздердің округтік комитет жұмысшыларымен сөйлесуге батылдықтыңыздың жетіспеушілігінен болды деп түсіндіреді. Астық жинау барысында көбіне орташаға қысым көрсетілді. Астық жинаушылардың езіне "кулакты жоғалтып алдық" деген айып тағылып, абақтыға айдалып кете барды," – дейді [96].

Мұндай жиналыстар, әрине, барлық аудандарда өткізілген, ондағы белсенділер орын алып жатқан олқылықтарға байланысты наразылықтарын білдіріп, арыздарын ашына айтқан. Бірақ оған құлақ асқан ешкім болған жоқ. Қайта олар жаппай ұжымдастырудың салдарын төменгі партия қызметкерлерінің, үштіктердің, белсенділердің саяси дайындығының жоқтығынан, асыра сілтеушілігінен, жүгенсіздігінен, жүйесіздігінен, озбырлығынан деп көрсетті. Аталмыш себептерден болды деген олқылықтарды жөндеу үшін бірқатар қаулылар қабылданады.

Социалистік индустриализация төңкерісін жасамақ болған большевиктер жоспарын іске асыру үшін ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау төтенше маңызға ие болды. Бірақ олар 1927-1928 жылдар аралығында елде орын алған астық дағдарысын күтпеген еді. Елдің негізгі астық өндіретін аудандарында құрғақшылықтың салдарынан нашар өнім алынды.

Ұжымдастыруды қолға ала бастаған Қазақстанда, Сібірде, орта және төменгі Еділде, Татарстанда, Башқұртстанда, Солтүстік Кавказда, Украинаның бірқатар аудандарында шаруалардың ашаршылыққа ұрынғандары туралы хабарламаларға толы болды. «Мысалы, Семей, Ақтөбе, Павлодар округтерінде 109,8 мың аштық» деректері тіркелді. «БМСБ төрағасының орынбасары Г.Г. Ягода атына келген жеделхаттар мен жазбаларда Сібірде, Қазақстанда, Еділ бойында, Солтүстік Кавказда, Украинада шаруалардың ашаршылығы туралы хабарланды» [97]. Шаруалар тіпті олардан барлық астықты алып, қаладағыдай рационға отырғызуды сұрап, «кулактарды қайтарыңыз, олар бізді тамақтандырады» деп талап еткен. Бұл дағдарыстың себебін Орталық Комитет партия-кеңес органдарының қателіктері және де шаруалардың әр қайсысы өздігінен ұйымдастырылған шаруашылықпен айналысуы, өңірлік экономикалық жағдайды бақылау мен қадағалаудың нашар жүргізілуі, астық дағдарысына алып келгенін атап өтті. 1924-1928 жылдарда Қазақстандағы астық дағдарысы бойынша берілген статистикалық мәліметті (Қосымша А)тен көреміз [18, б. 42-43].

Аталған кестедегі деректерден біз 1924-1927 жылға дейін астық дайындау жоспардағыдан артық дайындалып келсе, 1927-1928 жылдары күрт төмендеп кеткенін байқаймыз. Бір жыл көлемінде қандай себептермен астық дайындау елімізді екі есе түскенінің себептерін БК(б)П Орталық Комитеті былай түсіндіреді: «1) деревнядағы халықтың тұрмысының жақсаруына байланысты шаруалардың ақы төлеу қабілетінің жедел өсуіне оларға өндіріс тауарларын

ұсынудың кейін қалып қоюы нәтижесінде базардағы тепе-теңдіктің бұзылуы; 2) ауыл шаруашылығының басқа өнімдеріне қарағанда астықтың бағасының төмен болуы шаруалардың өз астығын сатуға деген ынта-ықыласын төмендетті; 3) жоспарлаудағы, «ең бастысы тауарды уақтылы тасып жеткізу және салық салу (деревняның меншік иелеріне салықтың төмендегі) бағытындағы» қателіктер; 4) дайындау және партия-кеңес органдарының қателіктері (біртұтас майданның жоқтығы, белсенділік танытпау, бетімен жіберушілік бағыты). Қазақстан жағдайында осы себептермен қатар жергілікті өкімет тарапынан тағы бір қосымша басты себеп атап көрсетілді. Ол – «астық дайындау науқаны кезінде мал және тағы басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың күшейе түсуіне жол беру» еді. Кеңес билігінің әр түрлі эксперименталды реформаларды іске асыруы, шаруаларға оңай тимеді. Жеке меншік шаруа қожалықтарының Қазақстандағы астық дайындауды әлеуметтік тұрғыдан жіктеп, астық дайындаудағы үлесін көрсететін (Қосымша А)дан байқауға болады [18, б. 43].

Кестеден біз жеке шаруа қожалықтарында біртіндеп жылдан жылға астық дайындаудың күрт төмендегенін байқаймыз. Негізінен астық дайындауды мемлекеттік органдары мен кооперациялар жүргізіп келген. Тағы бір атап өтетін негізгі мәліметтердің бірі Қазақстандағы 1930 жылға дейін астық дайындаудың үлесі 100% өлшеммен алсақ 74 проценті ауыл шаруашылық артельдеріне тиесілі болды. Қалған 26% жеке шаруашылықтардың міндеті еді.

Астық дағдарысының жалпы көлемін И. Сталин өзінің 1928 жылы 13 ақпанда БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолдаған хатында: «Егер 1927 жылғы қаңтарда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгерген болсақ, ал 1928 жылғы қаңтарда дайындалған дәнді астық 300 миллион пұтқа әрең жетеді» деп түсіндірді. Осылайша И. Сталин осы кезеңдегі астық дайындаудағы жетіспеушіліктің 128 миллион пұт болғанын атап көрсетті. Кейінірек И. Сталин келтірген осы мәлімет БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен пленумында (1928 ж., сәуір) және Орталық комитеттің шілде (1928) пленумында тағыда әңгіме болып, астық дайындауда орын алған кемшіліктерге баса назар аударылды» [18, б. 41].

Семейде ет комбинаты, май өндіретін зауыттар іске қосылды. Бұл өндіріс орындарының ішінде ет комбинатының құрылысы ең ірі болып есептеледі. Ет комбинатын салу құрылысының жобалық шығыны-2750 мың сом, арақ-шарап зауытына-500 мың жұмсалды [98]. Сонымен қатар қалада ең ірі өндіріс орындарының ішінде Семей затон шеберханасын атап айтуға болады. Семей уезінде ағаш өңдеу, май өндіретін, тері өңдеу зауыттары мен 5 ұн тартатын зауыт істеп тұрды. Осылайша барлық өндіріс орындары бойынша Семей қаласы алдыңғы қатарлы орындарды иеленді.

1920 жылдардың соңынан етек алған ұжымдастыру үрдісі мемлекетке жоспарлы түрде ет дайындау науқандарымен тікелей байланыста болды. Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясының Орталық комитеті қабылдаған «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» қаулысы

Шығыс Қазақстан аймағының қазақ шаруаларының әлеуметтік жағдайына өз әсерін тигізбей қоймады.

Семей округі бұл кезеңде орталыққа ет өнімдері мен мал шикізаттарын өткізетін ірі база болып есептелінген. Шаруашылық түрі мен тауар өнімдері бойынша округтің барлық аудандарын 4 топқа бөлуге болады. Соның ішінде ауылшаруашылығының негізгі саласы болатын аудандарға: Зайсан, Шұбартау, Қызылтас, Аякөз, Қызылтаң, Күршім, Мақаншы, Марқакөл, Тарбағатай, Ұлан жатады. Бұл аудандар бойынша мал өнімдерін дайындау, шамамен 85-95 пайызды құраған [99].

Жоғарыда аталған қаулыда «Ет проблемасын шешпейінше партия мен кеңес өкіметінің маңызды экономикалық міндеті болып табылатын жұмысшы табын азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіндегі қиыншылықтар жойылмайды» деп көрсетілген болатын. Ет дайындау науқандарында Мәскеу, Ленинград, Иваново-Вознесенск, Нижний Новгород қалаларына ет өнімдері жоспарлы түрде жөнелтіліп отырылды. Осы науқанда Семей ет комбинатынан 132253,3 тонна, Аякөзден 3254,1 тонна, Павлодардан 2733,1 тонна ет жөнелтілген [100]. Әр комбинатқа белгіленген жоспар 78,2 пайызға орындалған. Нақты осы жылы жоспарды орындау шынында да таң қаларлық жағдай. Себебі, осы уақытта ашаршылық белең алып, ауылдың әлеуметтік жағдайы нашарлап отырған кезең еді. Осыған қарамастан, жоспарды орындауға өкіметтің қысымы мен талабы әсер етті. Қысым көрсету шараларын жүзеге асыруды жоғарғы басшылар жергілікті шолақ белсенділерден талап етіп, бұл науқандардың «саяси» мәнін айқындап отырды.

Қазақстанда мал етін дайындаудың аса қатал қорқыту және қысым жасау әдістерімен және әскери тәртіппен жүргізілгенін Қазақстандағы өлкелік конторасының меңгерушісі Прокудиннің аудандық партия комитеттеріне ай сайын «мясное» деген бұрыштамамен үздіксіз жолдап отырған көп, шұғыл теллеграммасының бірінің мазмұнымен толығырақ танысайық: «Біздің қатаң нұсқауларымызды сіздердің орындау мүмкіндіктеріңіз бар екендігіне қарамастан, жүкті /етті/ тиеу қылмыскерлікпен баяу жүргізілуде. Сіздердің тарапыңыздан оңбағандықпен қараудың арқасында Қазақстан үш айдан бері орталыққа ет тасып жеткізуді бүлдірді, сөйтіп пролетарлық жұмысшы ядросын етпен қамтамасыз етуді орындамады. Жиырма бесінде желтоқсан тапсырмасын, сондай-ақ тиелмеген жүкті бұлттарыссыз тиеп бітуді бұйырамын. Көрсетілмеген мерзімде орындалмаса, үздіксіз орындамау ретінде сотқа тартып, іс қозғаймын. Прокудин 17.12.30 ж. Алматы. Союзмясо» [101].

Мал шаруашылығының дамуы, ұзақ жылдарға тежелді. Ет дайындауда жылқы малының басын сақтау және дамыту туралы шешімдер болса да, жылқы малы сойылып етке өткізілді. Жылқы малына жыртқыштықпен немқұрайлы қарау олардың жаппай өліміне жол беріліп, өрескел қателіктер орын алды. Қазақстанда 1928-1931 жылдары ішінде ғана 1119,0 мың бас жылқы өліп, 1157,0 мың бас жылқы сойысқа түсті. Осылайша Қазақстанда жылқы малының басы күрт азайды [102]. Жылқы малының негізгі өсіретін аймақтың бірі Семей облысындағы мал басының қысқаруына әкелді. Жылқының немесе басқада төрт

түліктің басын сақтауға байланысты Кеңес үкіметінің көптеген нұсқаулары Қазақстанда шын мәнінде орындалмай аяқ асты болды. Мал және ет дайындаудың ауқымды жоспарлары мал басын сақтау туралы нұсқауларға қайшы келіп, жергілікті жердегілер алғашқысын қалайша орындаулары тиіс болды.

Ет дайындау саласында тиімді жолдарды саралауды негізге ала отырып, өкімет енді етті жедел дайындау мен шарт жасасу арқылы бұл мәселені шешуге тырысты. Шарт жасасудың заңдық негізі КСРО ХКК 1929 жылғы 7 қазанындағы «Ауыл шаруашылығы өнімдерін контрактациялау» туралы қаулысында қаланды. Шарт бойынша ет өнімін өткізуде колхоз, бірлестік немесе шаруаны мемлекет алдында тәуелді және толық түрде міндетті етті. Себебі, шарт бойынша олар мерзімі келгенде малды өткізуі тиіс, ал егер ол жоғалып, өліп немесе айырбасталып кетсе, онда шарттасушы қылмыскер ретінде жауапқа тартылды. Сондықтан, шартқа түскен мал мемлекет меншігі ретінде уақытында өткізілуі тиіс.

Ет өнімдерін мемлекетке өткізу шаралары және қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығы құрылымының бұзылуына байланысты 1929-1931 жылдары аралығында Шығыс Қазақстан өлкесінде мал саны азайып кетті. Деректерді саралай отырып, мал санының кемуі Семей округінің барлық аудандарында болғандығын байқаймыз. Соның ішінде ерекше азаю Зайсан, Ұлан, Ұржар, Абыралы, Қарқаралы, Аякөз, Тарбағатай, Бесқарағай, Көкпекті сияқты қазақ ауылдарында болды.

1929 жылы Шығыс Қазақстан өлкесінде 1062895 ірі қара болса, 1931 жылы 598783 ірі қара қалған. Жылқы малы бойынша 1929 жылы-694333 болса, 1931 жылы-50791 бас қалған. Ұсақ малдың азаю мөлшері тым ерекше болды. Өлкеде 1929 жылы 3384013 ұсақ мал болса, 1931 жылы- 804158 мал басы қалған. Мал басының кему көрсеткіштеріннен екі жылдың ішінде 60 пайызға дейін төмендегін айқын аңғаруға болады [103].

Жоғарыдағы мәліметтерден 1929 жылдың маусымынан 1930 жылдың наурызындағы Өскемен ауданындағы мал басының төмендеуінің апаттық жағдайы әкелді. Ұл мәліметтерден өкіметке ет даярлау науқанының өлкенің экономикалық жағдайына кері әсер еткенін байқаймыз.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау шаруаларға төнген қатер болып көрінді. Бұл науқанның кезінде қысым көрсетудің алғашқы нышандары қылаң берді. Оның ауқымын мына фактіден аңғаруға болады. Астық жинау науқанының екі жылы ішінде (1928-29 және 1929-30 жж.) тек үш ауданда ғана (Ақмола, Петропавл, Семей) РСФСР Қылмыстық Кодексінің 62-ші және 107-інші баптары бойынша 34120 адам айыпқа кесіліп, 22307 шаруашылық әкімшілік жазаға ұшырады. Сонымен қатар 23 миллион сом мөлшерінде айып кесіліп, дүние-мүліктер, 53,4 мың бас мал, 631 мың пұт астық, 258 алуан түрлі ғимараттар мен үй құрылыстары тартып алынды немесе кәмпескеленді. Тіпті, ресми деректердің өзінде сотқа тартылғандардың арасында нағыз бай-кулақтардың шаруашылықтары 50 проценттен сәл ғана асады.

Қазақ АКСР-інің үлес салмағы Одақ бойынша етке даярланатын бар малдың 7-16 процентін құрайтын. Ал 1 республика ішінде бұл жоспардың негізгі салмағы өздері ашаршылыққа ұшырап жатқан көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға түсті. Шет ауданында үй басы 150-250-ге дейін мал беретіндей салық салынды. Шұбартау ауданы 1931-1932 жылдары етке бар малының 80 процентін берді. Балқаш ауданында 1930 жылы 173-186 басмал қалған-ды. Ал етке тапсырар малдың жоспар бойынша 279 мың басқа жетті. Бұл жоспар қолда бар малдан 71 процент артық деген сөз. Қу ауданы (Қарағанды облысы) 1930-1932 жылы қолда бар малдың 28 процентін етке өткізді [104].

Осымен қатар егін екпейтін қазақ шаруаларына астық салығы тағы салынды. «Қайдан тапсаң одан тап, қаптың түбін қақ!» – деген айғайшыл ұран сол күндерден қалған белгінің бірі. Қолда бар малын астық айыр-басына салған кедей және орта шаруалар малсыз қалды. Тапа-тал түсте малы таланған кедей, орта шаруа бай мен кулактардың және солардың итаршылары мен жандайшаптарының сөзіне алданып, қолда бар малды қырып, талан-таражға салды. Алайда, Ф. Голощекиннің өзінің мойындауынша қырылған малдың 10-15 проценті ғана бай мен кулактардың жасаған зиянкестігінен болды. 1926 жылғы санақ бойынша 1950 ауқатты қазақ шаруалары қожалығы бар қазақ шаруаларының 2,6%, 12100 ауқатты орыс шаруаларының шаруашылығы (крестьяндардың 7,1%) кісі еңбегін қанайтын. Орта есеппен бұлар республикадағы 1, 150 мың шаруа қожалығының 3,8 проценті болатын. Ал Қазақ өлкелік партия комитеті коллективтендіру кезінде бай мен жартылай феодалдар 5-7 процент деген бақылау цифрді басшылыққа алды. Басқаша айтқанда, бұл қосымша тағы да 10 мыңнан астам орта шаруа шаруашылығы бай мен жартылай феодалдың қатарына қосылды деген сөз еді [104]. Орташа шаруаларға әкімшілер тарапынан ұжымдастырудың алғашқы сәтінен бастап жауапқа тартылды.

Ұжымдастыру науқанын жүргізу барысында жергілікті жерлерде колхозға мүше болудан бас тартқандарға қысымшылық көрсету. сонымен қатар, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың өзінде шаруалардың еріктілік қағидасын сақтамай, оларды колхоздарға күштеп енгізу сияқты шаралардың жаппай орын алып жатқандығы жөніндегі мәліметтердің өлкелік комитетке көптеп түсуінің нәтижесінде, 1930 жылдың 22-ші наурызында өлкелік комитет округтік комитеттерге жіберген жеделхатында:

"Колхоз қозғалысында жіберілген олқылықтадың жөнделуіне және тап ретінде тәркіленген шаруалар мүлкінің қайтарылуына қатысты қабылданған қаулылардың орындалу барысын тексеру жұмыстары осы нұсқауды алғаннан кейін шұғыл түрде қолға алынсын... Колхоз қозғалысында оған ерікті түрде мүше болу қағидалары сақталмаған және дұрыс ортақтастырылмаған мүліктің қайтарылуын қамтамасыз етпегендерге шешуші шаралар қолданылсын. Тәркіленген мүлікті тонағандар мен жәбір көрсеткендер шұғыл және қатаң түрде сот жауапкершілігіне тартылсын... Ал кулаққа қарсы күрес тоқтатылмасын ...», - деп тапсырады. Дегенмен де, мұрағат деректері

көрсеткендей бұл қаулылардың негізгі мақсаты ұжымдастыру үрдісін қалпына келтіру еді.

1930 жылдың 31-ші наурызында округтің бірқатар аудандарынан келіп түскен мәліметтер, бай-кулактарды тап ретінде жою барысында орын алған қателіктерді жөндеу жұмыстары негізінде орташалардың тәркіленген мал-мүлкі қайтарыла бастағанын көрсетеді. Мәселен, Убин ауданында 6 орташаның мүлкін қайтаруға қатысты сот ісі тоқтатылса, 24 шаруашылықтың мүлкіне қатысты тергеу мен 23 шаруашылықтың мүлкіне қатысты айыппұл алынып тасталған. Белағаш ауданының 124 орташа шаруашылығының мүлкі қайтарылып, 5 адам қайта сайлау құқына ие болған.

Шемонаиха ауданының Убинка ауылынан келген мәліметте көрсетілгендей, кулактарды тап ретінде жою барысында жіберілген олқылықтарды жөндеу жұмыстары бірқалыпты жүргізілмеген. Мәселен, орташалардың тәркіленген мал-мүлкі көп жағдайда түгелдей дерлік қайтарылмаған. Олар өздерінің киім-кешектерін колхозшылардың бірінің немесе екіншісінің үстінен шешіп алған кездері аз болмаған. Убинкадағы кулактарды тап ретінде жою жұмыстары жаппай ұжымдастыру науқанымен еш қабыспады десе де болады. Себебі колхоз меншігі ретінде ортақтастырылған дүние мүлік көп жағдайда бөліске салынған, кейде тіпті толықтай тоналған.

Осыған орай, округтік атқару комитетіне Шемонаиха ауданының ауылдарынан келген шаруалар өздерінің аудандық комитеттерінің ұжымдастыру науқаны барысында кедейлер мен орташаларға қатысты жіберілген олқылықтар мен қателіктердің алдын-алу жұмыстарын жүргізбейтіндігін және олардың өтініштері ескерілмейтіндігін, арыздары көп жағдайда қанағаттандырмағанын айтып шағымданған.

Өтініштердің көбінде шаруалардың кедей және орташалардың санатына жататындығы туралы ауыл кеңестері берген қосымша анықтама қағаздары болған. Алайда аудандық атқару комитеті ешқандай негізге сүйенбей, өтініш беруші шаруашылықтың нақты әлеуметтік жағдайына қарамай, оның шынайы ауқатты шаруашылыққа жататындығын немесе жатпайтындығын анықтамай бірден қағаз шетіне «кулак болғандықтан қабылданбасын», - деп қысқа қайырған.

Ал мұның барлығы округтік атқару комитетінде жатқан шаруалардың өтініштерін әділ шешіп, арыздарын қанағаттандыруға кедергі келтірілді. Сонымен қатар, тәркілеуге ұшыраған кедейлер мен орташалардың ісін қарайтын комиссиялар мен аудандық атқару комитеті оларға қандай негізде мал-мүліктерін тәркілегендігі және нәтижесінде қандай шешім қабылдағандығы жөнінде анықтама қағаз бермеген. Қарап отырсаңыз, мұндай жағдай олардың ісін қайта көтеріп, мәселенің ақ қарасына жетуде белгілі бір қиындықтар туғызып, жағдайды шиеленістіріп жібергендігі айдан анық.

Округтік атқару комитеті Шемонаиха ауданы комитетінің хатшысы Токаревке 1930 жылдың 30-шы сәуірінде жіберген хатында комитет басшылары шаруалардың әділетсіз тәркіленуін жөндеуге қатысты салғырттық танытып отырғандығын сынға алып, ендігі жерде кедейлер мен орташалардың

мүдделерін қорғау үшін 1930 жылдың 14-ші сәуірінде жіберілген жеделхатты негізге алуды тапсырады. Алайда мұның өзі жағдайды жақсартуға ықпал ете алмады.

Жалпы, округтік комитеттің өлкелік комитетке жіберген құпия жеделхатында көрсеткендей, қателіктерді жөндеу нәтижесінде колхоздан 8211 шаруашылықтан шығып, колхозға қайта 1486 шаруашылыққа кірген, округ бойынша ұжымдастыру - 40,2%-ға жеткен. 1930 жылдың мамырында округтік комитет колхоз құрылысында жіберілген қателіктерді жөндеудің қорытындысын шығарады.

Олқылықтарды жөндеу нәтижесінде 863 шаруашылыққа тәркіленген мүлкі қайтарылып берілген, шаруашылықтар мүлкінің тәркіленеді деген тізімдегі 229 іс тоқтатылған. Сол сияқты 23 адам тұтқыннан босатылған және 45 сот ісі тоқтатылған, 338 шектеу қою ісі өз күшін жойған, 170 адам сайлау құқығына ие болған, 338 адам ауқаттылардың қатарынан қайтадан орташалардың қатарына тіркелген. Партиялық сот жауапкершілігіне 95 жұмысшы мен ауыл кеңестерінің өкілдері және партия ұяшықтарының хатшылары тартылса, 38 адам жұмыстан босатылған, оның екеуі аудан комитетінің хатшылары еді. 1 Аудан комитеті хатшыларының көпшілігі басқа аудандарға ауыстырылған [95, с. 14].

Аталған шаралар халықтың әл-ауқатын жақсартпа алған жоқ. Мәселен, 1930-жылдың қыркүйегінің өзінде азық-түлікпен қамтамасыз ету саласында айтарлықтай өзгерістер бола қоймаған. Азық-түліктерді бөлімшелер мен бекеттерге қатысты бөлу жұмыстарында жүйесіздік байқалған. Жұмысшыларға әкелінген нанның сапасыз болғандығы соншалық, олардың ішінен тамаққа жарамсыз әртүрлі заттар шығатын болған. Сол нанның өзі жұмысшыларға уақытылы жеткізілмейтін. Мұндай жағдайға наразы болған жұмысшылардың арыздарын төмендегі мысалдардан да көруге болады, тауар кеңсесінің кассирі М. Калининнің айтуынша: "Қағазда бәрі жақсы деп көрсетіледі, ал іс-жүзінде олай емес себебі базарлардың барлығын жауып тастады, ал кооперацияларда не киім, не аяқ-киім жоқ, қара нанның өзін алу үшін 200-300 адам кезекке тұрады да бірін-бірі басып кете жаздайды. Ал бұл жағдайды жақсартқан деген сөз бе? Бұрын мен өзіме қажеттіне дәл осындай кезекте тұрмай-ақ ала алатынмын, қазір тамақ бергілері келмейді, тек жұмыс істе деп талап қояды. ...мұндайда кім оларға жұмыс істейді екен?" Оның қасындағылар да әріптестерінің сөзін қосап:

"Өндірісті көтергенше, мал сияқты өмір сүру жарамас... Шынында да бұл дегенің еркін елде өмір сүріп жатқан халықты мәжбүрлеу... ХКК-нен өзгелер еркін өмір сүріп жатқан жоқ. Біз не үшін жұмыс істейміз? Тек жалақы үшін оның өзі екі пұт үн. Ал бір кг ұнды бірлестіктен алу үшін күні бойы тұру керек. Бұл дегеніңіз халық тағдырын тәлкекке салу," - деп ашынғандар ашу ызаға булығып, билікті айыптаған. Негізінде бөлінбейтін қор мүлкінің 50%-ы жекелеген шаруашылықтарға, 50%-ы ұжымдық шаруашылықтарға берілуі тиіс болған. Фоминнің барлық аудандық комитеттерге 1930 жылдың 29 сәуірінде жіберген хатында жоғарыдағы қағидалардың өрескел бұзылып жатқандығы

ескерілген. Сонымен қатар, Орталық комитет 1932 жылдың 26 наурызында "мүлікті күштеп ортақтастыруға тыйым салу туралы" атты қабылдаған қаулысына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің бюросы жергілікті жерлерге колхозшылардың ірі және ұсақ малдарын тартып алу әрекеттері партия бағытына қайшы келетіндігін және партияның негізгі мақсаты әрбір колхозшының малы, құсы болуына ықпал ету қажеттілігін жан-жақты түсіндіру тапсырылады. Аталған қаулыға сәйкес облыстағы барлық аудандар мал беру міндеттелінді.

Алайда, бірінші қыркүйекке дейін берілуі тиіс мал берілмеген. Он бесінші қыркүйектің өзінде берілуі тиіс малдың жартысына жуығы берілмеген еді. Мәселен, ірі қараның - 2872 басы (26%), қойдың – 2672 басы (20%) ғана берілсе, сатылған қой мен ешкі -1162(19%) құраған [105]. Берілген көмектің өте мардамсыз екендігін көріп отырмыз. Оның да бірқатар себептері болса керек. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы 1932 жылдың наурыз айында құрылған. Бірақ тоғыз ай бойы жалпы облыстық бюджет болмаған. 1933 жылы ғана бюджет жобасы жасалады және ол жыл бойы Қазақстанның халықтық қаржы комиссариатында 5-7 рет қаралады, жиналыста 3 рет бекітіледі, алайда оны Қазақстанның ХКК ұзақ уақыт бойы бекітпей жүрген. Дегенмен де, Қазақстанның халықтық қаржы комиссариаты берген бюджетін басшылыққа алмаған, өздерінің яғни, облыстық атқару комитетінің бюджетімен жүрген. Сол сияқты аудандық жерлерде де дәл осындай жағдай орын алған. Әсіресе, Семейдің бюджеті бірнеше рет қаралған, бірақ ешқандай нәтиже бермеген. Әрине, мұндай жағдай шаруалардың өмір сүру сапасына кері ықпалын тигізетіні белгілі.

Облыстық қаржы бөлімшесі, сол сияқты Қазақстанның ХКК 1933 жылға қатысты бюджетті жасағанда нақты экономикалық жағдайға сүйенбей, 1932 жылғы жоспарды негізге ала салған. Жалпы, салықтан түсетін ақшаның 75%-н Өлкелік қор алып отырған. Шығыс Қазақстан облысы да, аудандарына қатысты дәл осындай жағдай орнатып, салық үлесінен түсетін 6 қаланың айналымындағы ақшаны алып қойып отырған. Өлкелік комитет мұндай табыс көздеріне басшылық жасауды облыстық атқару комитетінің құзырына берген, нәтижесінде ауыл шаруашылығы қаржыландыру аз мөлшерде беріліп, жергілікті жердің өзін-өзі басқаруға тосқауыл болды. Ұжымдастырудың мақсаты барлық мүлікті ортақтастыру болғандықтан, ортақ қазандағы қорды бөліп беру шаралары ойға да алынған жоқ. Қайта ұжымдық меншікті қызғыштай қорғау оған қол сұқпауға үйрету, ұжымдық меншікті мемлекет меншігі деп тануға күштеп және қорқыту көзделді.

Қорыта келгенде, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, сонымен қатар астық және ет дайындау науқаны қарапайым шаруалардың күн көрісі болып отырған мал басының азайып қысқаруына әкелді. Ет дайындау науқандары қазақ жеріндегі мал басының кемуіне басты себеп болды. Дәстүрлі мал шаруашылығымен өмір сүрген қазақ шаруаларына материалдық тұрғыдан да үлкен соққы болып тиді. Мыңдаған шаруа қожалықтары құлдырап, күнделікті қажеттілігіне пайдаланатын дүние мүлкінен айырылған халық қайыршылыққа

ұшырады. Жалпы жіберілген қателіктерді жөндеуге қатысты жүргізілген шаралар қасіретті нәубеттің, әсіресе жаппай аштықтың, індеттің алдын ала алмады, халықтың шекара асып кетуіне әкелді.

2 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ

2.1 Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекеттік саясат

Қазақ шаруаларының отырықшылануы ең алдымен олардың жеке дара емес, ұжымдық, артелдік негізде бірігуіне байланысты болды. Сондықтан шаруаларды мемлекет тарапынан жерге орналастырмайынша олардың отырықшылануына да жағдай болмайтын еді. Алдымен материалдық-техникалық база қажет болды. Оны өкімет толық қамтамасыз ете алмады. Ал шаруалар қауым болып туысқан бай ағайындарына қарсы шыға алмады. Мысалы кедей шаруалармен осы жерге қоныстану туралы әңгіме бола қалса, олардың отырықшылық тұрмысты қалайтыны, бірақ бұл жер бай жақын адамның меншігінде болғандықтан, олар қоныстана алмайтын жағдайлар сирек болған жоқ [52, б. 19]. Кеңес өкіметі мен большевиктік партия мұны ауылдың патриархалдық-феодалдық жағдайдағы саяси деңгейі, бай-кулактардың осындай үстемдігінен шаруаларды босату үшін қажет деп таптық сезімдерін оятуға кірісті. Қалың жұртшылық арасында кеңес мемлекетінің жүргізіп отырған саяси-экономикалық шараларын кеңінен насихаттап, ауылда тап тартысын өршіту қажет деп тұжырым жасады.

Осыған байланысты жер-жерге үгіт бригадалары жіберілді. «Қызыл отаулар» қазақ кедейлері мен жалшы батрактардың арасында «саяси санасын ояту» үшін түсінік жұмыстарын жүргізді. Оған партия, кеңес қызметкерлері де қатысты. Мұнда отырықшылық тұрмысқа өту және жер алу тақырыптарына да әңгіме, лекциялар өткізді. Болыстар мен уездерде шаруалардың, кедей-жалшылардың жиылыстары, конференциялары шақырылды. 1921 жылы Қостанай уезінде өткізілген шаруалардың осындай жиналыстарына әртүрлі елді мекендерден 1323 шаруа қатысты. Ал болыстық конференцияға 1721 адам, уездік конференцияға 362 адам шақырылды. Бұлардың көпшілігі кедейлер болды [106]. Сол кездегі ресми өкімет саясаты бойынша партия-кеңес органдарының өкілдері шаруашылық саяси тақырыптарға әңгімелер өткізумен қатар шаруалардың отырықшылыққа өтуі туралы да түсінік жұмыстарын жүргізіп, халықты үгіттеді. Осы шаралардың бәрі жаңа мемлекет жүйесі шаруаларды байлардың ықпалынан босатып, шаруашылықтың жаңа түріне өтуге себеп болады деген мақсатқа қызмет етті. Алайда бұл 20-жылдардың соңында өршіген тап күресінің бастамасы еді.

Отырықшылыққа ауыстыру алдымен жер бөліп беруге байланысты болды. Жерге орналастыру, отырықшыландыру шаралары 1923 жылдан бастап Қазақ АКСР-ның жерді пайдалану ережесі бойынша жүргізілді. Осы ереже бойынша шаруалардың жер алып, орналасуы туралы өтініші қаралатын болды. Оның өтініші қабылданған соң, орналасатын жерін белгілеу, жер телімінің жобасын жасау және оны жер иелеріне көрсету, сондай-ақ ол жоба бойынша жер иесінің келісімі арқылы оған қажетті құжат жазып беру жұмыстары іске

асырылды [52, б. 19]. Жерге орналастыру жұмысын жүргізу туралы осы ережеге сәйкес барлық губерниялар мен уездерде шаруаларды жерге орналастыру үшін дайындық жұмысы жүргізілді.

Шаруаларды жерге орналастыру және отырықшыландыру үшін республика басшылығы Жер-су Халық Комиссариатының жерге орналастыру бөлімінен, Мемлекеттік жер және мүлік бөлімінен арнайы комиссия шығарып, ол жерлердің тұрақты отырықшылық тұрмысқа экономикалық шаруашылық жағынан ыңғайлылығын, жарамдылығын тексерді. Мұндай комиссиялар барлық облыстарда, уездерде құрылды. Олар ең алдымен жұмысшы күші қажет жерлерге қазақ шаруаларын қоныстандырумен айналысты. Тұз кәсіпшілігі, теңіз көл маңына орналасқан балық аулаушылықпен айналысатын қазақтарды жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу барысында балық және тұз кәсіпшіліктерінде жұмысқа тартылатын 3000-ға жуық қазақ шаруаларынан құралатын ұжым ұйымдастырылатын болды. Бұл болашақ балықшы колхоздары еді [107].

Отырықшыландыру жұмысының әзірлік шараларының барысында шаруалар қоныстанатын жерді, оның усадьбалық жоспарын зерттеу, отырықшылық шаруашылыққа өтетін шаруалардың есебін алу, жерге орналастыруға мұқтаж болып отырған шаруашылықтарды және олар орналасуға тиіс жердің көлемін анықтау, жерге орналастыру ережелерін халыққа түсіндіру жұмыстары қатар жүргізілді.

Елді мекендерді қоныстандыруда мемлекеттік көмек ерекше маңызды болды. Орыс, украин, ұйғыр және дүнген елді мекендерінің үлесі қазақтарға қарағанда төмен болды. Өйткені олардың көпшілігі тұрақты қоныстарға ие болған және отырықшылықпен айналысқан. Сондықтан Жер Халық Комиссариаты өздерінің негізгі міндеті ретінде қазақтарды қоныстандыруға байланысты шаралар қабылдауға міндеттенді.

Шаруаларды орналастыру үшін құралдар мен кедейлердің қажеттілігін ескере отырып, республика үкіметі оларға көмек көрсету үшін арнайы тексеру жүргізді. Санақ Бюросының мәліметтері бойынша, ауыл шаруашылығымен дербес айналыса алмайтын және мемлекеттік көмекке мұқтаж адамдар саны шамамен 42000 құрайды, оның ішінде 3515 отбасында құрал-саймандар жоқ [107, с. 201]. 41 638 үй шаруашылығында бір жарым құрал болса да, олар өздігінен жұмыс жасай алмады. Осыған байланысты мемлекет мұндай фермаларды тамақтандыру үшін екі жылқы, арба және басқа да жарықтандыру жабдықтарымен қамтамасыз етті. Тынышталып, егіншілікті бастаған шаруалардың көпшілігінің өмір сүру деңгейі өте төмен болды. Бұрын олар ауыл шаруашылығының жаңа түрімен - ауылшаруашылығымен таныс емес еді. Ол үшін барлық ауылшаруашылық техникаларын күрекпен сатып алуға тура келді. Әрине, мұндай жағдайда, ауыл шаруашылық құралдарсыз, фермерлер мемлекеттің көмегінің өз бетінше қоныстануға және егіншілікпен айналыса алмайтындығы айқын болды.

1924 жылы шақырылған барлық қазақстандық ауыл шаруашылық жұмысшыларының III Съезі жерге орналастыру және қоныс аудару мәселелерін

ұйымдастыруда ерекше маңызды болды. Съезд көшпелі және жартылай көшпелі қоныстанушыларды қоныстандыру туралы арнайы қарар қабылдады. Ол жер мәселелерімен айналысатын барлық мекемелерге жер бөлу арқылы жер бөлуді міндеттеді. Жері немесе аз жері бар қазақтарды қоныстандыру тапсырылды. Оған сонымен қатар мал аздығы мен өмір сүру жағдайына байланысты қоныс аударғысы келетін көшпелі және жартылай көшпелі көшпелілерді орналастыру тапсырылған. Патша заманындағыдан бір ерекшелігі, кеңес мемлекеті қазақ шаруаларының отырықшылық тұрмысқа өтуіне байланысты жұмсалатын ақшалай, заттай шығындардың көпшілігін өзіне алды. Осы Ереже бойынша республика жерінде шаруашылық саласының түріне байланысты бірыңғай жерге орналастыру жұмыстары жүргізілді. Ол кезде Қазақстанда аграрлық аймақ ретінде мұнда бұрыннан қалыптасқан кәсіптің түріне сай қоныстандыруда, жерге орналастыруда шаруашылықтың негізінен екі бағыты бар деп қаралды. Олар - отырықшы егіншілікпен айналысатын аймақ, негізінен оңтүстік пен оңтүстік шығыста және көшпелі, жартылай көшпелі мал өсіретін аудан еді. Жерге орналастыру, қоныстандыру жұмыстары егіншілік аудандарда жер кодексі заңымен, ал көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда БОАК-нің 1924 жылы 17 сәуірде бекіткен Ережесімен жүрді.

1923-1925 жж. жерге орналастыру шамамен 9,5 млн. гектар жерде жүрді. Отырықшы егінші аудандарда бір жарым миллион гектарға жуық жер, шамамен 167 мың үй шаруа болды. Ал, жаппай қоныстандырылған көшпелі және жартылай көшпелі солтүстік аудандарда 230 миллион гектарға жуық жер, 1 миллион отбасынан артық шаруа бар еді [108]. Сөйтіп бұл кезде батыс, орталық, солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарда әлі де болса көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылықтың түрі басым болды. Сондықтан мемлекеттің шаруаларды бірыңғай орналастыру, қайтсе де жермен қамтамасыз етіп отырықшыландыру жұмысы осы аудандарға қатысты болды. РКФСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1925 жылы Қазақ республикасының шаруаларын жерге орналастыру туралы мәселені қарады. Оларға көмек ретінде агрономиялық пункттер ұйымдастыруға қаржылай жәрдем берді. Себебі егіншілікке тарту үшін осындай көмек қажет еді. Сондай-ақ отырықшылық тұрмысқа қажетті жұмыс көлігін сатып алуға 1,8 млн. сом, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын сатып алуға 158,6 мың сом қаржы бөлінді. Сонымен қатар оңтүстіктегі егіншілік дихандарына ауыл шаруашылық құрал-саймандарын алуға 1,9 млн. сом несие берілді. Көшпелі шаруалардың отырықшылыққа өтуіне байланысты республикадағы егіс көлемі күрт өсті. Шаруалар мемлекеттен аз болса да, әртүрлі ауыл шаруашылық құрал-саймандарын алды. 1925 жылы республиканың егін даласына 415 трактор жұмыс берілді. Бұл әрине, аз еді. Олар, негізінен, құрылып жатқан кеңшар (совхоз) ұжымдарына берілді [109].

Қазақстанның аграрлық саласын міндетті түрде одақтық экономикаға тартуға мүдделі кеңес мемлекеті шаруаларға жәрдем етуге мүдделі болды. Мемлекет жәрдемімен міндетті түрде жерге орналастыру жұмыстарының

барысында 20-жылдардың екінші жартысында республикада 20059 қазақ шаруал отбасымен бәрі 93472 адам үш жыл ішінде отырықшылық тұрмысқа өтті [110]. Мемлекеттік жәрдемнен басқа шаруалар өз қаржыларымен де қоныстанды. Бұл шаруалардың өз еріктерімен іске асты. Қазақстанның әртүрлі аудандарында (Торғай, Ақмола, Семей, Орал, т.б. жерлерде) шаруалар кезегін күтпей-ақ өз қаражатымен отырықшылыққа өтуге ықылас білдірді. Себебі малы азайған немесе жоқтың қасы болған шаруалар өз еркімен егіншілік немесе басқа кәсіппен айналысқанды жөн көрді.

Шаруаларды отырықшыландыруда оларды қажетті құрал-жабдықпен, тұтыну товарларымен қамтамасыз ету мәселесі маңызды еді. Бұл кеңес өкіметінің шешімімен бұрыннан (патша кезінен) қалыптасқан факториялар-кәсіптік тұтыну кооперациялары арқылы іске асырылды. Осылар арқылы шаруалар өздеріне қажетті тұтыну заттарын сауда-саттық жолымен алды. Өлкелік партия комитетінің III Пленумы, онан соң КазЦИК-тің III-сессиясы көшпелі халықты кооперацияға тартудың тиімді жолы оларға қажет сауда-саттық екенін мойындады [57, б. 25]. Шаруалар өндірген заттарды тұтыну - сауда факториясы арқылы қабылдап, мемлекетке өткізу тиімді болды. Бұл халықты кооперацияға тартудың тиімді әдісі еді. Шаруашылықтың түріне қарай әртүрлі серіктіктер ұйымдастырылды (Машина, мелиорация, мал өсіру, егіншілік, т.б.). Мысалы, 1926-1927 жылы Семей губерниясында 3 фактория, ал 1927-1928 жылы жаңадан 2 фактория құрылды. Мұндай факториялар басқа жерлерде де болды.

Жалпы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап 1925 жылға дейін аграрлық саладағы реформалар нәтижесінде 32155 қазақ шаруашылығы жерге орналастырылып, қоныстандырылды [9, с. 102]. Олардың орналасуы Қазақстанның сол кездегі әкімшілік-территориялық бөлінісі бойынша мынадай болды: Орал - 2 462; Ақтөбе - 2 429; Қостанай - 1 563; Ақмола - 11 563; Семей - 14 138 шаруашылық.

1926-1927 жылдары «Шабындық, егістік жерлерді және жайылымдарды бөлу» деген атпен белгілі жер реформаларын жатқызуға болады. Бұл коллективтендіруден 3 жыл бұрын басталып, патриархалды, қауымдық жер қатынастарын өзгерту мақсатын қойған, «тап күресінің шиеленісуі туралы» сталиндік қағида рухында жасалған волонтаристік шара болды.

Алайда, тап күресінің шиеленісуі мәселесінің күн тәртібіне қойылуы одақта кейінірек, 1929 жылы басталғанын ескерсек, аталмыш шараның Қазақстанда ерте басталуына байланысты сұрақ туады. Өйткені 20-жылдардың ортасында жаңа экономикалық саясаттың нарықтық реттегіш функцияларынан бас тартылмаған еді. Өлсіз экономикалы Ресей жағдайында социализм орнатудың ұзақ мерзімге созылу мүмкіндігі ескеріліп, жаңа экономикалық саясат ауыл шаруашылығындағы жеке меншікті тез арада өзгерту мақсаттарын қойған жоқ. Лениннің сөзімен айтсақ: «Ауыл шаруашылығын қайта құру және шаруалардың психологиясын өзгерту үшін бір ұрпақтың мерзімі керек. Бұл тапты помещиктерді жойғандай жоя алмаймыз, оны өзгерту үлкен күш пен шығындарды талап етеді».

Осы бағытта 1925 жылы өкімет ауыл шаруашылығында товар-ақша қатынастарын дамыту, жеке меншікті нығайтуға бағытталған аренданы, жалдама еңбекті пайдалану туралы шешімдер қабылдады. Осындай саяси келісімге негізделген жаңа экономикалық саясат кезінде Қазақстанда байларға қарсы бағытталғаны шаралардың жүзеге асуын немен түсіндіруге болады?

Бұл мәселе Голощекиннің жеке басымен байланыстырсақ, оның партияның сара бағытынан өзгеше позиция ұстануы мүмкін емес еді. Осыған байланысты біз 1925 жылғы жаңа экономикалық саясатты өрістету шараларымен бірге, оны тежейтін механизмдердің қабылданғаны туралы Ресей тарихшыларының пікіріне қосыламыз [111]. Тарихшылар Голанд, Валентинов (Вольский), Бордюгов, Козловтардың 1925 жылы жедел индустрияландыру шешімдернің қабылдануы - ауыл шаруашылығынан қаржы сору механизмін қалыптастыруға негіз болды деген пікірлері шындыққа сай келеді. Ендеше экономикасының 90 проценттен астамы ауыл шаруашылығы болған Қазақстанда Голощекиннің басқаша саясат жүргізуі мүмкін емес. Капиталистік товарлы шаруашылық түгіл, феодализм дұрыс дамымаған, қауымдық қатынастарға негізделген экстенсивті, тұйық, көшпелі мал шаруашылықты Қазақстанды кеңестік жүйеге тартуасқан шеберлік пен байыптылықты талап етегін еді.

Алайда, өкімет Қазақстандағы өзгеше жағдаймен санаспай, қазақ ауылын кеңестендіру шараларына белсене кірісті. «Қоғам дамуының қозғаушы күші - тап күресі» деген кереғар маркстік қағидаға сүйенген олар қазақ даласындағы әлеуметтік жайбарақаттықпен келіспеді. 1925 жылы өлкелік партия комитеті басшылығына қазақтың тілінен, дінінен, дәстүр-танымынан, тұрмыс-тіршілігінен хабары жоқ, «революционер» Ф.Голощекин жіберіліп, ол Казан революциясының қазақ даласына әлі жетпегеніне қатты қынжылып, «Кіші Казан» төңкерісін дайындауға кірісті.

1925-27 жылдары Бүкіл қазақтық 5-6 партия конференциялары, өлкелік партия комитетінің 2-3 пленумдары өткізіліп, онда қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық құрылымын анықтау, осыған байланысты республика партия ұйымы жұмысының мақсаттары мен бағыттары туралы мәселелер үлкен пікірталас тудырды.

Республика басшылығындағы білікті қазақ коммунистері Н. Нұрмақов, О. Жандосов, А. Асылбеков, О. Исаев және т.б. ауылдың әлеуметтік құрылымын ресейлік шеңберге икемдей алмай қиналды. «Бай», «орташа», «кедей» топтарын анықтау, олардың экономикадағы үлес салмағы, осы әлеуметтік топтардың бір-біріне ара-қатынасы мәселелерін талқылау барысында Ресей жағдайына еш жанаспайтын, мүлде өзгеше әлеуметтік-экономикалық жағдай көзге ұрынып-ақ тұрды. 1927 жылы одақта жеке шаруалардың 35% - кедейлер, 60% - орташалар, 4-5% - кулактар болса, қазақ ауылындағы мүліктік жіктелу мүлде басқаша, кедей шаруашылықтар көп, орташа - жоқтың қасы, бай - өте аз боп шықты. Мысалы, 1926 жылғы мәліметтер бойынша Павлодар уезіндеті шаруашылықтардың мал басы санына қарай жіктелуі төмендегі мәліметтерден байқауға болады:

- 5 ірі қара малы барлар - 57 процент;
- 5-10 малы барлар - 28 процент;
- 10-20 малы барлар - 4 процент;
- 20-ден жоғары малы барлар 4-ақ процент;

яғни, кедейлер - 85 процент, орташа - 11 процент; бай - 4 процент болды.

Жалпықазақтық Ш-партия конференциясында 3 губерния бойынша ауылдағы жіктелу туралы мәліметтер де осы деңгейді көрсетті: кедейлер - 72 процент, орташа - 18,9 процент. Оның растығын кейіннен, шабындық жерді бөлу науқаны дәлелдеп берді. Мұнда іріктелу революциядан бұрынғы Щербина санағымен де сөйкес келеді. Әсіресе, орташа шаруалар тобын анықтау өте қиынға соқты. 1924-25 жылғы салық салу науқанында қазақ малшыларының 75 проценті салықтан босатылғанын тілге тиек етсек, кедей тобының шаруашылықтың негізін құрайтыны белгілі болып шығады. Мұндай жағдайда экономиканы көтеру - қалыптасқан жағдайды бұзбай, ешқандай төтенше шара қолданбай, ауқаттыны салықпен тежеуарқылы және кедей топтарға мемлекет тарапынан материалдық көмек болғанда ғана жүзеге асатын еді. Ал осының өзі жаңа экономикалық саясаттың негізгі талабы болатын. Қазақстан үшін шаруашылықты көтеру мәселесінің өзектілігін төмендегі мәліметтерден көруге болады: азамат соғысынан зардап шеккен республика шаруашылығының калпына келуі баяу жүрді. 1926 жылы мал шаруашылығының деңгейі соғысқа дейінгі көрсеткіштердің 85,5 процентіне, егін шаруашылығы - 86,2 процентіне ғана жетті. Осы жағдайларда баса назар аударып нақты пікір айтқан Смағұл Садуақасов: Өлкелік партия комитетінің I-ші пленумында партияның сара жолын бұзушы, оңшыл-уклонист атанып, Голощекиннің қаһарына ілікті. Енді ол Голощекин Садуақасовтың соңына түсіп, әр мәжіліс сайын - сынап, «садвокасовщина», «алашордашы» деген айдар тағып, қазақ коммунистерін Голощекинге ұнамайтын пікір айтудан күдер үздірді. 1926 жылы Өлкелік партия коммунистерінің II-пленумында Қазақстан ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудағы басты кедергі - бай деген тұжырымды қабылдады. Соның әсерінен Ораз Жандосов осы пленумда тіпті байды меншіктен айыру мәселесін бірақ рет көтерді.

Партияның жалпы бағыты - жаңа экономикалық жағдайды ескере отырып, ол мұндай шешім қабылдаған жоқ. Алайда, мүліктен айыру туралы мәселенің Одақ шешімінен 3 жыл бұрын күн тәртібіне қойылғандығы республикалық партия ұйымының құлдырауына әкелді. Жоғарыдан көрінгісі келген Голощекин қазақ ауылының тыныштығын бұзу үшін бас тартпады, сайып келгенде, таптық күрестің жоқтығына сенбеді. Осылайша байлар мен кедейлерді татуластыру шаралары қабылданды. Облыстық партия комитетінің үшінші жалпы отырысында ол: «... Біз кедейлерге таптарға, байларға қарсы күресте көмектесуіміз керек. «Біз байлар мен кедейлер арасындағы азаматтық соғысты қолдаймыз, бірақ кедейлер бұл күресті күтпеуі керек». Осылайша, ол байлар мен кедейлерді татуластыру және ауылды кеңейту үшін шабындықтар мен егістік жерлерді бөлу науқанын бастады. Сонымен қатар, Голощекин бұл

шара шектелмейтінін айтты: «... Біз революциялық әдістерімізді ауылға енгіземіз. Жер реформасынан кейін біз тағы бір шара қолданамыз» [73, б. 18].

Иә, шабындық алқаптарды бөлуден басталған кеңестік науқан қазақтың ашаршылығымен аяқталғаны белгілі, бірақ 1926 жылы бұл туралы ешкім білмеді. Ол білді, бірақ білмеді. Қазақ басшылары халық үшін жақсы жұмыс жасаған жоқ. С. Садуақасовты Исаев, Жандосов, Нұрмаков, Мырзағалиев, Құлымбетов қолдай алмады, олар бұл шаралар қисынсыз деп мәлімдеді. Голощекиндегі Қазақстандағы жағдайдың ерекшеліктерін түсіндіре алмаған ол қазақ халқының мүдделері Голощекинге бағынды.

Алдымен, қазақ жерлерін қайтару процесін аяғына дейін жүргізу мәселесі тұрды. Өйткені, шаруашылықты көтеру жермен байланысты екендігі ескеріліп, 1922 жылы 30 қазанда қабылданған «Жер кодексінің» 16 бабы жерте әуелі жертілікті халық орналасуы қажеттігін баса көрсетіп, орыс қазақтарынан 3.538.832 десятина, қоныстанушылар қорынан 1.600 мың десятина құнарлы жерлерді қазақ еңбекшілеріне кері қайтарылған болатын. Қазақ шаруаларын жерте орналастыру бірінші кезекке қойылып, оны 10 жыл ішінде өкімет тарапынан қаржыландыру жоспарланған. Бастапқыда бұл шара жақсы бастауалып, 1925-26 жж. 1.840.244 сом, 1926-27 жж. - 2.737.629 сом қаржы жұмсалған. Осы жылдары оларға берілген қарыз мөлшері 480 мың сомнан 864 мың сомға өскен.

Қауымдық жер иеленуді жайын, қазақ шаруаларының жерге жеке меншігін қалыптастыруды нысанағаалатын жер реформасы үшін қосымша жер бөлінуі тиіс болды. Революцияға дейінгі шаруашылыққа итерілген 37.586 мың гектар жердің 3.883 мың гектар яғни 1,3 проценті қазақтардікі екендігін ескерсек, бұл шешудің өзектілігі бірінші кезекте шығады. Алайда, 1928дейін тек 26 мың гектар жердің пайдалануға берілген. Кеңес өкіметінің де осы мәселені шешуге бел шешіп кіріспегенін көрсетеді. Жерге орналастыру мәселесінің шешілмеуі реформаларының нәтижелі болуын күмәнді етті. Сондықтан жер қатынастарындағы прогрессивті шара - аграрлық реформа товарлы шаруашылыққа тән құбылыс, оны қауымдық жері бар көшпелі мал шаруашылығына таңуулкен көзсіздік. Мұны Голощекин түсінгісі келмеді. Ресей жүріп өткен жолды қалай болса да қайталау керек болды. Орыс шаруаларының патша заманында-ақ жер сұрап маза бермегенін айта келіп, ол қазақта мұндай құбылыс жоқ, «...Сіздер Қызылордада жер сұрап маза бермеген кімді көрдіңіздер? Байдың малын талап етушілер де жоқ. Сондықтан, жолдастар, бұл жолды жүріп өтуіміз керек» - дейді.

1917-1924 жылдардағы Ресейдегі помещик жерлерін конфискациялаудан кейінгі бірнеше мәрте жүртізілген жер бөліністерін Қазақстанға әкеп таңды. Н. Верттің мәліметтеріне сүйенсек, олар жақсы нәтиже бермеген. Помещик жерлерін тәркілеудің тиімділігі де мардымсыз, одан шаруалар жерлерін 2 гектарға ғана ұлғайта алды. Ал жер бөлістері ұсақ жер иеліктерін көбейтіп, шетке астық шығаратын ауқатты шаруашылықтарды азайтты. Нәтижесінде 1924-1927 жылдары астық өндіру 1913 жылға қарағанда 10 процентке кеміді. 1926 жылы ішкі рынокқаастық сату соғысқа дейінгі көзбен салыстырғанда 2 есе

төмендеді [112]. Бұл нәтижелер қатерге алынбады. Жер бөлістерін жүргізу туралы өкімет қабылдаған қаулыда бұл шараның басты мақсаты - бай мен кедейді жерге таластыру, сөйтіп, ауылдағы тап күресін жандандыру болатындығын жоғарыда айттық.

Аталған реформа қазақтарға берілегін жерлерді шектеп, оның жерін келімсектерге беру мақсатында ұйымдастырылды. Оған дәлел, шабындық, егістік, жайылымдарды бөлу кезінде, 1927 жылы қазақтарды жерге орналастырудағы бірінші кезектілік «ұлтшылдық» деген айдармен айыпталын, одан бас тартылды. Басқа ұлттардың жерге орналасудағы құқықтары теңестіріліп, қазақтарды жерге орналастыру тоқтап қалды.

Жалпы бұл бөлістер Голощекиннің байламымен асығыс, атүсті жасалды. Қазақ Орталық Атқару Комитетінің шешімін Ресей Федерациясы заң комиссары «Жер кодексіне» қайшы, заңсыз деп тоқтатып тастағанына қарамастан, бөліс басталып кетті. Өлкелік партия комитеті партиялық органдар арқылы қысым жасап, заң Комиссариатының рұқсаты бөліс басталып кеткеннен кейін берілді. Мамыр айында 1926 жылы ең алдымен бөліске түсетін жердің есебі және жер алатын шаруашылықтардың әлеуметтік жіктелу құрамын анықтау керек болды. Санақ барысында шабындық жерлердің мүлде аздығы, әлеуметтік топтарды анықтаудағы қателіктер үлкен қиындықтар туғызды. Кедей топтары өте көп болып шықты. Ресмитүрде 1926 жылы кедей шаруашылықтары 56,1% болса, Қызылордада - 65,6%, Зайсаңда - 74,4%-ке жетті. Орташа шаруалар біресе бай тобына, біресе кедей тобына түсіп, жер дұрыс бөлінбеді. Мысалы, Сырдария губерниясында кедейлердің айтуы бойынша: 100 қойы, бірнеше бас ірі қара малы барлар «бай» ретінде есептелді. Санақ ауызша сұраныс жолымен жүртізілгендіктен, оның қорытындыларына сенуге болмайды. Кейбір материалдарда үй саны адам санынан көп болып шыққан. Яғни бөліс жөніндегі ресми ақпарлар шындыққа жанаспауда мүмкін.

Жерге орналасу және бөлу мәселесін қарастырсақ, біріншіден, әкімшілік ауылға кірегін бірнеше шаруашылық-ауылдар арасында шабындық бірыңғай болмады, бұрын бірітіп пайдаланатын шабындықтар бір-бірінен қашық орналасты немесе шабындық жер көлемі өте аз болды. Мысалы, Қызылордада жан басына шаққандағы жер 0,13 десятина, Семейде - 0,12-0,52 десятинаға дейін, Түркістанда - 0,17 десятина болған. Осындай аз жерлерден алатын шөптің шаруашылық шөптің шаруашылық үшін рөлі болмады. Мысалы, Гурьев, Қызылорда сияқты шөлейтті, құнарсыз аймақтарда шабындық және егістік бөлісін жүргізудің экономикалық тиімділігі болмады. Әсіресе Теңіз ауданында (Гурьев облысы) жүртізілген жер бөлісі шабындықтың аздығы есебінен нәтижесіз аяқталды. Бөлу кезінде жер өлшейтін арнаулы құралдар болмағандықтан шөмеле, мая секілді шөп үйінділерін пайдаланған.

Жоғарыдан танылған бұл науқан халық тарапынан аса қолдау таппады. Өкімет ақпарларында көрсеткендей, Семей, Сырдария, Әулие-Ата, Ақмола, Орал губернияларында бастауыш партия ұйымы, «Қосшы» ұйымы бұл шараға салғырттық танытты, сондықтан бөлісті ауыл «үштіктері» жүргізді, оған

болыстық өкіл, партия ұйымы және «Қосшы» ұйымы өкілдері кірді. Ал Кеңес өкіметі өкілдері, ауыл кеңестері бұл шарадан сырт қалды.

Ең бастысы, ауылдағы кедей мен байды жерге таластыру мақсаты жүзеге аспады, ауылдағы тап күресі Голощекиннің қиялындағыдай болмады. Түркістанда кедейлер өздеріне берілген жерлерден бас тартты. Әулие-Атада өкілдер кеткеннен кейін бөлісті жойып, жерлерді қайтарып берді. Жер бөлісі дұрыс ұйымдастырылмағандықтан көптеген аймақтарда шаруалар жер қатынастарын өзгертпеуді сұрады.

Осылай бола тұрса да, Өлкелік партия комитеті бөлісті патриархалды, қауымдық жер иеленуге соққы ретінде қабылдады. Ресми ақпарлар бойынша 1360 мың га. шабындық, 1250 мың га. егістік бөліске түсіп, оның 59,3-61,6% - кедейлерге, 29,8-31,7% - орташаға, 8,6-9% - байларға берілді, яғни бөліске түскен жерлер көлемі - 2.610 мың га. Бұл 700 мыңнан аса қазақ шаруашылықтары үшін өте аз жер. Орта есеппен санағанда үй басына 3,5-4 гектар мал шаруашылығы үшін аз мөлшер, оның үстіне, қазақ отбасыларының көпжандылығын ескерсек, жан басына шаққандағы егіс көлемі 0,4-0,5 гектардан келеді. Орыс шаруашылықтарында егістік жер көлемі 1 адамға 1,5-2,0 десятинадан кем болмағанын назарға алсақ, жер бөлісінің шаруашылық үшін тиімсіздігі көрінеді.

Сайын келгенде, реформа нәтижесіз аяқталды. Оның қателіктерін былай қойғанда, өткізілу мерзімі де өте қеш болғанын атап көрсетуіміз қажет.

Кеңес өкіметінің әділетті қоғам құру, езілген ұлттарға тәуелсіздік беру ұрандарына елітіп, қазақ шаруашылығын өркендетудің альтернативті жолдарын ұсынған қайраткерлер пікірлеріне ешкім құлақ аспады. Қазақтың энциклопедист ғалымы Телжан Шонанұлы 1923 жылы жазылған «Болашақта қазақ жерге қалай орналасу керек» деген мақаласына қазақты отырықшыландырудың мемлекетке де, халыққа да тиімді жолдары мен әдістерін көрсете келіп, «қазақ елі шаруашылығының негізі - мал, олай болса, шаруашылықты түзеу - малдан басталуы тиіс... әуелі тұқымын жақсартам деуден, өсімін арттырам деу дұрыс, сырттан келген жақсы тұқым өліп қалады, қаржы қазақ малын сан жағынан арттыруға жұмсалыуы тиіс» екендігін жазған. Яғни оның қазақ шаруашылығын көтеру мәселесі жермен қамтамасыз етумен байланысты екендігін айта келіп «шаруаның түзеліп не бұзылуы қоныстандырудың дұрыс, не бұрыс болып шығуына байлаулы екені есімізде болсын» [113] деген ұсыныстары назарға алынғанда, жағдай басқаша болар ма еді деген ой туады. Сөйтіп, Голощекин ұйымдастырған жер бөлістері нәтижесінде өзі аз шұрайлы жерлерге шеттен қоныстандыру одан әрі жүргізіліп, қазаққа тиесілі жердің көбі қайтадан саудаға салынды.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ аудандарында берілегін жер мөлшерлері қысқартылып, қалған жер совхоз, колхоздар және көшіп келушілер үшін берілуі тиіс болды. 1928-1929 жылдары жерге орналастырудың селоаралық түрінің көлемі 12 мың гектарға жетті. Бұл жерлерге 1925 жылдың 1 қаңтарынан кейін көшіп келіп, рұқсат алаалмай жүрген еуропалықтар орналастырылды. Тек 1925 жылдың өзінде Жегісугуберниясына рұқсатсыз

келіп қоныстанушылар 12 мың семья немесе 60 мыңдай адам болған. Бұдан шығатын қорытынды: жер бөлісу нәтижесінде азғана жер қазақ шаруасын қаржыландыру мәселесі кейінге қалдырылады деген сөз, өйткені келімсектерді жерге орналастыру да қыруар қаржыны қажет етпей ме? Онсыз да мардымсыз Қазақстан бюджеті кімге жетеді? Солай болды да. Өкімет тарапынан шаруаның жерді тиімді пайдалануына жағдайлар жасалмады. Малы аз немесе малы жерді қалай ұқсатаалады, егер оған мал алуға немесе құрал-алуға несие-қаржы берілмесе? Керісінше, малы бар ауқатты жерсіз қалып, енді бар малын сатуға мәжбүр болды. Мал өз құнынан әлдеқайда төмен бағаға сатылып, тиімсіз пайдалану шаруашылық деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтырды. Ақырында, байларды жерден айыру Қазақстан мал шаруашылығын көтеруге емес, керісінше, экономиканың құлдырауына алғы шарт жасады. Ал кедейге малын көбейтіп, ауқаттының деңгейіне жеткенше (мемлекет қаржыландырған жағдайда) 2-3 жыл уақыт керек. Сөйтіп, бұл шара Ленинің сөзімен айтқанда «бір кадам ілгері, екі кадам кейін» болып шықты. 1929-1930 жылдарда мал басының кемуі оған дәлел болады.

Қазақ ауылнан кеңестендірудің басы саналған шабындық және егістік жерді бөлуге орталықтан еш қаражат бөлінбеді. Ол туралы республика басшыларының бірі Н. Нұрмақов Сталинге хатында былай деп көрсетті: «Өзбекстандағы жер реформасына 30-40 млн сом ақша жұмсалды. Қазақстан Өзбекстандағыдан кем емес шабындық және егістік жерлерді бөлуді жылма-жыл бір тиын алмай жүргізіп отыр. Алайда жер бору – ауыл шаруашылық құрал-сайманы мен басқа да шаруашылық шаралармен ұштастырылмай, алынған жерлер игерілмей отыр. Жер реформасы еш нәтиже бермеді» [114].

Ауыл шаруашылығын қаржыландыру деңгейі жер бөлістері өткізілген жылдары шығыстың 5,6-6,0%-ін қамтыса, 1928/29 жылдары егін шаруашылығы көлемін ұлғайтуға, совхоздарға қаржыландыруға байланысты 14,7%-ке жеткенмен, кейінгі жылдары күрт төмендеген. Ауыл шаруашылығына жұмсалған қаржы - жалпы шаруашылық қаржысынан 2-3 есе кем болған.

Қазақстан ауыл шаруашылығын қаржыландыру 1923 жылдың аяғында Орынбор қаласында ашылған қазақ ауыл шаруашылық банкісі арқылы да жүзеге асты. Бұл банктің 1924/25-1927/28 жылдар аралығында ауыл шаруашылығына берген қарызы төмендегідей:

- 1924-25 жж. - 6.455,8 мың сом;
- 1925-26 жж. - 7480,8 мың сом;
- 1926-27 жж. - 8.231,4 мың сом;
- 1927-28 жж. - 11.498,5 мың сом.

Бір жағынан қаржы жылма-жыл өсіп отырған сияқты, алайда, бұл берілген қаржылар Қазақстан ауыл шаруашылығы мұқтаждарын өтей алмағанын көруге болады. Бір миллионнан аса шаруашылықтар үшін 1926-27 жылғы берілген қарыз 8,231400 мың сом, сонда бір шаруашылыққа есептегенде 8 сомнан келеді. Сондықтан Қазақ ауыл шаруашылығы банкісінің шаруашылықтарды қарызбен қамту мүмкіндігі де аз болды. 1924-25 жылы қарыз алушылар барлық шаруашылықтардың 5% құрап, несие алған 1

шаруашылық қарызы - 54 сом 22 тиын, 1925-1926 жж. – 62 сом, 1926-1927 жж. - 80с ом 40 тиын болған. Сонымен қатар, қарыз берудің түрі мен мерзімі қазақтың көшпелі шаруашылықтары үшін қолайсыз, қысқа мерзімде берілген.

1923/24 жылы қысқа мерзімді қарыз барлық несиенің 88,1 процентін, 1927/28 жылы - 63,7 процентін қамтыған. Мысалы: ат-көлік алуға берілегін қарыздың мерзімі - 11 ай; ірі қара малға - 9 ай; ұсақ малға - 3 ай; мақсаты көрсетілмеген қарыз - 1 жылға берілді.

Бұл шарттар көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтары үшін тиімсіз болды. Қаржының жоғарғы жақтан Қазақстанға келуіне 10 күндей уақыт кетсе, одан бертi қарыз алушығадейiн 105 күндей уақыт кетедi екен. Сөйтiп, қарыздың орташа жүружолы 114 күн, яғни 4 ай. Бес жылға берілегін кедей қарызының жүру жолы 135,6 күн, қарыз 7,3%-iн қамтыса, ат-көлік қарызының жүру жолы - 79,2 мерзімнің 24,0%-iн, ірі қараға берілген қарыздың жүру жолы - күн болса, ол қарыз мерзімінің 23,5%-iн қамтиды екен. Ал көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарын қамтитын Алматы және Семей филиалдарында қарыздың жету мерзімі - 153,9-177,6 күн болды. Сонда бір жылға, 9-11 айға берілген қарыздар алушыға жеткенше 4-5 ай жүрсе, одан қандай пайда болады? Сөйтiп, қарыз шаруашылықты көтеруге, оның товарлылығын арттыруға ықпал ете алмайды. Сондықтан шалғайдағы мал шаруашылығы үшін ұзақ мерзімде қарыз беру қажет. Қалыптасқан қарыз беру жүйесі тек егін шаруашылығына қолайлы болды [114, б. 129].

Мал шаруашылығына қарыз берудің жоғары деңгейі 1925-26 жылмен тоқтап қалғанын көріп отырмыз. Ал 1927-28 жылы қарыздың өсуі тек егін шаруашылығын дамыту мақсатында жұмсалған. Қаржыландыру көлемі өскен жағдайда да 11.498,5 мың сом мал шаруашылығына берілген қарыз 1925-26 жылғы деңгейден 343 мың сомға азайған. Өйткені 1928 жылдан бастап егін шаруашылығына ерекше көңіл бөлінді. Осы жылы мемлекет тарапынан берілген қарыздың күрт өсуі де осыған байланысты. Оған 1927 жылдың аяғында Одақта қалыптасқан астық дағдарысы мен қазақ шаруашылықтарын коллективтендірудің болашақ міндеттері әсер етті. Сөйтiп, жер бөлісінен кейін жыл өтпей қоғамдастыру мәселесінің көтерілуі - жаңа экономикалық саясаттан әкімшіл-әміршіл экономикаға бетбұрысты көрсетті. Мұндай болатынды алдын-ала білгенде шабындық, егістік жаңа жайылымдарды бөлудің қажеттілігі де жоқ еді. Бәрі-бір қоғамдастыру мақсаттары қойылып отырған жағдайда, әуелі кедей шаруашылықтардың экономикалық қуатын арттыруды мемлекеттің тарапынан қаржыландырып, уақыты келгенде, сол қауымдық меншік негізінде ұжымдастырудың төменгі сатыларына өтсе, колхоздастыру зардаптары зор көлемде болмас еді. Ал бүкіл қазақ шаруашылықтарының 0,7%-н құрайтын ірі байлар кеңес өкіметі үшін қауіпті емес еді. Алайда өкімет байларға қарсы ниеттен танбады. «Кедей шаруашылықтарын көтеру байлардың малын азайтуына байланысты» деп, бұрынғы жер көлемі негізінде шаруашылықты құруға бағыт берді. Бірақ мемлекеттен нақты шаруашылық материалдық көмек ала-алмаған кедей шаруа мен орташа өз шаруашылығын көтере алмады. Оған салықтың қысымдар мен көтеріңкі өнім дайындау жоспарларының тигізген

әсері зор болды. Осыны алдын-ала болжаған білікті қайраткерлер С. Садуақасов, Е. Полочанскийлер еріксіз қудаланды.

Қазақ мемлекеттік жоспарлау комитетінің басшыларының бірі Е. Полочанский «...кедейдің мүлкін қанша қосқан да бәрі-бір кедейліктен құтылаалмайсың, ұжымдастыруда бай шаруашылықтары негізгі дінгек болуы керек, сөйтіп, байды социализмде бейбіт түрде көшіру керек» деген пікірі өмір талабынан туған ұсыныс еді. Оны 1930-31 жылдары жүргізілген жедел отырықшыландыру мен коллективтендіру дәлелдеп берді. Олай болса, жер бөлісінің қажеттігі жоқ болатын. Қауымдық жерді ұжымдық жерге айналдырып, қазақ шаруаларын мал шаруашылығы негізінде коллективтендірудің төменгі формалары - мал серіктестеріне қамтығанда экономикалық тиімділік жоғары болар еді.

1929 жылы басталған шұғыл бетбұрыс науқанынан соң арада үш жылға жетер жетпес уақыт өткенде «бесеу» былай деп ашына жазды: «Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде, Қазақстандағы мал шаруашылығы салаларында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болыр отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 млн.-нан 5 млн. ғана) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, сонымен бірге негізінен алғанда колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың) қоғамдастырылмаған және қоғамдастырылған малы осындай зор шығынға, қисапсыз қырғынға ұшырады». Әрине, малынан айырылған қазақтың бұдан кейінгі көрген күні тарихтан мәлім болып отыр.

1920 жылдары үкіметтің ауыл шаруашылығында жүргізген науқандарына сенген халық алдында не боларын білмей дағдарыста болды, жаңа тәртіп, жаңа саясаттың өрістеу барысында халықтың тосырқаушылық көңіл-күйін байқауға боларлықтай еді. Қазақтарды бұл кезде империялық саясат жалғасы бойынша он мыңдап ең ауыр жұмыстарға салып, ішер асымен киер киімі жеткіліксіз күйде өмір сүрді. Ал, келімсек халық өкілдерінің партия мүшелері жаңа реформалық саясат кезінде «үлкен белсенділік» танытты. 1925 ж. коммунистік партияның XV съезі «жаппай ұжымдастыру съезі» деп аталып кетті, Лениннің айтуынша шаруалар ұжымдастыруға өз еркімен кіруі керек болатын, бұл пікір Кеңес Одағының үкімет басшыларының саясатында бұрмаланып жіберілді. Әрине, съезд осы бағытқа сүйеніп өтсе де, бәрі басқаша басталды. Бұл кезде қазақ халқының көшпелі тұрмыс – салты әлі де болса сақталғаны белгілі әйтсе де, ұжымдастыру барысында әр аймақтың ерекшеліктерін әлеуметтік жағдайын, экономикалық потенциалын ескеру керектігі жүзеге аспады. 1925 жылы РК(б)П-ның Казкрайкомның «бірінші хатшылығында» Ф.И. Голощекинның жіберілді. Ол партияның ОК-нің нақты тапсырмаларын орындауға машықтанған функционер еді. Және ол сол кездегі саяси жағдайларға сәйкес шалт қимылдың «ұр да жықтың» адамы болып саналатын. Оны солшыл әсерлердің ешкімді бетіне келтірмейтін билікшіл деп зар қақсауы тегін болмаса керек-ті.

Сонымен бірге социализм теориясы мен практикасының сталиндік тұрғыдан бұрмалауда функционер Голощекинге ілесе алғандар саны жағынан

аз болды. Дегенмен аграрлық саясатта жүргізілген саясаттың қағидаларына қалтқысыз қызмет етіп, социализм ісіне «шексіз адалдық» танытқан функционер ретінде аз уақытта халықты қасірет теңізіне батырып үлгерді. Сөйтіп, белгілі революционер-функционердің қолы жазықсыз бүкіл бір елдің тағдырына қиянат жасап, дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі мен орны толмас аштыққа әкелді.

1925 жыл мен 1926 жылдарда Қазақстан 1921-1922 жж. аштық пен азамат соғысының ойсыратқан олқылықтарын толтыру үстінде болатын. Астыққа деген 1925 ж. жалпы жинақ (валовый сбор) 92 млн.-ға дейін жетті, бұл 1922 ж. салыстырғанда 2 есе үлкен. 1923 ж. салыстырғанда Қазақстандағы зат айналымы 4.5 есе өскен, шетелмен сауда қатынастары орнаған. Ауыл шаруашылығында кооперативтік қозғалыстар өрістеген. 1925 ж. 1 октябрьде 281 әр түрлі кооперативтер болған. 35 колхоз, 96 коммуна, 557 артель және 58 серіктестік болған [114, б. 118].

Республикаға келген Ф. Голощекин 1917 жылдың октябрьден 1925 жылдың сентябрьне дейін Қазақстанда Совет Өкіметі, коммунистік партия ұйымы да жоқ деген тұжырым жасады. Екі жарым жарым ай өткеннен кейін: «в ауле действительно Советской власти нет, есть господствабая, господства рода» - деген екен. Ең таңданарлығы ол өз кабинетін тастап, бір де бір рет қазақ ауылдарына барып көрмеген. Голощекин «көшіп-қонудың ең ежелгі түрі» және «өте артта қалған зат алмасу» деген терминдерді қолданып, ауылды кеңестендіруді ұсынды.

1929 жылы 6 қарашада Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросының қазақ шаруаларын отырықшы кәсіпке көшіру жайлы жарлығы шықты. Жарлықта «Қазақстанның дамып келе жатқан аграрлық секторына қазақтың көне көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарының айтарлықтай зиян келтіруде», - делінген. Ал мұның өзі шындыққа сай келмейтін еді. Себебі экономикалық негізі жоқ күштеп ұжымдастыру қарсаңында қазақ шаруаларын бір мезгілде отырықшыландыруды қоса жүргізудің сылтауы болатын. Отырықшыландыру жоспары бойынша (мұны ұжымдастыру жоспары деп қарау керек) 1933 ж. дейін Қазақстандағы барлық шаруа қожалықтарының 81,3 пайызын ұжымға біріктіру белгіленді. Шаруалар қоныстанатын жерлерді суландыру мен мелиорациялық жұмыстар негізінде 380 мың шаруашылықты отырықшыландыру көзделді [115]. Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржы көлемі 2 миллиард сом болып белгіленді. Кеңес өкіметі отырықшыландыратын ұжымдарға несие берді.

Ұжымдастыру аудандарында машина-трактор станцияларын (МТС), машина-шөп шабу станцияларын (МСС) құру көзделді. Бұлар шын мәнінде отырықшыландыру аймақтарындағы техникалық көмек көрсету мекемелері болды. Өкінішке орай, олардағы материалдық және техникалық базаның қауқары нашар болды. Ал үкіметтің оларға деген сенімі мол еді. 1930 жылы отыз алты ауданда қоныстандыру жұмыстары жүргізілсе, оның бесеуінде машина-шөп шабатын орындар құрылды, 1931 жылы отыз аудан осындай 20 машина-шөп шабу станцияларымен толықты [116].

1930 ж. 2 қаңтарда Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің екінші сессиясы “Қазақ елін отырықшылыққа айналдыру жолдары туралы” қаулы алды. Қаулыда былай делінген: “Қазақ шаруашылығын социалдық негізге қайта құру дәуірі Қазақстан шаруасының қарқынды түрде ілгері басуы, қазақ елінің ауыл шаруашылығы коллектив жолымен қоныстандырылып және отырықшылыққа айналдырылып, оның өсуі екпінді түрде жүргізілуді керек етіп отыр”. Осы міндеттерге сай “Бес жылда қазақ жерінің солтүстігі және оңтүстігіндегі аудандар толығымен қоныстандырылуы керек. Бесінші жылдың соңында 808 мың үй қоныстанып, 567 мың үй аграрлық бағытпен отырықшылыққа бет бұруы керек”, - деп көрсетті. Осы сессия қаулысына сәйкес жоспар бойынша отырықшылыққа айналдырудың басы болды. Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы отырықшылық комитетіне көшпелі, жартылай көшпелі қазақ халқын қоныстандыру ісіне жалпы басшылық ету тапсырылды.

Отырықшылық комитетіне үкімет аясында құрылғандықтан заңдық талаптарға сәйкес өкілеттік құқық берілді. Осы Комитеттің тарапынан қабылданған шешімдер мен ұсыныстардың орындалуы республикадағы мекемелердің міндеті болып табылады. 1930 жылы 30 наурыздағы қаулыға сәйкес әр он күн сайын Қазақстан Комиссарлары Кеңесіне барлық өлкелік және округтік кеңес комитеттері отырықшы шаруашылықтың мән жайы жайлы ақпарат беруге міндетті [13, б. 100].

Алайда отырықшыландыру комитетінің жұмысы көп жағдайда ұжымдастыру шараларының көлеңкесінде қалып, қосалқы құрылым дәрежесінен шыға алған жоқ. Себебі ұжымдарды құру, оларға жер бөліп, орталық елді мекенін айқындау және басқа да шаралар жергілікті органдар тарапынан жоғарыдан берілетін нұсқауларды орындау аясында іске асырылды. Басқару мекемелері үшін ең алдымен саяси шаруашылық науқандарды – жедел жаппай ұжымдастыруды, өкіметке мал және басқа да ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарын іске асыру маңызды болды. Ал отырықшыланған халықты орналастыру, олардың әлеуметтік құрылымдарын жасау екінші кезектегі мәселе болатын. Сондықтан Өлкелік партия комитетінің және Қазақ АКСР Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық Комиссариатының 1930 жылы 5 тамыздағы және Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1930 жылы 6 және 15 тамыздағы қаулыларына сәйкес Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы отырықшыландыру комитеті өзгертіліп қайта құрылды. Халық Комиссарлары Кеңесінің 1930 жылғы 15 тамыздағы мәжіліс хаттамасы бойынша және қосымша бірнеше инспекторы тағайындалатын болды. Осы қаулыға сәйкес отырықшыландыру шараларын іске асыратын мекемелерге негізгі басшылық нұсқаулардың бәрін Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы республикалық Отырықшыландыру комитеті беретін болды. Сонымен қатар өндіріске қатысты келелі жоспарларды белгілеу, отырықшыландыру барысы туралы есеп беріп отыру жұмысы Жер-Су Комиссариатына жүктелді. Осыған байланысты Жер-Су Комиссариатының аппаратында отырықшыландыру

жұмысын басқаратын арнайы сектор құрылды. Ол өз кезегінде аудандық (округтік) басқару органдары арқылы науқан барысын үйлестіріп отырды.

Отырықшыландыру шараларының нәтижесінде Қазақстанда шаруар қожалықтарының 97,5% ұжымдық өндіріске тартылды. Осы жылдардың ішінде негізінен ТОЗ-дардың, мал серіктіктерінің ауылшаруашылық артелінің уставына өтуі де аяқталды. Республикада ұжымшарлардың саны 7 653-ке жетті. Оларда 18 529 трактор, 6 443 комбайн, 3 293 жүк таситын автомашина, 287 МТС жұмыс істеді. Ауыл шаруашылығы кадрларының қатарында индустриалдық еңбекке бейімделген мамандар қалыптасты. Мысалы, республикада 46 мың трактористер мен комбайнерлардың 30 проценттен астамы қазақтар еді [116, с. 10].

Қазақ қоғамын күштеп ұжымдастыру науқаны кезінде отырықшылыққа көшіру науқаны өлкеде қалай жүзеге асты? 1929 жылы Бүкілодақтық коммунистік партия комитетінің бюросында көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын отырықшыландыру жөнінде арнайы шешім қабылданып, бұл мәселе 1930 жылдың қаңтарында болған Қазақ Орталық Атқару комитетінің 2 сессиясында қаралды. Сессия бірінші бес жылдықтың соңында отырықшылыққа 544 мың шаруашылықты ауыстыру жөнінде шешім қабылдады.

Бүкіл Одақтағы барлық көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтардың 80 пайызы Қазақстанда болғандықтан, жаңадан ұйымдастырылатын ірі колхоздар көшпелі немесе жартылай көшпелі бола алмайтын еді. 1930 жылы қаңтарда Халық комиссариаты Кеңесі маңында отырықшыландыру бойынша Республикалық комитет құрылды. Қазақстан бойынша көшпенділердің жаппай отырықшыландыруы әртүрлі жолдармен жүргізілді:

- жеке топтар үшін жер учаскелері берілді;
- жеке топтар үшін тұрғын үйлер салынып, өз бетінше колхоздар құрылды;
- көшпенділердің жеке топтары ірі колхоздарда таратылып, орналастырылды.

1928 жылы аймақта 3148 қазақ шаруашылығы 177 колхозға біріктірілді. Келесі жылы коммуна, артель, мал өсіретін серіктестіктер - 272, ондағы үйлер саны 4922-ге жеткен. 1930 жылы Өскемен ауданының 10 колхозына 356 көшпелі шаруашылықтар орналастырылды. Өскемен ауданының Атқару комитетінің жұмысына көшпенділерді орналастыру қорынан 20 мың сом аударылды. Олардың барлығы тұрғын үйлермен, мүлікпен және тағы басқа заттармен толық қамтамасыз етілді десе де, Шығыс Қазақстан облысының өлкетану мұражайынан Өскемен ауданының «Трактор» коммунасының тек 10 отбасына тұрғын үй дайындап, қалған 15 отбасына материалдардың жетіспеушілігінен үй дайындалмағандығы туралы хабарлама жасаған коммуна төрағасының хаты мысал бола алады. Көшіп келушілерді колхоздарды өздерінің жағдайларының нашарлығынан толық қамтамасыз ете алмағанын көреміз [13, б. 110].

Қазақстандағы отырықшыландыруға іс жүзінде басшылық еткен Ф.И. Голощекин 1930 ж. 9-10 қарашада бірінші Өлкелік кеңесте сөйлеген сөзінде: «Отырықшыландыру бәрінен бұрын таптық мәселе. Мұны Сіздер естеріңізде қатты ұстауларыңыз керек... Отырықшыландыру – бұл ұлттық мәселе. Отырықшыландыру арқылы біз нені шешкіміз келді? Біз қазақ ауылының экономикасын көтеруді қалаймыз. Біз отырықшыландыру жолымен астық мәселесін, қазақтар қожалығында мал шаруашылығын жөндесек дейміз. Яғни, ұлттық экономикалық теңсіздікті жою деп аталады» - деп хабарлады. Ал бұл жолда Ф.И. Голощекин бай шаруалардың көзін жою арқылы жүргізді. Кеңес үкіметінің аграрлы саясатының көрінісі осы еді.

Күштеп отырықшыландыру саясаты кезеңінде шаруашылыққа бейімделген қазақтардың саны арта түсті. Отырықшыландыру саясаты нашар деңгейдегі аудандардың басшылары өзге ұлт өкілдері болса шовинизм, ал қазақ халқы болса ұлтшыл деген айыптар тағылды. Қазақстан үкіметінің отырықшыландырудың алғашқы жылының қорытындысын шығарған тезистері шовинизмге немесе ұлтшылдыққа ғана емес, сондай-ақ оңшыл ағымға да, солшыл бұрмалауға да қысқаша сипаттама берді. Қазақстандағы отырықшыландыру үрдісіне Одақтық үкімет онша мән берген жоқ. Орталық үшін бұл жылдары шаруаларды ұжымдастыру маңызды нәрсе болды. Ал отырықшыландыру болса ұжымдастырудың көлеңкесінде қалды және екінші қатардағы міндет деп есептелді. Қазақстан басшылары көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын жаппай отырықшыландырмайынша жедел ұжымдастыруды қамтамасыз ете алмайтынын жақсы білді. Сондықтан орталықтың назарын аударуға күш салды. Отырықшыландыру кезінде бұқара арасында жаппай түсіндіру жұмыстары жүргізілген жоқ. Ол жоғарыдан түскен мекемелік тар жолмен жүрді.

Отырықшыландыру науқанын іске асыруда ашаршылық қиындықтарымен қатар әсіре зорлық-зомбылық, басқарудың әміршілдік-әкімшілдік стилі де көп зиян келтірді, Отырықшыландыру комитеті бұл іске тікелей ықпал етіп, өз міндетін орындады деуге болмайды. Оған комитеттің қосалқы басқару қызметі ретіндегі дәрежесі, Егіншілік комиссариатының, партия-кеңес органдарының аясында қалып қоюы себеп болды [13, б. 47].

Отырықшыландыру процесі қазақ халқының тағдырында айрықша роль атқарды. Бірақ бұл процесте волонтаризмнің бір күнгі табыс үшін бәрін де мансұқ еткен жауапкершілік сезімінен ада, ағаттықтарымен тежелді. Алдын ала дайындық шаралары науқанның жоспарланған қарқынын қамтамасыз ете алмады. Жоспар тек отырықшыға айналған шаруашылықтың жалпы көлемін белгілеуден аспады. Басқа экономикалық шаралар ат үсті, жүрдім-бардым шешілді, сондықтан, нәтижесі мардымсыз болды. Отырықшылық тұрмысына үйреніп үлгермеген ауылдардың халқы естерін жиып үлгерместен ырықсыз коллективтендіріле бастады. Шындығында, отырықшылықтандыру коллективтендіру науқанына байланысты қолға алынған болатын. Бұл туралы 1928 жылдың желтоқсанында БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Пленумында ашық айтылған болатын. Отырықшыландыратын халықтың шаруашылық

жұмыстарының нақты жоспарын бұл шаруашылықтардың барлығы түгелдей коллективтендірілетіндей етіп жасау керек. Жарлықшы органдар мал шаруашылықтарын коллективтендіруді астық шаруашылықтары сияқты пәрменді қарқынмен жүргізуді талап етті [117].

Мұндай талап қою, әрине, тағы да «асыра сілтеуге» әкеліп соқты. Сөйтіп, колхоздар құру кеңінен өрістеді. Мал шаруашылықтары ауыл шаруашылығы артельдеріне барлық шаруа қожалықтарын енгізді. Мысалы, Абыралы ауданында барлық қожалықтың 70 проценті дереу коллективтендірілсе, олардың саны Жамбейтіді – 80, Берқалада – 84, Жәнібекте – 95 процентке жетті [104].

Отырықшыландыру барысында қазақ шаруасының дәстүрлі шаруашылығын күйрету, әуелі мал шаруашылығын, одан кейін шаруалардың өзіне орасан зор апат әкелді. Халықтың табиғи-тарихи даму заңдықтарындер кезінде ескермеудің қандай қасіретке ұрындыратыны большевиктер жүргізген көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының күштеп ұжымдастыру және сол негізде жаппай отырықшыландыру саясатында нақты көрініс берді. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету, ет және астық дайындау науқандарындағы зобаландар, байлар қожалықтарын тәркілеу және оларды әлеуметтік топ ретінде жойып жіберу саясаты, күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру қазақ шаруаларын босқыншылыққа ұрындырды.

Қорыта келгенде, кеңес мемлекетінің аграрлық саясатында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жалпы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру негізінде отырықшыландыру көзделген еді. Жалпы отырықшыландыру науқанын іске асыруда арнайы басқару және үйлестіру құрылымдары болғанымен, әр аймақтағы дәстүрлі шаруашылықтың ерекшеліктері ескерілмегендіктен мал басының шығынға ұшырауына әкеп соқты.

2.2 Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруалар қожалықтарын тәркілеу науқанының іске асырылуы және мал басының қысқаруы

Қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік қатынастардың күрделі даму үдерісінен өтті. Кеңестік тарихшылардың еңбектерінде қазақ қоғамын зерттеуде таптық қанау, тап арасындағы күрес формасы терең қарастырылды. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу мәселесі әлеуметтік топтың экономикалық мүддесі тұрғысынан анықтау орын алды. Бұл жағдайда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның саяси және рухани жағынан атқарған тарихи қызметін қарастыру мүмкін болмады. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында көшпелі шаруашылықтың маңызды орын алатыны белгілі.

Көшпелі өмір сүру салты қазақ қоғамының саяси құрылысына, әлеуметтік құрылымына, дүниетанымына, мәдениетіне өз әсерін тигізді. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында және көшпелі шаруашылықта маңызды орынды негізгі әлеуметтік топ ретінде бай-ауқаттылардың атқарғаны белгілі. Көшпелі қазақтар арасында байлар қоғамның басым бөлігін құрады. Бірақ та, байлардың ерекше статусы болмаған, сұлтандар арасында да, билер арасында да,

қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын байқауға болады. Басқаша, айтқанда байлардың қоғамда әлеуметтік жағынан біртектес тобы болған жоқ. Сөз жоқ, материалдық игіліктің молдылығы зор пайда келтіріп қоғамдағы беделді айқындап отырды. Солай бола тұрса да, ерекше саяси құқықтар дәулеттің мол болуымен байланыстырылмады. Жекелеген байлардың орны олардың тегімен байланысты айқындалады. Мысалы, әлдебір сұлтанның экономикалық жағынан, тіпті қайыршы болуы да мүмкін еді, бірақ ол заң бойынша қоғамның сол әлеуметтік тобына үнемі бірлесіп иеленуіне берілетін барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдалана алатын. Байлардың әлеуметтік топ ретінде екі ерекшелігі болды: біріншісі – экономикалық, екіншісі – саяси. Ол ең алдымен өзінің байлығы арқылы танымал болып, одан кейін саяси билікке ұмтылды.

Қазақ қоғамындағы өндірістік қатынастарға меншіктің негізгі және бастапқы түрі – малға жеке меншіктік тұрғысынан қараған аса маңызды. Осы заманғы зерттеушілер шаруашылықтардың малмен жалпы камтамасыз етілуі мен табындардың түпкілікті құрамы арасындағы тікелей тәуелділікті айқындады. Қазақ қоғамындағы бай мал иеленушілерінің саны тұтас алғанда онша көп бола қойған жоқ, бірақ олардың меншігіндегі малдың үлесі айтарлықтай зор болды. Қазақтардың көп бөлігі «өздерін асырау үшін жеткілікті малы болмаған кедей адамдардан» тұрды. Көшпелі халықтың бұл әлеуметтік тобы өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай тәуелді өндірісшілер қатарына жатқызылуы мүмкін. Өмірлік қажеттіліктерге қарай кедей малшылар өздерінің жұмыскерлік күшін сатуға мәжбүр болды, және сондықтан бай мал иеленушілермен әртүрлі экономикалық қарым-қатынасқа түсіп отырды.

Қазақ ауылдарындағы жиырмамыншы жылдардың ішінде байлардың ықпалын әлсірету үшін жүргізілген науқандар ғасырлар бойы қалыптасқан рулық – қауымдық қағидаларға соққы бере алмады. Себебі, бұл әлеуметтік топ саны жағынан азшылықты құраса да, олардың ауылдағы қоғамдық өмірдегі саяси ықпалы күшті еді. Малға иелік етудегі теңсіздік, кедейді қанауға әкеледі деп есептелінді. Байларды, жартылай феодалдарды мұндай мүмкіндіктен айыру үшін олардың малдарын тартып алу керек деп санады. Тарихи дерекке жүгінсек, қазақ өлкелік партия комитеті мен халық комиссарлар кеңесі байларды қысымға алып, кедейлерді оларға қарсы айдап салудың келеңсіз саясатына 1919 жылдан бастап кірісіп, оны саналы түрде 1936 жылға дейін созды. Халқымыздың тарихына көз салып, зерделеп ой жіберсек сондай кезекті оқиғалардың бірі - ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу саясаты. Солардың бірі – 1928 жылғы 27 тамыздағы байларды кәмпескелеу және оларды жер аудару декретінің салған ауыр зардабы.

Қазақ ауылдарындағы байлардың ықпалын әлсірету үшін жүргізілген егістік және шабындық жерлерді бөлу науқаны ғасырлар бойы қалыптасқан рулық – қауымдық қағидаларға соққы бере алмады. Себебі, бұл әлеуметтік топ саны жағынан азшылықты құраса да ауылдағы қоғамдық өмірдегі саяси ықпалы күшті еді. Малға иелік етудегі теңсіздік, кедейді қанауға әкеледі деп

есептелінді. Байларды, жартылай феодалдарды мұндай мүмкіндіктен айыру үшін олардың малдарын тартып алу керек болды. Тарихи дерекке жүгінсек, қазақ өлкелік партия комитеті мен халық комалиссарлар кеңесі байларды батпаққа батырып, кедейді оларға қарсы айдап салудың келеңсіз саясатына 1919 жылдан бастап кірісіп, саналы түрде 1936 жылға дейін созды [11, с. 60].

Азамат соғысынан кейін кешікпей – ақ ашаршылыққа ұрынған қазақ ауылында 1922-1923 жылдары қырық тұяқтан асатын малы бар ауқатты қожалықтардың сандары аз болды. Қырық тұяқтан артық малы бар қазақ мал ауқаттылар қолында шоғырланды да, қалған мал әлді шаруаның, кедейдің, қара шаруаның, жарлының меншігіне жатты [118].

Малға иелік етудегі теңсіздік, кедейді қанауға әкеледі деп есептелінді. Байларды, жартылай феодалдарды мұндай мүмкіндіктен айыру үшін, олардың малдарын тартып алу керек болды. Осыған орай 1928 жылы 27 тамызда "Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару" туралы декрет қабылданады. Бұл қаулының орындалуы 1928 жылдың 1-қарашасына дейін деп белгіленіп, кейін он күнге шегерілді. Ал Семей округіндегі тәркілеу Қызылордадағы өкіметтің нұсқауы бойынша 1928 жылдың 25 қарашасында тоқтатылған. Тәркілеуді жүргізудегі негізгі мақсат кедейлер мен орташа тап өкілдерін байларға қатысты экономикалық тәуелділігінен және олардың қанауынан босату еді. Жалпы байлар туралы қаулыда: "Олар жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өздерінің ауқатты тұрмысымен, қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі жасайды", - деп қарастырылды.

1928 жылы 27 тамызында қабылданған қаулыға қатысты қосымшалар мен нұсқауларда тәркілеудің мақсаты мен мазмұны айқын көрсетілді. Мысалы, 1928 жылы 10 қыркүйектегі тәркілеуді жүргізуге қатысты нұсқауда: "Түсіндіру науқанындағы ескеретін жағдай ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқанын партияның XV съезіндегі ірі кулак пен байды тәркілеу жөніндегі нұсқаулармен шатастыруға болмайды. Себебі қазіргі тәркілеу дегеніміз аз уақыттың ішінде тікелей революциялық шабуыл арқылы (тәркілеу, жер аудару) байлардың ауылдағы ықпалын төмендету, ал кулак пен байды құрту дегеніміз ұзаққа созылатын шаралар. Оларды тек ЖЭС негізін қолдай отырып, бай кулакқа қарсы шыққан кедей - батрақ, орташалардың күрделі күресімен жүзеге асыруға болады. Тәркілеудің өз деңгейінде өткізілуі үгіт насихаттың дұрыс жүргізілуіне тікелей байланысты», - деп көрсетілді. Соған орай, партиялық және кеңестік органдардың шешімімен 1928 жылдың 15-ші қыркүйегінен бастап тәркілеуге қатысты үгіт-насихат жүргізіледі деп қарастырылды. Байларды тәркілеуге қатысты үгіт-насихат жұмыстары округ бойынша қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген. Тәркілеу жүргізілген 9 аудан бойынша 9 аудандық комиссия ұйымдастырылып оның қатарына 49 адам мүше болған. Тәркілеу жүргізілген аудандар төмендегідей: Бесқарағай, Қызылтан, Шыңғыстау, Жарма, Аягөз, Ұлан, Күршім, Тарбағатай және Қызылтаста жиналыстар өткізілген. Бұл жиналыстарда тәркілеуге жататын байлардың тізімі мен тәркілеу науқанын жүргізуге қатысты сауалдар талқыланды.

Жалпы 27 тамыздағы декрет округке 8 қыркүйекте ғана келіп жеткен. Ал науқанды жүргізуде басшылық ететін Округтік Комиссия 30 тамыздың өзінде құрылған. Оның құрамында: Төраға Атаниязов М.А. және Ж.Қожанов, Кеммер. Мұрзатаев және Жүмжерорман одағының округтік бөлімшесінің өкілі Ж. Шведенко болды. Бұл комиссия өз жұмысына 5 қыркүйектен бастап кіріскен еді. Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда төрт жүз бастан жоғары ірі қарасы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары ірі қарасы бар қожалықтар жатқызылған. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғарыдан басталған.

Ірі байлардың мал санын есепке алу 1928 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінің "Бір малдың түрін екіншісіне ауыстыру көрсеткіші" туралы қаулысына сәйкес жүзеге асырылды. Тәркіленіп алынған малдың 60-70%-ы қазақ кедейлеріне, қалғаны колхоздар мен совхоздарға, ал асыл тұқымды мал - мемлекеттік асыл тұқымды мал өсірушілерге берілуі тиіс болды.

Егер 1928 жылдың 1-ші қаңтарындағы мал саны мен заттарды жалпы тәркіленіп алынған мал санымен салыстыратын болсақ, онда біз айтарлықтай айырмашылықты байқаймыз. Ол әрине малдың алдын-ала сатылып жіберілуімен немесе жасырылып қоюымен түсіндіріледі. Малды жасыру тәркілеу кезінде де орын алған. Жасырудың әр түрлі әдістері қолданылған. Мәселен, малды басқа байларға беру, сатып жіберу, тұрғындар арасына немесе тіпті басқа округтерде уақытша тығып қою, кейде сенімді болу үшін орыс тұрғындарына да бере тұрған.

Тәркіленген мал кедей батрақтарға, жеке және ұжымдасқан шаруашылықтарға бөлініп берілген, Комиссияның мәлеметі бойынша, байлардың мүлкі, яғни ірі қараға балап есептегенде 7861 бас 112 колхозға және 1902 жекелеген шаруашылықтарға берілген.

Қазақстан Халкомының 1928 жылы 30 тамызда шығарған қаулысы мал санына қарай анықталған ірі байлардың жер аударылу бағытын айқындап берді. Сонымен, 1928 жылдың 27 тамызында қабылданған декрет ауылдағы байлардың ықпалын әлсіретуге бағытталды. Әрине, бұл кезде әлі де болса бай-кулақтарды тап ретінде жойып жіберуге елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-жағдай мүмкіндік бермеді. Шығыс Қазақстандағы байларды тәркілеу науқанында ондай олқылықтарға жол берілгені белгілі. 1928 жылдың көктемінде астық дайындау барысындағы тәркілеу кезінде ірі 20 бай тәркіленіп кеткен. Кейін күздегі тәркілеу науқанында олардың орнын толтыру үшін ауқатты деген орташалар да тәркіленуге ұшырайды. Кеңес өкіметі немесе жергілікті басшылар ауылды орташаландырамыз деп жүріп, көпшілік қауымды кедейшілікке ұшыратады. Соның салдарынан колхоздарға берілген малдар талан-таражға түседі. Тәркілеу науқанын жүргізу үшін алдын-ала дұрыс дайындық та жасалынбаған. Мәселен, Семей округіндегі тәркіленеді деген 68 адам бастапқыда 21 адамға азайтылады, кейін қайта көбейтіледі. Нәтижесінде округ бойынша 61 адам тәркіленеді. Қысқаша айтқанда, Шығыс Қазақстандағы байларды тәркілеу науқаны байлардың экономикалық тұрғыдан тұралап,

әлсіреуіне әкелгенімен қазақ қоғамында таптық қатынастарды қалыптастыра алмады.

Қазақта ірі байлардың көп болмағаның 1928 жылғы жүргізілген конфискация нәтижелері де дәлелдейді. Осыған орай, 1928 жылы 27 тамызда «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу жер аудару» туралы декрет қабылданады. Бұл қаулының орындалуы 1928 жылдың 1 қарашасына дейін деп белгіленіп, кейін он күнге шегерілді. Ресми мәліметтер бойынша кәңфескелеудің барлығы 696 қожалықты қамтығаны белгілі. Оның ішінде алғашқы топқа, яғни ірі байлар атарына 562, ал екінші топқа 134 қожалық жатқызылды. Дегенмен алғашқы топтағыларда түгелдей ірі байлар емес еді. Тәркілеуге ұшырағандарды әлеуметтік жағынан нақты жіктеп көрсетсек, ол төмендегідей болып шығар еді:

а) болыс басқарушылар, хандар, датқалар және т.б. тұқымдары – 245;

ә) атқамінерлер, ақсақалдар, билер (бұрынғы соттар) – 76;

б) молдалар, ишандар және т.б. – 8;

в) бұынғы алашордашылар мен шенеуніктер – 44; ірі мал иелері және ауылды кеңестендіруге қарсы болғандар – 323. Осы тәркіге ұшырағандардан ірі қараға шаққанда барлығы 144474 мал тартып алынды. Ал енді ірі қазақ байларының малдан басқа дүние – мүліктерінің көлемі қандай еді? – дегенге келсек, оны да конфискелеу нәтижелері көрсетіп бере алады. Бұларды Қазақстан бойынша жалпы тізімі төмендегідей: киіз үй, жер үй, кілем, текемет және т.б. 1327 дана; соқа – 108; тырма – 113; бункер – 29; шөп машина – 246; ат тырма – 161; сеялка – 4; егін оратын машина – 34; бидай суыратын машина – 25; тегістегіш – 6; ат әбзелдері – 329; сүт машина – 19 [119].

Яғни, барлығы 3779 дүние – мүлік зат конфискеленген. Европа немесе Ресей тәрізді елдердегі XX ғасырдың алғашқы кезеңдеріндегі ауқатты, бай шаруалармен салыстырғанда қазақ байларының тұрмысы әлде қайда жүдеу. Ал ең басты байлық малдың саны болса, ол жоғарыдағыдай.

Қазақ байлары малды кедейден күшпен тартып алған жоқ. Мал атадан балаға мұра болып қалған байлық еді. Ал барымтада бір бай екінші байдың малын тартып алды. Оның әр түрлі себептері де бар. Сондықтан қазақ байын жақсылық атаудан жұрдай, имансыз да сараң, қатыгез де қанаушы етіп тарихымызда бір жақты бейнелеу әділеттілік емес, және тарихи шындықты бере алмайды деп ойлаймыз. Сонымен қатар, қазақ қоғамының рулық туыстық принциптерге негізделуі және қазақ байларының жерді меншіктенбеуі, олардың ерекше байлық көрінісі – сәулетті де салтанатты сарайлар салумен әуестенбеуі, негізінен киіз үйлерде тұрып, өзінің кедей туысы тәрізді көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс кешуі қазақ қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік таптар мен топтардың өзараантогонистік қырғи – қабақ және ашықтан – ашық жауласуына жол бермеді.

Кезінде мұны байқаған және осыған байланысты өз пікірлерін айтқан ғалымдар және саяси қайраткерлер болды. Мысалы, профессор Кушнер қазақ ауылынан тап күресін іздегендерге қарсы былай деп жазды: «Мен тап күресін

жән әлеуметтің таптарды босқа іздепін, нақты тап түсінігіне сәйкестікті іздедім, бірақ, таппадым».

Кезінде қазақ қоғамын жақсы білген алаш интеллигенциясының да осындай көзқараста болғаны белгілі. Бірақ, Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтарда бай мен кедейдің араында таптық қайшылық жоқ: оларда рулық мүдде мен жалпықазақтық мүдде таптық мүддеден басым түсіп жатады», - дегендей пікірлері кейіннен большевиктер тарапынан «реакциялық теория» ретінде өткір сынға алды.

Тәркілеу саясаты қазақ қоғамына ауыр соққы болып тиді. Бұл аграрлық реформадан Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі аймақтары да шет қалмады. Аталған науқан қазақтың аграрлық саясатымен қатар, қонақжайлыққа негізделген мәдениетін де күйзеліске ұшыратты. Қазақ қоғамында ақыл-ойымен абырой-беделге ие болған текті әулеттің ұрпақтары да кеңестік саясаттың шырмауына ілінді. Бұл науқан «қарадан шығып хан болған» Құнанбай ұрпақтарын да айналып өтпеді. Солардың бірі Абайдың ұлы Турағұл Құнанбаев еді.

Семей округі Шыңғыстау ауданының тұрғыны Тұрағұл Ибрагимовты тәркілеуге қатысты 1928 жылдың 23 қарашасындағы жеке ісінде былай деп көрсетілген: «Ибрагимов Турағұл танымал және абыройлы рубасшысы, патша өкіметі тұсында болыс басқарушысы және ауқатты болған. Алашорда үкіметі қызметіне кіріскен жылдары олардың негізгі қолдаушыларының бірі болып Қолчак билігімен бірлесіп, кеңестік билікке қарсы күресіп, ауылда рулық жүйені ұстанып, ауылда кеңестік саясатты орнатуға кедергі келтірді» [120]. Алайда Тұрағұлдан бар болғаны 36 бас қана мал тәркіленген екен. Алайда, жоғарыда көріп тұрғанымыздай, байлардың санатына қосылған.

Архив құжаттарындағы 1928 жылғы 27 тамыздағы қазақ байларын тәркілеуге байланысты қабылданған декреттегі Қаражан Үкібаевтың жеке ісінде оған мынадай мінездеме берілген: «Қаражан Үкібайұлы жеті атасынан бері қарай байлығы үзілмеген шонжар, шіріген бай, әрі Алашорданың маңдайына басқан байының бірі болып, Алашорданың өмір сүруіне жанын салып қызмет етті. Кеңес үкіметіне дұшпандық ниетте болып, қазақ ауылындағы кедейлерді аузына қаратып, Қаражан аты жер жарған» [121].

Үкібаев Қаражан, 1 топ санатында, 66 жаста, отбасының 4 мүшесі бар, Қосшы қолындағы ірі қара мал 1/1-101,17-ге ауыстырылған, патша кезінде болыс басқарушысы болған, ақ гвардияшылар кезінде қызылдарға қарсы кеңестік биліктің орнатылуына барынша кедергі жасап, рулық алауыздықты тудырды. 1926 жылы үш жылға жер аударылып, бірақ қашып кетті. Қазіргі уақытта басқа бай Әділев Икемен бірге қашып жүр» [122]. Яғни, көріп отырғандарыңыздай, тәркілеу науқанына дейінгі Қаражан Үкібаевтың барлық іс-әрекеттері тіркелген.

Семей-Шыңғыстау өңірінде елге белгілі тағы да бір тұлға Ақкенже Ақмағамбетов. Ақкенже Өскенбай әулетінен тарайтын, ауқатты тұқымдардың санатынан екендігі белгілі. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Алашорда

басшыларымен тізе қосып қимылдаған азаматтардың бірі де осы Ақкенже болатын.

1928 жылғы нәубет оны да айналып өтпеді. Тәркілеу құжаттарындағы жеке ісінде оған төмендегідей анықтама берілген: «Ақкенже Ақмағамбетов Семей округінің Шыңғыс болысы ауылының №4 казактарынан шыққан. Үйленген, отбасы 5 адамнан тұрады. 480 бас ірі қара және 12000 бас ұсақ мал бар, үнемі 6 батырақ жұмыс істейді. Патша үкіметі мен Колчак билігі тұсында би болды; Алашпартиясының мүшесі болды. Алашорда отрядтарына кедейлерді тартумен айналысты және материалдық қолдау көрсетті. Ол кеңеске қарсы белсенді қызмет атқарды, ол үшін сот және тергеу жүргізілуде. Ел арасында айрықша беделге ие» [123].

Ақкенже Ақмағамбетовке Семейдің Орталық Атқару Комитеті осы куәлік берді, ол 1928 жылғы 27 тамыздағы БОАК және ҚССР ХКК декретіне (ірі бай-жартылай феодалдарды көшіру және тәркілеу туралы) және Өлкелік Атқару комитеті Төралқасының 1928 жылғы _ қазандағы №45 қаулысына сәйкес, оның отбасы құрамы төменде көрсетілген: Жұмжұмның әйелі 31 жаста, Қызы Фаридә 9, - Ләбиба 6, Ұлы Серікжан 15, Анасы Тыржымық 71 жаста. 1928 жылғы 30 тамыздағы КазСовнарком қаулысына сәйкес осы округтің Атқару Комитетінің нұсқауы бойынша Сырдария округінің шегіне, жергілікті жерге шығарылады [124].

Сондай-ақ қазақ даласын аты шыққан ірі бай, қазақ руханиятының қамқоры саналатын Маман байдың ұрпақтары да ұжымдастыру саясатының құрбаны болды. Байлығын ел игілігіне жұмсаған Маман әулеті 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулыға сәйкес тәркілеу тізіміне жатқызылды. Мұрағат қорларынан алынған мәліметтер бойынша Ақсу ауданынан Маман әулетінің 6 ірі байының мал-мүлкі тәркіленген. Мамановтардың 1928 жылғы тәркілеу істерінде төмендегідей анықтама берілген: «Маманов Есенғұл, Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі, Биен-Қуенді болысы, №5 ауыл (Қазіргі Биен-Ақсу ауданы) қазағы, 50 жаста, 1 ондық егіс, 515 бас ірі қара, 1500 ұсақ мал (ірі 815 басқа аударылған) тізім бойынша 178 бас ірі, 976 ұсақ мал (ірі 377-ге аударылған) бар. Сонымен қатар, Ұлы Абдулламен бірге 23 ірі және 130 ұсақ (және 49 ірі малға), барлығы 426 бас тіркелген.

1928 жылы 2690 р. сомада қосымша жеке салық салынды, отбасы 17 адамнан тұрады, экономикалық жағынан мықты және орыс автократиясы жанындағы «Қадыралы» руынан шыққан бұрынғы би, материалдық Алашордаға көмектескен, Қытайға екі рет қоныс аударған, мал ұрлығы үшін жауапқа тартылған, реакциялық ниетте болған» [125] деп сипаттама берген.

Тәркілеу бойынша екі айлық жұмыс барысында ауылдың еңбек бұқарасымен кездескен Есенғұл Мамановтың революцияға дейін «Қыдыралы» руынан шыққан, шексіз билікті қолданғаны анықталды. Оның ықпалы, күші және ол жасаған озбырлығы бір ауылмен немесе бір болыспен шектеліп қана қоймай, көптеген «Найман» рулары мекендейтін кең аумақты басқарды. Тіпті, Мамановтар өздерінің ықпалын бүкіл уезге және тіпті провинцияға таратты. Ірі сауда операцияларын жүргізе отырып, Мамановтар Семей, Ақмола

губернияларының саудакәсіпкерлерімен патша билігі және Ақпан төңкерісі тұсында берік байланыста болды. Олар қазірдің өзінде ауылдың еңбек массаларын патриархалды негізде феодалдарға бағындыру міндетін қойған жоқ, бірақ ұлттық буржуазиялық үстемдікке қол жеткізді және Есенғұл Маманов осы ұлттық буржуазиялық қозғалыстың белсенді қатысушысы болды [126].

Әрине, бұл анықтамалардағы айыптаулардың барлығы шындыққа сай келеді деп айтуға болмайды. Тергеу органдары тарапынан жүргізілген үрдістер көбіне бір жақты, яғни жала жабу сипатында болғаны анық. Себебі, Жетісудағы Маман ұрпақтарының игі істері сол кездегі қазақ қоғамына кеңінен танымал болатын. Тіпті, төңкеріске дейінгі мектеп салу, қазақ оқығандарын қалыптастыру істерін айтсақ та жетіп жатыр.

Тәркілеу қарсаңындағы есепке алынған мәліметтерді қарайтын болсақ, 1928 жылдың 10 тамызындағы жағдай бойынша Қарақаралы округі, Қу ауданы, 1 ауылдың қазағы Ақаев Хасеннің жеке ісінде: «Отбасында 5 адам, 1230 ірі, 700 ұсақ малы бар. 15 жыл болыс басқарушысы болған. Колчак үкіметі тұсында Қарқаралы төтенше земство жиналысының төрағасы болған. Патша билігі кезінде Ақаев Ахмет Байтұрсыновтың билікке қарсы заңсыз жинаалысына қатысуы себепті жер аударылған» [127] деген мәліметтер кездеседі.

30 жылдарындағы отандық тарихтың ақтаңдақ парақтары саналатын «Кіші Қазан» саясаты, 1928 жылғы Декрет, 1929-1931 жылдардағы ұжымдастыруға қарсы көтерілістер, 1932-1933 жылдардағы ашаршылық – қазақ халқын сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да аяусыз шығынға ұшыратты. Халық пен зиялы қауымның арасындағы көпір болған, ел тізгінін ұстаған текті әулеттері, хан-сұлтандар мен билердің тұқымдары, қазақ қоғамының экономикалық тірегі болған байлар осы саясаттың құрбаны болып кете барды. Бұл қазақ халқының сан ғасырлар тарихындағы ең үлкен мәдени, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық апат еді.

Ал енді Қазақстан үшін феодализм қоғамын еншілеп алсақ, мынаны байқар едік, жиырмасыншы жылдары қазақ даласында толыққанды, дәстүрлі үлгідегі феодалдық табы болған жоқ. Мұны голощекиншілдер мұны іштей мойындап, 1928 жылы тәркіленген ең ірі қазақ байларын: «Крупный бай – полуфеодал» - деп сипаттады. Яғни толық феодал емес, жартылай ғана феодал. Бұларда көп емес, үш жүзден сәл асады. Қазақ байы толыққанды феодал болмағандықтан да қазақ шаруалары басыбайлықтың қамытын киген жоқ [119, с. 93].

Таптық жіктелуге емес, ағайыншылыққа, бауырласуға шақыратын осындай пікір голощекиншілдерге ұнаған жоқ. Көшпелі шаруашылықты шебер жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолын меңгерген қазақ қоғамының еті тірі және пысық тобы – байлардың көзін жоймайынша қазақтарды дамудың басқа жолына түсіру мүмкін еместігін Голощекин қазақ өлкелік партия комитетінің қазақтың VI конференциясында жартылай феодалдарды түп тамырымен құрту, байға күшті қысым жасау негізінде ауылды

орташаландыру және қазақ батырағына, кедейіне және орташасына ерекше көмек беру мәселесін партия бұқарасы алдына негізгі міндет етіп қойды [128].

Бұл міндеттерді жүзеге асыруға қажетті алғы шарттар Ф. Голощекин Қазақстанға келгеннен кейінгі алғашқы жылдарда – ақ жасалған еді. Бұлардың негізгілері мыналар болатын:

– ауыл кедейлерінің, батырақтарының және әл – ауқаты төмен орташалардың байларға қарсы экономикалық және саяси күрес жүргізуі үшін ұйымдастырылған Қосшы Одағы ұйымы қайта құрылып, арнайы тазартудан өткен-ді. Оның құрамына ек мыңға жуық бай, атқамінер шығарылды;

– 1926 жылы басталған шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу 1927 жылы кең көлемде жүргізіліп, байлардан көп жер, мысалы, бұрынғы Орал губерниясында 84605 десятина, ал бұрынғы Жетісу губерниясында - 31961 десятина, бұрың Семей губерниясында – 17154 десятина, Қостанай округінде – 17365 десятина шабындық, егістік алқаптары тартып алынып, кедейлерге берілді. Бірақ көп жағдайда рулық қауымда баймен өзара сыйластықта болған кедей, ата салтын аяқ асты етпеді, өз жер үлестерін меншіктеніп кеткен жоқ. Оның үстіне ол жерді игеруге қазақ шаруасының диқаншылық дағдысы, құрал – саймандарды да жетісе бермеді. Ал енді мұндай жайылымда жаятындай мал кедейдің мандайына біте де қоймаған. Сондықтан бөлінген жер негізінен бұрынғыдай ауқатты шаруалардың малы жайылатын рулық жайылым болып қала берді.

Қазақ байларын тәркілеу туралы декреттің өзі 1928 жылы тамыздың 27 – сінде қабылданды. Онымен бірге БК(б) II қазақ өлкелік комитеті «Барлық еңбекшілерге» деген үндеу де қабылдады. Декрет те, үндеу де 5 қыркүйекте баспа сөзде жарияланды. Бұлар қазақ байларын тәркілеудің 20 қыркүйекте басталып, 1 қарашада аяқталатынын ескертті [128, с. 70]. Мал мен мүлік кәмпескелеп, жер аударуға 700-ден астам ірі байлардың есімдері аталды. Бұл заң бойынша көшпелі аудандарда ірі қараға шаққандғы мал басы алынды. Көптеген аудандардаасыра сілтеніп, көптеген орта шаруалар да кәмпескеленді. Сонымен бірге жер аударуға, кәмпескелеуге дін иелері, бұрынғы хан – сұлтан тұқымдары, болыстар жатқызылды. Кәмпескеленетін аудандар үшке бөлінді: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы аудандар бөлінді.

Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шыққанда төрт жүз бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүзден бастап жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғары қарай болды. Бірақ осы соңғы аудандарда қазақ АКСР Х КК жүз тұяғы барларды ірі бай қатарына жатқызып тәркілеуге құқықты болды. Ел ішінде тәркілеудің мән – маңызын түсіне алмаған еңбекші халық қарауындағы малдарын сатып, халықтық шаруашылықтың дамуына қауіп төндіреді. Бұл келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін Қаз ОАК тек мыңдаған малдары бар бай қожалықтар тәркіленуге түсетінін ескертіп, хабарлап отырғанм [129]. Декрет, әсіресе, көшпелі аудандардағы қожалықтарға шектен тыс қатал болды және қазақ АКСР Х КК-нің алғашқы көшпелі аудандағылардың малы көрсетілген саннан аз болған күннің өзінде бұл

адамдарды – егер ауылда ықпалды болса, кеңестендіруге қарсылар ретінде жер аудару құқығы болуы.

1928 жылғы 27 тамыздағы үкімді іске асыру барысында жер – жерлерге үкімді орындаушы бірнеше мыңдаған адамдар жөнелтілді. Әрбір ауылда он – он бес шақты батырақтар мен кедейлерді жұмылдырған комиссиялар құрылады. ОГПУ өкілдері шектеусіз құқыққа ие болды. Бұл мекеменің басшылары қазақ байларының заңсыз Қытайға өтіп кетуінен қауіптеніп, шекарада қатал бақылау жүргізуді іске асырады. Сондықтан, арнайы бағдарламада Бахты, Зайсан, Жаркент жерлерінде шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жедел топ жіберілетіні айтылған.

1928 жылы қыркүйектің 13-де және қазанның 17-де қабылданған жартылай феодал ірі байларды тәркілеуге және жер аударуға қарсы тұрғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Қазақстан үкіметі мен өкіметімен қабылдаған заңдарды қосымша шаралар берілді.

Бұлардың «Ірі және жартылай феодал байларды тәркілеуге және жер аударуға қарсы тұрғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» деп аталатын алғашқысында, атынан да көрініп тұрғандай, тәркілеу туралы Қазақ АКСРОАқ – нің және ХКК –нің қаулысына көнгісі келмегендер, оны жүзеге асыруға қарсы тұрған байлар мен бұрынғы артықшылығы бар топтарға жататындар «Жедел түрде қатал қылмыстық жауапкершілікке және Қазақстаннан тыс жерлерге жер аударылуға жататын» болды [130]. Сонымен қатар осы заңның екінші, үшінші баптарында үгіт жүргізіп, өсек таратып немесе бұқараның және ұлттың наным-сенімдерін пайдаланып, халық толқуларын ұйымдастырып, жаппай тәркілеу мен жер аудару жұмыстарына қарсы шығып, дүние-мүлкі мен малдарын жасырып қалғысы келгендер Қылмыстық кодекстің 58, 169 баптар бойынша айыпталды. Шаған, Қызылтаң, Краснооктябрьск, Бесқарағай болыстарында халықтық сот арқылы ауқатты адамдардан мал мен мүлкі тәркіленді. Осылардың ішінде Шаған болысында тәркілеу ісі белсенді жүргізіліп, 14 бай халық сотына салынды [131].

Сонымен, әділдік іздеген байларға тұйықтан шығар жол – басқалардың оларғаара тұруларына ешқандай мүмкіндік қалдырмауы. Сондықтан үкіметтің шындыққа көзін жеткізіп, байлардың ісін қайта қаратамыз деп талпынушылардың көп болмағаны белгілі. Жоғарыдағы заңдар ел ішін жаппай дүрліктіріп, қуғын – сүргінге, заңсыздыққа, жаппай тұтқынғаалуға жол ашты. Қысқа мерзімде, тәркілеу барысында Қазақстанның он округінен 148 адам тұтқындалды, 69-ның ісі прокуратураға берілді, ал 34-і босатылды. Тамыздың 30-да Қазақстан үкіметі ірі байлар жер аударылатын аудандарды нақты анықтады.

Байларды тәркілеу аса қатал жүргізіле тұрса да оның кедейлердің бір бөлігі тарапынан қолдау тапқанын архив құжаттары дәлелдейді. Мұның өзі негізінен кедейлердің байдың малын бөліп аламыз деген түсінігінен туындаған еді. Мәселен, Семей округінің Белағаш ауданындағы бір қазақ қызметкерінің бір жиындайтқан сөзінде: «Қазақ елінің кедей бөлігі үкіметтің қаулысын қуана қарсы алды. Менің ойымша Кеңес үкіметі Қазақстандағы кедейлер тобын

құртуда игі қадамдар жасады», - делінген болатын. Бірақ, Малдың едәуір бөлігінің (30-40%) колхоздарға берілетінін, ал малды бөліп алғандардың да кешікпей колхоздарға кіріп, байдан алған малды мемлекетке етке өткізуге немесе колхоздарға қайтаруға тура келетінін ол кезде кедейлер толық түсіне қойған жоқ. Мұны олар кейінірек түсінді және сондықтан да шаруалар көтерілістеріне белсене қатысты [132].

Ал енді халықтың негізі, қалың бұқарасы байларды көптеп тәркілеу саясатын белсенді қолдай қойған жоқ. Көп жағдайда байдың жер аударылуына бүкіл ру, ауыл – аймақ қайғырды.

Бай тәркіленудің аман қалу үшін әр түрлі әдіс, айлаамал іздеді. Ата – бабадан қалған мал кейінгі өрен – жаранға ырыс – берекеге емес, бәле болып жабысты. Ауқаттылар мал – мүлік, дүниені туыстарына бөліп берді.

Бұдан байлардың өздері ғана емес, олар тұратын ауданы мал шаруашылығы да күйзелді.

КазОАК пен ХКК – ның шешімі бойынша үкімге қарсы келген немесе басқа да оқыс әрекеттерді ұйымдастырғаны үшін байларды кінәлап, оларды қатал қылмыстық жазаға және Қазақстан аумағынан шет аймақтарға жер аударып отырған [133]. Ресми мәліметтер бойынша, 696 тәркіленгеннің 669-ы өз округтерінен басқа жаққа жер аударылған. Қазақстан Халкомының 1928 жылы 30 тамызда шығарған қаулысы мал санына қарай анықталған ірі байлардың жер аударылу бағытын айқындап берді.

Мәселен, Семей округіне Қостанайдан жер аударылып келгендер – Бесқарғай, Белағаш, Қызылтан, Ұлан, Жарма, Жаңа Семей, Аягөз аудандарына қоныстандырылу көзделді [134].

Жалпы, Семей округінен Сырдарияға жер аударылған шаруашылықтардағы адам саны 446, оның 99-ы ер адам, 125-і әйел адам, 121-і жасы 18-ге толмаған ұлдар, 101-і жасы 18-ге толмаған қыздар болды. Жер аударылғандардың ішіндегі 45 адам Комиссияның шешіміне сәйкес келмейтіндігін айтқан, алайда 45 шағымның ешқайсысы да қанағаттандырылмаған. Түрмеде өлгендіктен және өлімші ауру болғандықтан аман қалғандар бұл санға енбеген. Тағы бір назар аударатын нәрсе – көшпелі аудандардаалпыс төрт қожалықтың ғана тәркіленуі. Мұның өзі бұл жылдары қазақта мыңғырған малы бар ірі байлардың шамалы болғанын тағы да дәлелдей түседі. «Жартылай феодалдар» дейтіндердің барлық ауқаттылардың 19,4 проценті ғана болуы да осының куәсі. Мысалы, Семей округінде декретті қолдану 9 ауданда: Бесқарағай, Қызылтан, Шыңғыстау, Аягөз, Жарма, Ұлан, Тарбағатай, Күршімде жүргізілді. Бұл ауданда 64 қожалық тәркілеуге түсіп, оның ішіндегі 20 адам жартылай – феодалдар, қалғаны 44-і ірі мал иеленушілер.

Ал енді тәркіленген малдан кедейлер, мемлекет қандай пайда тапты екен. Алдын ала жасалған жопар бойынша үкімет жоғарыдағы байлардың 225 972 бас малды тәркілейміз деп үміттенген еді. Бірақ, үміт ақталмады, барлығы 144 474 бас мал ғана тәркіленді. Бұл белгіленген жоспардың 64 проценті ғана. Алдын ала берілген малдың есебінің дұрыс жасалмағанын Қазақстан басшылығы кейіннен мойындауға мәжбүр болды. Ірі байлардың мал санын

есепке алу 1928 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің «Бір малдың түрін екіншісіне ауыстыру көрсеткіші» туралы қаулысына сәйкес жүзеге асырылды. Ол қаулы бойынша ірі қараға екі жастан асқан жылқы, сиыр, өгіз, түйе жатқызылды. Малдың қалған түрлерінен бір ірі қараға үш бас құлын, екі бас тай, 1,5 бас құнан, 1,5 бас құнажын, 3 бас тайынша, 5 бас қой, бас ешкі, 3 бас меринос қойы, 3 бас бота, 2 бас тайлақ теңестірілген. [135] Тәркіленіп алынған малдың 60-70% қазақ кедейлеріне, қалғаны колхоздар мен совхоздарға, ал асыл тұқымды мал – мемлекеттік асыл тұқымды мал өсірушілерге берілуі тиіс болды. Аудан комиссиясының мәліметі бойынша, жер аударылған байлардың тәркіленген жалпы мал санының көрсеткіші (Қосымша А)да көрсетілген [136].

Егер 1928 жылдың 1-ші қаңтарындағы мал саны мен заттарды жалпы тәркіленіп алған мал санымен салыстыратын болсақ, онда біз айтарлықтай айырмашылықты байқаймыз. Ол әрине малдың алдын – ала сатылып жіберілуімен немесе жасырылып қоюмен түсіндіріледі. Малды жасырутәркілеу кезінде де орын алған. Жасырудың әр түрлі әдістері қолданылған. Мәселен, малды басқа байларға беру, сатып жіберу, тұрғындар арасына немесе тіпті басқа округтерде уақытша тығып қою кейде сенімді болу үшін орыс тұрғындарына да бере тұрған.

Барлық тәркіленген малдың 10,2% отырықшы аудандардан, 83,3% жартылай көшпелі аудандардан еді. Тәркіленген малдың үлес салмағы аз бола тұрса да көшпелі аудандардағы байлар қожалықтары бәрінен де көп зиян шекті. Ал тәркіленуден негізгі ауыртпалығын жартылай көшпелі аудандар көтерді [136, п. 105].

Ал енді тәркіленген малды шаруашылықтар түрлеріне жіктер болсақ осынша малдың 118 919 тұяғы жеке шаруашылықтарға (74,3%) және колхоздарға (25,7%) таратылып берілді. Жекешелердің ішінде осы малдығы он сегіз процентін малы жоқ қожалықтар алды. Яғни, малсыз әр қожалық орта есеппен 8-9 бас малға (ірі қараға шаққанда) ие болды. Жалпы төрт тұяққа дейін ғана малы бар кедей қожалықтар жекешеге бөлінген малдың тоқсан процентін алды. Тәркіленген малдар негізінде жағадан 292 колхоз құрылды.

Тәркіленген байлардың күнкөрісіне өте аз мал қалдырды. Бұл 4614 бас мал ғана мал, тәркіленгеннің 6,4 процентін ғана құрады. Жер аудару кезінде жол ақысы өз қалталарынан төлеулері тиіс болған тәркіленген байлар бұл аз ғана малдың өзін де сатуға мәжбүр болды. Мұнда тәркілеу нұсқауға сәйкес әр қожалыққа бөлініп берілген мал он екі тұяқтан аспауы тиіс деген қағида басшылыққа алынған. Бірақ, біз жоғарыда айтқандай, батырақтар мен кедейлердің көпшілігі бөліс кезінде мұнша малға ие бола алмады. Малдың едәуір бөлігін (25,7%) жақ құрылған колхоздар алып қойғандықтан, онсыз да көп емес тәркіленген мал жекешелерге жетпеді. Сөйтіп, байларды тәркілеу нәтижесінде малға қарық болып, байимыз деп дәмеленген көптеген батырақпен кедей үміті ақталмады. Малға ие болған кедейлер мен батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Олардың өсіп – өнуіне,

өркендеуіне малдан басқа материалдық, құрал – жабдық, қора – қопсы, қыстау, азық – түлік жем – шөбіне т.б. қажет еді.

Қазақстан жағдайын жақсы білген агроном – маман М.Г. Сириустың 1926 жылғы есептеулері бойынша, осы жылдары бір мал шаруашылығы қожалықтарының қалыпты өмір сүруі үшін – ол жасы да, түрі де әр қима 170 тұяққа, ал ірі қараға шаққанда 55 тұяққа ие болуы керек еді [137].

Мал басының мұндай өсіміне жету үшін зерттеуші ғалым В.В. Благовещенский төмендегідей шараларды жүзеге асыруды ұсынды:

1. Шөп оруды кең таратып, артық жемшөп қорын ұйымдастыру, жұт жылдары мол жеммен және т.б. қамтамаыз етуарқылы орнықты мал шаруашылықтарын құру.

2. Алқаптар ұйымдастыру (жерге ұтымды орналастыру).

3. Қожалықтарды ұжымдастыру және олардың жекелеген бөлімдерін кооперативтендіру.

4. Сатуды ұйымдастыру (өнім сапасы базар талабына бейімдеу, индустрияландыру, темір жолдар тарабын жетілдіру және т.б.).

5. Қайтарымы аз малшылар қауымын малды көбейтуге бағыттап, қаржыландыру.

Голощекин бастаған Қазақстан басшылары жеке мал шаруашылығы қожалықтарын қаржымен қолдауды қажет деп таппады. Жеке секторға 1927-1928 жылдары бір тиын көмек ақша бөлінбесе, ал 1928-1929 жылдары кедейлер қожалықтары мен ауыл шаруашылығына бөлінген қаржының 22,5% ғана, орташылар 25,3% ғана, кулак – бай қожалықтары 0,9%-ғана ала алды. Егер бұларды нақты ақшамен көрсетсек, 1928-1929 жылдары кедей қожалықтарындағы әрбір 116 серіктік, 764,8 мың, орташалар 1546,8 мың кулак – байлар қожалықтары 60,1 мың сом ғана ақша қаражатын алған. Мұндай жағдайда, әсіресе, кедейлердің өз қожалықтарын меңгеріп кету қиын. Сондықтан, олардың көбі жаңадан құрыла бастаған колхоздарға кіруге мәжбүр болды. Олар байларды тәркілегенде болмашы малдарын сатып, жіберді немесе бордақылап сойып алды, орташа да жетіскен жоқ. 1928 жылдан бастап, қалпына енген астық және дайыдау науқаны көп кешікпей оларды да тұралатты.

Ал Семей округіндегі тәркілеу Қызылордадағы үкіметтің нұсқауы бойынша 1928 жылдың 25 қарашасында тоқтатылған. 1928 жылы 27 тамызда қабылданған қаулыға қатысты қосымшалар мен нұсқауларда тәркілеудің мақсаты мен мазмұны айқын көрсетілді. Мысалы, 1928 жылы 10 қыркүйектегі тәркілеуді жүргізуге қатысты директивада: «Түсіндіру науқанындағы ескеретін жағдай ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқанын партияның XV съезіндегі ірі кулак пен байды тәркілеу жөніндегі нұсқаулармен шатастыруға болмайды. Себебі қазіргі тәркілеу дегеніміз аз уақыттың ішінде тікелей революциялық шабуыл арқылы (тәркілеу, жер аудару) байлардың ауылдағы ықпалын төмендету, ал кулак пен байды құрту дегеніміз ұзаққа созылатын шаралар. Оларды тек ЖЭС негізін қолдай отырып, бай кулакқа қарсы шыққан кедей – батырақ, орташалардың күрделі күресімен жүзеге асыруға болады. Жалпы алғанда байға қарсы үздіксіз дамып отыруы

кажет. Тәркілеудің өз деңгейінде өткізілуі үгіт насихаттың дұрыс жүргізілуіне тікелей байланысты», - деп көрсетілді. Соған орай, партиялық және кеңестік органдардың шешімімен 1928 жылдың 15 – ші қыркүйегінен бастап тәркілеуге қатысты үгіт – насихат жұмыстары округ бойынша қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген. Тәркілеу жүргізілген 9 аудан бойынша 9 аудандық комиссия ұйымдастырылып, оның қатарына 49 адам мүше болған. Тәркілеу жүргізілген аудандар төмендегідей: Бесқарағай, Қызылтан, Шыңғыстау, Жарма, Аягөз, Ұлан, Күршім, Тарбағатай және Қызылтас. 1 қарашадағы мәлімет бойынша жалпы 889 жиналыс өткізілген, оған 60633 адам қатысқан. Бұл жиналыстардың 63-і партия жиналысы оған 1197 адам қатысты, 39-ы комсомолдық оған 1323 адам қатысқан, 53-і кедей – батрақтардың, 36-сы әйелдердің жиналысы болса, 36855 адам қатысқан біріккен жиналыс өткен. Бұл жиналыстарда тәркілеуге жататын байлардың тізімі мен тәркілеу науқанын жүргізуге қатысты сауалдар талқыланған [137, п. 68].

Сонымен, 1928 жылдың 27 тамызында қабылданған декрет ауылдағы байлардың ықпалын әлсіретуге тырысты. Қазақстан аумағында 700-дей шаруашылық тәркіленіп, олардан 145 мың ірі қара мал тәркіленіп алынған. Әрине бұл кездегі әлі де болса бай – кулақтарды тап ретінде жойып жіберуге елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдай мүмкіндік бермеді. Алайда, Шығыс Қазақстандағы байларды тәркілеу науқанында ондай олқылықтарға жол берілгені белгілі. Мәселен, 1928 жылдың көктемінде астық дайындау барысындағы тәркілеу кезінде ірі 20 бай тәркіленіп кеткен. Кейін күздегі тәркілеу науқанында олардың орнын толтыру үшін ауқатты деген орташалар да тәркіленуге ұшырайды. Кеңес үкіметі немесе жергілікті басшылар ауылды орташаландырамыз деп жүріп, көпшілік қауымды кедейшілікке ұшыратады. Соның салдарынан колхоздарға берілген малдар талан – таражға түседі. Тәркілеу науқанын жүргізу үшін алдын-ала дұрыс дайындық та жасалынбаған. Мәселен, Семей округіндегі тәркіленеді деген 68 адам бастапқыда 21 адамға азайтылады, кейін қайта көбейтіледі. Нәтижесінде округ бойынша 61 адам тәркіленеді. Қысқаша айтқанда, Шығыс Қазақстандағы байларды тәркілеу науқаны байлардың экономикалық тұрғыдан тұралап, әлсіреуіне әкелінгенімен қазақ қоғамында таптық қатынастарды қалыптастыра алмады.

Шығыс Қазақстанның Қытаймен шектесетін шекаралық аудандарынан көшкен қазақтардың тағдырына қатысты мұрағат деректері мен құжаттар жинағы және отандық ғалымдардың зерттеулері қамтылған XX ғасырдың 20-30 жылдары жүзеге асырылған қазақ байларын тәркілеу, малшы халықты ұжымдастыру шаралары, осы кезеңде жіберілген қателіктер мен асыра сілтеушіліктер, бұлардың асауыр зардаптары ең ауқымды түрде және соңғы мәрте қазақ халқының өз атамекенінен ауа көшуіне әкеп соғады. Байлардың, сонымен бірге қалың бұқараның көшуіне себеп, 1928 жылғы 27 тамыздағы қазақ байларын кәмпескелеу туралы қаулының шығуы еді. Қаулы қабылданбай тұрып-ақ ел арасында сыбыс таралып, шекараға жақын аймақтардағы ауқатты-байлардың арасында шет елге қоныс аудару қозғалысы басталды. 1928-1929 жылдардағы астық және ет өткізу науқандары мен шаруа қожалықтарының

мүліктері мен малдарын тәркілеу көшпелі қатынастарда өмір сүрген меншік иелерінің дәстүрлі мал шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Алайда Қазақстан Республикасы өзінің құрамы бойынша мәдени жағынан артта қалған ұлт және революцияға дейін бірдей мен бұрынғы әлеуметтік артықшылықты топтар кеңес өкіметінің ауылдар мен ауылдардағы арандатушылық үгіт-насихатын таратып, ұлтшылдықты қоздыратын негізгі қызметіне кедергі келтірді. Олар бұл ең алдымен кедейлерді экономикалық тәуелділіктен сақтайды және республиканың экономикалық және мәдени дамуына кедергі келтіреді деп санады [137, п. 68]. Жергілікті халық тәркілеу науқаны күшіне енгенге дейін малын сатуға дайындалып жатқан. Тәркілеу қарсаңында қазақтар шекарадан өтіп, көптеген заң бұзушылықтардың салдарынан көшеге шығуға кірісті. Тарбағатай айдандық екінші кеңестік төраға Төрағасы Ерыбаев Әділбек: «Осы Нақ Тарбағатай болысында алғаш рет төрт ақпан ақпанында айдайдақықықықықықы және оның баласы 200-ден астам қой бар. Бұл қазақтардың Қытайға қоныс аударуының алғашқы себебі. Екінші себеп, Кеңес өкіметі орнағанға дейін ата-аналары мен туыстарынан бөлінген отбасыларға «үкімет салық төлеуден жалтарған және аз салық төлеу үшін мүліктеріңізді әдейі бөліп алды» деп айып тағылған. Кеңес өкіметінің мұндай қысымы қазақтардың шекарадан Қытайға өтуінің екінші себебі болды [138]. Науқан қарсаңында елде осындай жағдайлар орын алды. Бұл шекараасып көшуде наразылықтың бір түрі болатын.

Осындай үдере көшудің бір көрінісі Тарбағатай болысының №5 ауылдық советінің азаматы Увалия Нұртазының мәліметі бойынша былай деп айтылған: «Қытайға көшу себебі: қазақтарға артық мал жазылды. Маған 32 бас мал артық тіркелген болатын. Ауылдық советтің төрағасы Бураханов Ахмет 5 ауылдың барлық жан басына мал жазып қойды. Бураханов барлық қазақтарға «советтік билік сендерге 10 қой, 2 сиыр, 12 жылқы қалдырып, қалғанын алады» деді. Осы келеңсіз құбылыс және дұрыс жолға қойылмаған санақ қазақтардың жаппай Қытайға өтуіне түрткі болды [139]. Жоғарыда аталған шаралардың барлығы да тәркілеудің алғышарттары болатын. Ең бірінші көшкендерді бастылары бай-кулактар болды және олар мал-мүліктерін сақтап қалу үшін шекараасуға мәжбүр болды. 1928 жылы 22 наурызда Зайсан уездік комитетінің секретары Савченконың Семей ГубКом-ның мүшесі Резниковқа жолдаған хабарламасында қазақтардың Қытайға үдере көшуі былай сипатталады: «Күзеуін, Хабарасу, Тарбағатай, Майқапшағай, Алқабек болыстарының байлары қазақтарды Қытайға өтуге көндірген. Бірнеше бай Қытайға өтіп кетті. Қашып бара жатқандардың 27-сі шекара жасақтарына ұсталып тұтқындалды. Мал-мүліктері тізімге алынып, тәркілеуге жатқызылды. Байлардың Қытайға көшуге үгіт-насихаттары өте қатты жүрген». Осы құжаттар жинағындағы №4 құжатта Зайсан кавалериялық шекара жасағы Зайсан ААК 1928 жыл 21 тамыздағы хабарламасында: «16 тамыз түнінде Зайсан ауданы №4 ауыл азаматтары Қытайға үдере көшті. 65 шаңырақтан құралған бұл топқа «Қосшы» одағаның төрағасы Дауменов Наурызбай мен ВЛКСМ мүшесі Жанпейісов Қасым басшылық жасады және қарулы жағдайда болды» [140] – деп атап

көрсетілген. Шекараасып көшудің бастауында байлар тұрғанымен, оларды колдаушылар, ұйымдастырушылар коммунистер болғанын байқаймыз.

Бұған қарап, Кеңестік саясаттың ызғарының оларға да тигенін аңғару қиын емес. Тәркілеуге науқанында елдің шекараасуы көбейе түсті. Осыған байланысты Бақты, Зайсан, Жаркент шекаралық аудандарына арналған шифрограммада: «Бірінші қыркүйектен бастап байларды тәркілеу науқаны күшіне енеді. Мүмкіндігінше байлардың қалың тобын бөгеу шекарадағы сіздердің міндеттеріңіз» деп қатаң, әрі жедел түрде тапсырма берілген [141]. 1928 жылы 20 желтоқсанда Зайсан аудандық атқару комитетінің төрағасы Ақжелеевтің ақпары: «Қолда бар мәліметтер бойынша 14 қожалық қашып өтті, сегізі қайта оралған». Малдың едәуір бөлігі 14 қожалықпен 29130 бас Қытайға кеткен. Қосшы одағының қолында 574 бас мал бар, 105 мал сатылған. 72 бас мал жетпей қалған [95, с. 7]. Ақиқатында малдың едәуір бөлігі шекараасып кеткен байлардың қолында қалған.

Ауа көшулерінің 1930 жылы қорытындысы бойынша бір жыл ішінде Қытаймен шекаралық үш ауданнан төмендегідей қожалықтар көшкен: 1. Зайсан ауданында – 1238. 2. Марқакөл ауданында – 61. 3. Тарбағатайда – 417. Барлығы – 1716. Ал енді шекарадан өтерде осы үш ауданнан шекара отрядтарының қанша қожалықтарды ұстап алғандығы туралы мәлімет: 1. Зайсан ауданынан – 518. 2. Марқакөлден – 21. 3. Тарбағатайдан – 221. Барлығы – 760. Бұл аудандардың шекараға іргелес орналасуы жан сақтап, бас сауғалауға тиімді болды [142]. ОГПУ-дің Қытайға ауа көшкен жайындағы 1930 сәуірдегі 3 аудан халқының көшкендерінің нақты санын береді: Мақаншы ауданы бойынша ақпан айында – 33 кедей қожалық, 39 орташа, 6 бай қожалық; Наурыз айында – 191 қожалық барлығы колхозшылар. Барлығы – 269 қожалық көшкен. Зайсан ауданы бойынша ақпан айында – 135 кедей, 127 орташа, 38 бай қожалық; Наурыз айында – 47 кедей, 114 орташа, 42 бай қожалық. Барлығы – 503 қожалық. Жиыны екі аудан бойынша 772 қожалық көшкен. Тарбағатай ауданы бойынша (мәлімет толық емес). Ақпан айында – 33 бай, 10 орташа, 13 кедей. Бұл көшудің себептері негізінен тәркілеу, ет дайындау науқандары, алым – салықтың мөлшерден тыс көбейтілуі еді [143].

Осындай заңсыздықтардың, бас бұзарлық әрекеттерінің алдын алу үшін, Қазақ ОАК 1930 жылы 3 сәуірде «Қытаймен шекаралас аудандарға бай-кулактардың қожалықтарының заңсыз шекараасып, көшуіне қарсы күрес шаралары» туралы қаулыды мынандай мәселелер қамтылған: 1. Ауа көшпекші болғандарды мынандай жағдайлар шекара шебінен ары 100 километр ары қарай қоныс аударту керек: а) Шекара сызығын қыйып өтерде ұсталған барлық бай-кулактарды немесе шекара асып көшпекші болып сөз шығарып, ниет етіп жүргендерге; ә) Шекара асып өтерде отбасы қалып қойып, басшылары көшіп кеткен жағдайда. 2. Қоныс аудару барлық жағдайда аудандық және атқару комитетінің шекаралық күзет қызметінің материалдары негізінде өлкелік атқару комитетінің қаулысымен бекітіледі. Қазақ АКСР ХКК төрағасы Исаев [140, с. 23]. Бірақ бұл қаулы қабылданса да, бұған құлақ асқан халық болмады. Топ құрып, қарақшылық әрекеттермен айналысып, шекарадан өтушілерге

көмектесіп, өткісі келмегендерді күшпен әкетіп отырған. Кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны болған 1929-30 жылдары Қытайға өтіп кеткен жекелеген байлардың ізінше жергілікті кеңес үкіметінің органдарының әділетсіздіктерден кейін, көп кешікпей-ақ орташалар мен кедейлердің де Қытайға жаппай өтулері басталды. Қытай жағына алғаш өткендер, ол жақта бай кедейге бөліп қудалаудың жоқ екенін бірден байқады.

Олар бұл туралы Кеңестер одағында қалған өздерінің туыстарына да үздіксіз хабар беріп, оларды шақырды. Ал мұның өзі шекарааудандары қазақтарының біразын қалай да Қытайға өткен жөн деген бір жақты шешімге келтірді. Соның бір көрінісі ретінде 1930 жылы Мақаншы аудандық ОГПУ бөлімінің өлкелік комитетке жергілікті халықтың Қытайға көшуі туралы жедел хатында: «20-25 сәуір аралығында Қытайға қашқан қазақтар: орташалар 5 қожалық, жан басы 27, мал саны 10 жылқы, 25 ірі қара, ұсақ мал 92, түйе 1. кедей қожалық 27 адамды 127, мал саны 19 ат, ірі қара саны 65, ұсақ мал 86, 2 түйе деп халықтың әлеуметтік құрамы материалдық деңгейі де көрсетілген [144]. Осы деректен-ақ 1930 жылдары ауа көшудің бұқаралық сипат алғаны көрініс береді. 1930 жылдары ұжымдастырудың нәтижесі колхоздар құрыла бастады. Колхозға біріккендер негізінен алғанда орташалар мен кедейлер болатын. Сонда қоныс аударудың бірі 1930 жылы 11 шілдеде түнде Қытайға Май-Қапшағай заставасынан 10 колхозшы көшті, оның біреуі орташа, қалған 9-ы кедейлер. Мал саны құрамы жағынан 12 жылқы, 14 ірі қара, 22 ірі қара. Шілденің 26-ы түнде осы учаскеден 50 қожалық Қытайға өтіп кетті. Қанша малы бары анықталмаған. Қолда бар мәліметтер бойынша оларға Қытайдан қаруланған қазақтар көмекке келген [145]. Арғы беттегілердің туыстарын көшіріп алуға бағытталған мұндай әрекеттері «қарақшылық әрекет» деп бағаланды.

Атамекенінен ауа көшу 1931 жылы да толастамады. 1931 жылы тамызда Аягөзге жақын әртүрлі аудандардан Қытай шекарасына жақын Еміл өзеніне 2,5-3 мың ауа көшуші қожалық жиналып, 15-20 мың малын айдап шекараасып өтпекші болады. Алайда бұл қозғалысты сезген ОГПУ жендеттері көштің алдын бөгеп, кейін қайтаруға тырысады. Көштің үлкен бөлігі өзеннен өтіп үлгереді. Көшуші басқарушылар негізінен ру старшындары, моллалар, бай-кулактар қаруланған, әрі қарулы қақтығысқадайын жағдайда болған [146].

1929 жылдың соңына дейін шекара бұзып, Қытай асқандардың әрекеттерін байлардың асып-сасып, жаппай шетелге қашулары деп білген ОГПУ органдары бұған онша мән бермей, оларды арнайы тіркеуге алуға жете көңіл бөле қоймаған болса, біртіндеп 1930 жылдың басынан бастап, Қытайға жөнкіле көшулер колхозшылар мен кедейлер екені анықтала бастады. 1932 жылдың ақпанындағы жедел барлау мәліметтерінен Батыс Қытайдағы босқындардың көңіл күйі туралы ақпарат. Эмигранттардың өздерін көшіріп жіберу туралы бұйрықтармен танысуларына байланысты қазақ эмиграциясының бай-кулак бөлігінің көңіл-күйлері тұнжыраңқы және қайтып оралуға мүлде қарсы. Эмигрант байлар негізінен Қытайда тұрақтап қалуға және өмір сүруге рұқсат алуға мүдделі. Эмигранттардың кедейлер-орташалар

топтары совет өкіметінің ССРО территориясында емін-еркін тұруға рұқсат бергені туралы сыбыстың оларға жетуіне байланысты көктемде Қазақстанға қайтуды көздеуде [147]. Зайсан шекара отрядының аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Мұхамедшинге жолдаған хабарламасы бар жайды бүкпесіз баяндайды. 1929 жылы 30 қарашада Қытайдағы Алтай аймағы жағынан Нұрғали Мұқабаев бастаған 30 адамдық қарулы топ шабуыл жасай отырып, Алқабек өзені маңында 60 отбасын көшіріп әкетті. Кергентас тұсынан Мұқан Мәсілімов «бандасы» 40 отбасын көшірді. 1930 жылғы қаңтарда Сауыр арқылы Әлен княздігінің иелігіне 128 шаруашылық (құрамында 582 адам, 4421 мал бар) өтті. Олардың көшуіне Әленнің адамдары көмектесті. Сол жылы 16 қаңтарда, одан кейін 28 қаңтарда Қытай жеріндегі Таңғыт үкірдайдың адамдары 80 шаруашылықты көшіріп әкетті.

Ақпан айында Қоңыр қажы Мәжитов бастаған жақсы қаруланған жүз адам 97 шаруашылықты көшірді. 6-10 ақпанда Шағаноба арқылы 100 шаруашылық, ал 11 ақпанда Алқабек өзенінің жағасында шекарашылармен атысып, 30 отбасы Қытайға өтті. 17 ақпанда Сауыр тауы арқылы 93 шаруашылық шекарадан асты. 20 ақпанда Ақкөзек тұсынан 160 шаруашылық, 24 ақпанда 60 отбасы шекараны бұзып өтті. Атыс болып, бір шекарашы өлді. Елдің Қытайға қашуы көктемде одан ары жалғасқан. 1930 жылғы 15 наурызда шекара отрядының бастықтары Дарын заставасынан 300 отбасы 8600 малымен, Жеменей кенті тұсындағы застава аумағынан 1260 отбасы 1840 малымен, Қабық тауына қарай 240 отбасы 6000 малымен, Дөрбілжін уезіне 600 отбасы 14200 малымен өтіп кеткенін хабарлады. Шекараның арғы бетінен және бергі бетінен елдің көшуін басқарды деген Алтай аймағындағы 29 адамның, Жеменей уезіне делініп адамның, Дөрбілжін уезінде деп 25 адамның аты-жөндерін жазып, тізімін жасаған [148].

Аталған мәліметтер бір жылдың ішінде көшкен Зайсан ауданына қарасты қазақтардың саны. Ал басқа да шекаралық өңірлерден ауа көшкен елдің атамекенінен безіп, жан сақтау үшін кеткендері қаншама. Көшудің себептері әр қилы болды. Мысалы, 1931 жылы Күршім ауданынан Қытайға 170 қожалық өтіп үлгерген екен, оның 30-ы бай қожалық, қалғандары кедейлер мен орташалар. Ауа көшудің ішінде 5 коммунист және 9 комсомол болған. Бұл коммунситер мен комсомолдардың ауа көшкен рулық қожалықтың мүшелері екендігін білдіреді. Көшудің себептері төмендегідей: Тәжірибелік жоспарлау мен шаруашылық басқаруда ірі қателіктер жіберілген. Саяси-шаруашылық істердегі бұрмалаулар. Революциялық заңдылықтардың әлсіздігі. Ауылдың ұйымдардың әлсіздігі. Байлардың абырой-беделімен рулық байланыс және Қытайдағы қазақ руларымен жақсы қатынасы. Осы бес жағдай Қытайға көшуге себеп болды.

Жоғарыда құжаттарда келтірілген мәліметтерде кездестіргеніміздей, шекара асқан қазақтарға кеңестік билік «банды», «контрреволюционер» деп айдар таққан қазақ жасақтары көмектескен болатын. Қытайдағы қазақ жасақтары қазақтардың шекараасып көшулері кезінде аса зор істер атқарды. Солардың ішінде бүкіл қазаққа белгілі Райымжан Мәрсеков болды. Ол Алаш

интелегенциясынан алғашқылардың бірі болып шет елге қоныс аударған және ондағы қазақтарды Алаш қозғалысы тарту үшін зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген. ОГПУ деректері бойынша шетелдегі Райымжан Мәрсеков басқарған қазақ орталығының мақсаты төмендегідей болған: а) ССРО жерінде контрреволюциялық топтар ұйымдастыру, оларға басшылық жасау; ә) Халықты Қытайға жаппай өткізу үшін қарулы бандалар тобын ұйымдастыру; б) Көтерілісшілерге нақты қарулы көмек көрсету. Алға қойылған міндеттерді іс жүзіне асыру үшін контрреволюциялық орталық кеңес өткізген. Алғашқы кеңес 20 адамның қатысуымен болыс меңгерушісі Қойтамбайдың үйінде 1930 жылы мамырда КСРО-дан жаппай қорғайтын, Қытай жеріндегі бандиттік құрылымдарды күшейті мәселесі бойынша өткен [149]. Міне, шетелде құрылған қазақ жасақтары көшіп барған қазақтарға қорған болды. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы Қойтас ауылының тұрғыны, 1907 жылы туған Салықов Арғынбек былай дейді: «1930 жылы өкімет малды колхозға алды. Ел 1931 жылы колхозға біріктірілді. Байлардың малдарын кәмпескеледі. Кейбіреулерін 10-15 жылға түрмеге жапты, жер аударды. Шет жерге кеткен ауқаттылар мен кедейлерді «бандлар» деп атады. 1931 жылы тауларда «банды» мен НКВД-ның арасында шайқастар болып тұрды [150]. Негізінен Қытайға қоныс аударған халықтың жай-күйі осындай. «Бандылар» деп аталған қарулы жасақтар осындай ел игілігіне қыстау заманда халықты қатарын сиретпей, тығырықтан алып шығу болатын.

Шығыс Қазақстанның аудандарында тәркілеу және жер аударуға қатысты шаруалар көтерілістері 1931 жылы ақпан айында басталған шаруа толқулары басылысымен Қазақ ОАК төрағасы Е. Ерназаровтың Абыралы, Қу, Қарқаралы, Шұбартау, Шыңғыстау аудандарына жасаған сапары кезінде тұрғындардың арыз шағымдарын қабылдаған. Бір Абыралы ауданы мысалында алып қарасақ, ауданға қарасты №1, 2, 3, 4, 5, 10, 13 ауылдарында 1931 жылдың 28 ақпанынан 10 мамырына дейін тұрғындардан түскен арыз-шағымдарда негізінен жергілікті билік органдары мен уәкілеттілердің салық, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау науқандары кезінде тұрғындардан жоғарғы жоспарды орындауды талап етіп, жеке шаруашылық иелерінің қатарына жатқызу дерегі бойынша заңсыздықтар көрсетілген.

Абыралы ауданына қарасты ауылдарға ет салығымен қоса, жүн салығын салып, егін екпейтін елден астық дайындауды талап еткен. 1930 жылы №6 ауылға жүктелген 138 пұт жүнді дайындау тапсырмасы орындалмаған. Осы науқанға қарсы үгіт жүргізді деп, ауыл тұрғыны Атымтай Базылбековті айыптап, жер аудару туралы шешім шығарған. Кейінірек Қытайға қашуды барысында Атымтай Базылбеков пен Шұбартау ауданынан Ахмет Қарамұрзин және т.б. ұсталған. Оларды астыртын топтасып заңсыз жиындар өткізді және Ике Әділұлымен байланыс орнатып, Қытайға қашуға әрекет жасады деп айыптаған [29, б. 85]. Алдын ала мал-мүліктерін сатып, қару-жарақпен қамтамасыз етілді. Шекарадан өту жоспарларын әзірлеп, жиналыс өткізді. Алдын ала барлау жүргізіп қауіпсіз шекара дәліздерін пайдаланды.

1931 жылы Кеңестік биліктің жүргізген ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау науқандарына қарсы ірі шаруа көтерілістерінің бірі Қарқаралы округіне қарасты Абыралы ауданында болды. «...Бұл көтеріліс сол жылдары Қазақстанда аудан көлемінде кеңестік билікті құлатқан 40 мыңнан астам адам қатысқан 15 ірі көтерілістің бірі болып табылады» [151]. Ал БМСБ ӨӨ-нің «1929-1931 жылдары Қазақстанда болған шаруа бас көтерулері туралы» анықтамасында: «1931 жылы ақпан айының ортасынан бастап, бұрынғы Семей округінің бірқатар аудандарында бандалар бас көтерді. Оқиғалар ірі байлар мен жартылай феодалдардың ұйымдастыруымен Абыралы ауданында басталды. 9 ауылды қамтыды, нәтижесінде бандалардың бас көтеруі Шыңғыстау, Көкпекті, Жарма, Шұбартау, Шет, Қоңырат аудандарына таралды. Бас көтерулер барлығы 36 ауылкеңесті қамтыды» [31, с. 115] – деп, Абыралы ауданындағы көтеріліске қатысқан шаруаларды әлеуметтік жағдайына қарай «ірі бай» және «жартылай феодалдар» ретінде көрсеткен.

Байлар мен кулактарды тап ретінде жою шараларын даярлау мәселесіне байланысты Өлкелік партия комитеті жанынан жасырын «үштік» құрылды. 1930 ж. 23 қаңтардағы «үштіктің» алғашқы жасырын мәжілісінде жаппай коллективтендіру болатын аудандарда кулактар шаруашылығы мен байлар қожалықтарының иесін жер аударуды 2 бағытта жүргізу: 1. Қазақстанның өз ішінде. 2. Қазақстанның тыс жерлеріне жер аударуды көздеген мақсатта өтті. Жаппай коллективтендіру болатын аудандарынан шамамен 20 мың семьясын Қазақстанның жерінің өзінде, ал 30 мыңнан астамын Қазақстаннан тыс жерлерге жер аудару, қоныстандыру көзделді.

Жер аударылғандарды жұмыстарға қалай пайдалануға болатынын шешу үшін ППОГПУ-ға екі күн мерзім берді. Осы жұмысты ұйымдастыру үшін округтарда да «үштіктер» құрылды. Олардың құрамына округтік партия комитетінің төрағалары мен ОГПУ-дың бастықтары кірді. Оларға кулак семьяларын есепке алуға 10 күн мерзім берілді. Қысқасы барлық жұмыстар асығыс, шұғыл және қатал жүзеге асырыла бастады. Сонымен, партия, Кеңес және ОГПУ органдары арандатқан шолақ белсенділер өз халқына қарсы аяусыз соғыс жариялады. «Тап ретінде жою» деп жұмсартылып айтылып жүрген қазақ шаруаларына қарсы бұл соғыста әсіресе, өлкелік партия комитеті жанынан құрылған «бай-кулактарды тап ретінде жою» шараларын даярлаған құрамында Қармысов, Алыненский, Асылбеков кірген комиссия ерекше «белсенділік» танытып еді. 1930 ж. ақпанында байлар мен кулактар қожалықтары жер аударылатын Құладүз, Барсакелмес аудандар белгіленді. Олар теміржол мен өнеркәсіп орындарынан, шекарадан әлдеқайдаалыс, қашық, елсіз-сусыз, шөл және шөлейтті, бұрын ел тұрмаған аймақтар болатын. Алғаш бұл аудандарға шамамен 24000 бай – кулактар қожалықтары жер аударылды. Өкіметке қарсы ұйымдасып кетпеуі үшін «жер аударылатындардың әр бір жаңа ауылы 50 үйден артпауы тиіс» еді. Жалпы айтқанда, 1927-28 жж. аралығында 1 млн. адам қуғын-сүргінге ұшыраған екен. «К концу января 1930 г. В районах республики была осуществлена ликвидация 3123 кулацко-байских хозяйств, а большая

часть имущества безвозмездно передана колхозам», - деп жазады П.Ф. Дахшлейгер [152].

Қорыта айтқанда, Шығыс Қазақстан өңірінде жүргізілген саяси науқандар, атап айтқанда жеке меншікті жою айтарлықтай өз нәтижесін бере қойған жоқ. Біріншіден, қаймағы бұзылмаған қазақ қоғамын дәстүрлі даму жолынан бірден шығару «Кіші Қазан» үшін де мүмкін болмады. Екіншіден, өздерінің іскерлігімен мал басын көбейтіп отырған ауқатты шаруалар шаруашылықтары бүтіндей жойылды, бұл өз тарапынан мал шаруашылығын дамытуға үлкен нұқсан әкелді. Шығыс Қазақстанда ауқатты шаруалар қожалықтарын тәркілеу аса күрделі сипатқа ие болып, орны толмас аштыққа әкеп соқты.

2.3 1930-1933 жылдардағы ашаршылық және оның салдары

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары жүзеге асырылған аграрлық өзгерістер дәстүрлі мал шаруашылығына нұқсан келтіріп, қазақ халқының өз ата мекенінен ауа көшуіне әкеп соқтырды. Халықтың көп бөлігі туған жерін, елін тастап, ашықтың зардабынан өз ауылынан екінші бір ауылға, бір қаладан екінші бір қалаға бағыт алып жаппай қоныс аудара бастады. Босқыншылықтың немесе туған жерден көшіп кетушіліктің 1928-1933-шы жылдар аралығында аса көлемді көрініс бергені және әсіресе, көшпелі жартылай көшпелі қазақ шаруалары өмірінде терең қасіретті із қалдырғаны белгілі.

1928 жылдың 14 наурызындағы Бүкілресейлік ОАК Президиумының «Ірі байларды отбасыларымен тұрақты тұратын жерлерінде жер пайдалану және тұру құқығынан айыру және олардың мүлкін тәркілеу туралы» қаулысында: «РКФСР-дің Қазақстан сияқты кейбір артта қалған өлкелері, РКФСР-дің орталық губерниялары сияқты революциялық даму кезеңдерінен өтпеді, сондықтан бұл өлкелерде революциялық кезеңге дейінгі ескі қатынастарға әлсіз әсер етіп, рулар мен байлардың толық экономикалық және саяси үстемдігін қалдырды. Кеңес өкіметінің тәжірибесі көрсеткендей өлкелердегі бай, манаптар, беделді рулар мен бұрынғы сұлтан, хандардың ұрпақтары әлі күнге дейін Кеңес өкіметінің бітіспес жаулары болып табылады; олар ауыл мен кишлақтағы Кеңес өкіметінің негізгі іс-шараларына барлық жағынан кедергі келтіреді, қасақана үгіт жүргізеді және Қазақстан ұлттары арасындағы рулық араздық пен ұлттық қайшылықтарды қоздырады; бұл ретте рулық қатынастар мен кедейлердің экономикалық тәуелділігі, осылайша аталған ұлттық республикалардың экономикалық және мәдени даму қарқынын кешіктіреді». делінген. Осы қаулыға сәйкес байлар, ру басылар мен бұрын қазақ қоғамында артықшылықтарға ие болған адамдардан, кедей және орта шаруаларды экономикалық тәуелділіктен босату мақсатында ірі байлардың 100-ден астам мал басы және мал өнеркәсібі бар отбасыларын, барлық мүлкін тәркілеу арқылы тұрақты тұратын орындарында жер пайдалану және тұру құқығынан айырды» делінген [153]. Тағы бір ерекшелігі мал мүлкін тәркілеп жер аудару шаралары 3 ай көлемінде аяқталу керек екендігі талап етілген.

1925 жылдың 20 наурызында қабылданған «Бұрынғы қазан төңкерісіне дейін шаруалылықтар мен жер пайдалануға құқығы болған жер иелерін құқығынан айыру туралы қаулыға сәйкес 1928 жылдың 14 наурызында қосымша баптар қосып, қазақ қоғамындағы үстем тап өкілдері деп есептелген тұлғаларға қатысты мал-мүлкін тәркілеу мен қатар жер аудару шаралары басталып кетті. Партия комитеттері мен Кеңес үкіметінің шешімдері негізінде жеке шаруашылықтар асығыс түрде жойылып, колхоздар құрыла бастады. Қоғамның үстем тап өкілдеріне қатысты қудалау басталды. Қазақстанда ұжымдастырудың басталуы алдымен бұл шараларға әлеуметтік-экономикалық және саяси жағынан қарсылық көрсетуге барлық мүмкіншілігі бар тап өкілдерін жою алға қойылды.

1928 жылы 22 наурызда Зайсан уездік комитетінің хатшысы Савченконың Семей губерниялық комитетінің мүшесі Резниковпен тікелей сым арқылы хабарламасында қазақтардың Қытайға қарай шекара асып көшуіне қатысты былай баяндама берген: «Күзеуін, Хабарасу, Тарбағатай, Майқапшағай, Алқабек болыстарының байлары қазақтарды Қытайға өтуге көндірген. Бірнеше бай Қытайға өтіп кетті. Шет елдерге кетіп жатқандардың 27-сі шекара жасақтарына ұсталып тұтқындалды. Мал-мүліктері тізімге алынып, тәркілеуге жатқызылды. Байлардың Қытайға көшуге үгіт-насихаттары өте қатты жүрген». Қазақ АКСР-сы бойынша БМСБ ӨӨ-нің алдағы тәркілеу шарасына байланысты байлардың белсенділігі туралы 1928 жылы 15 тамызға берген қорытындыларында: «Осы жылы шілде айының соңында Зайсан ауданынан Батыс Қытайға 153 отбасы қоныс аударды, олар өздерімен бірге 6600 бас ұсақ және 1000-ға дейін ірі қара малын алып кетті. Тамыз айының басында сол ауданнан шетелге бірнеше ауыл ірі қара малымен кеткен. Тамыз айында Қытайдан эмигранттарға көмек ретінде жіберілген 16 қарулы адамның көмегімен жүрді» [153, с. 259]. 1928 жылдан бастап ірі шаруашылық иелері шет елдерге жаппай көше бастады. Кеңестік билік бұл трансшекаралық қозғалыстарды тоқтату үшін шекара күзетін күшейтті. Республикамыздың шығысындағы Ресей, Қытай сияқты шекаралас елдерге көшу барысында қарулы қақтығыстар жиі орын алған. Қарқаралы уезіне қарасты 12 ауылындағы «Сарт қыстағы» деп аталатын жерден Ресейдің Кемерово облысына көшіп кеткен Біләл Ысқақұлының қызы Сарқыттың бізге берген ауызша естелігінен: – «Түнде қаштық, сай-сайға тығылдым, артымнан оқ атты» деп, әкем айтып отыратын. Ол кезде жасы 13-те екен» [154].

Ауқатты шаруа қожалықтары кедейлердің қатарына жатқызылу үшін туыстарына және жақындарына малдарын тарату жағдайларыда орын алды. Басқалары өз малдарын аймақтың базарларында сатты, бұл Семей губерниясының жыл басындағыдай бағаның күрт төмендеуіне әкелді. Тағы біреулері Қытайға жақын шекара арқылы қашып, өз бастары мен табындарын аман алып қалу үшін пана іздеді .

Кеңестік биліктің шекараға жақын аудандардан тұрғындардың көшіп кетуін тоқтату мақсатында қолданған шаралары нәтиже бермеді. Шекаралас аудандарда орналасқан БМСБ агенттері Шыңжаңға кетуге тырысқан кезде

қамауға алынғандардың тізімін жасады, оларда тәркіленген малдың толық тізімі бар. Партия қызметкерлері шер жерге кеткендердің көпшілігі байларға жатпайтындығына таң қалды, олар көбіне қарапайым шаруалар. Партия қызметкерлерінің көзқарасы бойынша бұл қашу, ішінара трансшекаралық туыстық байланыстардың болуымен және қанаушылардың үгітінің әсерімен түсіндірілді. Голощекин және оның әріптестері де бұл істі түсіндіруде: «байлар туыстарын қашуға мәжбүр етті, ал шетелдік агенттер оларға шекарадан өтуге көмектесті» деген көзқараста болды [155]. Осындай тұжырым мәселенің шындығын бұрмалайды. Бұл жерден біз қатаң қысым жағдайынан адам баласының өз өмірін және отбасыларының өмірлерін сақтап қалуға ұмтылғанын көреміз.

Мәселен, Семей округіне қарасты Шыңғыстау ауданының тұрғыны Ике Әділовті жер аудару және тәркілеу туралы №43 ісінің №20 жеке парағында: «Бұрынғы басқарушы және би болған... Ике Әділов 1927 жылы ОГПУ алқасының қаулысы бойынша Рубцовск округіне әкімшілік жер аударылды, 1928 жылы ол жақтан қашып кетіп, Шаған бойындағы тауларға жасырынған» делінген [28, б. 239]. «Мұрағат деректеріндегі Икенің жеке істеріне қарағанда, төңкеріс қарсаңында ағасы Мұсатаймен қатар болыс сайлауына түсіп, Ике жеңіске жетеді. Бұл жағдай ағайын арасының бүлінуіне түрткі болады. 1918 жылы Икенің жазған арызына байланысты Мұсатай Молдабаев тұтқынға алынып, 40 күн қамауда отырады. 1919 жылдың көктемінде Икенің жақтастары оның қатысуынсыз Мұсатай Молдабаевтың ауылына шабуыл жасап, салдарынан Мұсатайдың інісі Исатай мерт болып, Ғабжан және Халабия есімді екі інісі жараланады. 1920 жылдары губернияда Совет үкіметі орнағаннан кейін Мұсатай Икеге қарсы белсенді күрес жүргізе бастайды. Колчак билігі кезінде қуғындалып, қамауда отырғанының арқасында жергілікті большевиктік билік алдында сенімге ие болып, Нұрғали Құлжановпен жақын байланыс орнатады» [156].

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шараларының алғашқы кезеңінде бай-кулак атанғандар мал-мүліктерін сақтап қалу үшін шекара асуға мәжбүр болса, ал орташа және кедей шаруалардың үдере көшуіне жергілікті органдардың заңсыз әрекеттері тікелей себеп болған. Осылайша ұжымдастыру шараларына қарсы шаруалардың алғашқы наразылықтары шетелдерге миграция түрінде байқалды. Шығыс Қазақстанмен шекаралас Ресейдегі Алтай аймағы қазақтарының да Қытайға ауа көшуі орын алған. Миграцияның негізгі бағыттары Қазақстанның түрлі өңірлері, Шығыс Сібір, Қиыр Шығыс, Моңғолия және Қытай болған. «Ұжымдастыру саясатына байланысты наразылықтың артуы 1930 жылы наурызда қазақтар арасындағы толқуларға ұласты, ол Ойрат облысының Қос-Ағаш өңірі және Қазақстанның іргелес аудандарын қамтыды. ОГПУ мен армия күштерінің толқуларды басу кезінде қоныс аударуға әкелді, нәтижесінде Қос-Ағаш аймағының қазақ ауылдық кеңесінен Қытайға 100-ден астам адам қашып кетті, негізінен орта шаруа және кедейлер көшкен.

Жағдаймен санаспай, зорлық-зомбылық әрекеттің көрінісін 1928 жылы 17 ақпанында Мақаншы болыстық атқару комитетінің бұрынғы уәкілі Қайырқанов

Рахметулланың өтінішінен көреміз. Онда ол: «Осымен сіздерге мынаны баяндаймын. Қарқынды салық науқанын өткізу кезінде мен Барлық ауылы бойынша уәкіл болдым. Мен сол жерге барып, жұмысқа кіріскенімде, бір тәуліктен кейін менің артымнан ОАК уәкілі Т. Жаманов Барлық ауылына келді, ол екі жерде азаматтар жиналысын өткізіп, халықтың үш күндік мерзімде салықты жинауын талап етті. Үш күн ішінде салық толығымен жиналмаса мүліктерін тәркілеу шараларына кірісетінін жеткізді. Нәтижесінде бұл халық наразылығына алып келді. Мал мүлкінің тәркіленуінен қорыққан тұрғындардың 80 үй-шаруашылықтары Қытайға шекара асып кетті» дейді [153, с. 149].

1928 жылы ақпан айында Семей губерниясы аудандарындағы жұт қауіпін төндіретін жағдай туралы губерниялық комиссия төрағасы Айтбасовтың баяндамасынан: «Өткен жаздың құрғақшылығы Қарқаралы уезіне қатты әсер етті, онда астық пен шөптің шықпауына байланысты халық қалыпты жылдары дайындалған мөлшерде азық-түлік пен жем-шөп дайындай алмады. Бастапқыда уездік атқару комиттеттеріне уездің барлық 15 болысының жағдайы туралы хабарланды; қазіргі уақытта бүкіл уезді зерттеу аяқталғаннан кейін 15 болыстың тек 12-сі ғана ең көп зардап шеккені анықталды, зерттеу деректері осы уақытқа дейін 11 болыс бойынша ұсынылған». Бұл болыстар мынадай сандық деректермен сипатталады: болжамды деректер бойынша Қарқаралы уезі шаруашылықтарының 59% дейін кедей (10 басқа дейін мал бар) тобына жатқызылуы тиіс. Қарқаралы уезі бойынша 1928 жылдың ақпан айындағы мал басының санын (Қосымша А)да көреміз [153, с. 64-65].

Француз тарихшысы Изабель Огайонның монографиясында «жергілікті биліктің ауыл тұрғындарын салық төлеуде алаяқтық жасайтыны туралы айыптау әдеттегі тәжірибеге айналды. Салық салу нормасы екі жыл ішінде (1927-1928), бүкіл КСРО-да міндетті жеткізілімдерді төмендету үшін, айыпталған бай шаруаларға қарсы репрессиялық шаралардың нәтижесінде 10 есе өсті. Бұл тұрғыда салық заңнамасы маңыздылығы жағынан да, тәркілеу жиілігі жағынан да басты орынды алды, өйткені бұл жалғыз дәлел және негізгі айыптау пунктісі болды» делінген [157].

Кеңестік билік қаражаттың жетіспеушілігін ауылды жерлерді, яғни ауыл-селоларды қанау есебінен толықтырды. Бұл ауыл шаруашылығына тікелей зардаптарын тигізіп, мал шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Шаруаларға салық салу ісінің маңыздылығын БК(б)П ОК бас хатшысы И.В. Сталиннің Новосибирск қаласынан В.М. Молотов пен С.В. Косиорға жолдаған шифро телеграммасынан байқауға болады: «ақшаны жинау барысында салық өндіріп алуды 15 ақпанға белгілеу туралы шешім қабылданды. Өзіне өзі салық салуды кешіктірдік. КСРО ОАК заңы, БОАК заңына сәйкес келмейді. Бұл келіспеушілікті жою керек» делінді [158].

1928 жылы 28 шілдеде жергілікті биліктің заңсыз әрекеттері туралы Семей губерниясының бір топ азаматтарының И. Сталинге жолдаған жеделхатында: «Көктемде Семей губерниясында ауылдық жерлерде «өзіне өзі салық салу» науқаны басталды, азықтандыру мен көктайғақтың салдарынан малдың өліміне қарамастан, жергілікті билік халықты және бізді еңбекші қазақ

өмірінің жалғыз қайнар көзі болып табылатын өз малдарын су тегін сатуға мәжбүр етті. Ірі қойлар 2 рубльге сатылды., ең жақсы жылқы 20 руб., киіз үй 50-100 руб., кілем 4 руб.» делінді [153, с. 233]. Бұдан 1928 жылдың 1 қаңтарындағы қаулы шешімдерінің бұзылғанын көреміз. Бұл жеделхатты Алькамунов, Ченгожина, Нураков, Нуракова сияқты және т.б., барлығы 26 адам қол қойып жазған. Олар Сталиннен арнайы комиссия құрып, тергеу шараларын жүргізу арқылы кінәлілерді жазалауды сұраған.

1928 жылы 4 қазанда РКФСР ХКК және БОАК «1928-1929 жж. өзіне өзі салық салу тәртібі туралы» қаулысы қабылданып, нәтижесінде ауылды жерлерде өзіне өзі салық салу жүйесі өзгерді. Бұл өзгерістер өте қайшылықты болды. Бір жағынан, басқару құрылымдары тарапынан халыққа әкімшілік қысым шараларына жол бермеуге назар аударылса, екінші жағынан, өзіне өзі салық салу үшін ауыл тұрғындарының жалпы санының кем дегенде 50% қатысуы қажет болды. Жиынның шешімі бойынша негізгі жүктеме ауыл шаруашылығының ауқатты топтарының шаруашылықтарына түсті. Бұл жерде ауыл тұрғындарының ауқатты бөлігінің, аз болуын атап өткен жөн. Барлық түсімдердің үлес салмағы өңір шаруашылықтары үшін өзіне өзі салық салу бойынша «олардың кірісіне және салық сомасына сәйкес» белгіленді, бірақ ауыл шаруашылығы салығы сомасының 25% - нан аспауы керек еді. Осылайша өзіне өзі салық салу шаралары еріктілік мәртебесін жоғалтып, шаруалардың таңдау мүмкіндігін шектеуге заңнамалы түрде барлық жағдай жасалды.

РКФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің төрағасы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған Семей губерниясы бойынша жаппай заң бұзушылықтар туралы баяндамасында: «...Осындай іс шаралар барысында айыппұлға ілініп кетуден қорыққан шаруалардан Турксиб агенттері Шаған және Шыңғыстау болыстарында 328 киіз үй сатып алған. Қарқаралы уезі бойынша салықты төлеу үшін олар киіз үй мен мал-мүліктерін сатқан» делінген [153, с. 247]. Салық салу науқанын пайдаланып жергілікті болыстық атқару комитетінің қызметкерлері мен олардың туыстары тұрғындардың арзан бағадағы мал-мүлкін сатып алуды әдетке айналдырған. Бұл заңсыздықтар Бауыр, Қатон-Балқаш, Абыралы және басқа аудандарында анықталған. Салықты төлемеу салық заңнамасы бойынша қудаланды. Шаруалардың ауқатты топтарын шектеу және ығыстыру міндетіне салық саясатында пайдаланды.

1928 жылдың басында шекаралас шетелдерге ірі шаруашылық иелерінің қоныс аудару қозғалысы күшейе түсті. Салықтың ауыртпалығынан және мал шаруашылығына қатысты шектеулер салдарынан көптеген ауқатты адамдардың Қазақстаннан шетелдерге немесе елдің басқа аймақтарына қашуы басталды. Америкалық тарихшы Сара Кэмеронның зерттеулерінде «1928 жылдың көктемінде астық және малды реквизициялауға қатысты Семей округінен 3 мың қазақтың шағымы түскені көрсетілген. ...Партия ұйымдарының мәліметінше, Семей округінен Қытайға 22 мың мал басы бар 423 шаруа қожалығы көшіп кеткен» [155, с. 85]. Олардың көпшілігі науқан басталғанға дейін елден кеткен. Ұжымдастырудың басында көшпенділерде бірнеше ондаған жыл бұрынғыдай дағдарысты еңсеру тетіктері болмады. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын

ұжымдастыру шараларының көшпелі қоғамға түсініксіз болғанын және жергілікті билік органдары мен белсенділердің тарапынан болған өрескел заң бұзушылықтың орын алғандығын көреміз.

Семей округі бойынша жаппай ұжымдастыру шаралары өрескел заң бұзушылықтармен басталған. Семей округтік партия комитетінің жауапты хатшысы В. Фомин «барлық ұйымдарды әскери тәртіпке келтіріп, барлық жұмыс Орталық Комитет пен өлекелік комитеттің тапсырмаларын орындауға бағытталсын» деп, ұжымдастыру шараларына толықтай дайындық жасалынып, округ бойынша Шемонаиха, Разин, Жаңасемей аудандары жаппай ұжымдастыру аудандары ретінде анықталып алынды [159].

1929-1930 жылдары Зырян аудандық БК(б)П-ның хатшысы лауазымында болған М. Худаев жаппай ұжымдастыру шараларына қатысты: «Мен ауданға келгенімде аудандағы шаруашылықтың 18% ұжымдастырылған болды. ...1929 жылдың қараша айында ұжымдастыру көрсеткіші біраз өсіп 27% жетті. Біз бұл жетістіктерімізбен қуанып жатсақ, ал бұл уақытта округтік комитет болса бізді әрекетсіздік жасады деп айыптады. Барған сайын қорқынышты телеграммалар жіберіп, 1930 жылға дейін ауданның жаппай ұжымдастырлылуын талап етті» деп, 1929 жылдың желтоқсаны мен 1930 қаңтарында округтік партия комитеті орындауға мүмкін емес директиваларын жібергендігін айтқан. Ауданға жүктелген астық пен ет дайындау жоспары әр апта сайын өзгеріп, жоспарды жоғарылатып отырған. Сонымен қатар М. Худаев: «ауданда 150 кулакты жою бойынша жоспар берілді. Бұл нұсқаулар орта шаруаларға да қатысы бар деген сөз, соңғы кезде кулактарды жою барысында орын алған асыра сілтеулерді ақтап алу үшін жаңа «ауқатты орта шаруа» деген термин пайда болды. Аудандық комитет пен БМСБ уәкілі Фроловтың мәліметтеріне көрсеткендей, ауданда жүргізілген есеп бойынша 100-105 кулак болды, сол себепті бұл деректер округтік комитеттің ұстанған саясатының қате екенін көрсетеді» [160]. деп, Семей округтік комитетін сынға алған. 1930 жылы қаңтар айында Зырян ауданыдағы ұжымдастыру көрсеткіштері бойынша қорытындылай келе, 1929 жылдың қараша айынан 1930 жылдың қаңтары аралығында 27%-дан 46%-ға өскенін көрсеткен. Осылайша 1929 жылы Семей округіне қарасты аудандарда жаппай ұжымдастыру шаралары қолға алынды. Ал КСРО Халық егіншілік комиссариаты 1930 жылы 1 наурызда берген мәліметтері бойынша Өлкелер мен округтердегі ұжымдастыру барысы үлкен қарқынмен жүргізілген .

1930 жылы 20-21 ақпанда БМСБ желісі бойынша түскен мәлімет негізінде В. Фомин Өскемен, Зырян аудандарына қарасты ауылдарда орын алған заңсыздықтар бойынша аудандық комитеттерге қатаң ескертулер жасаған. Мысалы: «Козлушка ауылының насихаттаушысы Семененко, орта шаруалар мен қызыл партизандардың толықтай мүлкін тәркілеген», ал «Донское, Бурасинск ауылдарында орта шаруалар мен қызыл партизандарды толықтай мүлкін тәркілеп, кедейлерді суық сарайларға қамаған» деген, деректер келтірген [161]. Осылайша «Орталық пен аймақтар арасында ерекше күрделі жағдай қалыптасты. Орталық комитет байларды тәркілеу кезінде қисыны келмейтін және орындауға мүмкін емес директивалар жиі жіберуі, жергілікті

қызметкерлерді «сынақ және қателік» әдісімен жүруге мәжбүрледі, ал олар болса тапсырманы жеңілдету үшін, қорықсада тәуекелмен әрекет еткен. Әміршіл-әкімшіл жүйеге сүйенген жергілікті билік саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысында ауыл тұрғындарының ауқатты бөлігін жер аударып, жоспарды орындаймыз деп кедей және орта шаруалардың түгін қалдырмай тонауы шаруалардың жаппай қарсылықтарына алып келді.

И. Сталин 1930 жылы 2 наурызда «Табыстан бас айналу» атты мақаласында: «жергілікті шенеуніктерді "дамыған аудандардағы колхоз құрылысының үлгілерін дамымаған аудандарға механикалы түрде көшіру" туралы шешім қабылдағаны үшін сынға алды. Ал негізі Мәскеу басшылығының өзі "артта қалған" ұлттық өңірлерді жедел ұжымдастыруды қолдаған болатын». 1930 жылы наурыз айының басында «Сталин науқанды тоқтата тұру туралы жариялауға мәжбүр болды, Орталық барлық қатыгездіктер үшін жауапкершілікті өзінен алып тастап, кінәні толығымен жергілікті органдарға жүктеді» [162]. Кеңестік биліктің саясаты 1930 жылы Өскемен және Зырян аудандарында болып өткен шаруа көтерілістерінен кейінде жалғасын тапты. «Қазақстанда ұжымдастыру көрсеткіштері Сталиннің мақаласы шыққаннан кейін де өсе берді.

1930 жылы 16 наурызда Семей БМСБ ӨӨ-гі Богдановқа жолдаған хабарламасында: «Бородино ауылында жергілікті коммунистер қамаудағы екі кісіні, сот шешімінсіз қасақана өлтірген. Сол түні мас күйінде ауылдағы әр тұрғынды тінтіп, бір әйелді ұрып-соғып, бәрі-бір ана екі кісіні өлтіретіндерін айтқан». Ұжымдастыру кезеңіндегі Кеңестік биліктің осал тұстарының бірі жергілікті органдардың өздігінен қызметін асыра пайдаланып, шектен шығуы еді. Ал 17 наурызда: «Кутиха ауылында жергілікті қызметкерлер екі орта шаруаны атып өлтірген, судағы мәйіттерді алып шығуға өтініш білдіргені үшін туыстары қамауға алынған. Орта шарауларға қатысты асыра сілтеу, террордан кейін барлығы колхоздардан шығу туралы шешім қабылдап, ауылдан қашқан. Кінәлілер оның ішінде ұяшықтың хатшысы, үш париялық, ауылдық кеңестің төрағасы қамауға алынды» [163] деп, бұл қатыгездікке қатысы барлардың барлығын жауапқа тарту туралы тапсырма берген.

1930 жылы 15 наурызда Семей округтік БК(б)П комитеті ақпараттық секторының меңгерушісі Солодниковтің мәліметтерінде, көктемгі егін егу науқаны барысында Өскемен, Мақаншы, Шемонаиха, Разин, Бурасинск, Ұлан, Қатон-қарағай аудандарында кедей және орта шаруаларға қатысты жергілікті органдардың заңсыз әрекеттері тіркелген. Бұл мәліметте: «Өскемен аудандық комитеті бойынша Пролетарск, Донское, Бурасинск, Ново-Одесск ауылдарында: егін егу науқаны бойынша уәкілдер мен ауыл кеңестер тарапынан көптеген жағдайлар орын алған. Барлық қарсылық көрсеткендер қамауға алынды. Киімдеріне дейін тәркіленіп колхоздарға берілген жағдайларда болған. Орта шаруалар мен қызыл әскер отбасыларынада тәркілеу шаралары жүргізілген. Сонымен қатар егін егу науқаны бойынша уәкілдер тарапынан кедей және орта шаруаларды қамауға алып, аудан орталығына

жауапқа тарту үшін алып кеткен. Өскемен ауданы бойынша ауылдардан 18 адам ОАК қаулысы бойынша прокурор бұйрығымен «Кеңес билігінің жаулары», «астық өткізбегендер» деген желеумен сотқа берілген». 1930 жылы 17 наурызда Зырян ауданының жауапты хатшысы баяндама жазбасында: «Александровск ұяшығында жаппай жұмыс жүргізбей, 20 наурызға дейін ауылды 100% ұжымдастыру туралы қаулы еткен. Егін егу науқанына қатысты есеп жүргізілмеген» деп, аудандағы сынға алған [164]. 1930 жылы 15 сәуірде Қазақ өлкелік БК(б)П саяси-ақпарат бөлімінің «Ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеу және бұрмалануларды түзету барысы туралы» анықтамасында: «...Семейде 9 партия хатшысы, 3 уәкіл, 4 ауылдық кеңестің төрағалары партиялық және сот жауапкершілігіне тартылды. 4 партия хатшысы, 6 уәкіл, ауылдық кеңестің 2 төрағасы жұмыстан шығарылды. 2 партия, 2 ауылдық кеңес, бүкіл Зырян аудандық партия комитеті таратылды» делінген [165].

1929-1930 жылдардағы БМСБ мәліметтері мен шаруалардың шағым хаттарында Семей округі бойынша аштық жайлы дерек көптеп кездеседі. 1930 жылы 2 маусымда БМСБ ақпарат бөлімі «азық-түлік қиындықтары жайлы» берген анықтамасында: «Азық-түліктің жетіспеушілігі Семей округінің барлық аудандарында байқалуда. Аштықтан ауру фактілері тіркелуде. Аштыққа негізінен кедейлер, батрактар мен колхозшылар ұшыраған. Өскемен ауданында 30 ауылкеңес бойынша: колхоздарда - 9700 адам, жеке шаруашылықтар бойынша - 6800 адамдарда азық-түліктің қиындықтары бар. Зырян ауданында - 2567 колхозшы мен жеке шаруашылықтарда – 5430 адам нанға мұқтаж. Шемонаиха ауданында - 2007 колхозшы, жеке шаруашылық бойынша – 5134 адам нанға мұқтаж. Разин ауданында азық-түліктің өткір жетіспеушілігі: Шульба, Пролетарка және Убинка ауылдарында байқалады. Риддер ауданында 2343 адамға дейін аса мұқтаж адамдар бар» делінген [166]. Тағы бір мысал ретінде 1930 жылдың жазында өлкелік БК(б)П-ның жауапты хатшысы А. Дискантовқа Семей округі бойынша МСБ бөлімшесінің бастығы С. Бактің құпия хабарын келтіре кетсек: «Біздің мәліметтеріміз бойынша, Зырян ауданында, Богатырево ауылында 19 маусымда БК(б)П мүшесі Бочкарев нан талап етіп, жиналған көпшілікті сарайларды талқандау арқылы өз бетінше астықты алуға шақырды» делінген [167]. Аштықтың азабын тартқан шаруалар күнделікті 200-300 адамға дейін ауылкеңестің алдына жиналып, азық-түлік мәселесінің шешілуін талап еткен.

Аймақтағы аштықтың салдарынан Өскемен ауданына қарасты Бұқтырма ауылында ауыл тұрғындары жаппай колхоздан шыға бастаған. Бұқтырма ауылдық кеңесі бойынша шаруалардың колхоздардан жаппай шығуы туралы Өскемен аудандық БМСБ бөлімшесіне жіберген жедел хабарламасында: «Бұқтырманың "Трудовик" колхозында 70 өтініш берілген, "Березовкада" 23, басшылықтың болмауы және колхозға қабылдау және кіру тәртібін түсіндіру жұмысының жүргізімеуі себебінен "Свобода" ұжымшары таратылды» делінген [45, с. 76]. Бұндай аштық деректері 1929 жылғы Семей округі бойынша БМСБ-ның арнайы мәліметтерінде көптеп кездеседі. Қазақстанның тәжірибесі бойынша, атап айтқанда, ұжымдастыру тек шаруаларға ғана емес, сонымен

қатар жаңа жүйеге жат және дұшпандық ретінде қабылданған халықтарға да бағытталғанын көруге болады.

Қазақ өлкелік комитетіне БМСБ ӨӨ-гі «Қазақстан бойынша азық-түлік қиындықтары туралы» мәліметтерінде: «Азық-түлік қиындықтарына байланысты аштық орын алуы мүмкін жағдайда (көпшілігінде Семей және Ақмола округтерінің колхоздарында азық-түлік мамырдың алғашқы күндеріне ғана жетеді) қамтамасыз етілмеген. Бұл жағдай аталған округтерде олар жаппай толқулар мен бас көтерулер орта және кедей шаруалардың қатысуымен жүруде. Бұл бас көтерулер олардың колхоздардан шығуы, астық тұқымы мен малды азық ету мақсатында жоюмен бірге жүруде» делінген. Осылайша 1929 жылы Қазақстанның барлық округтерінде азық-түлік қиындықтары өрши түскен. Астық қорларын өз еріктерімен басып алу мақсатында, шаруалардың жаппай бас көтерулері орын алды. Аштықтан адамдар жымық, азық-түлік қалдықтарын жеу деректері тіркеле бастаған. Бұл аштық деректер Қазақстанның шығысында егін шаруашылығы негізгі кәсібі саналатын орыс тілді халықтар көптеп шоғырланған аудандарда байқалған. БМСБ-ның 1930 жылы 11 мамырға келтірген мәліметтерінде: «Семей округі бойынша 39 000 адам азық түлік қиындықтарын бастан өткерген» деп, көрсеткен [159, с. 408, с. 422]. Кеңес билігі Семей губерниясына қарасты Зырян ауданында аштық салдарынан тұрғындардың азық-түлік қорларын тонап, тарату деректерін «тек қана кулактардың аудандағы ашық түрде арандату жұмысының» жүргізуімен байланыстырған.

Қазақстанда ашаршылық, мысалы, Украинаға қарағанда ертерек басталды (Қазақстанда - 1930-1931 жж. қыста, Украинада - 1931-1932 жж. қыста), сондықтан аштыққа ұшырағандарға қатысты көптеген қудалау шаралар (мысалы, халықтың аштыққа ұшыраған аудандардан кетуіне тыйым салу немесе босқындарды қалалардан шығару) жүргізілді. Украинада кеңінен қолданылған бұл шаралар алғаш рет Қазақстанда жүзеге асырылды, және елдің басқа бөліктеріне қарағанда қатал түрде (кеңес-қытай шекарасынан Шыңжаңға өтуге тырысқан босқындарды атуға дейін) жүрді. Қазақстан билігі өз кезегінде республикадан тыс жерлерде жүргізілген репрессиялық тәжірибелерді қабылдап, қолдана бастады.

1930 жылы 27 ақпанда Ф. Голощекин Семей округтік партия комитетінің жауапты хатшысы В. Фоминге жолдаған телеграммасында: «Мен сізге және аудандық комитетке революциялық маңызға ие ағымдағы егіс науқанының жоспарын орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға шақырамын. Жұмысты әсіресе бандитизм жайлаған аймақтарда кеңейтіңіз» делінген [168].

1930 жылы 1 мамырдағы Мақаншы аудандық БМСБ бөлімінің Өлкелік БМСБ ӨӨ-гі тұрғындардың Қытайға қоныс аударуы туралы жеделхатында: «Сәуірдің 20-нан 25 аралығында комендатура жерінен Қытайға қашқан қазақтар: орта шаруа қожалықтарының бесеуі, 27 адам, өздерімен 10 жылқы, 25 ірі қара мал басы, 92 ұсақ мал басы, бір түйені алып кетті. 27 кедей шаруа

кожалықтары: 127 адам, өздерімен 19 жылқы, 65 ірі қара мал басы, 86 ұсақ мал басы, 2 түйе алып кеткен...» делінген [159, с. 404].

«Ұжымдастырудың басында көшпенділерде бірнеше ондаған жыл бұрынғыдай дағдарысты еңсеру тетіктері болмады. Олардың көші-қон дәліздері азайып, отырықшы тұрғындар топтарына тәуелділік керісінше өсті. Халықтың едәуір бөлігі кедейленді. Сонымен қатар, табиғи апаттар салдарынан мал басының қатты азаюы (1927 жылғы құрғақшылық және 1928 жылғы аяз - "жұт") барлық қазақтарды аса қауіпті және осал жағдайға душар етті. Алайда аштық егіннің жетіспеушілігінен және ауа райының қолайсыздығынан болған жоқ». Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары көшпелі қоғамға түсініксіз, Кеңестік жергілікті билік органдары мен белсенділердің тарапынан болған өрескел заң бұзушылықтармен басталды.

Тарбағатай ауданы бойынша 1930 жыл 1 қаңтар айынан 1931 жыл 1 қаңтар аралығында Қытайға 430 шаруашылық көшіп кеткен. Ал 1931 жылдың 1 қаңтарынан 1 мамырына дейін 1 ауылдың өзінде 30 шаруашылық көшіп кеткен. 1931 жылдың 1 мамырдан 1 маусымға дейін Қытайға көшу үшін жиналғандар туралы (Қосымша А)да мәліметтерден көреміз [169].

Тарбағатай ауданы бойынша Қытайға көшіп кету барысында ұсталған ауыл тұрғындарының көпшілігі колхоз мүшелері болған. Жоғарыдағы деректерге сәйкес Тарбағатай ауданынан Қытайға көшу барысында «8000 адамнан тұратын 650 шаруашылық ұсталған. Олардың ішінде 2255 адамнан тұратын 511 кедейлердің шаруашылығы, 467 адамнан тұратын 111 орта шаруаларға тиесілі шаруашылық және 176 адамнан тұратын 33 байларға тиесілі шаруашылық» ұсталған [169, с. 581].

«Шекара аймақтарындағы антикеңестік қозғалыстардың өршуі туралы» 1930 жылы 12 қаңтарда Ф. Голощекин мен Н. Волленбергтің БК(б)П ОК-не жолдаған шифротелеграммасында: «шекараға жақын жерлердегі бай-кулактардың антикеңестік жұмысы мен Қытайға көшу дерегіне қатысты келесі шараларды санкциялауды сұраймыз: біріншіден, шекарадан өтуге тырысқан байларды шекара жолағынан 100 шақырым жерге көшіру, екіншіден, мүлкін шекара асырып жіберген байлар мен олардың отбасын, үшіншіден, шекара асып кеткен байлардың отбасын жер аудару» делінген [45, с. 31].

Ірі шаруашылықтарды ұжымдастыру шаралары БК(б)П ОК 1930 жылы 30 қаңтарда қабылдаған «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулак шаруашылықтарын жою туралы іс-шаралары» қаулысынан кейін күшейе түсті. Жаппай ұжымдастырудың бірінші жылы бүкіл елде азық-түлік қиындықтарынан басталды. Сондай-ақ бұл 1928-1929 жылдары өткен астық дайындау науқанымен де тығыз байланысты болды. Жаппай ұжымдастыру аудандарында ірі шаруашылықтарды жою процесі, ауыл тұрғындарының арасында антикеңестік белсенділіктің өсуімен қатар жүрді. Сонымен қатар, бұл қаулыда Кеңес өкіметінің контрреволюциялық қарсылықтың кез-келген әрекетін басу мақсатында кедей және орта шаруалардың жекелеген топтарына бай-кулак атанғандардың әсерін түбегейлі жою жоспары тұрды. Осылайша ауыл тұрғындарын үш санатқа бөліп: «Бірінші санат - контрреволюциялық

белсенділігі жоғары кулактарға репрессия шараларын қолданар алдында, террористік актілер ұйымдарушыларға, контрреволюциялық бас көтеру және көтеріліс ұйымдарына жеке тоқталмай, концлагерьлерге қамау арқылы дереу жойылсын. Екінші санат - кулак активінің қалған элементтерінен тұруы керек, әсіресе КСРО-ның шалғай жерлеріне және осы аймақтың шалғай аудандарына жер аударылатын ең бай кулактар мен жартылай жер иелері. Үшінші санатқа аудан шегінде қалдырылатын кулактар кіреді, олар колхоз шаруашылықтарынан тысқары жерлерде оларға бөлінген жаңа жер телімдеріне қоныстануға жатады» [169, с. 41].

1930 жылдың 3 наурыз айында Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы болып Ф.И. Голощекиннің БК(б)П Семей өңірлік комитетінің хатшысы В.К. Фоминге жолдаған құпия хатында 20 ақпандағы қаулыға сәйкес «бірқатар ұлттық экономикалық артта қалған аудандардың ұйымдары жергілікті жердің экономикалық және әлеуметтік саяси жағдайдың өзіндік ерекшелігін ескермей, жаппай ұжымдастыру жүріп жатқан аудандардың шараларын өз аудандарында жүргізу әрекеттерін» сынға алып, нұсқаулар бергенін көреміз» [170]. Семей округі бойынша көктемгі ауыл шаруашылығы науқанында кедей және орта шаруаларға қатысты партия тарапынан болған асыра сілтеулер және әкімшілік озбырлық: «Мақаншы ауданы, Ақшоқы ауылы бойынша уәкілетті Ұлыбаев халықпен жандарм сияқты қарым-қатынас жасайды, қазақтардан тұқым талап еткенде ит деп атап, сабауға дейін барады. Бурас ауданы Сосновка ауылында қорға астық өткізбегені үшін орта шаруалар тұтқындалып, мүлкі тәркіленген.

Жекелеген ауылдарда астық қорын құру және жалпы егін егуге дайындық жұмыстары күштеу түрде жүрді. Мысалы: Белағаш ауданының Ленин ауылында астық қорын тапсырмағандарға қатысты жаппай мүліктері тәркіленді. Бұл шаралар ешқандай себепсіз жүзеге асырылды, тәркілеуден басқа өткізбегені үшін, тек колхозға қажетті құралдармен қамтамасыз ету қағидаты бойынша 38 шаруа қожалығы алынып, барлық мүліктер колхозға берілді. Ал мүлкін тәркілеу кезінде колхозшылар тарапынан келесідей жағдайлар орын алды: «бір колхозшы көшеде кулактан жаңа пимасын шешіп алды; колхозшы әйел, байдың әйелінің басынан тарағын жұлып алды; Партияға үміткер Дордей кулактың қолынан нан толы қабын тартып алып, сонымен соққының астына алды» [171].

1930 жылы 8 наурызда Ф. Голощекиннің БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолдаған құпия телеграммасында аудандық партия басшылығының ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, егістік науқанына дайындық, байларды тап ретінде жою шаралары барысында жіберген қателіктері партия жұмысын тежейтіні туралы ескерткен. Онда ол: «1) ұжымдастыру шаралары егістік науқанынан қалып келеді және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қарқынының сандық корсеткіштері сапасына қарағанда төмен...; 2) ...колхоз қозғалысындағы егістік науқаны кезінде мынадай түрде көрсетіледі: жеке сектордағы шаруалардың егістікке қатысқысы келмеуі, өңірлер өлкелік комитетке, ал аудандар өңірлік басшылыққа асыра

сілтеу жоспарларымен мақтанып, шаруашылықтарға шамадан тыс тапсырмаларды жүктеп, сенімдерін жоғалтып, қарсылыққа әкеліп отыр, шаруаларға қатысты жаппай айып тағып, кейбір аудандарда 61 бап бойынша орта шаруаларды айыптауы; 3) Бай, кулактарды тап ретінде жою тәжірибесінде шектен шығу шаралары негізінен деп көрсетеді. Мысалы Марқакөл ауданы Горный ауыл кеңесі Речной ауылы тұрғыны «Короков Илья егін егу науқаны туралы жалпы жиналыстарда былай дейді: «Биылғы жылы егісті ұлғайтудың қажеті жоқ, өйткені мемлекет өткен жылы салық 35% азаяды деп айтты, бірақ олай болған жоқ, биыл олар салықты азайту туралы да жазады, бірақ бұл тұзақ» [172]. 1928-1931 жыл аралығындағы БМСБ бөлімдерінің арнайы мәліметтерінде ауыл шаруашылық науқандарына қарсылық көрсету жағдайлары көптеп кездеседі.

Сол уақытта Ф. Голощекин «кедей шаруалардың арасында әлсіз жұмыс жүргізу, дер кезінде кеңестік партия ұйымдары жеткілікті деңгейде өз жұмыстарын қайта құра алмай, орталық комитеттің нұсқауларын тікелей орындап, шектен шығу деректерін тоқтата алмауы бұл социалистік шабуылдарға қарсы революциялық бас көтерулер тап жауларының, таптық жауабы екенін» атап өткен. Бұл жерден біз Ф. Голощекиннің өлкедегі барлық болып жатқан сұмдық жағдайлардан хабардар болғанын көруге болады. Осындай шиеленіскен жағдайда жүргізілген Кеңестік саясат, өз әлсіз тұстарын көрсете бастады. Шаруаларға әуел бастан берген уәделерімен, ұрандары іс жүзінде үміттерін ақтамады. Бұл зорлық-зомбылық фактілері халықтың Кеңестік билікке деген оң көзқарасын бірден өзгертті. Осылайша әкімшілік-командалық жүйе бойынша жүргізілген экономикалық реформаларды жүзеге асыру кезінде қорқыту, зорлық, күштеу әдістерін кеңінен пайдаланған.

1930 жылы 15 сәуір Қазақ Өлкелік БК(б)П саяси-ақпарат бөлімінің «Ұжымдастыру кезінде болған асыра сілтеу және бұрмалануларды түзету барысы туралы» анықтамасында: «Семей. Толық емес деректер бойынша 9 ауданда, 684 орташа шаруашылықтардың мүліктері қайтарылды. 74 орташа шаруашылықтардан бойкоттар алынды, тәркілеу және сот ісі тоқтатылды» делінген [173].

Бай-кулак атанғандарды жер аудару шаралары кезіндегі бірқатар заңсыздықтарға қатысты Ф. Голощекин мен Н. Волленбергтің Семей, Павлодар, Қарқаралы, Петропавл, Ақмола округтерінің БК(б)П комитеті мен БМСБ бөлімше бастықтарына жолдаған нұсқауында: «Ірі шаруашылық иелерін жинау пунктерінде азық-түлік тапшылығы туралы хабар жетуде, бұның себебі ретінде жер аудару барысында азық-түліктерін тартып алу жағдайларын алға тартады» делінген. 1930 жылы басталған ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру науқандары кезінде ірі шаруашылық иелері мен қоғамның үстемтап өкілдері деп танылған тұлғаларға қатысты жер аудару шаралары қатар жүрді. Шығыс Қазақстан аудандарында ұжымдастыру шараларының жоғары қарқынына байланысты жергілікті билік органдары мен осы науқанға жауапты уәкілдер бұл шаралардың заңды жүруіне қатысты талаптардың орындалуына аса көп мән бере қоймаған.

Мемлекеттік күштеу әлеуетін пайдалана отырып, партияның нұсқауымен іске асырылған жергілікті органдардың қоғамның тарихи заңды дамуына қайшы келетін әрекеттері мал шаруашылығы аймақтарын толық экономикалық құлдырауға және гуманитарлық күйреуге апарған саясат болды. Кеңестік билік бүкіл елдің алдына қойылған ауқымды іс-шараларды ауыл шаруашылығы, оның ішінде шаруаларды қанау арқылы іске асыруға бағыт ұстанды.

Қазақ өлкесіндегі ұжымдастыру шараларының алғашқы кезеңінде-ақ халықтың Кеңестік билікке деген сенімі жоғалды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында қазақ қоғамын күштеп седентаризациялау процесі көшпелі шаруашылық жүргізу дәстүрінің жойылуына алып келді. Осындай жағдайда бүгіндері заңды деп табылатын шаруалардың жаппай наразылықтары етек алды. Олар шетелге үдере көшу, зиян келтіру, белсенділерге қастық жасау, қарулы көтерілістер сияқты әрекеттермен білінді. Осылайша, Кеңестік биліктің жүргізген ұжымдастыру шараларының алғашқы жылдарында-ақ халық ауыр күйзеліске ұшырап, бас сауғалап жан жаққа кетуге мәжбүр болды. «Қазақ қоғамындағы үстемтап өкілдерін жою» деген желеумен іске асырылған қысым саясаты қазақ халқының ұлттық қалыптасу үдерісінде, сапалық құрамына орны толмас ауыр зардаптарын тигізді.

Жоғарыда айтылған ұжымдастыру және оның салдарынан туындаған қазақтардың шекара асып үдере көшуі мен бас көтерулері аграрлық саладағы реформалардың кері нәтижелері екендігін тарих көрсетіп берді. Ал қазақ даласындағы аграрлық саланы дамытудың пайдалы жақтарын ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алған, Мемлекеттік думаға депутат болып сайланған қазақ зиялылары революцияға дейін де, кеңестік кезеңде де үнемі мәселе ретінде көтеріп отырды. Себебі, Қазақстанды ең алдымен аграрлық ел ретінде дамытудың тиімділігін қазақ зиялылары ғылыми дәйектелген көзқарастар негізінде өз экономикалық нұсқаларын ұсынған болатын[174].

ХХ ғасырдың 30-жылдардағы дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі қазақ халқын орны толмас ашаршылыққа әкелді. Осы жылдар аралығында ұлтына, түріне қарамай, қазақ жерін мекендеген қаншама адам аштық тырнағына ілігіп, ажал құшты, аштықтан жаяу-жалпы елді-мекендерді кезді, өзге республикаларға, шет мемлекеттерге қарай босты. Қаншамасы жол жиегінде қалып, мерт болды. Оның санына жету мүмкін емес. 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтан елімізде адам шығыны да, мал шығыны да есепсіз болды. Қолындағы соңғы тұяғын сойып жеген шаруаның ертеңгі күні бұлыңғыр еді. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанның демографиясына үлкен әсерін тигізді. Бүкіл республиканы шарпыған бұл қасіреттің ұшқыны тимеген отбасы кемде-кем десе де болады. Алапат аштық Шығыс өңірді де айналып өтпеді. Аштықтың алдында ауқатты шаруа қожалықтарын малын тәркілеу науқаны үлкен қарқынмен жүргізілген еді. Қолында төрт-бес тұяқ малы бар орташаның өзі де тәркіленіп, жер аударылып кету фактісі жиілей түсті, қолда бар артық малдарынын сатып немесе сойып құтылуға тырысты. 1928 жылы Сталин Сібірге келуі, шаруаларға қарсы зорлық-

зомбылықты бастап берді. М. Қозыбаевтың жазуынша, 1929 жылы 31 мыңға жуық шаруа қуғынға ұшырап, оның 277-і атылған екен.

Тәркілеудің арты жаппай ұжымдастыруға ұласты. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны көшпелі елді отырықшыландырумен қатар жүргізілді. Ұжымдастыру барысында кедейлердің барлық малы колхоздарға біріктірілді. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың тек екі проценті ғана ұжымдастырылса, ал 1931 жылдың күзінде республиканың 122 ауданың 78 ауданы ұжымдастырылса керек [31, с. 10].

1928 жылы тәркілеу науқаны басталған кезде қазақтар Қытаймен шекаралас Тарбағатайдың Күзеуін, Хабарсуынан, Сталин болысына қарасты Майқапшағайдан, Дарственный болысының Алқабектен Қытайға байлардың ұйымдастыруымен өткен. Кейбір жансыздардың хабарлауымен шекарашылардың қолдарына түсіп қалғандар да болды. Мәселен, Қытайға өтуге әрекеттенген 27 адам ұсталып, бар мал-мүліктері тәркіленіп алған. Салық мөлшері де шектен тыс көбейіп, оны төлеуге халықтың шамасы жетпеді. Мәселен, Өскемен ауданына қарасты «Непобедимый» колхозының колхозшылары астық салығын төлей алмаған. Дегенмен аудандық атқару комитеті бұл ауқаттылардың әрекетінен деп санады. Салық төлей алмаған колхозшыларға қатысты арыз-шағымның саны көбейді. 1929 жылдың сәуірінде Никитинское селосында тұратын шаруа әйел Семей қаласында әскери қызметін өтеп жатқан күйеуіне жазған хатында «астық дайындауға байланысты, еш нәрсеге қарамай, астық өткізіндер» деп қолда барын тартып алып жатқандығын күйіне жазады. 1930 жылдың басынан бай есебінде тәркіленгендер жер аударыла бастады. Байлармен бірге «астық дайындау компаниясына қарсы шыққандар» деген желеумен қарапайым шаруалар да мал-мүлкінен айырылып, жер аударылды, кейбірі сотталды. Өңірде шекараға қарай босқыншылық легі басталды.

1930 ж. 26 ақпанында Өскемен аудандық атқару комитетінің төрағасы Қазақ АКСР-нен тыс жерлерге өздігінен көшуге тыйым салған бұйрығын жариялады. Ауданнан, округтан басқа жерге кетудің өзінде ауылдық кеңестен немесе аудандық атқару комитетінен рұқсат қағазы болуын міндеттеді. 1930-жылдың басында Қазақстанда отырықшыландыру мәселесі қолға алынған сәтте түрлі тәртіпсіздік, бандиттік шабуыл өрістеді. Осыған орай 14 тамызда отырықшыландыру комитеті қайта құрылып, оның құрамына Қазақ КСР Халық Шаруашылық Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалған Ұзақбай Құлымбетов енгізілді.

Малы мен астығын жасырып немесе сатып жібергендерді ел арасында мемлекетке жау есебіне енгізіп, жергілікті газет арқылы әшкерелемекке әрекеттенді. Аягөз аудандық партия, кеңес комитеттері мен кәсіпшілер одағы бюросының газеті «Жаңа ауылда» жарияланған мақалада басылғандай, Арқат ауылындағы әлді жаулар Үәли, Түсіп Темірбек балалары 1930 жылдың қазан айында 22 қойы мен 1 сиырын жасырын түрде Семей қаласына сатуға апара жатқанда ұсталып, қайтарса да, қолға түскендерді аяусыз жазалауға тырысты. Елді аштық жайлауы үкіметтің назарында болмады, керісінше халыққа салық

салу жүргізіле берді. Ауылдарда астық жинаудың жоспарын орындамағандарды зиянкестердің қатарына жатқызды. Оларды халық алдында «жау» ретінде көрсетуі, оның үстіне қолда бар малы мен мүлкінен айыруы амалсыздан тысқары жерлерге жасырын түрде бос сауғалауға жеткізді.

1931 жылы аштық басталған кезде өлкелік комитет аштық белең бере бастаған аудандарға арнайы уәкілдерін жіберіп, сол өңірдегі жағдайды бақылап, қиыншылық туындаған жерлерде жергілікті басшылықпен барлығын қалпына келтіруге көмек көрсету мәселесін көтерді. Ұ. Құлымбетовтың тікелей басшылығымен әр облыстардың аудандарына уәкілдер жіберіліп, ондағы жағдай жайында ақпар алынып отырылды. Осы жылдың жазында басталған қуаңшылық, шегірткенің қаптауы егістікті құртып жіберді. Мәселен, Орта Аягөзді шегіртке басып, астықты толықтай жеп қойған. Елдегі аштықтың шығуына үкімет басындағылар бұрынғы байлар мен алашордашыларды қатысты деп топшылады. Жауапты қызметке кіріп алып, халық арасында іріткі салып, астық жинауда әдейі кедергі жасап, малды союға үгіттеді деген айыптар тағылды.

1933 жылы наурызда «Жаңа ауыл» газетіне жарияланған бір мақалада Аягөзде 1931 жылы Рақымбай, Жанатай, Күлембай, Жаңабай, Нұрیمان деген байлар колхоз, совхозға кіріп алып, қасақана мал-мүлкін ұрлап, талан-таражға салғандығы айтылып, сотқа тартылып, қолдарындағы бар мал-мүлкін тәркілеп, өздерін 10 жылға бас бостандығынан айыру турасында үкім шығарылғаны айтылады. Аштық басталған алғашқы жылдың өзінде Қытайға босқандардың қатары көбейген. Архив деректеріне сүйенсек, жергілікті халықты арғы бетке алып кетуді бұрынғы байлар ұйымдастырған. Негізі жаппай өзге елге қарай кетудің бірден-бір себебі, адам басына салынатын салық мөлшерінің шамадан тыс көбейіп кетуі-тын. Қолындағы азын-аулақ малды сақтап қалу мақсатында ауыл-ауыл болып босып, шекара асқандардың мақсаты жан сақтауға тырысты. Жан сауғалап Қытайға кеткендердің басымы төніп келе жатқан ашаршылықтың лебін сезгендей де болды. Дегенмен бұлардың кейбірі шекара маңында қызыләскерлерге қолға түсіп, «банда» ретінде үкімет сотына тартылды. Қытай территориясына қарай жылжи көшкен қазақтарды шекара застава-сының әскерлері аяусыз қырды. Тартып алынған барлық мал-мүліктері заставаға жеткізілді. ОГПУ өкілінің жазуынша, 1931 жылдың тамызында Тарбағатай ауданында «Оңшыл ұлттық ұйым» деп аталған контрреволюциялық ұйым құрылған. Бұл ұйымның алға қойған мақсаты шаруашылық-саяси кампания жұмысына кедергі келтіру, барлық аудан тұрғындарын дүние-мүлік малдарымен Батыс Қытайға үдере көшуді ұйымдастыру болып табылады. Осы ұйымның қызметінің нәтижесінде бірнеше ауылдар бүкіл шарушалығымен Қытайға көшіп кеткен.

Біріккен Мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) құпия-саяси бөлімінің (СПО) арнайы анықтамасында 1931 жылдың қазанынан Қазақстанның аудандарында азық-түлік тапшылығы біліне бастаған. Қараша-желтоқсанда 7-10 ауданда, ал 1932 ж. ақпанының соңында 33 ауданда азық-түлік мәселесі қиындап, оның 10 ауданы көмекті аса қажет етті. Оның үстіне

1931 ж. аяғы – 1932 ж. басында колхоздарда қалған малдарын жаппай сою фактісі көбейе түсті. Колхозшылардың тамақ іздеп, бір ауданнан екіншісіне қарай көшу үрдісі де байқалды. Қазақстанның әр жерінде, мәселен, Ертіс, Еңбекшіқазақ, Ақбұлақ, Федоров, Қастек, Ақсу, Цурюпин аудандарының 70-80%-тей колхозшылары өз колхоздарын тастап кеткен. 1931 ж. жазына қарай үкіметтің қатаң бақылауына қарамастан Батыс Қытайға босушылардың қатары толастамады. Осы жылдың толық емес мәліметтеріне қарағанда Қытайға 40 мың шаруашылық көшкен. Кейбір шет жаққа босқан колхозшылардың арасында партия, комсомол мүшелері, колхоз төрағалары да болған. Қазақ колхоздарынан Батыс Сібір, Орал, Орта Волгаға, Орта Азияға қарай көшкендері де байқалды. Қазақстаннан Орта Волгаға 50 мың, Батыс Сібірге 16 мың, ОртаАзияға 12 мың, Тәжікстанға 1 мың адам босып кеткен. Қазақстанның ішкі аудандарында жекелеп немесе топ болып қана емес, бүтін аудандар, колхоздар болып көшіп кетіп жатты. Жылдың ортасына қарай Аягөз және т.б. аудандарда тұрғандардан 50%-дай ғана қалған. Сонымен қатар Көкпекті ауданында басқа жаққа көшпекке дайындалып жатқан шаруашылықтар даанықталды. Ашығып, тамақ іздеп үдере көшкендер малдың өлекселерін, ит еті, түрлі қалдықтарын талғажау еткен. Тіпті жұқпалы аурумен өлген малдарды көмген жерлерді ашып, жеген. Ашыққандардың әкімшілікке басып кіріп, азық тауып беруін талап еткен кездері де жиілеген.

Аштыққа ұшыраған шаруалар еріксіз колхоз астығына қол салды. Бір уыс бидай алғаны үшін жазаға тартылды. Аягөз ауданына қарасты «Мыңбұлақ» совхозында жұмыс істеуші Қанағат Бозжан, Әшім Маяқұлы, Саттар Еділбайұлы Тасбұлақтан Мыңбұлаққаастық тасып жүріп, 93 келі бидайды ұрлап алып, жеп қойғаны үшін 10 жылға бас бостандықтарынан айырылса, «Мыңбұлақ» совхозының тұқымдығынан 43 келі бидайды ұрлағаны үшін Төлеген Тайжанұлы мен Жұмагелді Сүлейменұлы, бір тайыншаны ұрлап сойып, жегені үшін Тұлпарбек Омарұлы, Нұрсұлтан Серғазыұлдары да 10 жылға сотталып кете барды [106, б. 118].

Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Голощекин мен Алматы облыстық комитеттің хатшысы І. Құрамысовқа Шұбартауауданына жіберілген өкіл Ғ. Мусиннен келген хатта аудандағы жағдайдың ауырлығын айтып, ашыққандарға жіберілген астық талан-таражға салынып, тіпті ашыққандар тіркелмей қалып, соның нәтижесінде көмек алаалмай өлгені жайында келтірілді. Өкілдің айтуынша, Шұбартауға делінген астықтың көп бөлігі ауданға жетпей, Аягөзде таратылып кеткен. Балалар өлімі жиіледі. Ата-анасынан айырылып, тамақ іздеп босып кеткен балаларды тоқтату мүмкін емес еді. Жетім балаларғаарналған уақытша лагерлердің жағдайы да мәз емес-тын. 1932 жылдың 5 маусымындағы жасалған акт бойынша Үржар селосында орналасқан балалар лагерінің жағдайы өте мүшкіл болған. Жатын орны кір, ақ жайма жоқ, балаларға берілген тамақтың сапасы нашар. Тексеру барысында лагердегі балалардың тамағын ұрлау фактісі де анықталған. Күнде балалардың қатары сиреп, тіпті аштықтан тұра алмай қалған тірі баланы қардың астына

көміп тастаған жәйттер анықталды. Ауырған балаларға ешқандай да көмек көрсетілмеген.

1932 жылдың шілдесінде Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков және Қ. Қуанышев сияқты қазақ азаматтары Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф. Голощекинге ашық хат жазуының себебі де осында еді. Олар өлкені жайлаған аштықтың қарқынының үдеп бара жатқанын айтып, оның шығу себебін талдап, тез арада жою жолын ұсынды. Бұдан кейін осы жылдың тамызында Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев та Сталинге хат жолдап, қазақ жерін аштықтық жайлап, өлім-жітімнің көбейіп бара жатқандығын, басқыншылықтың салдарынан шаруа шаруашылығының азайып, республикадағы 40 млн. мал басынан 6 млн. ғана қалғандығын, ашыққан қазақтар мен үй-күйі жоқ балалардың Семей мен Ақтөбе облыстарының аудандарындағы өнеркәсіп орындары мен совхоздардың маңайында топталып, араларында жұқпалы аурулардың (шешек, іш сүзегі және т.б.) жайлап кеткендігін келтіріп, ашықтан құтылудың жолдарын ұсынады. Ол ауылдың жағдайын көтеруде диқандарға, малшыларға үкімет тарапынан қаржылай көмек көрсетуді, мал шаруашылығын көтеру үшін өлкедегі колхоздардың барлығын қайтадан тіркеуге алып, малдай, астықтай көмек беруді басты міндетке санады [18, б. 58].

РКФСР Халкомның төрағасы Тұрар Рысқұлов та 1932 жылдың қыркүйегінде И. Сталинге және тағы басқа билік басындағыларға Қазақстанды аштық нәубеті жайлағанын айтып, тез арада іс-шара қолдану қажеттігін көтерді. Ол да мал басын қайтадан қалпына келтіру, егіншілікке қатысты тұқымдық астықты шаруа қожалықтарына беру мәселесін ұсынды.

Мал шаруашылығын қалпына келтірудің бірден-бір жолы – Қазақстанға басқа өңірден мал сатып алу еді. Бұл ұсынысты Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов те қолдады. КСРО Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.М. Молотовқа жазған хатында осы мәселені төтеден қойып, Батыс Қытайдан мал басын сатып алуды ұсынды. Мал сататын қытай көпестерін тарту үшін Қазақстанның екі жерінде, Шыңжан провинциясына жақын Қазақстан шекарасында екі ірі жәрмеңке орнын ашу қажеттігін көтерді. Оның бірі Алматы облысының Кеген ауданына қарасты Қарқарада да, екіншісі Шығыс Қазақстан жеріндегі Зайсанда. Бұл ашылатын жәрмеңкеге қытай саудагерлерінің емін-еркін сауда жүргізуіне барлық жеңілдіктерді жасаудың маңыздылығын даатай отырып, кезінде Қытайға өтіп кеткен малдарды қайтаруға бар мүмкіншіліктің барлығын көрсетті. Қайраткердің есебінше, малмен сауда, тауар айырбастауарқылы, яғни қант, кондитерлік өнім және тағы басқа тұрмысқа қажетті заттармен жүргізілуге тиіс. Осы жәрмеңкеден түскен малдар колхозшыларға, жеке шаруашылық жүргізушілерге, кедей шаруаларға заттай несие түрінде беріліп, 2-4 жылдың ішінде өніммен қайтарылуға тиістелінді.

Ұзақбай Құлымбетов осылайша аз уақыттың ішінде қайтадан мал басын қалпына келтіруге әбден болады деп сенді және Зайсан мен Қарқарадағы жәрмеңкеге мал айырбасына қажетті заттарды алу үшін арнайы тауар қорын құрып, оған үкіметтен 5,5 млн. ақша бөлінуін сұрады. Қайраткердің бұл

ұсынысы әрине, ашаршылық кезінде 40 млн.-нан 4 млн. басқа түсіп қалған мал басын қайта қалпына келтірудің амалы болатын. Мал басының азайып, елде аштықтың жайылуы сол кездің өзінде ұлт қайраткерлерін қатты алаңдатып, жоғары орындарына хат жолдап, тез арада шара қолдануын талап еткендері тарихта белгілі. Өкініштісі сол, бұл мәселеге өкімет орны көз жұма қарады. Ал жұқпалы аурумен күресуде Ұ. Құлымбетов тез арада іс-шараларды жүзеге асырудың маңыздылығын 1932 жылы 14 ақпанда жабық өткен ХКК-нің кеңесінде ашық айтты.

Жалпы, 1932 жылдың 25-ші сәуірінде қабылдаған "Малдың қырылуы мен ұрлануына қарсы күрес" атты қаулыда малдар арасындағы қышыма, есекжем, бөртпе сияқты аурулардың кең таралуының баяндалуы табын жағдайының нашар болғандығын көрсетеді. Қаңтар-ақпан айларындағы екі айда Көкпекті, Балықтыкөл совхоздарын қоспағанда өзге совхоздарда 1314-ірі қара, 1082-жас төл және 1375-бұзау, 4,7%-ға қысқарған [175].

Шығыс Қазақстанның көптеген аудандарындағы ашаршылық нәубеті нәтижесінде панасыз балалар саны өсе түсті, әсіресе, 1932 жылдың бірінші жарты жылдығында 2000-нан 9170 адамға дейін ұлғайған, ал 2500 панасыз бала 1932 жылдың 29-шы шілдесіне дейін балалар мекемелеріне алынбаған [175, п. 11]. Мал шаруашылығымен айналысатын аудандардағы балалар үйіндегі балалардың киім кешекпен қамтамасыз етілуі де өте төмен болған. Әрине, барлық балалар үйлерінің жағдайы нашар болды деи кесіп айтуға болмас. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, Белағаш ауданының №13-ші балаларды уақытша ұстау үйі мен №7-ші балаларды қабылдау үйлері бірдей құқыққа ие болса да, бірдей дәрежеде қамтамасыз етілсе де жағдайлары әр түрлі болған. №7 балалар үйінде тазалық сақталып, тамақ уақытында берілген. Тәрбие жұмыстары жүргізілген. Ал, №13 балалар үйінің жағдайы сын көтермейтін. Балалардың тамағымен, киім-кешегімен қатар, көрпе-жастықтарының өздері тапшы болған. Мәселен, 90-балаға қатысты 17 төсек 42 ақжайма, 47 жастық тысы, 44 көрпе болған. Мұның өзі тізім бойынша ғана еді. Себебі көрпе-жастықтың мөлшері бұдан да аз болған [176].

Балалар үйін қамтамасыз ететін 5 мекеменің қаржыландыру жүйесінің дұрыс жолға қойылмауы көбіне олардың балалар үйлерінің қаржылық жағдайын білмеуімен және оларға қатысты ақшаны дұрыс бөлмеуімен түсіндіріледі. Соның нәтижесінде 1933 жылдың 9 айында жүргізілген қаржыландыру барысында 1 тәрбиеленушіге қатысты ақша Жарма ауданында - 491 сом, Зайсан ауданында 443 болса, Тарбағатай ауданында - 62 сом, Ұлан ауданында - 86 сом берілген. Ол сияқты киім-кешек пен қосалқы шаруашылық үшін берілген қаржы мөлшерінен де үлкен айырмашылық байқалды. Әрине, мұндай айырмашылық кей аудандардағы балалар үйінің жағдайының нашарлауына әкелді [177].

Облыстық аудандық атқару комитеттерінің облыстық, аудандық балалар комиссиясымен бірігіп шекара асып кеткендердің балаларын орналастыру жағдайын тексергенде олардың 50 пайызы ажал аузында жатқандар болған. Жалпы, балалар үйін тамақпен, киім-кешекпен өзге де керек-жарақтармен

камтамасыз етуі тиіс ұйымдар өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарамаған. Оларға берілген қаржы-қаражат балалар үйіне уақтылы жеткізілмеген, ал кейде ондай көмек жіберілмеген де, оның өзге көмек көздерін табу жолдары қарастырылмаған. Тіпті, облыстық білім бөлімшесі 171 қолындағы 844 380 сомның 171 500 сомын ғана жұмсаған, ал 672 880 сом қалып қойған. Сол сияқты, облыстық денсаулық бөлімшесіндегі 90194 сомның 23289 сомы ғана жұмсалып, 66905 сомы игерілмей қалған [178].

Жоғарыда атап өткендей, ойластырылмай алынған шешімнің қайтарымы өзін көп күттірген жоқ, оның зардабын қарапайым халық көтерді. Жауапкершіліктің жоқтығынан балалар панасыздығының өсуімен қатар, олардың арасында әр түрлі жұқпалы аурулардың өршуіне әкелді. Тек балалар ғана емес, ашыққан халықтың барлығы дерлік әртүрлі жұқпалы ауруларға ұшырап, әлі жеткен жерінде ісініп, өліп жатқан.

Босқыншылықтың немесе туған жерден көшіп кетушіліктің 1930-1933 жылдар аралығында аса көлемді көрініс бергені және әсіресе, көшпелі жартылай көшпелі қазақ шаруалары өмірінде терең қасіретті із қалдырғаны белгілі. 1931 жылдың 1-ші желтоқсанында Қазақ Өлкелік партия комитетіне ПП ОГПУ мынадай мәліметтер түсірген:

"1929 жылдың ішінде көшіп кетулер туралы мәлімет жоқ, өйткені көшіп кету қозғалысы тек 1930 жылдың көктемінен басталып, ауыл шаруашылығында капиталистік элементтерге кеңінен шабуыл кезеңінде бұқаралалық сипат алды". Халықтың дәл осы уақытта өз малдарын жаппай қырып, мүлік талан таражға салғандығын жоғарыда айттық. Халықтың өз мүлкін өзі құртып, тіпті өз үйі мен жерін тастап кеткендігінен ұжымдастыру науқанының, яғни жеке меншіктен айыру саясатының өз жемісін бере бастағандығын байқаймыз. Өз жеке меншігінен бас тартқан халық оған деген жауапкершіліктен де айырыла бастады. Ұжымдастыру саясатының да мақсаты осы еді, яғни халықтың жеке меншікке қатысты қатынасын жою арқылы, оны өзімдікі деуден бас тартуға итермеледі және сол мақсатына зорлық - зомбылық күштеу мен қорқыту үрейлендіру арқылы қол жеткізді. Нәтижесінде халық өз туған елін-жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Шығыс Қазақстан халқы шекаралас жатқан аудандарға, яғни Қытайға, Батыс Сібірге көше бастаған. Мәселен 1930 жылдың ақпан айында Мақаншы ауданынан 33 кедей шаруашылығы мен 39 орташа және 6 ауқатты шаруашылық Қытайға көшіп кеткен. Ал наурыз айында дәл сол ауданнан 191 шаруашылық Қытайға қоныс аударған және олардың барлығы колхозшылар еді. Салыстырмалы түрде алатын болсақ дәл осы уақытта Зайсан ауданынан 503 шаруашылық Қытайға көшіп кеткен. Әлеуметтік жағынан бұл шаруашылықтардың 182-сі кедей, 241-і орташа 82-сі ауқатты еді [179]. Қарап отырсаңыз екі ауданнан көшіп кеткен шаруашылықтардың көпшілігі орташалар мен кедейлер болған. Өз туған жерлерінен көшу үрдісі 1931 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларында кең етек ала бастаған.

1932 жылғы ашаршылық қазақ даласында жаппай таралып, жағдайды ушықтыра түсті. Шаруашылықтардың шетелдерге жаппай көшуі кеңінен орын алды. Ораз Жанұзақұлы мен Орынбаевтың 1932 жылы 11 мамыр күні

Мәскеудің Халық Комиссарлары Кеңесіне жіберген хатында 1932 жылдың 1 ақпанына дейінгі деректерге сәйкес, «үш жүз мыңнан астам шаруашылық қоныс аударып кету әсерінен кеміген». Бұл орта есеппен алғанда 1 млн. 500 мың адам болды.

1932 жылдың 1-ші қаңтары мен 1933 жылдың 1-ші қаңтары аралығында ғана тек бір Тарбағатай ауданынан Қытайға 4460 адам көшіп, 1865 малды айдап алып кеткен, Дәл осы ауданның 741 адамы Қытайдан қайтып оралған. Жалпы, 1933 жылы облыс бойынша шаруашылықтар 19,6% азайып кетсе, жекелеген аудандардағы бұл көрсеткіш келесідегідей еді. Мәселен, Абыралы ауданында 51,8 пайыз, Шыңғыстау ауданында 47,9 пайыз, Иртышск ауданында 48,3 пайыз, Ұлан ауданында 55,2 пайызға, Риддер ауданында 40,8% азайған [180].

Ашыққандар арасында жұқпалы аурулар орын алып, көптеген адамдар арасында сүзек сияқты жұқпалы аурулар етек алды. Осыған байланысты Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында жұпалы аурулар меңдеп бара жатқандықтан осы ауру ошақтарын жоюға қатысты төтенше комиссия құрылып, төрағалығына Ұ. Құлымбетов, ал мүшелігіне Каруцкий мен Асфендияров сайланды. Комиссия алдында барлық аудандардағы колхоздарда өндіріс орындары мен совхоздарда қоғамдық орындарды, сандықтар комитеттерін, денсаулықты сақтау жұмыстарын, колхоздар мен совхоздардағы жағдайларды ойдағыдай жақсарту тапсырылды. Шілде және тамыз айларында Қарағанды, Семей және Балқаш қалаларындағы өнеркәсіптік кәсіпорындарға жұқпалы аурулардың таралуын бақылау қажет болды. Сондықтан жұмысшылар көбірек шоғырланған өнеркәсіп орындар, колхоздар, совхоздарда, көптеген босқындар шоғырланатын темір жол бойындағы адамдарды, 15 қыркүйекке дейін нақтылай отырып, Петропавл, Семей, Алматы станциясыяларында іш сүзегі мен шешек ауруына қарсы вакцинациялар салуды қолға алды.

Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен техникалық мамандықтар студенттеріне вакцинация жасалады. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында атқарушы комитеттер жұқтырған аудандардың тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етті, осы аудандардағы өндіріс орындарына азық-түлік жіберді және осы аурудың таралуына қарсы күресті. Жоғарыда аталған комиссия жұқпалы аурумен күресте облыстарға жеделхат жіберіп, тез арада медициналық бригадалар құрғызды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха, Ертіс, Горьковский аудандарына медбригадалар жіберіліп, халықты санитарлық уытсыздандырудан өткізді. Ауруларды анықтап, оқшауланған орындарға жатқызып, дәргерлік көмек жүргізді.

1932 жылдың 26 желтоқсанында РКФСР Жер халық комиссариатынан және қазақ өкілеттілігіне жеделхат жөнелтіп, жұқпалы ауру жайлаған Семей, Ақтөбе, Алматы облыстарына Пржекрывла, Филимонов, Кленяев сияқты эпидемиолог дәргерлерді жіберуін өтінді [113, б. 14]. Ал 31 желтоқсанда ККСР Егіншілік халық комиссары С. Асфендияров екеуі РКФСР Жер халық комиссариаты мен Халық Комиасарлар Кеңесіне Қазақстанның бірталай облыстарына жұқпалы аурулардың тарауына орай тез арада эпидемологтар мен

санитарлық дәрігерлерді жіберуді өтінген хат жолдады. Олардың себебінше, бөртпе сүзегімен осы жылдың қазанында 813 адам, қарашайында 1482 адам ауырған. Жұқпалы ауру тараған облыстардың ішінде Шығыс Қазақстанда желтоқсанның алғашқы аптасында бөртпе сүзегімен ауырған 556 адам тіркелген екен. Сонымен қатар Риддер, Семей, Өскемен, Павлодар қалаларында сүзек ошақтары пайда болған. Мәселен, Риддер қаласында бөртпе сүзегімен қарашайында 123 адам ауырса, ал желтоқсанның он күндігінде ауырғандардың саны 265-ке жеткен. Аудандарда орын алған жұқпалы аурудың бүкіл республикаға жайылуынан қауіпі күшейді.

Аурумен күрес жүргізу үшін тез арада тәжірибелі 10 эпидемиологтар мен 10 санитарлық дәрігерлерді және 10 жұқпалы ауруға қарсы күресті ұйымдастырушыларды жіберуді, аурулар шыққан өңірге баратын, ауыр науқастарды ауруханаға тасмалдайтын 6 автомашина бөлуді қажетсінді. Ауруханаларда төсек-орынның, ақ жайманың, эпидемиялық отрядтардың қызметкерлеріне қажетті арнайы кимдердің жоқтығын даайтып, осы жетіспейтін заттарды бөлгізуді талап етті. Мәселен, ақ жаймадан 60 000 метр, жұқпалы ауруларды зарарсыздандыратын 19 000 000 доза дәрісін, эпидемиолог қызметкерлер мен эпидотряд мүшелеріне қажетті 1 500 киім жабдығын, сонымен қатар, ауруларды тасмалдайтын 350 жылқы мен 2000-дай ұсақ жануарлар 200 тонна сұлы, 400 тонна шөппен қамтамасыз ету жағын да сұрады. Жұқпалы ауруға қарсы ең басты, қажетті қаражат мәселесі де айтылып, 1933 жылдың 1 тоқсанына 2 298 650 сом ақша көлемінде қаржылай бөлуді өтінді [113, б. 84]. Осындай қиын жағдайдан шығуға үкімет қаржылай көмек көрсету ісін қолға алды. Ұ.Құлымбетов тікелей араласуымен ашыққандарға 420 мың сом ақша бөлгізді. Оның 80 мыңы Шығыс Қазақстанға берілді.

Ашаршылық зардабы ашыққандарды еріксіз ұрлық-қарлыққа итермеледі. 1933 ж. 5 қаңтардағы БМСБ (ОГПУ) орындарының хабарламасы бойынша, 1932 ж. 96635 адам қоғамдық және мемлекеттік мүлікті талан-таражға түсіргендерді жауапқа тартылған екен. Оның 40 414-і өнеркәсіп өнімдері, дүкен, қойма тауарларын қолды қылғандығы, ал 56 221-і совхоз, колхоздардан барлығы 10 249 адам ұрлағаны үшін жазаланған.

Осылардың ішінде ОГПУ ұйымдарының шешімімен 908 адам ату жазасына, 5138-і 5-10 жылға, 4203-і 5 жылға сотталды [141, с. 325]. Мемлекет тарапынан берілген көмек дер кезінде жеткізілмегендіктен ашыққандардың саны күннен-күнге көбейді. Оның үстіне өлім-жітім де ұлғая түсті. Шекара күзеті Бас Басқармасының оперативтік бөлімінің 1933 ж. 16 ақпандағы арнайы хабарламасында Қазақстанның шекараға жақын орналасқан аудандары азық-түлік қиыншылығына тап болып отырғаны келтірілді. Мәселен, Үржар ауданының «Тегісшілдік» колхозының 5 бригадасының мүшесі қаңтарда айларында азық-түлік алмаған. 6 колхозшының отбасы аштықтан ісініп кетсе, «Сталин» колхозының 14 шаруашылығында астық шықпай, аштыққа ұшырап, ісініп ауырғандар тіркелген. Науалы ауыл кеңесіне қараған «Елтай» колхозында азық-түлік, астықтың жоқтығынан ашыққан колхозшы-лардың қатары көбейген. Осының салдарынан Үржар ауданының «Тегісшілдік» колхозының 5

шаруашылығы, ал «Сталин» колхозының 46 шаруашылығы Қытай асып кеткен [141, с. 327].

Тұрар Рысқұловтың 1933 жылдың 9 наурызында И. Сталинге, Кагановичке, Молотовқа екінші мәрте жазған хатында қазақтар Орта Волгаға қарай 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, батыс Сібірге 50 мың, Қарақалпақстанға 20 мың, ОртаАзияға 30 мың босып кеткендігін айта келе, Батыс Қытайға шаруашылық болып кетіп жатқандығын келтіреді. Сонымен қатар ішкі босқыншылық Әулиеата, Шымкент, Семей, Қызылорда сияқты қалалар мен теміржол станцияларында орын алып отырғандығын, Шұбартау ауданында 1931 жылы тіркелген 5300 шаруашылықтан 1933 жылдың 1 қаңтарына дейін 1941 шаруашылық ғана қалғандығы, Сергиопольде 1933 жылдың қаңтарында 300 қазақ аштықтан өлгендігі жөнінде мәлімет келтірді [181]. Адам етін жеу фактілері де анықтала бастады.

Мәселен, Үржар аудандық комитетінің хатшысы Т. Демменің жазбасында көрсетілгендей Көкпекті ауданынан босып келіп, «Тасбұлақ» шаруашылық артелінде жұмыс істеп жүрген адамның наурыз айында көмек келгенше өлген адамның етін жеумен келген. Осыған орай іс қозғалған 23. Бұл бір ғана факті. Ал негізінде адам етімен қоректеніп келгендер республиканың барлық өңірінде байқалған.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық қасіреті біріншіден, Шығыс өңірінің демографиялық өсуіне үлкен зиянын тигізді. Аштықтан қырылғандардың саны есепсіз болды. Осы күнге дейін нақты аштықтан, жұқпалы аурулардан қырылғандардың санын нақтыланбаған. Екіншіден, облыстың халқының Батыс Сібірге, Батыс Қытайға қарай, Қазақстанның басқа ішкі облыстарына қарай босуынан халықтың саны кеміді. Өйткені аштық азабынан өзге елдерге кеткендердің басымы қайтып оралмай, сол барған жерлерінде тұрақтап қалды. Үшіншіден республиканың халық шаруашылығының, соның ішінде мал шаруашылығының құлдырауына әкеліп соқты.

Шығыс Қазақстан халқы шекаралас жатқан аудандарға, Қытайға, Батыс Сібірге көшіп, бас сауғалады. Мәселен 1930 жылдың ақпан айында Мақаншы ауданынан 33 кедей шаруашылығы мен 39 орташа және 6 ауқатты шаруашылық Қытайға көшіп кеткен. Ал наурыз айында дәл сол ауданнан 191 шаруашылық Қытайға қоныс аударған және олардың барлығы колхозшылар еді. Салыстырмалы түрде алатын болсақ дәл осы уақытта Зайсан ауданынан 503 шаруашылық Қытайға көшіп кеткен. Әлеуметтік жағынан бұл шаруашылықтардың 182-сі кедей, 241-і орташа 82-сі ауқатты еді [182]. Аудандардан көшіп кеткен шаруашылықтардың көпшілігі орташалар мен кедейлер болған. Өз туған жерлерінен көшу үрдісі 1931 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларында кең етек ала бастаған. Облыстық комиссияның берген мәліметінде көрсетілгендей 1932 жылдың соңына дейінгі уақыт аралығында Шығыс Қазақстаннан 142932 адамды құраған 35733 шаруашылық көшіп кеткен. Бұл көшіп кеткен адамдардың 95682-адамы өзге елдерге бет алған, Алайда облыстық комиссия мен аудандардың берген мәліметтері арасында айтарлықтай айырмашылықтың болғаны байқалған. Мәселен, Көкпекті

ауданына қатысты облыстық комиссияның мәліметінде 625 шаруашылық деп көрсетілсе, аудандық тізімде тіркелген шаруашылықтың саны 1791 еді. Бұдан елден көшіп кетушілердің есебі дұрыс жүргізілмегендігін байқауға болады.

1932 жылы алапат ашаршылық Қазақстанда кеңінен таралғанда жағдай тіптен ушығып, шаруашылықтардың шетелдерге жаппай көшуі кеңінен орын алған. О. Исаев пен Орынбаевтың 1932 жылғы 11 мамырда Мәскеудегі Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған мазмұндама хаты беретін аталған жылдың бірінші ақпанына дейінгі мәлімет бойынша, «қоныстан кетіру мен қоныс аудару есебінен кеміген қожалықтардың саны 300 мыңнан асып» кеткен. Бұл орта есеппен алғанда 1 млн. 500 мың адам болды.

1932 жылдың 1-ші қаңтары мен 1933 жылдың 1-ші қаңтары аралығында ғана тек бір Тарбағатай ауданынан Қытайға 4460 адам көшіп, 1865 малды айдап алып кеткен, Дәл осы ауданның 741 адамы Қытайдан қайтып оралған. Жалпы, 1933 жылы облыс бойынша шаруашылықтар 19,6 пайызға азайып кетсе, жекелеген аудандардағы бұл көрсеткіш келесідегідей еді. Мәселен, Абыралы ауданында - 51,8 пайызға, Шыңғыстау ауданында 47,9 пайызға, Иртышск ауданында 48,3 пайызға, Ұлан ауданында 55,2 пайызға, Риддер ауданында 40,8 пайызға азайған [183].

Елге қайтып келушілерді орналастыруға байланысты облыстық, қалалық аудандық комиссиялар құрылған. Олар көшіп кетушілерді елге қайтып келуге шақырған және осы бағытта жұмыстар жүргізген. Көшіп келушілер алғашқыда Семей, Павлодар сияқты қабылдау пункттеріне келген. Бұл үш жерде 5 қабылдау пункті жұмыс істеген. Семейдегі бір пункттің өзі 13 жекелеген бөлімшелерге бөлінген. Семейде мұндай жатақханаларды ұйымдастыру үшін мектептер мен өзге де мекемелерді пайдаланған. Соның салдарынан бірнеше мектептерді жабуға тура келген. Тамақ жылжымалы асханаларда жасалған. Бұл жатақханалардың көпшілігінде тазалық сақталмаған. Бөлмелер жылытылмағандықтан адамдар суық және сыз жерде жатқан. Көшіп келушілерді орналастыру барысында мүлде от жағылмайтын қамбаларға да жатқызылған. Мысалы, Баянауыл ауданында жатақхана ретінде бұрынғы қасапхана ұсынылған. Салыстырмалы түрде Павлодар ауданындағы жатақханаларға сипаттама беретін болсақ: «балалар орналасқан үй-жайлар өте қолайсыз жағдайда еді, терезелерінің шынысыда жоқ. Жастықтары жоқ, сыз жерге үйіліп жата береді». Бұл жағдай жұқпалы ауруладың тарауына өлім — жітімнің көбеюіне негіз болған.

Көптеген елге қайта көшіп келушілер қабылдау пункттерінің бар екендіктерін де білмеген. Олар өте ауыр жағдайда өмір сүріп жатса да, кімге қалай хабарлауды және қалай хабарласуға болатындығын білмеген. Бұдан, елге көшіп келушілерді орналастыруға жауапты ұйымдар тарапынан тиісті жұмыстардың атқарылмағандығын байқаймыз.

Негізінде аурудан, аштықтан әбден қалжырап жүрген адамдарға бір күндік жұмысы үшін 600-800 гр, ал асыраудағы жандарға 200 гр нан берілуі тиіс еді. Бірақ олар тұрғын үймен қамтамасыз етілмеді, көбіне шатырларда кейде тіпті ашық аспан астында тұрған. Сонымен қатар, көп жағдайда

жұмысшылар 5-10 күн қатарынан нан алмаған. Асханадан тамақтанудың ыңғайы бола бермеген. Себебі асханадағы түстік тамақ бағасы 60 тиын болды десек, қалжырап жүрген адамдардың тапқан ақшасы 10-60 тиыннан асқан жоқ [184]. Жалпы, жұмысқа орналасқан көшіп кетушілердің хал жағдайына қатысты мәселеге көп жағдайда әкімшіліктің өзі немқұрайлы қарап, байқамаған сыңай танытқан. Елге көшіп келуші қазақтарды тіркеу жұмыстары тиянақты жүргізілмегендіктен, тізімде жоқ қазақ өзіне тиесілі көмектен қағылып отырған. Нан алуға болатын қағаздың өзі жанұяның 1-2 адамына ғана берілген. Бірақ көшіп келуші қазақтарға көп жағдайда мүлдем нан алатын қағаздың берілмегендігі туралы деректер де тіркелген. Ал бұл жағдай халі онсыз да мүшкіл адамдардың әл-ауқатын нашарлатып жіберді. Сонымен қатар, әртүрлі аурулардың асқануы салдарынан өлім-жітім көбейген, жұмысшылардың көпшілігі жұмыстан қысқартылды не өз еріктерімен де жұмыстан бас тартып, басы ауған жаққа босып қайыршының күнін кешті.

1932 жылы Семей қаласына 21122 адам көшіп келген, оның 9125-сі қалалық өнеркәсіп орындары мен ағаш дайындау сияқты жұмыстарға алынған. Елге көшіп келушілерді азық-түлікпен қамтамасыз етуі тиіс, жұмыс беруші мекемелер мен ондағы жекелеген қызметкерлер көптеген қылмысты істерге барған. Яғни жұмысшыларға азық-түлік уақытылы берілмеген. Бір берілген азық-түлікке қатысты жасалған акт екінші рет күні, айы ғана өзгертіліп бірнеше рет қайта көшірілген яғни көптеген көмек көздерінің жұмысшыларға таратылып берілуінің өзі қағаз жүзінде ғана жүргізілген.

Халықтың бір бөлігі өзге елден пана таппағандықтан өз еліне ерікті түрде қайтып келсе, ендігі біреулері күшпен қайтарылған. Шығыс Қазақстанға шекаралас жатқан Ресейдің Алей ауданында 1932 жылдың наурыз айының 16-30 аралығында 2800 қазақ Семейге күштеп қайтарылған. Ал қалған 400 адам сәуірдің 1-3-де қайтарылады деп көзделген, 60 жанұя қант зауытында жұмыс жасауға қалдырылған.

Батыс Сібірге көшіп келушілердің көпшілігі негізінен Қарқаралы, Кувск, Абыралы, Қызылтан, Бесқарағай, Белағаш аудандарынан және Семей қаласының өзінен келгендер еді. Бұл аудандардан көшу 1931 жылдың сәуір айында басталған. Көшіп барғандардың көпшілігінде олардың кедей және колхозшы, ал кейбірінің мұғалім екендігінің куәландыратын құжаттары болған. Алей ауданына барған қазақ әйелдері тұрғындардан 2 сом 50 тиынға алған сүтін базарға апарып 3 сомға сатқан. Таңнан кешке дейін балаларын арқаларына асып алып, 50 тиын табу үшін жүрген қазақ әйелдері Алей ауданындағыларға үлкен әсер қалдырған.

Өлкелік ұйымдардың бекітуі бойынша, Батыс Сібірден қазақтарды қайтару үгіт-насихат жұмыстарының негізінде жүргізіліп, еріктілік қағидалары сақталуы тиіс еді. Алайда, Алей және Шипунов ұйымдары қайтару барысында құқық қорғаушылардың көмегіне жүгіне отырып, 24 сағат ішінде ауданды қазақтардан тазартуды қолға алған. 24 сағаттың ішінде Шипунов ауданының құқық қорғаушылары үйлердің есік терезесін бұза отырып, қазақтардың жұмыс істеп жүрген жерлерін есеп айрысуға мүмкіндік бермей, олардың өз

каражаттарына көлік жалдатып, 24 сағат ішінде бір вагонға 60-70 адамнан тиіп, жарығы, жылуы жоқ 40 вагонмен Шығыс Қазақстанға көшіріп жіберген [185]. Көшіп келушілерді орналастыруға байланысты ХКК-ң бекіткен жоспарына сәйкес 1933 жылы 9800 шаруашылықты және қосымша жоспарда көрсетілген 1800 шаруашылықты орналастыру қажет болған. 1933 жылдың 1-желтоқсанында облысқа аудандардан келіп түскен мәліметтерде 11138 шаруашылықтың орналастырылғандығы айтылған, оның 8914-ті колхоздарға, 1353-і ТОЗға, 913-і совхоздарға, 1307-сі өнеркәсіп пен өндіріс орындарына орналастырылған.

Шығыс Қазақстан облыстық комитеті бюросының «елге қайтып келуші шаруашылықтарға» қатысты болған 1932 жылдың 11 наурызындағы отырысында, елге қайта оралып жатқан колхозшылар мен кедей және орташа шаруашылықтарға облыс қоры есебінен келесідегідей мөлшерде, яғни Павлодарға - 4000 пұд, Иртышскге -100 пұд, Цюрупинскге - 100 пұд, Бесқарағайға - 2000 пұд, Баянауылға 1000 - пұд, Кувскге 1000 - пұд. Абыралыға- 1000 пұд астық беру қарастырылады [186].

1932 жылдың көктемінде елге қайтып келетін қазақ тұрғындарын орналастыру үшін Шығыс Қазақстан облысына құны 255 мың сом болатын өндірістік тауар қоры мен 4096 астық және 50 пайыз тары, 50 пайыз қара бидай қоры жіберілген. Жалпы көктемгі науқан барысында облысқа тауардың 3468 тоннасы 84,5 пайызы әкелінген. Мұның 3853 тоннасы аудандарға жөнелтілген. Алайда, облыстық комитет пен облыстық атқару комитеттерінің аудандық комитеттерден атқарған жұмыстары жайында есеп ала алмаған. Ал көшіп келушілерді орналастырудың 1932 жылдың күзгі және қысқы науқанында Өлкеден 1996,2 тонна астық, 1200,5 қара бидай, 796,7 тонна тары жіберілген. Бұл азықтардың 1922,6 тоннасы аудандарға таратылса, жалпы құны 292 мың сом болатын өндірістік тауардың бір бөлігі құны 78,9 мың сом болатын тауар аудандарға жіберілмеген. Алайда бұл жағдайды қиындатып жібергені анық.

Арнайы аудандарға бөлінген өндірістік және азық-түлік тауарлары жергілікті жерлерге өте баяу қарқынмен жеткізілген. Сонымен қатар аудандық ұйымдар бұл игілікті істерді атқаруда шешуші шараларда атқармаған, тіпті қандай да бір атқарған жұмыстары жөнінде де есеп бермеген.

Жалпы, өлкенің арнайы бөлген азық-түлік қоры негізінде аштық нәубетіне ұшыраған халыққа көмек жасалған. Бұл көмек сандық жағынан көңіл қуантарлық болғанымен, сапалық тұрғыдан сын көтермейтін. Мәселен, 1932 жылдың көктемгі науқанында берілуі тиіс 16118 ц. қара бидайдың 12497 центнері ғана берілсе, 10160 ц. тарының орнына 13280 ц. тары таратылған. Яғни негізгі тамақ қоры саналатын қара бидай тарымен алмастырылған. Мұндай жағдайды астық дайындау орталығы өлкенің жеделхатына сүйене отырып, іске асырғандығымен түсіндіреді.

Әрине бұл жерде облыстық астық дайындау орталығы тарапынан қарапайым халыққа қиянат жасалған сияқты. Азық түлікке берілген қара бидай 22%-ға жетпей қалса, тары 30 пайызға артық болған. Сонымен қатар астық

аудандарға жетпей қамбада қалып отырған. Бұл жағдай астықты жергілікті жерлерге жеткізетін көліктің болмауымен түсіндірілген.

Ал мал алуға бөлінген 446 480 сом несиенің 398733 сомы немесе 89,3%-ы колхоздарға берілсі, қалған бөлігі игерілмей қалған. Мал алуға бөлінген несие бір шаруашылық үшін орташа есеппен 22 сом деп белгіленгенімен, жекеленген аудандар үшін оның көрсеткіші әр түрлі болды. Мәселен, Кувск ауданының шаруашылығына 13 сомнан келсе, Күршім ауданының бір шаруашылығына 99 сомнан бөлінген. Жоспар бойынша 263000 сом болатын азық-түлік қорын аудандарға бөліп беру барысында, құны 261672 сом немесе барлық тауар құнының 99,5%-ы таратылған. Барлық аудандар бойынша берілуі тиіс көмектің құны жан басына шаққанда 3 сом 4 тиын деп есептелінген еді. Алайда оның өзі жекелеген аудандар бойынша 1,69 тиыннан (Жарма) 30 сомға (Күршім) дейін жететін.

Жергілікті жерлерге көмек ретінде жеткізілген 40960 ц. азық-түліктің 39505ц. таратылған және бұл көмектің өзі елге қайта көшіп келген адамдар орналаспаған аудандарға жөнелтілген. Сонымен қатар, жіберілген азық-түлік қоры жан басына шаққанда 45-кг нан келуі тиіс еді. Жоғарыда айтқанымыздай, жекелеген аудандар бойынша азық-түлікті бөлу барысында әділетсіздіктерге жол берілген, яғни жекелеген аудандар бойынша бұл көрсеткіш 20 килограммиан (Белағаш) 406 килограммға (Абыралы) дейін жеткен. Алайда, оның өзі жергілікті жерлерге толыққанды жеткізілген жоқ және берілетін көмектің мөлшері көшіп келетін адамдарды қамтамасыз етуге қажетті мөлшерден тым аз етіліп жасалған болатын. Мәселен, өлкелік комиссия 1932 жылдың көктемінде 1100 баланы қамтамасыз етуге қатысты көмекті белгілесе көшіп келетін балалар саны 5000-дай болған. Әрине, мұндай жағдайда қалған балалардың тағдырына тікелей қауіп болары сөзсіз еді. Шығыс Қазақстанның облыстық комиссиясы шығындарды есептеп және жаңа құжат дайындап өлкеге жіберген.

Сол сияқты облыстық денсаулық бөлімшесі 1932 жылдың 27-ші қарашасында облыстық атқару комитетіне хабарлағанындай, көшіп келушілермен жұмыс жүргізуге қатысты берілуі тиіс 2000 сомның 200 сомы ғана берілген. Нәтижесінде қажетті ақша эпидемиялық қор есебінен алынған. Жалпы, әртүрлі дәрі-дәрмек алумен инфекцияға қарсы жүргізілген жұмыстар үшін 3763,84 сом жұмсалған. Яғни қажетті ақша тапшылығы өте жоғары болған. Жалпы, 1933 жылы облыс бойынша 27000 шаруашылық аса үлкен көмекті қажет еткендердің қатарын құраған. Себебі, елге оралушыларды орналастыруға қатысты облыстық комитет пен облыстық атқарушы комитеттің көптеген нұсқамаларына қармастан облыстық және ауданның шаруашылық ұйымдары бұл іске немқұрайлы қараған. Нәтижесінде елге оралушылардың аудандардан қайта көшіп кеткен жағдайлар аз болмаған. Бұл іске басшылық жасап жүрген ұйымдар жергілікті тұрғындарға қатысты қысымшылық көрсету сияқты пиғылдарға жол берген.

ОГПУ-дің Шығыс Қазақстан облыстық бөлімшесі 1933 жылдың басында көшіп келушілерге берілетін көмектің, яғни оларды шаруашылыққа бейімдеп

орналастыру жағдайымен азық-түлікпен қамтамасыз етілуін тексергенде, аудандық ұйымдар тарапынан қылмыстық істер жасалып жатқандығы анықталған. Мәселен, аталмыш жылдың 15-ші қаңтары мен 15-ші наурызы аралығында Шыңғыстау ауданына жан басы 657 болатын 285 шаруашылық қайтып оралған. Аудандық ұйымдар көшіп келушілерді орналастыруға қатысты алдын-ала дайындық жұмыстарын жасамағандықтан оларды ескі қыстауларға 20-25 адамнан орналастыруға тура келген. Көшіп келушілердің арасында әр түрлі аурулардың өршіп кеткендігі соншалық күніне 3-4 адам бақилық болған. Олардың есебінен жергілікті жердегі аштық нәубетіне ұшырағандардың саны ұлғая түсті.

Қорыта айтқанда, Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны аса күрделі сипатта өтті. Себебі, бұл өңірдегі ұжымдастыру науқаны да күштеу мен зорлық - зомбылыққа негізделе отырып жүргізілді, нәтижесінде, оның соңы қасірет пен қайғыға ұласып кетті. Тоталитарлық жүйе ұжымдастыру арқылы тек жеке меншік мүлікті ортақтастыруды ғана емес, ұлттық сананы ұжымдық санамен алмастыруды көздеді. Кеңес өкіметі бұл мақсат - мүддеге жету үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерден аянып қалған жоқ. Орталық ұжымдық меншік, ұжымдық еңбек, ортақ мүлік сияқты түсініктерді қалыптастыра отырып оны жойқын күшпен іс жүзінде асыруға бағыт алды. Сол себептен де, мемлекет халықтың жеке меншігін өз иелігіне өткізгенде халықтың әлеуметтік жағдайының айырмашылығы ешқандай маңызға ие болағн жоқ. Мейлі ол - бай, мейлі ол - шаруа болсын, бәрібір жеке меншіктегі иелігін ұжымдық меншікке өткізуі тиіс болды. Сондықтан да бай кулактарды тап ретінде жою деген желеумен жүргізілген науқанда шаруалар мүлкінің тәркіленуі, оларға қатысты күштеу саясатының қолданылуы ол ешкімнің қателігі емес, ол сол жүйенің заңдылығы еді.

Ұжымдастыру барысындағы ең маңызды шара қолдағы бар жеке меншік малды ортақтастыру болғандықтан, яғни ең басты мақсат малды өндірістік сипатта пайдалану көзделгендіктен шаруаның жалғыз сиыры тәркіленгенде де қорқыту, үркіту әдістері кең қолданылаған, Тұжымдық астық тапсырмағандарды суық қамбаларға отырғызып жазалаймыз деп қорқытқан. Тіпті комиссия басшылары комиссия мүшелерінің өздерін бұйрықты қалтқысыз орындаған жоқсындар деп негізсіз қамап қойған кездері аз болмаған, Әсіресе қазақтарға қатысты қоқан - лоқы бір сәтте тоқтатылмады. Әрине шаруаларға төнген қатерді шолақ белсенділердің қателігі не қылмысы деп үзілді-кесілді айта алмаймыз. Олар да зарлы заманның заңдылығы аса алмаған.

Халықтың жоқшылық қамытын киіп, аштық нәубетіне ұшырауы жаппай ұжымдастыру жылдарында-ақ көрініс бере бастады. Бірақ өкімет оларға көмек көрсетудің орнына, керісінше, аш адамдар ұжымдық қордағы астықты жеп қоймауы үшін қамбаларға күзет қойылған, ал егістікке қатысты бөлінген астықты улап берген. Осындай қорлыққа шыдамаған халық өз мүлкін өзі құртып, тіпті үйі мен жерін тастап Сібір мен Қытай асып кетті. Бұдан ұжымдастыру науқанының, яғни жеке меншіктен, жеке меншік психологиясынан айыру саясатының өз жемісін бере бастағандығын

байқаймыз. Әрине, халықтың жағдайы Қытай мен Сібірде жақсара қойған жоқ. Бірақ олар алдындағы малын айдап, Қытай асып кете барды. Олар ұжымдастыру саясатының зорлығына шыдамай бас сауғалап кетті. Елге қайтып орылғандардың өзіне дұрыс жағдай көрсетілмеді. Зерттеуші Е.С. Қуандық қазақтың мұндай күйге түсуінің себебін оның табиғатына біткен көнбістігі мен қарапайымдылығынан деп көрсетеді [13, б. 58]. Ұжымдастыру халық игілігі үшін қызмет етпегендігі белгілі. Оған 1929-1932 жылдар аралығындағы бүкіл Қазақстанды дерлік қамтыған көтерілістер дәлел бола алады. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ақ мейлінше қатаң жаппай қуғындау мен террорға негізделді. Ұжымдастыру алдын ала даярлықсыз, жергілікті жердегі жағдайлар ескерілместен жүргізілді, оны жоғарыда аталып өткен мұрағат құжаттарындағы тарихи деректер дәлелдейді. Ұжымдастыру науқаны Қазақстанда бұрын болып көрмеген демографиялық күйреуге әкеліп соқтырды.

Қорыта келгенде, 1929-1930 шы жылдардағы аграрлық салада жүргізілген қатал саясат бүтіндей бір халықты орны толмас аштыққа әкеліп, босқыншылыққа ұшыратты. Қазақ ауылдарын тарихи даму жолынан айырып, дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырауына әкелді.

3 XX ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АХУАЛЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ӘДІСНАМАСЫ

3.1 Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ахуалын оқытудың теориялық ұстанымдары мен әдіснамасы

1920-1930 жылдары Шығыс Қазақстанның мал шаруашылығының ахуалы күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Кеңес үкіметі жергілікті халықтың көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа өтуін түрлі әлеуметтік-шаруашылық әдістер арқылы жүзеге асырғысы келді. Оның ішінде ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу, ұжымдастыру бағыттарын атауға болады. Кеңестік дәуірдің тарихнамасында большевиктердің ауылшаруашылығы саласында жүргізген сынақтық реформаларын ақтау және белгілі бір тұлғалардың қателіктеріне сілтеу көзқарастары басым кездесті. Кеңестік орта және жоғары білім оқулықтарында 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның мал шаруашылығының ахуалы мен даму динамикасы жайында ашық ғылыми пайымдар мен фактілер талқыланбады. Бұл кеңестік цензураның нақты көрінісі болатын

Қазақстанның тәуелсіздік алуы тарих ғылымын оқытудың жаңаша көзқарастары мен тұжырымдарын қабылдауға жетеледі. 1990 жылдардағы Қазақстанның белгілі тарихшылары М.Қ. Қозыбаев, К.Н. Нұрпейіс, Ж. Абылхожин, Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев және т.б. Қазақстанның ежелгі, орта және қазіргі дәуірлердегі тарихының ашылмаған тұстарын айқындауға теориялық-әдіснамалық күш жұмсады. Аталған ғалымдардың бірқатар еңбектер академиялық ортадағы жаңа тарихи ғылыми түсінікті қалыптастыруға бағытталса, екінші еңбектері білім жүйесіндегі тарихты оқытудың аспектілерін негіздеуге құрылды.

Тәуелсіз Қазақстанның бастапқы жылдарындағы отандық тарихтың өзекті мәселелеріне келесідегідей тақырыптар жатты деп түйіндейміз:

1. Отандық тарихты оқытудың теориялық-әдіснамалық мазмұнын өзгерту және ұлттық мүддеге сай үйлестіру.
2. Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін ғылыми зерделеуге шығару.
3. Отандық тарихтың ашылмаған тұстарын айшықтайтын ортағасырлық қолжазбалар мен қазіргі заманғы мұрағат құжаттарын іргелі зерттеуге ден қою.
4. Қазақстан тарихының ерте заманнан бүгінгі таңға дейінгі тарихи кезеңдерін сипаттайтын академиялық 5 томдықты аяқтау.
5. Кеңес дәуірінде есімдері тиым салынған ұлт қайраткерлерінің өмірі мен ғылыми мұрасын терең зерттеу.

Жоғарыда аталған мәселелер 1990 жылдары академиялық тарихи ортада қызу талқыланды және алғашқы нәтижелері жарық көре бастады. Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінің біріне 1920-1930 жылдардағы қазақ халқының шаруашылық өміріде жатты. Бірақ, халықтың шаруашылық өмірі саяси-экономикалық аспектілердің аясында басым қарастырылды деуге болады. Қазақ халқының шаруашылық өмірі тәркілеу, ұжымдастыру секілді саяси науқандардың шеңберінде зерттелінді. Қазіргі тарихи түсінік бойынша

халықтың тұрмысы мен шаруашылық салттары кейінгі саяси-экономикалық факторларды тудыратын қозғаушы күш болып табылады.

2000 жылдары отандық тарихты оқыту мен зерттеудің мәселелері одан әрі өзектеніп түсті. Отандық тарихты оқыту мен ғылыми негіздеуді өзектілендірудің бір көрінісі ірі тарихи құбылыстар әртараптандырылуға ұшырады. Үлкен тарихи мәселелерің ішінде жекелеген мәселелер туындады және оған жіті назар аударыла бастады. Бұл отандық тарихты зерттеу мен оқыту ісіндегі сыныпталудың, жіктелудің айғағы болып табылды. Ендігі кезекте тарихшылар Алаш Орда қызметі, ұжымдастыру, тәркілеу саясаттарының аймақтарда жүзеге асуының тарихи шарттарына ден қойып зерттей бастады. Ұжымдастыру, тәркілеу саясаттарының жүзеге асу барыстарын қарастыруда зерттеушілер қазақ халқының төл шаруашылығы саналатын көшпелі мал шаруашылығының артықшылықтары мен зардаптарына айрықша көңіл аударды.

Отандық тарихтың 1920-1930 жылдардағы күрделі сатыларын зерттеумен танылған Т. Омарбековтың «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: зерттеу» [187] атты еңбегінде қазақтардың мал шаруашылығының кеңестік кезеңдегі жай-күйіне теориялық тұрғыда пайымдаулар жасаған. Зерттеуші аталған еңбегінде қазақ қоғамындағы бай, малшы, би ұғымдарының әлеуметтік-экономикалық мәніне терең үңіле білген. Ғалымның тұжырымдауы бойынша «қазақ қоғамындағы бай ол - белгілі бір ауылдың асыраушысы, қоғамды алға жылжытушы болып табылады» [187, б. 122]. Кеңестік тарихнамада қазақ көшпелі қоғамындағы бай ұғымының теріс сипаттары басым болғандығы анық. Бай мен жалшы ұғымдары антогонистік тұрғыда кеңестік тарихнамада кең сипатталды. Тәуелсіз Қазақстан тарихшылары қазақ байының бойындағы артық қасиеттерді ғылыми таразылау мен қоғамға түсіндіруде бірқатар жұмыстарды атқарды.

Қазіргі таңдағы отандық тарихтың аясында 1930 жылдардағы ашаршылық, Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мәселелерін оқыту мен академиялық зерттеуге басымдықтар танытылуда. Ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі ретінде зерттеушілер қазақтардың негізгі күнкөріс құралы саналатын малдан күшпен айырылу құбылысын атайды. Осыған байланысты қазіргі білім жүйесінде көшпелі мал шаруашылығының қазақ халқының өміріндегі экономикалық тиімділіктері мен табиғи үндестіктеріне қатысты аспектілерін оқыту маңызды орынға ие болады. Осы тұрғыда мал шаруашылығы аса дамыған аймақтардың шаруашылық түрлерінің жіктелуі мен сауда-экономикалық тиімділіктеріне зерттеушілер терең мән берді. Осылайша, қазақ даласындағы жәрмеңкелердің, ірі байлардың қызметтері тарихи талқылануға айналды.

XX ғасырдың басында Қазақстандағы мал шаруашылығы орталық, солтүстік және шығыс аймақтарындағы тұрғындардың негізгі күнкөріс құралы болып табылды. Осыған байланысты патшалық Ресей дәуірінде Дала аймағының қазақтарының малдарын санайтын түрлі комиссиялық жұмыстар мен зерттеу топтары ұйымдастырылды. 1920 жылдары орнаған Кеңес үкіметі де мал шаруашылығы дамыған аймақтардың қазақтарының өмірі мен салттарына

үңілуге тырысты. Большевиктер үкіметі Қазақстанның көшпелі мал шаруашылығы аудандарының ежелгі өмір салтын өзгерутді 6-7 жылдай уақыт күтті. Осы уақыт аралығында мал шаруашылығы жүйесінің ішкі құрылымын зерттеу мен ерекшеліктерін білетін комиссиялық жұмыстар түзілді.

Кеңес үкіметінің назарына ілінген Қазақстанның шаруашылық аймақтарының бірі Шығыс Қазақстан болып табылады. Бұл аймақта ХХ ғасырдың басында жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы түрлері өмір сүрді [188]. «Прииртышские казахи и казаки: история, хозяйство и быт» [189] атты еңбектің авторы, орыс зерттеушісі Г.Е. Катанаевтың 1893 жылғы жазбаларында қазіргі Қазақстанның шығыс аймағында жартылай және таза көшпелі мал шаруашылықтарының болғандығы көрсетілген [189, с. 94]. Бірақ, уақыт өткен сайын таза көшпелі мал шаруашылықтарының үлесі азая берді. 1910 жылдардағы Ресей империясының зерттеушілерінің жазбаларында Ертіс, Зайсан және Тарбағатай өңірлерінде таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ ауалдарының санының санаулы екендігі жазылған [189, с. 85]. Яғни, капиталистік қатынастардың күшеюі және еңбек бөліністерінің одан әрмен жіктеле түсу үдерістері бірқатар шаруашылық түрлерінің бәсекеге қабілеттіліктерін жоюға алып келгендігін пайымдаймыз [190].

1920 жылдардағы кеңестердің «Жаңа экономикалық саясаты» (ЖЭС) нарықтық қатынастарды және ауыл шаруашылығындағы отырықшылықты ынталандыруға бағытталғандығы сөзсіз. Яғни, кеңестер үкімет ЖЭС көмегімен көшпелі шаруашылықтарды жұмсақ күш арқылы отырықшылыққа бейімдеуге тырысты. 1924-1925 жылдардағы КСРО билігі мен Қазақ АКСР компартиясындағы билік ауысымдары Қазақстанның мал шаруашылығы саласына күрделі теріс әсерлерін тигізді. Билік басына қазақ халқының өмір сүру салты мен табиғи болмыс айрықшылықтарын түсінуге ұмтылмайтын тұлғалар келді. 1920 жылдардың ортасындағы большевиктердің сынаққа толы аграрлық саясатының қызу іске асқан өңірлерінің бірі Шығыс Қазақстан болып табылды. Осыған байланысты кеңестердің шаруашылық саясатына қарсы бағытталған ымырасыз көтерілістердің бірқатарының Шығыс Қазақстанда көрініс табуы, таңқалдырмайтын құбылыстардың қатарына жатады.

Сонымен бірге, кеңестердің тәркілеу және ұжымдастыру саясаттарынан ауқымды зардап шеккен Шығыс Қазақстан тұрғындарының Қытай, Моңғолия елдеріне көшіп кетуі тегіннен тегін емес еді. Бұл олардың төзімсіз жағдайларға тап болуларының көрінісін айқындайтын. Жоғарыда аталған тарихи фактілер мен құбылыстар қазіргі білім жүйесінде мұқият оқыту мен зерделеуді талап етеді. 1990-2000 жылдардың басындағы Қазақстанның орта білім жүйесіндегі тарих оқулықтарында 1920-1930 жылдары шет мемлекеттерге бас сауғалаған қазақтардың қоныс аудару алғышарттары мен себептеріне кең пайымды түсініктер берілмегендігін мойындау қажет.

Оларды оқыған мектеп оқушыларының санасында шетелдегі қазақтар отанынан жеріген, тастаған секілді идеяларды туғызуы әбден мүмкін.

Соңғы жылдардағы ЖОО жүйесі мен академиялық ортада жарыққа шыққан еңбектерде 1920-1930 жылдардағы әлеуметтік-шаруашылық үрдістер

тың теориялық көзқарастармен қамтылған. Қ.К. Байсарина, Ұ.Ш. Исмагулов, Д.М. Исмагулова [191], С. Камерон [192], Б.Ж. Амантаева, Р.Д. Ахметова, Г.А. Абенова, Г.М. Тохметова [193], А.С. Әділбаева, Т. Жакыпова [194] ғылыми жарияланымдарында 1920-1930 жылдардағы Шығыс Қазақстанның мал шаруашылығы ахуалы тікелей және жанама түрде теориялық талдаудан өткен. Жоғарыда аталған еңбектерде Шығыс Қазақстанда орын алған 1920-30 жылдардағы мал шаруашылығының шынайы көрінісін оқытуға ұсынатын әдіснамалық ұсыныстарда сипатталған. Американдық зерттеуші С. Камерон өзінің «Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана» атты еңбегінде Қазақстанда орын алған ашаршылықтың кеңестік шаруашылық саясатының солақай әрекеттерінен орын алғандығы тұжырымдалған. Сонымен қатар, батыстық зерттеуші аталған тарихи үрдістерді түсіну тарихтың диахрондық талдау, тарихи құрылымдық, тарихи генетикалық әдістерінің көмегімен жүзеге асатындығын болжамдайды [192, с. 59].

Қ.К. Байсарина еңбектерінде бұл тақырып ғылыми кешенді қарастырылған деуге негіз бар. Автордың «Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы (1920-1930)» [26, б. 169] атты зерттеу жұмысында Қазақстанның шығысында жүзеге асқан большевиктік ұжымдастыру, тәркілеу саясаттарының әлеуметтік-демографиялық, көші-қон аспектілеріне терең талдау жасалынған. Сондай-ақ, ғалым бұл мәселенің өзекті тұстарын білім жүйесінде оқытудың теориялық-әдіснамалық ерекшеліктеріне назар аударған. Қ.К. Байсарина көзқарасы бойынша білім алушылардың бұл мәселені ұлттық рухани-мәдени тұрғыдан ұғынуы білім берудің басты міндеттерінің қатарына жатуы тиіс [26, б. 17].

Р.Ж. Екібаевтың «XX-ғасырдың 20-30 жылдарындағы Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси өмірі» тақырыбында 2010 жылы қорғалынған ғылыми диссертациясында аталған хронологиядағы шығыс қазақтарының әлеуметтік-тұрмыстық өмір ерекшеліктерін оқытудың және зерттеудің жаңа теориялық-әдіснамалық әдістері ұсынылған. Біздің пікіріміз бойынша қазіргі таңдағы зерттеушілердің назарын тәркілеу, ұжымдастыру саясаттарының Қазақстанның түрлі аймақтарында іске асу барыстарын тарихи әдістер арқылы салыстырып тұжырымдау маңызды саналады. Осы ретте тарихи-салыстыру, тарихи-жүйелеу, тарихи-типология әдістерінің көмегімен мәселенің ауқымдылығы мен өзара ішкі ерекшеліктерінің ұқсас бейнелерін жіті түсінуге қол жеткіземіз [195].

Ш.М. Мухамединаның «Массовая коллективизация и ломка привычных производственных отношений в Казахстане 1928-1936 гг.» [196] атты жарияланымында Қазақстанның орталық, оңтүстік және шығыс аймақтарында жүзеге асқан ұжымдастыру саясатының үрдістеріне тарихи-жүйелі тұрғыда баға берілген. Ғалым Қазақстанда ұжымдастыру, аграрлық науқандарды жүргізуге қатысты большевиктік биліктің номенклатуралық шешімдері мен өзара ішкі идеологиялық қақтығыстарына тарихшылық, шынайылық ұстанымдар аясында көзқарас танытқан. Бұл еңбекте тәркілеу және ұжымдастыру саясаттары барысындағы құқықтық тәртіптің орындалу

формаларына ретроспективті әдіс тұрғысынан талдау берілген. Мысалы, тәркілеу және ұжымдастыру науқандарына қасрылық танытушыларды құқықтық тергеу амалдары аудан көлемінде бір ғана сот және милиционердің қатысуымен жүзеге асып отырған [196, с. 42]. Осыдан шығатын қорытынды 1920 жылдардағы кеңестік биліктің құқықтық әділдігінің өлшемі бір ғана кадрдың ой-санасына тәуелді болды. Бұл қоғамдық-құқықтық шарт қазақ шаруаларының наразылығын туғызбай қоймады.

Көптеген қазақ шаруалары өздеріне құқықтық әділдікті тілеп шет мемлекеттерге асуға мәжбүр болды. Көшпелі қазақтарға мал шаруашылығынан қол үзу негізгі күнкөріс амалынан айырылуымен бірдей болды. Бұл мәселелердің ғылыми бағасын беру тарихшылдық, шынайылық, тарихи қайта құру, интеллектуалдық моделдеу ұстанымдарының зерттеулік шеңберінде қалпына келетіндігін түсінген жөн.

Тәуелсіз Қазақстан тарихының күрделі кезеңдерінің тарихи шынайылықтары белгілі бір ұстанымдар мен әдістердің аясында көрінетіндігі түсінікті. Бұл тұрасында отандық тарихшылар теориялық-әдіснамалық еңбектерін 1990 жылдардан бастап жарыққа шығара бастады. Өркениеттік көзқарас ұстанымы 1990 жылдары ғылымда танымалдылыққа ие болды және бірқатар отандық тарихтың іргелі мәселелерінің жаңаша пайымдалуына серпін берді. 2000 жылдары С.А. Жакишева, Ж.Б. Абылхожин, С.Ф. Мажитов, Қ.К. Кунапина, К.Ш. Алимгазинов, З.М. Толенова сынды ғалымдардың еңбектері отандық тарихтың теориялық-әдіснамалық кемшіліктерін толтыруға үлес қосты. Аталған ғалымдар отандық тарихты оқытудың өзекті әдістері мен ұстанымдарын қолданудың ережелерін қалыптастырды деуге негіз бар.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде тарихты оқытудың моделдері мен теориялық әдістерін жаңа ұстанымдар негізінде айшықтаудың жолдары талқыланды. Мысалы, ғылыми танымды жүйелеу, тарихты қалпына келтіру, интеллектуалдық моделдеу ұстанымдары тарихты оқытудың өзекті ережелеріне айналды. Көрсетілген әдістердің қысқаша мазмұны (Қосымша А)да анықталған.

(Қосымша Ә)-да көрсетілген бүгінгі таңдағы отандық тарихты оқытудың теориялық-әдіснамалық мазмұнын айқындайтын ұстанымдар сипатталан. Ендігі кезекте бұл ұстанымдардың қолданылу аясы мен қызметтерін кең талдау қажет.

1. Ғылыми танымды жүйелеу ұстанымы бұл диссертациялық жұмыстың білім саласында оқытылуы мен қоғамға насихатталуына негіз болатын тарихи постулаттардың тобына жатады. Бұл ұстаным 1920-1930 жылдары Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ахуалының шынайы бейнесін білім алушыларға танымдық тұрғыдан ұғындыруда маңызды рөл ойнайды. Бұл әдістің жәрдемімен білім алушылардың санасында 1920-1930 жылдардағы саяси-әлеуметтік, экономикалық-шаруашылық құбылыстар белгілі бір фактілер түрінде емес, ұлттық тарихи-мәдени құбылыстар ағымы ретінде сіңіріледі.

Тарихи-мәдени мән түбірінде болған оқиғаларды білім алушылардың қабылдауы оларды философиялық ойлауға, идеологиялық сілкінуге шақыратын фактор екендігі айқын. Себебі, біз орта және жоғары білім жүйелерінің білім

алушыларына тарихи үдерістерді тарихи-мәдени ландшафт тұрғысынан түсіндіруге ұмтылуымыз қажет. Бұл түйінді ой гуманитарлық ғылымдардың негізгі мақсаттарының бірі саналады. Әсіресе, орта білім жүйесінің білім алушылары үшін тарихта орын алған саяси-әлеуметтік, экономикалық үрдістерді фактілер, статистикалық мәліметтер аясында түсіну аса қиынға соғады. Олардың танымды көкжиектерін ашуға фактілер мен сандық мәліметтер кедергі келтіреді. Сондықтан да ғылыми танымды жүйелеу әдісі қазіргі тарихты оқытудың басты алға жылжытушы ұстанымдарын белгілейді.

2. Тарихты қалпына келтіру ұстанымы 1990 жылдардан қазіргі таңға дейін жалғасып келе жатқан тарихи парадигманың бірі. Бұл ұстанымның тәуелсіздік жылдарындағы қызметі академиялық топтардың көзқарасы мен қоғамдық ахуалға байланысты түрлі кезеңдермен зерделенеді. Яғни, сыртқы факторларға байланысты даму кезеңдері бір-бірінен ерекшеленді. 1990 жылдары бұл ұстанымның аясында Алашорда, 1937-1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраушылар, ашаршылық тақырыптары тарихи қайта пайымдау сүзгісінен өтті.

2000 жылдары қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, түрік қағанаты, сақ-үйсін дәуірлері, Түркістан автономиясы және т.б. тақырыптар зерттеушілердің теориялық-әдіснамалық тұжырымдауларына айналды. 2010 жылдары Қазақ хандығының құрылуы, жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының Қазақстанды жаулап алу үрдістері теориялық қайта пайымдауларға ұшырады. Бірқатар бұрын қызу талқыландыған мәселелер басқа формада тарихи пайымдауларға ілесті.

Қазіргі таңда 1931-32 жылдардағы аштық, Алаш қайраткерлерінің тұлғалық қызметтері, Алтын Орда мемлекетінің қазақ этногенезіндегі рөлі мәселелері тарихты қалпына келтіру ұстанымының аясында тұжырымдауды бастан кешіруде. Жоғарыда аталған мәселелердің арасында аштық тақырыбы біздің диссертациялық жұмыстың ортақ аспектілерін құрайды. Қазіргі таңда, 1931-1932 жылдардағы аштық жәннен Алаш қайраткерлерінің өмірі тарих ғылымында ғана емес, БАҚ кеңістігінде үлкен талқылауды өткеріп жатыр.

3. Интеллектуалдық моделдеу ұстанымы қазақ тарихының ежелгі, орта ғасырлар және қазіргі замандағы деректерін интеллектуалдық технология жетістіктерінің көмегімен талдау және қоғамға ұстанумен негізделеді. Бұл ұстанымды отандық тарих жүзінде қолдану үрдісі 2000 жылдардың екінші жартысында қызу қолға алынды. Тарихи қолжазбалардың кітапханалардағы электрондық каталогтары пайда болды және тарихи еңбектердің аудиожазбалары басылды. Сонымен қатар, мұрағат деректерінің көмегімен құжаттық фильмдерді түсіру және қоғамға насихаттау жұмыстары телеарналардың бастамасымен белсене түсті.

Біздің көзқарасымыз бойынша интеллектуалдық моделдеу ұстанымы академиялық орта мен қарапайым қоғамның арасындағы білім ықпалдасуын орнататын көпір қызметін атқаратын құрал. Тарихи кезеңдер мен өзекті құбылыстарды академиялық орта пайымдаудан өткізе отырып, заманауи технология көмегімен қоғамға ұсынуға кең мүмкіндік алады. Ал, қоғам тарапы

ол идеялар мен ақпараттарды өзі қорытып жалпы мемлекеттік мәселеге айналдыруы мүмкін.

Мысалы, «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Міржақып. Оян, Қазақ» фильмдері қоғамда үлкен идеологиялық резонанс туғызды. Аталған фильмдер халықтың тарихи жады мен санасының оянуына үлкен ықпал жасады. Бұл фильмдерді қоғамның ықыласпен қабылдауының арқасында белгілі бір тарихи парадигманың қалыптасқандығын көреміз. Қазіргі ақпараттардың толассыз ағып жатқан дәуірінде жастардың бойында шынайы тарихи парадигма мен идеология қабаттарын құру тек технологияның көмегімен іске асатындығын мойындаймыз.

Демек, интеллектуалдық моделдеу ұстанымы тарихи ақпарат, академиялық пайымдау және қоғамдық идеяның тығыз орнауына септігін тигізетін ұстанымға жатады. Тарихи білімдерді интеллектуалдық моделдеу үрдісі әлеуметтік желілер арқылы да тығыз іске асып жатыр. Қазіргі таңда фейсбук, инстаграм желілері және ютуб арналары арқылы тарихи құбылыстарды қоғамның түрлі топтарының белсенді талқылап жатқандығына көз жеткіземіз. Яғни, интеллектуалдық моделдеу ұстанымы тарихи білім мен тұжырымдарды академиялық ортаға ғана жасауға қабілетті деген жаңсақ пікірдің шекарасын бұзады. Бұл ұстанымның арқасында тарихи біліммен кәсіби және әуесқой тұлғалар бірдей айналыса алады. Ғасырлар қойнауынан келе жатқан тарихи деректердің қоғамның кез-келген мүшесіне қолжетімділігі артады.

Біздің көзқарасымыз бойынша осы диссертациялық жұмыстың тақырыбы да интеллектуалдық моделдеудің аясында қоғамдық жалпы пайымдауға лайықты болып есептеледі. Бұл ретте, Қазақстанның шығысындағы 1930 жылдардағы кеңестік билікке қарсылық қозғалыстар, Қытай мен Моңғолияға мәжбүрлі көші-қонның жүру барыстары, күшпен ұжымдастырудың шынайы көріністері академиялық ортадан аспай талқыланып жатқанға ұқсайды. Осы кемшілікті толықтыру үшін, біздің тақырыпқа қатысты тарихи деректерді қоғамға түсінікті тілмен қайта пайымдаудан өткізу және БАҚ беттеріне тиімді форматта қою әдістері жеткілікті болып табылады.

Жоғарыда бұл диссертациялық тақырыптың оқытылуының теориялық тарихи ұстанымдарына кең тоқталуға ұмтылды. Енді оқытудың әдіснамасына назар аудару маңызға ие. Жоғары оқу орны жүйесінде отандық тарихты оқытудың теориялық әдіснамасы жылдан жылға жетілдіріліп келеді. Бұған жаңа тарихи тұжырымдар мен ақпараттардың іске қосылуы, технологиялық құралдардың қолданылу аясының кеңеюі және т.б. факторлар әсер етеді. Бірақ, негізгі классикалық тарихи әдістер мен мақсаттар өздерінің мазмұнын сақтап қалады. Тарихты оқытудың әдіснамасы оқытушы мен білім алушының арасындағы интеллектуалдық-рухани байланыстарды мақсатты ете білуі тиіс. Білім жүйесінде тарихты оқыту оқу-тәрбиелеу үдерісінің бірі болып табылады. Бірақ, оқу-тәрбиелеу үдерісінің ерекше бағыты деп санауға негіз бар. Әдіснамалық оқыту тұрғысында тарихты оқыту дидактиканың жалпы ұстанымдарының негізінде іске асады. Дидактикалық ұстанымдар келесідегідей аспектілермен өлшенеді: а) оқытудың ғылымилығы; ә) оқыту арқылы

тәрбиелілік мәнге қол жеткізу; б) оқытудың көрнекілігі; в) оқыту үрдісіндегі саналылық және белсенділік; г) оқытудағы бірізділік және жүйелілік; д) оқытудың қол жетімділігі; е) ұжымдық жұмыс барысындағы жеке тұлғалық көзқарастың қалыптасуы.

Жоғарыда аталған аспектілердің ішінде соңғы аспектіні бөліп көрсетуге болады. Себебі, тарихты оқыту оқушының және студенттің бойындағы тұлғалық көзқарасын қалыптастыруға серпін беретін бірден-бір пәндердің қатарына жатады. Бірақ, осы тұрғыда оқытушының шығармашылық қабілеті мен үздіксіз өзін-өзі интеллектуалдық жетілдіру әрекеттері аудиториядағы білімнің атмосферасын анықтайдығы сөзсіз. Тарих – адамзаттың өткен іздерінің жемістері мен салдарларын оймен жүйелеп және ғылыми негіздеп жеткізетін пән болып табылады. Сондықтан да тарихты әдеттегі өмірмен байланыстыра отырып зерттеу және оны ұсыну оқушылардың білім деңгейінің көтерілетіндігіне эксперименттік жұмыстар негіз бола алады [197]. Өмірмен тығыз сабақтастық тапқан тарихи білімдер үлкен өмірге қадам басып келе жатқан білім алушылар үшін қажетті және нақты болып есептеледі.

Соңғы жылдардағы тәжірбиелік педагогикалық жұмыстар көрсеткендей, білім алушылардың бойында салмақты әрі терең ілім педагогикалық ұжымдардың оқу үрдісін тынбай әдіснамалық жетілдіру жұмыстары барысында пайда болады. Осыған орай, сапалы оқыту мен тәрбиелеудің негізгі жолдары ретінде ұсынылады:

- өзіндік жұмыстар атқарудың тәсілдеріне баулу;
- сөздік сипаттау түріндегі сабақ беру әдісінен бас тарту және өмірмен, тәжірбиемен байланысты оқыту формасына көші;
- педагогтардың қызметін тиімділік шарты бойынша қайта құру.

Тарихты оқыту әдіснамасында оның ұйымдастырылу формасының маңызды екендігін ескерген жөн. Ал, оның ұйымдастырылу формасы оқытудың типтік оқу бағдарламасы, оқу бағдарламасы секілді құжаттардың ережелеріне тәуелді болып табылады. Соңғы жылдардағы ғылым мен техниканың даму үрдістері мектептер мен ЖОО жүйесіндегі оқу бағдарламаларына жаңа тақырыптарды қосуға алып келді. Бұл тиісінше білім беру барысына шамадан тыс оқулықтар мен бағдарламалардың жүктелуіне себеп болды. Ал, нормадан тыс оқулықтар мен бағдарламалардағы тарихи білімдерді игеру және оқушылардың саналы түрде қабылдауы тиімділік шартының кемуіне жетелейді.

Біздің диссертациялық жұмыстың аспектілері 1920-1930 жылдары Қазақстанның аумағында жүзеге асқан кеңестік саяси-әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық реформалар бойынша оқытылатын дәрістерге тікелей қатысты болып табылады. Осы ретте 1920-1930 жылдардағы кеңестік әлеуметтік-экономикалық реформаларға қарсы қозғалыстардың Шығыс Қазақстан аумағында өрбігендігін ескерген жөн. Осыны ескере келе, негізгі тақырыптарды білім алушыларға жеткізу барысында түсіндіру, диалог, пікір алмасу, сауалнама әдістерінің негізінде білім алушыларға өзекті тақырыптарды айшықтауға болады.

3.2 XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісінің саяси-әлеуметтік мәні және оқытудың мәселелері

Қазақ халқының тарихын зерттеп, оның өткенін түгендеу және ұлттық мәдениет пен құндылықтарды зерттеу тарих ғылымы мен басқа да гуманитарлық ғылымдардың еншісінде болып ол өзінің жолымен жүріп келеді. Ал, ендігі кезекте жаңа қырынан зерттеліп, ашылып жатқан қазақтың сан қилы тарихын жарыққа шығарумен қатар, оны өскелең ұрпаққа дәріптеп, ұрпақты еліміздің тарихымен, мәдениетімен, жалпы өткенімен сусындату өз алдына аса ауқымды істердің бірі саналады. Бұл әрине, оқу, білім және тәрбие деген қасиетті ұғымдарды байланыстырған педагогика саласының еншісінде болып, ел тарихын оқытуда ерекше қызмет атқаратыны баршамызға белгілі.

Шығыс Қазақстан өңірі XX ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстан экономикасында шешуші рөл атқарған дамыған мал шаруашылығымен сипатталды. Мал шаруашылығының негізгі түрлері қой, жылқы және мал шаруашылығы болды. Көшпелі қазақ тайпалары малға тамақ іздеп жайылымнан жайылымға көшіп, жартылай отырықшы өмір салтын ұстанды. Қой шаруашылығы аймақтағы мал шаруашылығының негізгі бағыты болды. Қазақтар жүнге де, етке де қой өсірді, бұл оларды тек өніммен ғана емес, өмір сүру құралдарымен де қамтамасыз етті. Жылқының көшпелі мәдениеттегі рөлі әлі де болса үстем болып қала берді және шаруашылық мақсаттағы маңыздылығын ескере отырып, жылқы өсіру де маңызды болды. Әлемнің көптеген салаларында ауыл шаруашылығы кеңестік кезең ішінде индустрияландыру мен ұжымдастыру арқылы өткенімен, Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығы 1930 жылдарға дейін дәстүрлі болып қала берді.

Көшпелі мал шаруашылығының қыры-сырын жетік меңгерген жергілікті қазақтардың өз иелігіндегі азғантай ғана жайылымды аса тиімділікпен пайдаланғандығы таң қалдырмай қоймайды. Олар қыста Тарбағатайдың «Қаратау» деп аталатын солтүстік сілемдеріндегі қар жұқа түсетін, күнгейі жылымық, аласалау жоталарының сай-салаларында қыстады. Қыстаудағы таудың теріскей беткейін қар бекігенге дейін жайылымға пайдаланып, күнгейін қыстың ең ауыр кездеріне соны сақтады. Қысқы жайылымды ерте жеп қоймас үшін, күзекте жердің оты қашқанша неғұрлым ұзақ отыруға тырысатын болған. Қалба мен Тарбағатайдың биігіндегі жайлауға шыққанда ғана малдың еркін жайылуына мүмкіндік туатын еді.

Еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бастап, ел тарихын оқытуда жаңа шешімдер қабылданды, ол бойынша мемлекет тарихын оқыту жаңа форматта, яғни жаңа бағытта, жаңа әдіспен оқытыла бастады және ол қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Қазіргі оқу бағдарламасында қамтылғанындай, оқу жоспары бойынша Қазақстан тарихы негізгі төрт дәуір мен тәуелсіздік кезеңін оқытылуда. Солардың бірі XX ғасырдың басындағы кеңестік саясаттың саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы болды [198].

Тарихи шегініс жасайтын болсақ, патша билігінің соңғы жылдарынан бастапқа кең жайылымды қажет ететін қазақтардың дәстүрлі мал

шаруашылығы барған сайын қысымшылық көріп, бұрынғы бет-бейнесінен айырыла бастаған еді. Ертеректе жайлауға шыққанда еркіндік көретін қазақ малы жерді келімсектерге берген соң, мұнда да жайылым жетіспеушілігінен қағажау көрді. «Болыс шекарасы жүргізілгенге дейін өте алысқа, Семей уезіндегі Қызылсу мен Шарға дейін көшетін, ол кезде қазіргі жайлау жолдағы уақытша қонатын жұрт болатын... Жазғы жайлаудың ауқымды бөлігі уездің солтүстік-батыс жағында орналасқан.

Кейіннен бұл жерлерге орыстар қоныстандырылғандықтан жайлау көлемі едәуір азайды. Сол себепті уездің оңтүстік және батыс жағындағы шаруашылықтар жазғы жайылымның жетіспеушілігінен уездің сыртына көшуге мәжбүр болды. Соның ішінде Жетісу уезінің жеріне жайлауға шығып жүрді», – деп қорытынды жасайды аталған экспедиция. «Жазғы жайлаудың ауқымды бөлігі уездің солтүстік-батыс жағында орналасқан. Кейіннен бұл жерлерге орыстар қоныстандырылғандықтан жайлау көлемі едәуір азайды. Сол себепті уездің оңтүстік және батыс жағындағы шаруашылықтар жазғы жайылымның жетіспеушілігінен уездің сыртына көшуге мәжбүр болды. Соның ішінде Жетісу уезінің жеріне жайлауға шығып жүрді.

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Ұстаз заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [199].

Тақырыпқа қатысты тарихи материалдарды іріктеудің дидактикалық-әдістемелік өлшемдерімен қатар, танымдық-тарихи өлшемдер де анықталған жағдайда ғана оқытудың мәселесін шешуге болады. Дидактикалық және әдістемелік критерийлерді қанағаттандыру үшін – дәлелденген тарихи дереккөздер болуы керек, ол тарихи факт туралы бағдарламалық материалмен тығыз байланысты, және негізгі білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мектеп оқушыларына бейімделген мазмұн мен көлем бойынша материал қол жетімді болу қажет, ол оқушыны тарихи өткенді зерттеуде танымдық қызығушылықты оятуға мүмкіндік беретін қиял мен эмоционалды болуға тәрбиелейді және танымдық дағдыларды қалыптастыру талаптарын қанағаттандырады.

Әр уақытта жасалатын мұндай оқу-методикалық бағдарламаларында орын алған тарихи материалдар оқушының немесе білімгердің танымдық және тарихи өлшемдер жасайтын қабілетін арттыруға көмектеседі, ол үшін құжаттар мен мәліметтер сан қырлы тарихи оқиғалардың, құбылыстардың әртүрлі аспектілерін жан-жақты қамтып, сонымен бірге саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмір тақырыптарымен байланысты болуы қажет. Жаңа енгізілетін 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың мәселелері оқушылардың тарихтағы оқиғаларға қатысты эмоционалды-құндылық қатынастарын тудыратын әртүрлі көзқарастар

мен ұстанымдарын, мінез-құлық көріністерін, олардың тарихи тұлғалар туралы түсініктерін, тарихи құбылысты, оқиғаны, адамды, дәуірді жан-жақты зерттеуге көмектеседі [200].

Тарихшы В.Ф. Шахматов көшпелі мал шаруашылығындағы дағдарыстың себептерінің бірі жеке меншік жер пайдалану және жайылымдарға жеке меншік иеліктің пайда болуынан деп санады [10, с. 48]. Қалай болғанда да, таза көшпелі мал шаруашылығы ендігі жерде заман талабын қанағаттандыра алмайтын шаруашылық түріне айнала бастады. Көшпелі мал шаруашылығы үшін шындығында шектеусіз кең көлемде жайылымдық қажет еді. Жайылымдық жерлердің шектелуі малды көп мөлшерде өсіруге мүмкіндік бермейтін болды. Сонымен бірге, көшпелі мал шаруашылығы табиғат жағдайларына, ауа райына аса тәуелді болды. Қысқы мезгілге арнап қор (жем-шөп) жинамайтын көшпелілердің малы табиғаты шұғыл континенталды қазақ даласында 10-15 жылда қайталап тұратын «жұтқа» жиі ұшырайтын.

Қазақтар бұрынғысынша табиғи жайылымдықтарға негізделген көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. 1928 жылы 28 тамызда «Бай-кулактарды кәмпескелеу туралы» қаулы қабылданып, оның соңы күштеп тәркілеуге ұласып, кеңес өкіметі ірі байлармен қатар орта шаруалардың малын да зорлықпен тартып алып жатты. Қазақ байларын тәркілеу Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру саясатының беташары іспетті болды. Қазақ байларының малдарын тәркілеуден материалдық жағынан да, рухани жағынан да кедейлер еш нәрсе ұтпады [33, с. 101].

Тарих – гуманитарлық білімнің негізі, адамдардың өзін-өзі танудың маңызды нысандарының бірі. Тарихи сана қоғамдық сана элементтерінің бірі болып табылады және қоғам мен жеке адамның дүниетаным жүйесінде дербес және өте маңызды орын алады. Ол тарих фактілерін оқумен жіне білумен шектелмейді, ол тарихи тәжірибе идеясымен сәйкестендірілмейді, дегенмен оларды өз мазмұнына қосады. Оның маңызды құрамдас бөлігі де жалпыланған тарихи тәжірибе мен тәжірибеден туындайтын тарих сабақтары болып табылады.

Қазақстан тарихы – Қазақстан территориясында көне заманнан бүгінгі күнге дейін орын алған тарихи заңдылықтар мен заңдылықтарды анықтайтын тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, процестерді тұтастай зерттейтін ғылым болғандықтан оның алдына қоятын міндеті өте көп. Соның ең негізгісі тарихты зерттеу ғана емес оны оқыту. Тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезге дейін көптеген ғылыми еңбектер жарыққа шықты. Сол сияқты, отырықшыландыру мен соның ішінде мал шаруашылығының мәселесі жөнінде бірқатар тарихшылар еңбек жазды [14, б. 501]. Мәселенің жаңаша қойылуына тарихи шындықты дұрыс танып білуге апаратын жолды іздеуді және сан алуан тың деректерді кең көлемде тауып, ғылыми айналымға енгізуді талап етеді. Кеңестік ресми тарихнамада Қазақстандағы ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрып, ұжымдастыру тарихы социализм орнату жолындағы аса үздік жетістік ретінде дәріптеліп келгені мәлім.

Тәуелсіздікпен қатар келген шынайы тарихты оқыту және оның келелі мәселелерін зерделеуде отандық тарихшыларымыз атқарған міндеті нық болды. Соның ішінде, ұжымдастыру мен оның ішінде мал шаруашылығы тарихын қайта қарастыру отандық зерттеушілердің қызығушылығын туғызды және де өз өзектілігін жойған жоқ. Тақырыпқа қатысты шынайы ғылыми-концептуалдық бағасын сараптауда және арнаулы оқу материалдарын беруде отандық тарихшы-ғалымдарымыздың орны ерекше.

Отан тарихында ХХ ғасырдың 20-30-жылдарына қатысты, соның ішінде ұжымдастыру мәселесіне қатысты тарихнамалық процесті құрайтын бірнеше еңбектерді атауға болады. Олардың арасынан ішінара, тікелей, жанама түрде өңірдегі мал шаруашылығының құрдымға кетуі қарастырылап, ол бойынша тың тұжырымдар ортаға шықты. Коммунизм жоспарларының жүргізушілері Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығын коллективтеу жолында қайта және қатарлы күрделі жасауға тырысқаны, осы кезде ата-бабаларынан жалғасып келе жатқан дәстүрлі шаруашылықтың әдістері мен қалыптасқан жолы бұзылды. Бұл туралы академик М. Қозыбаев, К.Н. Нұрпейісов, Ж.Б. Абылхожин, А.Б. Тұрсынбаев сынды ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді [201]. Сонымен қатар, оқулықтар мен оқу материалдарын жазды [202].

Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының күйзеліске ұшырауы туралы мәселелер ЖОО-ның студенттеріне арналған Т. Омарбековтың оқу құралдарында көрсетілген. «Зобалаң», «Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері», «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» еңбектерінде сталиндік-кеңестік кезеңнің қайшылықты тұстарының көлеңкелі, бірақ тарихымызда ұзақ жылдар “жабық” болып келген мәселелері жаңа, егемен елдің тарихы тұрғысынан қарастырылған. Бұл еңбектерде біз талдап отырған мәселенің де тұстары берілген. Сондай-ақ ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген “Кіші Қазан”, байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына мұрағат құжаттары мен материалдары негізінде талдау жасап, әуелі ғылыми тұжырымдар түйіндеген және кейін оқу процесіне енгізген [21, с. 108]. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қоғам, кеңестік үкіметтің орнауы кезіндегі дәстүрлі шаруашылық ырғағының бұзылуы, дәстүрлі шаруашылықтың күйеуі мәселелерін зерттеп, оны оқытуды проблемаларын көрсетті.

Шығыс Қазақстан өңіріне қатысты «Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективизации» деген құжаттар жинағын автор жариялай отырып, халықтың қолында 2-ден 20-ға дейін бас малдары болған, бірақ неліктен олар қыс ішінде суыққа қарамастан бала-шағасын алып Қытай асып кетті деген сауал тастай отырып, бұл мәселе әлі зерттеуді қажет етеді дейді [46, с. 69]. Ал, «Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932-1933 гг.» және «Гонимые голодом: Документы о судьбе тысяч казахов, бежавших в Сибирь» атты құжаттар жинағында аштық жылдарындағы Сібірге өтіп кеткен Шығыс Қазақстан халқының азап көріп күн кешкендердің, әбден

қалжырағандардың халі мен тауқыметті көп көргендердің тағдырына және балалар панасыздығына қатысты мәліметтер топтастырылған.

Мұндай деректер мен материалдарды оқудың негізінде білімгерлер мен оқушылар әуелде Қазақстанның, одан соң Шығыс өңірінің дәстүрлі шаруашылық құрылымының түпкілікті жойылуы және оның қайғылы салдарымен танысады. Аймақтағы ашаршылық пен, Халықтың жаппай көші-қоны, мал шаруашылығының дағдарысқа шұырауын, Шаруалардың қарсылық қозғалыстары мен Кеңес өкіметінің шаруалар көтерілісін басуы туралы жаңарған материалдармен танысады. Әрине, мұндай материалдарды теориялық тұрғыда жоғары және орта мектептің оқу бағдарламаларына кеңінен енгізу қажет.

Сонымен қатар, студенттер ұлттық тарихтың маңызды мәселелерінің заманауи нұсқалары мен интерпретациясын, кулак-бай шаруашылықтарының жойылуын, ашаршылықтың себептері мен салдарын. - әртүрлі таңбалық белгілер (мәтін, карта, кесте, диаграмма, аудиовизуалды сериялар) арқылы біліп, қабылдай алады. Негізінен бұл мәселелер Отан тарихындағы «Кіші қазан», «Ұжымдастыру» сияқты параграфтардың аясында оқып-үйренуде.

Сол сияқты «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг.» деген еңбекте Қазақстандағы күштеп ұжымдастырумен оның қайғылы қасіреті мен салдарын бейнелейтін құжаттар жарияланған [49, с. 109]. Сол сияқты «Трагедия Советской деревни. Коллективизация раскулачивание 1927-1939» деген құжаттар жинағының төртінші томында ұжымдастырудан кейінгі мал шаруашылығының жағдайы сипатталады. Мұндағы құжаттарда ауылдағы әлеуметтік қайшылықтарды жоюға, колхозшылардың белсенділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар барысы баяндалған.

Мұндай материалдар отандық жоғары білім саласында Шығыс Қазақстан өңірі бойынша мал шаруашылығы тарихының жаңа беттерін ашуға және оны танып-білуге мүмкіндік берді. Мұндай ғылыми және оқу-танымдық материалдар Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың мәселелерін оңай шешуге мүмкіндік береді. Оқу процесінде архивтік дереккөздерді пайдалану тәсілдері: оқытушының баяндамасына сабаққа қатысты тақырыпқа құжаттардан үзінді қосу; оқулықтың аудиторияда сыныпта оқып, оны үйде талдау кезінде тарихи құжаттардың үзіндісімен жұмыс жасауы; студенттің тарихи (олардың) дерек көздерінің үзінділерін (бөліктерін) өз бетінше зерттеу; дербес іздену және оқушының тарихи материалдардан алынған мәліметтерді баяндау, сипаттау т.б.

Кез-келген білім ордасында ЖОО болсын, орта мектеп болсын ең маңызды істердің бірі – оқу бағдарламалары мен кешендерінің заман талабына сай етіп дайындалуы және ондағы материалдардың жаңа әрі сапалы болуы. Қазіргі кезде Қазақстанның жоғары және орта мектептерде дайындалатын оқу-әдістемелік бағдарламаларында еліміздің тарихын оқытуға арналған материалдар кешенді түрде қамтылған. Оның ішінде әрине ЖОО-да Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихын оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендер мен бағдарламаларда ұжымдастру тарихы мен мал шаруашылығының

мазмұны кеңінен көрсетілген. Тарихымыздың кеңестік кезеңінің тарихын, оның ішінде ұжымдастыру мен сол кезеңдегі мал шаруашылығы тарихын оқытуда жоғары мектептің бағдарламаларында оқыту материалдарының кеңнен берілуі ол төл тарихымызды тек ақпараттық негізде ғана танып қоймай, оның мазмұнын барынша терең ұғып, көшірмесін көзбен көріп үйренуге дағдыланады. Бұл болашақ тарихшылар мен мамандарының төл тарихымызды терең тануға мүмкіндік береді [203].

Ұжымдастыру өзінің негізгі мақсатын шаруаларды өндіріс құралдарынан толықтай шеттете отырып, колхоздар (ұжымшарлар) жүйесін құруды және осы өндірістің нәтижелерін бөлуді көздеді. Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығы саласын дамытудан түскен қаражатты үдемелі индустрияландыруды жүзеге асыруға жұмсаймыз деп шешті. Жеке меншікке, жерге, малға негізделген дәстүрлі экономика аз уақытта қажетті қаражатты қамтамасыз ете алмады.

Осы орайда ұжымдастыру мен Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының тарихы мен оны оқыту мәселелеріне тағы бір тоқталсақ, асыра сілтеу саясатының салдарынан көптеген қазақ ауылдары жапа шекті, мысалы Тарбағатай ауданында 1929 жылы 1,5 миллион бас қой болса, 1934 жылының жеті мыңы қалған. Күршім ауданының тұрғыны Сарыбаев деген азаматтың екі түйесі, бес қойы болғанына қарамастан, оған төрт сиыр, 80 қой салық салынған. Мұндай бассыздықтарға келтірер мысалдар шаш етекпен. Оның үстіне асыра сілтеу фактілері лаулаған өрттей үдей түсіп, ұзамай бүкіл республикаға лап қойды.

Күштеп ұжымдастырудан, әсіресе, көшпелі аудандардың тұрғындары аса үлкен жоқшылыққа ұшырады. Өлкелік партия комитетінің көшпелі аудандарды зерттеу тобының мәліметіне сәйкес 1930-1933 жылдары Қарқаралы, Қу, Баянауыл және Абыралы аудандарында халық саны 85 пайызға, ал мал басы 98 пайызға қысқарған аталған мәліметтерге сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының төрт көшпелі ауданы бойынша 1933 жылға қарай бұрынғы халықтың 15,3 пайызы ғана қалған. Алтай губерниясына шекаралас орналасқан Ертіс ауданында 1931 жылдың 1 шілдесінен 1935 жылдың 1 шілдесіне дейін қазақ шаруашылықтарының саны 82,5 пайызға қысқарған.

XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісі жоғары мектепте оқыту өте критикалық сипатта көрсетіліп келеді. Оқытудың мәселелері негізінен шаруалардың малын тәркілеумен және мал шаруашылығының күйзеліске ұшырауымен сипатталады [204]. Бұл мәселелердің саяси-әлеуметтік түсінігінің мазмұны өте ауқымды болып, олар тек зерттеуде ғана емес, сондай-ақ оқытуда да үлкен мәселе туғызады. Кеңестік режимнің келісімінде мал шаруашылығын ұжымдастыру, индустриалдандыру және жеке өнеркәсіптік жайылымдықты дамыту бойынша қосымша кездесіп жатты. Осының салдарынан орын алған мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқыту жұмыстары аса маңызды болып, оның түсінігі мен мазмұнын ашу күрделі болды.

Кеңестік жағдайда Шығыс Қазақстан мал шаруашылығының ыдырау үрдісі мән-мазмұнды және саяси-әлеуметтік түсінігін кеңейтті. Кеңестік

Қазақстанда, оның ішінде шығыс өңірде мал шаруашылығының ыдырау процесін оқыту мәселелері мал шаруашылығының елдің экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігі үшін маңыздылығын тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жағдай бірқатар негізгі аспектілерді қамти отырып түсіндіріледі. Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының тарихи дамуын, оның ел халықтарының экономикасы мен мәдениетіндегі ролін және тақырыптың мазмұны көрсетіп отырғандай, оның ыдырауы мен жойылуын оқыту болып саналады.

Мал шаруашылығының негізгі түрлерін (жылқы, ірі қара, қой және ешкі шаруашылығы, және т.б.) және олардың жалпы жағдайын оқыту негізгі теориялық білімді қамтиды және сонымен бірге Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының сол кездегі жағдайын талдауға, мал өсірушілер кездесетін негізгі проблемалар мен сын-қатерлерді танып білуге мүмкіндік береді. Жүргізілген жан-жақты ғылыми зерттеулер мен қабылданған тың тұжырымдардың негізінде және жаңарған педагогикалық теориялар мен методологияның нәтижесінде аталған кезеңде Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығының ыдырауға дейінгі жай-күйін, оны өсіру әдістерін, азықтандыру, жануарларды күту және жануарлардың денсаулығы мәселелерін танып-біледі.

Сонымен қатар жаңарған педагогикалық білімнің арқасында мал шаруашылығының ыдыраумен бірге оның экономикалық тиімділігін бағалау, оның ішінде рентабельділікке, шығындар мен кірістердің құрылымына және экономиканың басқа секторларымен байланысына әсер ететін факторларды үйренудің мүмкіндігі туындайды. Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығының әлеуметтік және экологиялық салдарын, соның ішінде жерді пайдалану, суды пайдалану, қалдықтарды басқару және сақтау мәселелерін қарастыру мәселелерін игереді. Әрине, мұның барлығы тарихи-ғылыми материалдаық базаның жеткілікті болуынан және оны оқыту бағдарламаларына енгізудің арқасында жүзеге асырылады.

Бұл үдерісті оқыту кешенді болуы тиіс және Қазақстандағы мал шаруашылығы саласындағы табысты қызмет үшін қажетті теориялық білімді де, практикалық дағдыларды да қамтуы тиіс. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін саяси-әлеуметтік түсіну және оқыту мәселелері тарихи маңызға ие. Осы кезеңде Кеңес өкіметі шаруа қожалықтарын колхоздарға біріктіруге бағытталған ұжымдастыру саясатын белсенді жүргізді. Бұл саясаттың мақсаты ұжымдық экономикаға негізделген кеңестік қоғам құру болды.

Шығыс Қазақстанда ұжымдастыру процесі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған көшпелі қазақ тайпалары тарапынан елеулі қарсылыққа тап болды. Көптеген көшпенділер өздерінің дәстүрлі өмір салтынан бас тартып, мал шаруашылығы мұраларын колхоздардың қолына бергісі келмеді. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін саяси-әлеуметтік түсіну және оқыту мәселелері негізінен кеңестік ұжымдастыру саясатымен айқындалды.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғалы дамыған елу елдің қатарынан көрінуді мақсат етіп, жаһандық кеңістікке бет бұруда болашақ ұлттың ұрпағына сапалы білім беру мен жан-жақты, сапалы тәрбиелеудің әлеуетін аша түсуге, жетілдіруге ғылыми-педагогикалық тұрғыдан күрделі міндеттер жүктейді. Осы орайда Қазақстан Республикасының Білім беруді 2015 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында жан-жақты зерделенген Бағдарлама аясында осындай қыруар жұмыстар атқарылып жатыр, ендігі жердегі біздің міндетіміз. алдымызға қояр мақсатымыз, жүйеленген зерттеулерді, алынған нәтижелерді, қоғамға, болашақ ұрпаққа қажеттіліктерін айқындап, дәлелдеу негізінде оқу үдерісіне енгізудің әдіс-тәсілдерін ұсынуымыз керек.

Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың мәселелері негізінен еліміздің ЖОО-ның басқарламаларында қарастырылған. Бұған жоғарыда айталған зерттеушілердің еңбектері мен және жаңадан ғылыми және оқу айналымына еніп жатқан архив құжаттарының жинақтары мысал бола алады. Салыстырмалы түрде алғанда Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқыту орта мектепте соңғы жылдары тереңдеп келеді және ол тек қана Ұжымдастыру процесінің аясында оқытылады. Ал ЖОО-да бұл мәселе кеңестік кезеңнің тарихын оқыту процесінде кеңірек қамтылады деуге болады [205].

ЖОО-да Қазақстан тарихының оқытылуының басты мақсаты: Қазақстан тарихының ежелгі уақытқы заманнан қазіргі дейінгі негізін түсіну және тарихи фактілері мен оқиғаларын білу және олардың ерекшеліктеріне (анализ) талдау жасау болып отыр. Қазіргі Қазақстан тарихының тарихи құбылыстардың үдерістерін жүйелеу және сыни тұрғыдан баға беру. Бұл тақырыптар ҚР ЖОО-ның барлығында Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе модуль бойынша 1-курста оқытылады.

Кеңес кезеңінде, XX ғасырдың 1917 жылынан бастап 30-шы жылғы революцияға дейінгі тарихнамамен және оның тәсілдерімен белгілі бір сабақтастық болды. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың мәселелесі көшпелілер тарихындағы өзекті мәселелердің бірі – көшпелілердің жартылай отырықшы өмірге көшуі, олардың өмірі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарының өзгеруі болып отыр.

Оқу процесінде көрсетілгендей, оқытушы білім алушыларды үнемі қосымша тарихи деректермен және жана ақпараттармен, хабардар етіп, оқу-тәрбие ісіндегі әдіс тәсілдерді жетік пайдалана білуі тиіс. Сондықтан, тарих пәндері арқылы білім алушы жастардың дүниетанымын тереңдетіп, олардың тарихи көзқарасын кеңейту және қосымша материалдармен жұмыс істеу талабы қойылады. Білім алушыларды оқыту мен және осы аталған жауапты методикалық міндеттерін сәтті шешу үшін оқытушыларға қосымша көлемді оқу материалы хрестоматия қажет болады. Оқу хрестоматиясы ілгері кезде ЖОО-ның бағдарламаларында көптеп берілетін болған. Мысалы, жүргізілген

ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстары мұғалімдердің квалификациясын арттыру мақсатындағы арнайы студенттер үшін лекциялық және тәжірибелік сабақтарда қолданыла береді, педагогикалық ЖОО-на арнайы өңделіп жасалатын методологиялық баспаларда және дидактикалық материалдардың жасалу барысында, мектеп оқушылары үшін тарих пәнінен хрестоматиялық оқу пәні негізінде де қолданыла береді.

Осы орайда, уақыт ағымына сәйкес орта мектепте қосымша материалдарды игеру мақсатында хрестоматия дайындаудың қажеттігі туындап, ол негізінен ең маңызды материалдар мен деректік құжаттарды көрсетуге арналды. Сол сияқты Хрестоматияда осы аталған Ұжымдастыру мен мал шаруашылығының тарихына қатысты деректер мен олардың кімнің тарапынан дайындалғаны туралы мәліметтер берілуі керек.

Қазіргі кезде болашақ тарихшы мамандарды дайындау жолында ЖОО-да ОӘК мен Силлабус бағдарламаларында берілгендей, жаңа әдістер мен оқыту технологиясы жүйелі түрде дамып келеді. Сонымен қоса, оқу құралдары, оқу кітаптары мен монографиялардан бөлек құжаттық жинақтар, құжаттық материалдар қолданылуда. Бұрынғы кезде ЖОО білімгерлері тек қана хрестоматиямен ғана шектелетін болған. Ол әрине теориялық білімнің аз болуын көрсетеді. Бірақ, Қазақстан тарихын арнайы оқыту бойынша хрестоматиялық материалдар жинақтары мүлде болған жоқ. Қазақстан тарихынан ЖОО-на арналған хрестоматиялар тәуелсіздік жылдарынан кейін пайда болды. Ең бастысы, қазіргі кезде мұндай құжаттық жинақтардың ЖОО мен орта мектеп бағдарламаларына енуі ізденушілер мен студенттердің ізденуі жолында үлкен көмегін тигізеді. Және теориялық білімді барынша [206] тереңдетеді.

Лекцияның мақсаты - студенттердің оқу материалын меңгеруіне қажетті бағыттаушы негізді қалыптастыру. Осы арқылы оқушылар өздеріне қажетті ақпараттарды оқытушы арқылы түсіне алады. Жалпы лекцияны оқи отыра, лектор студенттердің қандай мәселелерді жазып алып жатқандығын байқап, соған бағдарланып отыруы керек. Конспект мұқият тыңдау, жазба жұмыстары кезінде жақсы есте сақтау, семинар, емтихандарға дайындалуда тірек материалдары ретінде көмек береді. Лекция әдісі арқылы – оқытушы лектордың осы тақырыпқа байланысты негізгі ойын біле алады және ғылыми тұжырымдар жасай алады.

Семинар әдісі - сабақтары пәнді терең, жетік меңгеру мен ғылыми танымның әдіснамасын меңгеруге бағытталады. Студент семинар сабағына дайындалу барысында өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеп, дайындалады (талдау жасау, рефераттар жазу, баяндамаларға дайындалу, т.с.с.) Семинар сабақтары - студенттердің шығармашылық іс-әрекетін дамытудың бірден-бір жолы.

Арнайы семинар - белгілі бір ғылым саласы бойынша жоғары курстарда өтіледі. Егер жүргізуші оқытушы тәжірибелі болса, онда ол студенттерді ұжымдық формада ойлай білу мен шығармашылықпен жұмыс жасауды, ситуацияларды құрастыру, оларды шеше білу, моделдеу, бағалау, өзара сын

секілді іс-әрекеттерді қалыптастырады. Осы сабақтың семинар түрі арқылы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының күйреуіне байланысты ғылыми мақалалар мен әдебиеттерді статистикаларды оқу арқылы оларды кәсіби маман ретінде қалыптастыра аламыз.

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуді ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы мәдени мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғалымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, болашақ мамандарға тәлім-тәрбие беру мәселелерін зерттеуде елеулі үлес қосқан қазақстандық ғалымдар Қ.М. Арынғазин, Қ.Ж. Аганина, Ш.Ә. Әбдіраман, Б. Әбдікәрімұлы, С.Ә. Әбдіманапов, Ғ.З. Әділғазинов, Е.З. Батталханов, А.А. Бейсенбаева, В.В. Егоров, С.Т. Егоров, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Н.Ә. Мыңжанов, Л.А. Шкутина, Н.Д. Хмель, т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қай кезде болмасын, педагогика ғылымында оқу-тәрбие процесі қатар жүріп, ол тарихи процестермен байланыстырылады. Тарихтан алатын тәрбие мен сабақтың ұлт тәрбиесімен байланысуы өте маңызды саналады. Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығы мен ол кездегі қоғамның жай-күйі, адам мен қоғам тәрбиесі педагогиканың орны ерекше. Педагогика ғылымы мен теориясына ұлттық тәлім-тәрбие беру үдерістеріне катысты әр түрлі мәселелерін К. Жарықбаев, С.К. Қалиев, С.Ұзақбаева, К. Қожахметова, А. Ильясова, Р. Дүйсембинова, Т. Тәжібаев, Қ. Бержанов, С. Мусин, Г.М. Храпченков, М.Н. Сарыбеков, Э.А. Урунбасарова т.б. ғалымдардың еңбектерінде қамтылған.

Осы тұста орта мектептегі тақырыпқа қатысты оқыту жағдайына келсек, ол жоғары мектеппен салыстырғанда кішкене шағындау. Дегенмен, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының күйреуіне алып келген Кеңестік Ресейдің саясаттары себеп болғаны туралы мәліметтер қамтылған. Бұл тақырып мектеп бағдарламасында – «Мектеп» баспасынан шыққан 8-9 сыныптың 1-бөлім оқулығында жазылып көрсетілген. Ең бірінші саясат әскери коммунизм саясаты – азамат соғысындағы шығынды жою үшін қабылданған азық түлік салғырты салығы. Бұл тақырыпты мектеп оқулығында 2 тоқсанда мемлекет бекіткен стандарт бойынша 3 оқу сағатына беріліп оқытылады.

ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісі тақырыбы ІІІ тоқсан 1-бөлімі «Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде» 3-4 тақырыпқа арналған: «Қазақстандағы ұжымдастыру» (2 сағат) тақырыптары аясында өтіледі. Тақырыпқа қатысты мәселелер академикетр М. Қозыбаев пен К. Нұрпейісов бастаған ғалымдар тобымен жарияланған оқулықта тақырыпқа қатысты мәселелер қамтылған [207].

Орта мектепте Қазақстан тарихын оқытуда тарихи білім беру мақсатын, мазмұнын, технологиясын нәтижеге бағдарланған білім беруге бағыттау бүгінгі

күні өзекті мәселе болып табылады. Мұнда мұғалімнің де оқушының да оқыту процесінің мақсаты мен міндеттерін, мәнін дұрыс анықтауында, оқушының білім алудың не үшін қажет екендігін терең түсінуінде. Мұнда, бірінші орынға оқушының белсенділігі, қабілеттілігі, өзіндік ерекшеліктері, әрекет құралдары шығады. Оқушы өздігінен білім алу, іздену, қорытынды жасап талдау үшін оның өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, білім алу технологиясын меңгертуге көңіл аударылады.

Жас ұрпақтың бойында жоғары тарихи сананы қалыптастыру, өз елі үшін мақтаныш сезімі, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен азаматтық міндеттерді орындауға деген дайындығын тәрбиелеуде мектепте Қазақстан тарихын оқып-үйренудің маңызы зор. Қазақстан тарихын мектепте оқытуда тарихи деректерді Қазақстан тарихын көне заманнан бүгінге дейін мекендеп келген халықтың, адамзаттың тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, оқушылардың санасында тарихи сана мен ұлттық бірлікті қалыптастыруға, азаматтық пен ұлтжандылыққа, өз халқының келісім мен төзушілікке тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді.

Жас қазақстандықтарға патриоттық тәрбие беруде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын берген жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісіне кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет етеді. Осы орайда, тарихты оқыту барысында оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеру мен педагогикалық технологияның қыр-сырын терең білудің негізінде жаңа бағдарламалар жасалып, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің орны ерекше саналады [208].

20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың мәселелерін зерттей отырып, сол замандағы Шығыстағы халықтың жағдайы мен оның өмірі туралы танып-білу жағдайын қалыптастырады. Сонымен қатар, Қазақстан тарихы туралы жаңаша көзқарас қалыптастырады және рухани құндылықтарын арттырады. Олар:

– оқушылардың кеңестік кезеңдегі Қазақстанның орны мен рөліне ерекше назар аудара отырып, адамзат қоғамы дамуының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани-адамгершілік салаларындағы негізгі кезеңдері туралы білім алуы;

– оқушыларды кеңестік нәубеттің кемшіліктерін аша отырып, өз мемлекетін құрметтеу рухында, адамдар мен ұлттар арасындағы өзара түсіністік, толеранттылық және татулық идеяларына сәйкес, қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары рухында тәрбиелеу, оның әлеуетін арттыру;

– оқушылардың тарихи қалыптасқан мәдени, діни, этноұлттық салт-дәстүрлерді, адамгершілік және әлеуметтік көзқарастарды, идеологиялық ілімдерді түсінуі негізінде азаматтық, ұлттық болмысты тәрбиелеу, дүниетанымдық сенімдерін дамыту;

– тарихшылдық принципін басшылыққа ала отырып, тақырыптың, өткен және бүгінгі күннің оқиғалары мен құбылыстары туралы әртүрлі материалдар мен ақпаратты талдау қабілеттерін дамыту.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда тарихшы-ғалымдар тарапынан Шығыс Қазақстанда ұжымдастыру мен ұлы нәубет жылдарында мал шаруашылығының тарихы терең зерттеліп, оның тарихына шынайы баға берілуде. Соның негізінде олар жоғары мектеп пен орта мектептің бағдарламаларына оқыту мақтасында енгізілуде. Сонымен қатар, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында кеңестік баспасөз тарапынан «алашордашыл», «контрабанда», «ұлтшыл» деп айыпталып қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ байлары мен шаруалары мемлекеттік деңгейде ақталып келеді. Тарихсыз кез-келген халық өткенін ұмытады, өткенін ұмытқан халықтың болашағы бұлыңғыр болады.

Осы ретте Жаңа заман болсын, қай кезеңдегі болмасын қазақ тарихына қатысты мәліметтердің оқу бағдарламасында көптеп енгізілуі немесе қосымша материал ретінде енгізілуі білім саласындағы басым бағыттың бірі саналады. Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау үрдісін оқытудың мәселелері өз алдына жеке және маңызды тақырып екеніне көз жеткізді. Мұны оқып-үйренген оқушы тарихты ешқашан ұмытуы мүмкін емес. Отан тарихы кез-келген оқушының санасына құйылған білім ағыны болып ол мәңгілікке сақталады. Ұжымдастыру кезіндегі мал шаруашылығының ыдырау салдарынан орын алған халық қасіретін болашақ ұрпақ ұмытпақ емес. Тақырыптың мазмұнын теерң меңгерген ұрпақ арасынан жан-жақты тұлға қалыптасып, ал жан-жақты мәдениетті тұлға – беделді тарихи сана иесі бола алады. Нақ осы тарихи сана этностық та, жалпы мемлекеттік те сананың негізі болып табылады.

3.3 ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздері (эксперимент)

Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – «білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр». Инновациялық процестерді ендіру енгізілген технологияның ерекшеліктерімен, жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен, жаңалықты енгізу жолдарымен өзара байланыс негізінде анықталады. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыруды қажет етеді. Бүгінгі күнде Қазақстанның орта мектептерінде қазақ мемлекеттілігінің тарихына қатысты оқытудың әдістемесін дамыту процестерінің негізінде оның өзіндік әдістері де қалыптасты. Қазіргі кезге дейін тарихи-әдістемелік зерттеулер негізінде тарихи материалдарды пайдалану мен оқу тарихи танымында пайдаланудың мақсаты мен әдістемелік жолдары туралы түсініктерді дамытудың төрт кезеңі анықталды және сипатталды. Білім мен қызмет тәсілдерін меңгеру арасындағы айырмашылықты жеңу, оның фундаменталдылығын сақтау және бір мезгілде оқытудың практикалық

бағытын күшейту – қазақстандық білім беруді жаңғыртудың басты міндеті болып саналады.

Кез-келген мектеп және ЖОО пәндерін оқыту әдістемесі, пәнге зерттеу жүргізілгеннен кейін жасалады. Оқыту әдістерін түсіну және жетілдіру үшін талдау жасау қажеттілігі туындаған кезде ғана әдіс мәселесіне назар аударуға болады. Дүниежүзілік тарихты оқыту барысында осылай болды: ол әдістеме жасалғанға дейін басталды. Бұл жағдай Қазақстан тарихын оқыту әдістемесіне де қатысты. Біз 1992 жылдан бастап оқыту процесін зерттемей, жаңа жүйелі курсты оқытуды бастадық. Қазақстан тарихын оқыту барысында әлі де кейбір эмпирикалық жалпылау жинақталуда, белгілі бір жағдайға сәйкес тәжірибелік кеңестер жасалуда, білім беру үдерісін жақсарту үшін белгілі ережелер ұсынылуда. Дәл осылай техниканың элементтері пайда болады. Бірақ бұл әдістемелік тәсілдер мен жеке ережелер отандық тарихты оқыту әдістемесін ғылыми пәнге айналдыра алмады, өйткені бұл процесс тарих ғылымының даму деңгейімен тығыз байланысты. Әр пәннің әдістемесін жасау дәрежесі оның ғылыми даму дәрежесінің зерттелуіне тікелей байланысты». Сондықтан Қазақстан тарихы бойынша ғылыми негізделген әдістемелік жүйені әзірлеу-заманауи мектептің өзекті мәселесі. Бұл міндетті Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі ғылыми пән деңгейіне көтерілген жағдайда ғана сәтті орындауға болады.

Қазақстан тарихы оқу пәні ретінде тарихпен ғылым секілді тығыз байланысты, себебі оқу пәні ғылым негіздерін баяндау болып табылады. Кез келген басқа пәннің әдістемесі сияқты Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің де өзіндік ерекшелігі бар. Отандық тарихты оқыту әдістемесі жүйесінде екі негізгі бөлікті бөліп көрсетуге болады: курстың жалпы әдістемесі және курстың жеке бөлімдерін оқытудың әдістемелері. Қазақстан тарихын оқытудың бірінші (жалпы) әдістемесі толық емес орта және орта мектеп шеңберінде отандық тарихты оқытудың барлық процесін білдіреді, ал жеке әдістемелер жекелеген бөлімдерді оқытудың ерекше мәселелерін әзірлеумен айналысады.

Қазақстан тарихы курсының мазмұны да, оның әдістемесі де жалпы мектептің алдында тұрған міндеттермен және осы пәнді оқытумен анықталады. Өйткені, ұлттық тарихты оқытудың түпкі мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырмаған мұғалім, материалды іріктеу принциптерінде, әр түрлі әдіс-тәсілдердің құндылығында Қазақстан тарихы бойынша мектеп курсының құрылысын білмейді, міндетті түрде өзінің тәжірибелік жұмысын тыңғылықты ойластырмай, жоспарсыз жүргізеді. Ол Қазақстан тарихын қаншалықты жақсы білсе де, оның жұмысы мақсатсыз қалады. Кейде теориялық әдістеменің құндылығына күмәнданатын жас мұғалімдерді кездестіріп жатамыз. Олар үшін ең бастысы – бұл пәнді білу, ал қалғаны «жүре түзеледі» деген ойдан туындайды. Көбінесе мұндай мұғалімдер мектепте немесе университетте қалай оқытуды үйренсе, солай үйретуге тырысады [209].

Шығыс Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы мал шаруашылығының ыдырау үдерісін оқытуды отандық мектептер мен университет қабырғаларында алдымен Қазақстан тарихының аясында бастайтын болсақ, онда оқытудың

негізгі, жаңа, заманауи әдістер мен жаңарған оқу материалдары талап етіледі. Мұнда отандық тарихтың аясында оқытудың ең негізгі себебі – тақырыптың негізгі бөлігі мен орын алған тарихи процесс Қазақстанның бір өлкесі мен оның басқа аймақтарда көрініс табуымен ерекшеленеді. Орта мектепте отандық тарихты оқытудың ерекшелігі – тарих мұғалімінде осы тарихи кезеңнің тарихын, бұл дәуірдегі халық пен қоғамның психологиясын, мәдени-ағартушылық ағымдарды, халықтың білім деңгейін анықтап, оқушыларды аталған кезеңдегі Қазақстан тарихының сан тараулы жолдарымен таныстыру үшін оқытудың әртүрлі көздері, құралдары уақыт ағымына қарай дамыту тиіс.

Қазақстан тарихы бойынша білім беру – мұғалімнің иелігіндегі оқыту құралдарын, тәрбиелік міндеттерін кешенді пайдалану, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін шебер ұйымдастыру арқылы ғана тиімді шешуге болады. Осы ретте оқыту процесін жоғары деңгейде өткізу үшін қандай процестерді жүзеге асыру керек? – деген заңды сұрақ туындайды. Ең алдымен, тарих пәнінің мұғалімі белгілі бір курс бойынша оқу-әдістемелік кешен құруы керек. Әрине, Қазақстан Республикасында белгілі бір жұмыс жүргізілуде, бірақ өте баяу және тек кейбір бағыттар бойынша ғана атқарылып келе жатыр.

Қазақстан Республикасының дамуы болашақ мамандар мен білімді жастарды даярлауға өте жоғары талаптар қояды, ал қазіргі ғылым мен білім ағыны жылдам қарқынмен өсуде [42, б. 98]. Қоғам көбінесе мектеп түлектерінің дайындық сапасына, білімнің үлкен көлемін игерудегі қиындықтарға қанағаттанбайды. Оқытудың міндеттері мен тәсілдері арасында қайшылық бар. Нені үйрену керек? Тарихи білімнің шынымен қажетті құрамы мен көлемін ғылыми тұрғыдан қалай анықтауға болады? Қазақстандық қоғамның дамуына сәйкес оның ішкі заңдылықтарына сүйене отырып, танымдық процесті қалай жетілдіруге болады? Бұл мәселелер өзектілігін сақтай отырып, Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі - таным мен білім беру процесі туралы білімдердің бүкіл жиынтығын бөліп көрсетуге, өңдеуге және синтездеуге және жаңа заңдылықтарды ұлттық тарихты оқыту заңдылықтарын ашуға арналғанын басшылыққа алу керек. Оқыту процесінің негізгі міндеттері, мазмұны, жолдары, оқыту мен тәрбиелеу және дамыту құралдары, екінші жағынан алынатын нәтижелері (тиімділігі, алған білімінің сапасы) мен оның объективтілігі, маңыздылығы басты назарда болу керек. Осы заңдылықтардың негізінде оқытудың барлық аспектілерін қамтитын тәжірибелік ұсыныстар жасауға болады [210].

Қазіргі кезде орта мектепте жоғары сыныптарда Кеңес дәуірінің тарихын оқыту маңызды саналады. Кеңес заманында отандық тарих бірнеше тағдыршешті күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Олардың бастыларына аштық, тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін, жеке басқа табынушылық, тың игеру, көші-қон үрдістері, желтоқсан оқиғасы және т.б. Кеңес заманындағы отарлық қамыты жетпіс жылға созылса да қазақ халқы жеті жүз жылда тартатын саяси-әлеуметтік, мәдени-идеологиялық қысымдардың барлық түрлерін тартып үлгерді. Біздің бұл зерттеу жұмысымыздың мақсаты 1920-1930 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ыдырау құбылыстарының

аспектілерін білім жүйесінде оқытудың маңыздылықтарына қатысты педагогикалық ізденістермен өлшенеді. Педагогикалық ізденістер міндетті түрде эксперименттік, практикалық талдау жұмыстарының көрсеткіштері негізінде іске асатындығы анық. Ғылыми-зерттеу жұмысын жазу барысында және тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыруда зерттеліп отырған тақырып аясында эксперимент жұмыстары жүргізілді. Бұл эксперимент Абай облысы, Семей қаласындағы Әлихан Бөкейханов университетінің қабырғасында жүргізіліп, жоғарыдағы және өзге де жаңартылған әдіс-тәсілдер қолданысқа енгізілді. Эксперимент жұмыстарына тарих мамандығы бойынша 1-2 курстың студенттері қатыстырылды. Эксперимент жұмыстары ағымдағы Қазақстан тарихы оқулықтарында қамтылған 1920-1930 жылдардағы тарихи оқиғалардың мәніне талдау жасап оның тиімді түсіндірілу тәсілдеріне баға берді.

Осы эксперимент жұмыстары барысында студенттердің білім алуға және тақырыпқа деген қызығушылық деңгейлері де жоғары ескерілді. Оқу бағдарламалары мен оқулықтарда тарихи мәселелер дұрыс жолға қойылып жүйеленуі мүмкін бірақ, оны білім алушыларға түсіндіру әдістері кемшілікке ие болады. Сондықтан да оқулықтардың сапасы мен оқыту, білімді жеткізу тәсілдерінің өзара сабақтастығын айқындап алу маңызды саналады. Білім алушылардың жалпы оқу білігінің қалыптасуының жоғары емес деңгейі жүргізілген мониторингтік зерттеулердің нәтижесімен дәлелденеді.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың едәуір бөлігі келесідей жалпы оқу білігін жетілдіру керек;

- оқу материалын ойланып есте сақтау;
- өзінің оқу қызметінің нәтижелерін бақылау, бағалау және түзету;
- оқу материалдарын талдау, қорытындылау, жүйелеу;
- өзінің оқу қызметін тиімді ұйымдастыру;
- оқу пәні бойынша оқулықтармен, қосымша әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеуді үйрену.

Сонымен қатар, білім алушыларда өзіндік бағалау білігінің қалыптаспағандығы туралы қорытынды жасап, педагогтар тарапынан білім алушылардың оқу жетістігін ақиқатты бағалаудың жеткіліксіздігі, бақылау-бағалау қызметін және оқушылардың білімі мен білігін түзету бойынша жұмыстардың тиімсіз ұйымдастырылуы [211]:

1. Тарих пәнін оқыту үрдісінде әрбір білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір білім алушыны бағдарламада қарастырылған оқу-танымдық қызметтің әдістерін игеру; тарихи ұғымдардың маңызды белгілерін бөлу, тарихи фактілерді уақыт бойынша шектеу, тарихи фактілерді бағалау және сипаттау, тарихи фактілер арасында себеп-салдар байланыстарын ашу.

2. Оқу сабақтарында білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелері өзіндік жұмыстың мазмұны мен көлемін анықтау кезінде ескеріліп; оқу пәнін зерделеу үрдісінде тапсырмаларды өз бетінше орындау мазмұны және мағынасын түсіндіру;

3. Әрбір сабақ барысында оқушылардың білімі мен білігін бақылаудың әдістері мен түрлері, жабдықтарын жете ойластырып, жаңа оқу материалын зерделеу кезінде біліміндегі олқылықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

4. «Қазақстан тарихы» пәнін зерделеу барысында әрбір білім алушының дамуының жеке траекториясын бейімдеу мақсатында білім алушылардың ауызша және жазбаша жауаптарын сапалы талдауды жүйелі өткізу.

5. «Қазақстан тарихы» бойынша білім алушылардың білімі мен білігін түзету әдістерін тиімді қолдану және оқыту үрдісінде білім алушылардың жалпы оқу білігін дамыту [212].

1920-1930 жылдардағы кеңестік шаруашылық реформалар туралы білімді ЖОО оқулығына толықтай енгізу үшін арнайы нақты ғылыми сараптамадан өткен материалдың негізінде жоспар және оқу материалы әзірлену қажет. Әзірленген материалдарды оқулыққа және бағдарламаға енгізіп бірқатар шараларды іске асыру қажет. Олар тарихи білім берудің жаңа құрылымы бойынша оқулықтар жиынтығын мерзімінде шығару, мазмұнды тез жаңарту және тарихи білім берудің тұжырымдамалық тәсілдері жағдайында білім берудің жаңа мазмұнын жедел әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады [213]. Сонымен қоса, оны заманауи мектепте оқыту үшін оған арнайы бағытталған педагогикалық технологияларды қолдану, дамытушылық оқыту әдістерін енгізу, оқушыларды танымдық іс-әрекеттің әртүрлі формаларына тарту, тарих сабақтарында жеке тұлғаны әлеуметтендіруге қажетті дағдылар мен икемділікті дамыту сондай-ақ осы секілді әдістерді игеру басшылыққа алыну керек.

Ең бастысы, оқу материалдарына енгізілуі тиісті 1920-1930 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының жалпы ахуалы, кеңестік билік органдарының қазақ шаруаларына қатысты ұстанымы, кеңестік мал шаруашылығын дамыту әдістері, жайылымдарды бөлудің тәсілдері, Қытай, Моңғолия тараптарына қазақ шаруаларының көшу үдерістері тарихы бойынша оқыту құралдарының қорын құру басты тақырыптардың бірі болып табылады. Сонымен қоса аталған тарих бойынша тарихи білім мазмұнындағы өзгерістер қазіргі заманғы оқу-көрнекі және аудиовизуалды құралдармен қамтамасыз етілуі қажет. Мұның барлығы заманауи оқыту әдістерінің негізгі бағыты болу тиіс.

Осы уақытқа дейін орта мектептерде тарихи карталар мен атластар, оқу суреттерінің жиынтығы, хронологиялық және синхронды кестелер мен басқа да көмекші материалдар қолданылып келді. осы тұста жаңа және өзгеше көмекші құралдарды енгізу қажет. Олар оқушыларға ерекше әсер ететін белгілі бір дидактикалық функцияларды орындайды және сабақта танымдық белсенділікті арттырудың маңызды шарты болып табылады. Мысалы, Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының 1930 жылдардағы әлсіреу тарихы бойынша жаңа көмекші материалдар: әрине ең бастысы визуалды материалдар, атап айтқанда дәуір құжаттары, курс бойынша хрестоматиялар, оқуға арналған кітаптар; фотоматериалдар, деректі кинофильмдер (нақты оқиғалар немесе адамдар туралы), түрлі-түсті оқу суреттерінің сериясы, әр кезең бойынша тарихи

қайраткерлердің портреттер жиынтығы, үлкен форматтағы тарихи карталардың жинақтары, дыбыс жазбалары т.б. Мұндай тарихты оқытуда визуалды материалдарды пайдаланудың өзіндік әдістерін меңгерген дұрыс. Қазіргі кезде ЖОО мен орта мектептерде визуалды материалдардың электронды нұсқалары көптеп таралған [214].

Сонымен қатар, оқытуды пысықтауға арналған тарих жөніндегі жұмыс дәптерлері, топтық жұмысқа арналған тапсырма-карточкалар, нұсқаулық-карточкалар, курстар бойынша әдістемелік құралдар (сабақтарды әзірлеу), сабақ блоктарын жоспарлау нұсқалары, әлеуметтік-тұрмыстық әдеби шығармалар мен поэмаларының жинақтары, хронологиялық кестелер, логикалық схемалар, графиктер, диаграммалар, тарих бойынша әдеби-көркем және мемуарлық-публицистикалық шығармалар, өлкетану материалдары т.б. [215]. Бұл тізімді жалғастыруға болады, алайда біз өзімізді тізімделгендермен шектейміз, өйткені қажетті оқу-көрнекі материалдар мен аудиовизуалды құралдардың қарапайым тізімі жаңарту емес, оқу құралдарының мүлдем жаңа қорын құру қажет екендігінің айқын дәлелі болып табылады. Мұнда ұжымдастыру, тәркілеу саясаттарының барысын баяндайтын мұрағат құжаттарын кестеге алып, КСРО мемлекетінің осы саладағы саясатын схемалармен бөліп, мал шаруашылығының тұралау және дағдарысқа ұшырау факторларын диаграммалар негізінде компьютер бағдарламалары арқылы түсіндірсе, кез-келген білім алушының бұл тақырыптарға қызығушылығы артатыны сөзсіз.

Қазіргі уақытта ЖОО мен мектеп мекемелерінде жаңа материалды үйрену сабақтары көбінесе саяхат, экскурсия, өткен оқиғаларға ой арқылы саяхат жасау сабақтары түрінде өтетіні белгілі. Мұндай сабақтар білім алушыларға жарқын, эмоционалды, тарихи оқиғаларға белсенді қатысуға, тарихи ой-өрісін дамытуға, гуманитарлық білімге жеке қызығушылық танытуға мүмкіндік береді. Расында да мұндай әдістер оқушының ой-өрісін дамытады және кез-келген тарихи оқиға мен жағдайды көз алдына елестете алатын болады. Мысалы, оқушы 1920 жылдардағы қазақ малшыларының бейнесі мен көші-қон әрекеттерін бірден көз алдына келтіре алмайды. Оны тек қана слайддық видео, мұрағат құжаттарынан алынған фотолар арқылы көрсете отырып ойлау жүйесін дамытуға көмектесуге болады. Қазіргі уақытта оқулықтардан бөлек берілетін арнайы нұсқалықтар оқыту әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.оның ішінде әрине Қазақстан тарихын оқытудың әдістемелік нұсқаулығы басты орынға ие [216].

Гуманитарлық білім беруді ұйымдастырудың болашақтағы бағыты ретінде тарих педагогтары жақында модульдік сабақ ұсынды. Оны жасаушылардың айтуынша, мұндай сабақ күрделі дидактикалық мақсатпен ерекшеленеді, онда жаңа білімді игерумен қатар, оқушылардың әртүрлі көздерден ақпаратты өз бетінше алу және өңдеу дағдыларын қалыптастыруға үлкен мән беріледі. Сабақтың мазмұны бірнеше ақпарат блоктарынан тұрады, оларды оңай ауыстыруға және қайта құруға болады, әр блокта жұмыс істеу мақсаты нақты тұжырымдалған және оны жүзеге асыру білімді өзектендіруге, тарихи дереккөзді дербес зерттеуге, өз пікірін қалыптастыруға және білдіруге,

танымдық және коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға, өзін-өзі тексеруге, бақылау мен танымдық тапсырмалар жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Мұндай әдістеме қазіргі кезде де өте кең таралған әдіс жинақтары ретінде саналып, ол әрине өзінің орны мен үйлесімін тапқан болып есептеледі. Мектеп оқушыларына мәліметтерді тиісті топтарға немесе блоктарға бөліп көрсету заманауи оқу-білім саласындағы ең айтулы әдістер саналады. Мысалы, Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының 1920-1930 жылдардағы даму деңгейі мен күрделі тұстарын айта отырып, оның алғышарттары мен салдарын және оған тиісті болған ақпараттарды жекелеген пункттер бойынша көрсету керек. Атап айтқанда, түркі-мұсылмандық ағартушылық, зайырлы білім, жәдитшілік, түрікшілдік сынды салалық бөлімдер бойынша көрсетілуі керек.

Білім алушылардың нақты белгіленген үлгіні игеру моделін модернизациялаудың бір бағыты – бұқаралық тәжірибеге тест тапсырмаларын енгізу жаңарған әдістердің бірі болып отыр. Тест тапсырмалары алғашқыда түсініксіз болғанымен, қазіргі уақытта ең таралған тапсырма алудың әдістері болып отыр [217]. Тест тапсырмалары негізінде Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының ұжымдастыру, тәркілеу және шаруалардың Қытай, Моңолия елдеріне көшуге мәжбүр болу ахуалдарын өте тиянақты, есте сақталатындай етіп оқытуға болады. Тест тапсырмалары оқушылардың ізденісін арттырады. Тест тапсырмаларының оқытудағы орны ерекше. Тест тапсырмалары тіпті қазіргі кезде оқушыларды ЖОО-на түсуге, ал студенттерді ары қарай білімдерін шыңдауға әсер ететін басты әдісі болып отыр.

Қазақстан тарихын оқытудың қазіргі ЖОО жүйесіндегі оқу бағдарламасында кеңестік дәуірдің көптеген ірі құбылыстары қамтылып өткен. Олардың басымы Қазақстан тарихының ауыр және өтпелі тарихи белестерін айқындайды. Білім алушылардан кеңестік тарихтың күрделі құбылыстарынан қайсы кезеңді шешуші және тарихымыздың парадигмасына өзгерістер енгізді деп айта аласыз деген сауалнама өткізілді. Осы сауалнама арқылы біздің диссертациялық жұмыс қозғап отырған кезеңнің қаншалықты маңызды екендігін түсінуге болады.

Сауалнама 2018 жылдың 5-25 қараша аралығында «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚда педагогикалық практика өту барысында жүзеге асты. Бұл зерттеу жұмысына университеттің И-711 тобының (Шифр 5В020300 – Тарих) 9 студенті және Ия-713 тобының (5В011400 - Тарих (пед) 4 студенті қатысты. Жалпы қатысушылар саны 13 студенті құрады. Сауалнамаға қатысқан студенттер тізімі (Қосымша Ә)да көрсетілген. Сонымен қатар, сауалнамаға қатынасқан студенттердің университеттің 2 курсы екендігін атап өткен жөн. Сауалнама нәтижелері (Қосымша Ә)да көрсетілген.

Кестедегі мәліметтер білім алушылардың ағымдағы оқу бағдарламасында қамтылған кеңестік дәуір тақырыптары бойынша ақпараттық деңгейі мен танымдық өрісін нақтылайды. Жоғарыдағы еркін сауалнама нәтижесінде қатысушылардың 37% ашаршылық тақырыбының ең күрделі және маңызды мәселе екендігін көрсеткен. 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргінді 23% атап

өткен. Ұжымдастыру тақырыбының өзекті екендігін 12% жуық қатысушылар дұрыс санаған. Ашаршылық пен ұжымдастыру тақырыптарының біздің диссертациялық жұмыспен тікелей сабақтас екендігін ескере отырып, біздің тақырыптың жалпы білім алушылар үшін қандай да мағынаға ие екендігін түсінеміз. Осыдан келіп шығатын қорытынды ашаршылық, ұжымдастыру науқандарындағы мал шаруашылығының сипаты мен ықпалына басты талдау жасау қажеттігі туындайды.

Диссертациялық жұмыс қарастырып отырған мәселені педагогикалық салада теріңнен кешенді айқындау үшін оқу-әдістемелік кешенді (ОӘК) элективті курс негізінде құрастырудың қажеттігі туындайды. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін дайындауда осы ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарыдың талдамалары негізінде алынған мәліметтер жиынтығы тақырыптарды нақтылауға пайдаланылды. Элективті курс *«1920-1930 жж. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалы және тарихи мәселесі»* деп аталады.

Элективті курстың мақсаты – Шығыс Қазақстанда социалистік құрылыстың орнау және нығаю үдерістері кезеңіндегі дәстүрлі мал шаруашылығының өзгеру бағыттары мен мәселелік тұстарын тарихи талдау мен қайта пайымдау болып табылады.

Бұл курсты оқыту ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы еліміздегі дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалы мен өзгеру бағыттарына білім алушыларды шынайы бағалауға үйретеді және ой-саналарын тұжырымдауға баулиды.

Пәнді оқытуға мүмкіндік берген пререквизиттер: «Қазақстан тарихы», «Деректану», «Этнография» пәндері.

Пәнаралық байланыс: жоғары білім беру ұйымдарында оқытылатын қоғамдық пәндер циклінің негізінде «Педагогика», «Этнология», «Этнография», «Түркі мемлекеттерінің тарихы».

Бағдарлама мазмұнының ерекшелігі – студенттердің 1920-1930 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму ахуалы мен ерекшеліктерін тарихи тұрғыда талдап жоғары білім беру жүйесінің лқу-тәрбие үдерісіне қолдануға негізделеді. Сонымен қатар, дәстүрлі мал шаруашылығын зерттеген кеңестік және қазіргі тарихнамадағы теориялық көзқарастарды салыстырып талқылау мен ортақ шынайы пайым жасауға да көңіл бөлінеді. Пәннің мазмұнында дәстүрлі қазақ мал шаруашылығы жүйесін өзгерту бойынша қабылдаған кеңестік биліктің түпкі мақсаттары мен міндеттері қамтылады. Себебі, «Қазақстан тарихы» курсының оқыту барысында 1920-1930 жылдардағы Қазақстанның дәстүрлі мал шаруашылығының зардаптарын мәселелік көзқараста зерделеу жетіспейтіндігін мойындаймыз.

Элективті курсты оқу және өзіндік жұмыстарды орындау ағымында білім алушылар бағдарламадағы әрбір тақырыпта мазмұндалған Шығыс Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы мал шаруашылығының жалпы ахуалы мен табиғи даму сипатының өзгеру бағыттарына қатысты ұсынылған аспектілерді түсініп өздігінше ой қорытуды меңгеруі тиіс. Сондай-ақ, студенттер аталған дәуірдегі мал шаруашылығының жай-күйін баяндайтын

құжаттар мен тарихи материалдармен таныса отырып тезистер әзірлеуге машықтануылары қажет. Студенттерді бағалау барысында жазбаша жұмыс үлгілері (эссе, шығарма, тезистер), портфолио, тестілеу, интервью, сауалнама, өзін-өзі бағамдау, есеп беру сияқты тәсілдерді қолдандық.

Бағдарламада кредиттік оқыту жүйесіне сай элективті курстың негізгі сабақ түрлерін өткізудің тақырыптық жоспары берілді: лекциялар (15 сағат), семинарлар (15 сағат) және СӨЖ (30 сағат), ОБСӨЖ (30 сағат) тақырыптары және өз ықыласымен орындайтын тақырыптар (Қосымша Ә).

Элективті курстың семинар сабақтарында бағдарламадағы кейбір тақырыптардың мазмұнының айқындалатын негізгі мәселелері талқыланып, пікір-сайыстар ұйымдастырылады, студенттердің баяндамалары мен ғылыми хабарлары тыңдалады. Курс аясындағы сабақтар іскерлік ойындар формасында (семинар, дөңгелек үстел, диспут, дебат) іске асырылады. Ал, студенттердің дербес орындаған эссе, реферат, конспект, өзге де шығармашылық жұмыстарының нәтижелері талдау арқылы бағаланады.

Элективті курстың мазмұнын игерудегі пайдаланылған жұмыс түрлері мен теориялық әдіс-тәсілдері Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының 1920-1930 жылдардағы ахуалын шынайы тұрғыда гуманитарлық ғылымдар саласындағы студенттердің білімі мен тарихи санасын толықтыруға, жаңа пайымдық әдістерді меңгерулеріне ықпал етеді. Элективті курстың бағдарламасын түсіну арқылы білімгерлер туған өлкесінің тарихы мен дәстүрлі құндылықтарын құрметтуге, насихаттауға дағдыланатын болады. Болашақ педагог студенттер тың идеялар мен білімдерді қабылдай отырып шығармашылық ойлау қабілетін дамытады және алдағы педагогикалық қызметінде дербес қолдануға мүмкіндік алады.

Элективті курстың мазмұнын меңгеру студенттерге тарихи фактілерді қабылдау, қорытуға үйретеді және тарихнаманың кезеңдік ерекшеліктерін ескере отырып қайта тұжырымдауға бағыттайды. Себебі, бұл мәселе бойынша тарихнамалық зерттеудің теориялық ұстанымдары бірқатар кезеңдергі бөлінеді және олардың шынайы ортасын табу тарихи шындыққа ұластырады.

Элективті курс жоспары бойынша кредиттік технологияға сәйкес лекцияға 15 сағат, практикалық сабақтарға (семинар) – 15 сағатқа бөлінген. Сонымен бірге, 30 сағат студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарына, 30 сағат студенттердің оқытушымен орындайтын жұмыстарына үйлестірілген.

Курс аясында оқытылатын сабақтардың негізгі міндеттері:

– студенттерге оқытылатын лекция мазмұнын толықтырып, ұғым түсініктерін айқындау;

– білімгерлердің Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының тарихи-табиғи даму ерекшеліктерін зерттеген еңбектермен өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;

– білімгерлердің ұжымдастыру, тәркілеу және аштық жылдарындағы мал шаруашылығының күйреу себептеріне қатысты тезистік ойларын түзуге және өзара пікір алмасуға баулу;

– білім алушылардың өз өлкесінің дәстүрлі шаруашылық-мәдени құндылықтарын қастерлеу мен құрметтеуіне жол ашатын педагогикалық мотивтерді ұсыну;

– 1920-1930 жылдардағы қазақтардың шетелге көші-қон үдерістерінің артуының демографиялық күйге ықпалын талдау мен қазіргі этникалық мәселемен сабақтастыруға үйрету.

Семинарлар мен практикалық сабақтарда білімгерлер шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының 1920-1930 жылдардағы даму ахуалынан хабар беретін еңбектермен, оқулықтармен танысатын болады және олардың мәнін педагогтың басшылығымен игеруге мүмкінді табады. Ең бастысы, дәстүрлі мал шаруашылығының аймақтың негізгі экономикалық қозғаушы күші болғанын ұғынуға және оның күйреу салдарларының үлкен қоғамдық-ұлттық дағдарыстарға алып келетіндігін пайымдауға қол жеткізеді.

Практикалық сабақтар Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының кеңестік дәуірдегі сипатын талдауға және бағалауға арналады. Бірқатар сабақтарды экскурсия түрінде өткізіп аймақтағы мал шаруашылығының қайнар көздері саналатын Тарбағатай, Аягөз өңірлеріндегі малшы ауылдардың жағдайымен танысу арқылы жүзеге асыруға болады.

Семинар мен практикалық сабақтарға дайындық барысында студенттерге мынадай тапсырмалар беріледі:

1. Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының 1920-1930 жылдардағы ахуалын зерттеген ғылыми еңбектер мен сипатталған мұрағат құжаттарын оқып білуі.

2. Дәстүрлі мал шаруашылығының қоғамдық-әлеуметтік және экономикалық тепе-теңдікті сақтап тұрған тетік екендігін анықтайтын тақырыптарда рефераттар дайындау.

3. Слайдшоу түрінде ХХ ғасырдың басындағы және 1920 жылдардағы қазақ малшыларының бейнесін сипаттайтын фотоларды жинақтау және түсіндіру.

Семинар мен практикалық сабақтардың тақырыптары:

1-сабақ - Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының тарихнамасы мен дереккөздері.

2-сабақ - Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи-тарихи қалыптасу ерекшеліктері және негіздері.

3-сабақ (семинар) – Кеңестік биліктің орнауы және мал шаруашылығы саласындағы реформаларының негізделу бағыттары.

4-сабақ (семинар) - ЖЭС және қазақ шаруасының әл-ауқаты.

5-сабақ (практикалық) – Тәркілеу саясаты және дәстүрлі шаруашылық.

6-сабақ (семинар) – Ұжымдастыру жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының әлсіреу себептері.

7-сабақ (семинар) – Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйенің мал шаруашылығын ыдыратудағы рөлі.

8-сабақ (практикалық) – Қазақ шаруаларының шетелге көші-қоны ұлттық демографияның қасіреті ретінде.

9-сабақ (семинар) – Кеңестік «ет саясатының» жүзеге асу бағыттары.

10-сабақ (семинар) – Аштық жылдарындағы қазақ малшыларының шынайы ахуалы.

11-сабақ (семинар) – Аштық туралы қазіргі тарихи ой.

12-сабақ (семинар) – 1930 жылдардың ортасы мен соңындағы Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының өзгеру сипаты және салдарлары.

13-сабақ (семинар) – Қазіргі тарихнамадағы мал шаруашылығы жүйесінің зерттелу деңгейі.

14-сабақ (семинар) – Өлкедегі дәстүрлі мал шаруашылығының қазіргі қалыптасу түрлері.

15-сабақ (семинар) – Қорытынды (еркін пікір алмасу).

Жалпы қазақ халқының негізгі күнкөрісі мал шаруашылығының айналасында өрбігендігімен біздің тақырып маңызды болып саналады. Мал шаруашылығын жүргізу қазақтардың өмір сүру құралы немесе кәсібі, ал мал азықтың негізгі көзі қызметтерін атқарды. Мал шаруашылығының даму және дағдарысқа ұшырау құбылыстары қоғамның әл-ауқат деңгейін анықтап отырды. Мал шаруашылығының дамуы қоғамның басқа институттарының жылжуына айтарлықтай әсер етіп отырды. Ал, оның дағдарысқа ұшырауы әлеуметтік-саяси теңсіздіктердің туындауына жағдай жасады. Осыған байланысты 1920-1930 жылдардағы Қазақстан тарихының дәрістерін оқыту барысында мал шаруашылығының әлеуметтік-саяси, мәдени-қоғамдық қатынастарды реттеудегі орны мен өлшемдеріне баға беру маңызды саналады.

Жоғарыдағы пайымдарды саралай келе 1920-1930 жылдардағы Қазақстан тарихы дәрісі барысында оқытылатын ұжымдастыру, ашаршылық, көші-қон үрдістерінің алғышарттары мен салдарларына тигізетін дәстүрлі мал шаруашылығының ықпалын ұғынықты түрде түсіндіру маңызды екендігі айқын. Бұл ретте Шығыс Қазақстан өңірінің орны ерекше болып табылады. Себебі, дәстүрлі мал шаруашылығының қайнар көздері аталған аймақта орналасты және ол әлеуметтік-қоғамдық қатынастарды реттейтін экономикалық тетік қызметіне ие болды. Осыған орай, біз ұжымдастыру, ашаршылық, көші-қон мәселелерін дәріс түрінде оқыту барысында келесідегідей аспектілерге назар аударуды дұрыс деп есептейміз (Қосымша Ә).

Қосымша Ә бойынша дәрістердің форматтарын Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы ЖОО, орта білім орындарында Қазақстан тарихы пәнін жүргізу барысында кең қолдану пәннің аксиологиялық мәнін арттырады деп тұжырымдай аламыз. Яғни, білім алушылар болып жатқан тарихи оқиғаларды өзінің туған өлкесінің табиғи-тарихи ландшафтарымен үндестіріп, санасына еркін түрде қабылдауға мүмкіндік алады.

Білім алушылардың оқу-іздістіру іс-әрекетінің моделіне қатысты қандай да бір тарихи дәуірді, оқиғаны, құбылысты, процесті сипаттайтын құжаттар жүйесімен жұмыс жетекші болады. Тәжірибе көрсеткендей, студенттер әрдайым ғалымдардың зерттеулеріне де, публицистикалық және көркем әдебиеттерге де бірдей сене отырып, өз білім көздеріне сыни тұрғыдан

карамайды. Осыған байланысты педагогтар да сабақта қолданылатын құжаттарды зерттеудің маңыздылығына ерекше назар аударады.

Қазақстанда мектепте тарихи білім беруді реформалау мәселесі басты тақырыптардың болып табылады. Бірақ, ЖОО жүйесіндегі кәсіби тарихи білімде толықтыру мен қайта пайымдау жоғарыда аталғаннан кем емес мәнге ие. Бұл әдістемелік жүйені модернизациялауға да қатысты, оны тек мектептегі тарихи білім мазмұны тұрғысынан қарастыруға болады. Қазіргі уақытта тарихты оқыту үдерісі қызықты, әр түрлі бола бастады. Мұғалім тұжырымдаманы, бағдарламалар мен оқулықтарды таңдау құқығын алды. Сонымен бірге, тарихи білімнің бай мұраға негізделгенін атап өткен жөн. Қазіргі білім жүйесінде тарихты оқыту ежелден келе жатқан дәстүрге ие. Мектептегі тарихи білім беру жүйесі, ғылыми әдістемелік мектеп сөзсіз жетістіктерге қол жеткізді, бұл бүкіл әлемге танылды. Осыған байланысты, бір жағынан дәстүрлердің, сабақтастықтың, екінші жағынан инновациялардың арақатынасы мәселесі өзекті болып отыр. Соңғы жылдары мектептегі тарихи білім түбегейлі өзгергенін атап өткен жөн. Қазіргі заманғы мектептегі тарихи білім берудің жаңа тұжырымдамасы қалыптасуда. Өзгерістер тарихи білім беру құрылымын, өзгертіп, танымдық құндылығы мол болатын курстарды қабылдап, оқыту базасын жаңартуда. Соның басты бағыттарының бірі – тарихи деректермен, деректік құндылығы жоғары болған материалдармен жұмыс істеу, оларды бірге тану, соның негізінде ғылыми жұмыстарды түсіну болып табылады [40, б. 100].

Құжаттарға оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар қойылады. Оқушылардың оқу-іздістіру іс-әрекетінің моделі аясында "балама жағдайларды" түсіну жұмысы үлкен маңызға ие, өйткені оқушылар әрдайым екіұшты тарихи және әдеби басылымдарды тәуелсіз талдауға дайын емес, ал олардың санасы, әдетте, күнделікті бағалау мен пайымдау деңгейімен шектеледі. Сабақтағы "баламалы жағдаймен" жұмыс логикасы жалпылама түрде мынадай: таңдау жағдайын жасау; оқушылардың оның мәнін түсінуі; ұсынылған баламаларды қарастыру үшін критерийлік негізді анықтау; таңдалған критерийлерге сәйкес талдау және бағалау; қарастырылып отырған мәселе бойынша оқушылардың өз білімін баяндау; мұғалім жұмысының нәтижесін талдау. Ғылыми зерттеу түрі бойынша оқушыларды жүйелі танымдық іздеу моделін жүзеге асыру кезінде мұғалім оқушыға болашақ шығармашылық жұмыстың пәнін таңдауға, бастаушы автордың жеке мүдделерін ғана емес, сонымен қатар дайындық деңгейін, яғни оның нақты мүмкіндіктерін ескере отырып көмектеседі.

1920-1930 жылдардағы кеңестік әлеуметтік-шаруашылық реформалар бойынша бойынша ғылыми жұмыстар жүргізген дұрыс. Бұл жағдай білім алушының ғылыми ізденістерге икемділігін талап етеді. Оқытушы өз бетінше ғылыми жұмыстармен айналысып, жаңа материалдарға қол жеткізуге болады. Бұл үшін оқулықтардан тыс ғылыми еңбектерге талдау жасап, өз бетінше ғылыми жұмыстарды да жазу керек. Бұл оқытушының біліктілігі мен оның

білімін де арттырады. Сонымен қатар, осы саладағы тақырыптар бойынша оқушыларға ғылыми жобалар жазуға көмектесед [218].

ЖОО қабырғасындағы тарихи білімнің мазмұны оқытуға қажетті базаны жаңғыртуды қарастыратын контекст болып табылады. Әдістер көбінесе тарихи білімнің мақсатты және мазмұнды компоненттерімен анықталады. Әдістемелік жүйені модернизациялаудың басты көрсеткіштерінің бірі тарих бойынша оқу-әдістемелік кешенді трансформациялау болып табылады, оның негізі оқулық болып табылады. Тарих бойынша оқу-әдістемелік кешеннің негізгі және тұрақты құрамдас бөлігі болып қала отырып, ол бүгінгі таңда тұлғаға бағытталған заманауи білім беру процесін жүзеге асырудың факторлары, шарттары мен өзара әрекеттесуінің жиынтығын белгілейді.

Оқушылардың нақты белгіленген үлгіні игеру моделін модернизациялаудың бір бағыты-бұқаралық тәжірибеге тест тапсырмаларын енгізу, оларға деген көзқарас бүгінде түсініксіз. Оқушылардың оқу-ізвестіру іс-әрекетінің моделіне қатысты қандай да бір тарихи дәуірді, оқиғаны, құбылысты, процесті сипаттайтын құжаттар жүйесімен жұмыс жетекші болады. Тәжірибе көрсеткендей, оқушылар әрдайым ғалымдардың зерттеулеріне де, публицистикалық және көркем әдебиеттерге де бірдей сене отырып, өз білім көздеріне сыни тұрғыдан қарамайды. Осыған байланысты мұғалімдер сабақта қолданылатын құжаттарды зерттеудің маңыздылығына ерекше назар аударады.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жазу барысында және тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыруда зерттеліп отырған тақырып аясында эксперимент жұмыстары жүргізілді. Бұл Семей қаласындағы Әлихан Университетінде жүргізіліп, жоғарыдағы және өзге де жаңартылған әдіс-тәсілдер қолданысқа енгізілді.

Бірінші кезекте – тақырыпқа қатысты мәселенің қазіргі жағдайы талданды, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттер зерттелді, орта мектептегі Қазақстан тарихының оқулықтары мен материалдары және олардың қолданылуы талданып, тарих мұғалімдерінің озық тәжірибелері зерттелді. Бұл бізге зерттеудің мақсаттарын, міндеттерін және жұмыс барысын тұжырымдауға мүмкіндік берді. Зерттеудің бірінші кезеңінің соңында оқу материалдарымен жұмыстың жай-күйін көрсететін эмпирикалық материалдар жинақталып, дайындалды және пысықталды. ЖОО-да эксперименттік жұмыстарды жүргізу оқытушыға жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз [219].

Екінші кезекте, 2019 жылдың 7 қаңтар мен 29 наурыз аралығында зерттеу практикасы жүзеге асырылды. Осы зерттеу жұмыстары кезеңінде университеттің студенттерімен педагогикалық-зерттеу сабақтары өткізілді. Соның ішінде тақырыпқа қатысты болған ашық сабақты атап өткім келеді. Ашық сабақ И-711 (011400 - Тарих) тобында ұйымдастырылды. Ашық сабақтың форматы еркін пікір алмасу және жеке педагогикалық жұмыстарды орындау масқатында өтті.

Ол үшін төмендегідей дайындықтар жасалды:

– эксперименттік оқыту процесінде диссертациялық зерттеу жұмысына қатысты өңделген материалдарды зерттеуге арналған әдістемелік материалдар пайдаланылды;

– сұрақтар мен тапсырмалар арнайы формада жасалды және Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалына арналған тиісті тарихи мәліметтер жиынтығы жасалды;

– өтілетін ашық сабақтың материалдары және оқушылардың өз бетінше жазылған жұмыстары және талданды;

– университеттің оқу бағдарламысында дәстүрлі әдістеме бойынша қазіргі оқулықтар негізінде тарихи құжаттармен (оқулықтар мен хрестоматиядағы құжаттар) зерттеу жүргізілді;

– эксперимент 2 курс білім алушыларына жүргізіліп, олардың танымдық белсенділігін дамыту құралы ретінде түркі халықтарының білім реформалары мен ағартушылық тарихы бойынша материалдарды педагогикалық әдістер негізінде оқытылды;

– материалдарды оқытуда білім алушылардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін толық ескерілді;

– қосымша материалдарды қолдана отырып оқытуда, студенттер тарихты ғылыми және ғылыми емес (көркем, қарапайым) тұрғыдан тану әдістерінің айырмашылықтарын меңгеру үшін олар өзара жіктелді;

– ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, әрине оны оқушылар толық меңгеріп пайдалана алса, ол да үлкен жетістік болады. Ақпараттық- технологиялар мен компьютерлік сынып қызметі;

– оқытудың инновациялық технологиялары;

– оқушыларды материалдық қамтамасыз ету:

– кітапхана қоры; интерактивті тақта;

– бейнероликтер;

– компьютерлік кластардың оқу материалдарымен жабдықталуы.

Осындай эксперименттің нәтижесінде Шығыс Қазақстандағы мал шаруашылығының 1920-1930 жылдардағы ахуалы мен дәстүрлі бағытынан ажыратылу себептерін оқытуға болатынына көз жеткізілді. Сонымен қатар, өз кезегінде білім алушыларға төмендегідей білімді беруге міндетті екені көрсетілді. Олар:

– білім алушылар ірі мемлекеттік саяси-әлеуметтік оқиғаларды өз өлкесінің мысалында қабылдай алуға бейімделуі және құндылық ретінде қабылдауы;

– белгілі тарихи оқиғалар бойынша өзіндік азаматтық пікір қалыптастыруға ұмтылуы;

– 1920-1930 жж. кеңестік реформалардың ұйымдастырылу және іске асу әдістерінің мәнін түсіну;

– өз туған жері мен халқының дәстүрлі шаруашылық типтері мен құндылықтарын құрметтей алуы;

– кеңес Одағының қазақ халқын рухани отарлау жобалары мен оның жүзеге асырылу проблемаларын, идеялық-саяси күрестің мәнін, сондай-ақ олардың белсенді қатысушыларының ұстанымдарын жан-жақты ашу;

– тақырыпқа қатысты білім алушыларды қазақстандық тарих ғылымның жетістіктерімен таныстыру, түркі халықтарында оқу-ағарту саласының тарихи аспектілерін және осы проблемалар бойынша балама тұжырымдамаларды көрсету;

– осы кезеңдегі қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық элементтерін түрлі факторлар негізінде сипаттау;

– Қазақстан тарихын және оның ішінде тақырыпты зерттеудің қазіргі таңдағы салдарларымен тығыз байланыстылығын ашу;

Қорыта айтқанда, қазіргі кезеңде тарихты оқыту көптеген мәселелердің тиімді шешімдерін іздеуді талап етеді: заманауи тарихи білім берудің мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау, білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту, диагностиканың әртүрлі әдістері, білім мен дағдыларды шығармашылық деңгейде қалыптастыру. Отандық тарихты оқыту әдістемесі барлық дидактика сияқты қиын кезеңді бастан өткеруде. Жалпы білім берудің мақсаттары өзгерді, жаңа оқу жоспарлары, жекелеген пәндер арқылы емес, интеграцияланған білім беру салалары арқылы мазмұнды көрсетудің жаңа тәсілдері әзірленуде. Білім жүйесінің оқу жоспарларында оқытылатын пәндер саны артып, оларды оқуға уақыт қысқаруына байланысты қиындықтар туындауда. Осы жағдайлардың барлығы тарихты оқыту әдістемесі саласындағы жаңа теориялық зерттеулер үшін негіз жасайды, оқу процесін ұйымдастыруда басқа тәсілдерді қажет етеді. Қолданыстағы және жаңарған, заманауи оқыту әдістері Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының кеңестік дәуірдегі дағдарысқа ұшырау мәселесінің тым ауқымды түрде игеруге кепіл боларын көрсетті. Жүргізілген педагогикалық эксперимент жұмыстары нәтижесінде тақырыптың білім жүйесінде оқытудағы тарихи танымдық негізінің терең екеніне көз жеткізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың басындағы елімізде жүргізілген аграрлық саясаттың басты бағыты тез арада Кеңес Одағын аграрлы артта қалған елден, ірі өнеркәсіпті елге айналдыру мақсаты тұрды. Елдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру үшін қаражатты ауыл шаруашылық саласынан алуды қажет етті. Осы жылдары экономиканың ауыл шаруашылық саласы басты назарға алынып, ауылды жерлерде жүргізілген саяси-экономикалық реформалар ауыл тұрғындарына үлкен өзгерістер алып келді. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау, салық науқандары барысында жергілікті билік органдары жоспарды орындаймыз деп асыра сілтеулер орын алды. Оның үстіне 1927-1928 жылдардағы астық дағдарысын, мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау барысында кедергі болды деп жеке шаруашылықтарды айыптады. Ірі шаруашылық иелерін таптық жау деп таныған большевиктер 1928 жылғы 27 тамыздағы Қазақ АКСР-і ХКК-нің «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» қаулысына сәйкес жеке меншікке қарсы саясат жүргізілді. Бұл шараларды жүргізу барысында ауыл тұрғындары шет елдерге көшіп, бірден қарсылық көрсетті. Осылайша қаражатты ауылды жерден іздеген партия басшылығы ауыл тұрғындарын жан-жақтан қысымға алды.

1929-1931 жыдар аралығында Кеңестік биліктің саясатына қарсы республикамыздың барлық өңірлерінде жаппай шаруалар бас көтеріп, бұл қарсылықтары қарулы көтерілістерге ұласып отырды. 1929-1931 жылдар аралығында Қазақстанда 80 мыңдай адам қатысқан 400-ге жуық үлкенді-кішілі шаруа көтерілістері орын алды. 1930 жылы ақпан айында республикамыздың шығысындағы Өскемен және Зырян аудандарында, ал 1931 жылы ақпанда Абыралы ауданында Кеңестік биліктің саяси-экономикалық шараларына қарсы шаруалар бас көтеріп, бұл қарсылықтары көршілес аудандарда жалғасын тапты. Қазақ өлкелік БМСБ ӨӨ-нің жедел барлау мәліметтерінде шаруа көтерілістерін астыртын құрылған «контрреволюциялық», «антикеңестік» ұйымдардың іс әрекеті ретінде көрсетті. Көтерілісті қысқа мерзім ішінде басу үшін Семей округтік БМСБ бөлімі барлық қолда бар күштер мен қаруларын қолданған. Жасақ командирлері өздігінен әрекет етіп, қамауға алынғандарды тергеп-тексеру үшін жергілікті жерлерде әскери трибуналдар құрған. Сонымен қатар көтерілісшілерді атып тастау, ұрып-соғу, азаптау сияқты заңсыз әрекеттерге барған. Осылайша, Кеңестік биліктің жүргізген ұжымдастыру шараларының алғашқы жылдарында-ақ халық ауыр күйзеліске ұшырап, бас сауғалап жан жаққа кетуге мәжбүр болды. «Қазақ қоғамындағы үстемтап өкілдерін жою» деген желеумен іске асырылған қысым саясаты қазақ халқының ұлттық қалыптасу үдерісінде, сапалық құрамына орны толмас ауыр зардаптарын тигізді. Ауқатты шаруа қожалықтарын кулак ретінде қудалау, жою халықты барлық мүмкіндіктерден айырды.

1920-шы жылдардың ортасына дейінгі ауыл шаруашылығындағы шаралар, кооператив құрылысы көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын біртіндеп отырықшыландырудың алғы шартын жасаған еді.

Алайда 1928 жылы байлар мен ірі жартылай феодалдарды тәркілеу науқанынан бастап өріс алған ұжымдастыру 1930 жылға қарай шаруа қожалықтарын күшпен жаппай ұжымдастыруға алып келді. Осымен бір мезгілде көшпелі шаруа қожалықтарын отырықшыландыру осы науқанның аясында, оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Себебі колхозға ұжымдасқан (шаруалар қайткен күнде де бір елді мекенге топтасып орналасатын еді. Оны билік отырықшыландыру деген қосымша ұранға, онан соң науқанға айналдырды. Ұжымдастыру мен еріксіз отырықшылыққа көшіру халықтың басым бөлігін ашаршылыққа әкелді, шаруашылықтың шығынын ересен көбейтіп, қалыпты тірліктеріне нұқсан келтірді.

Қазақ ауылдарында отырықшыландыру науқанын іске асыруда жергілікті билік көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарының жалпы санын нақты анықтаған жоқ. Ал бұл іске байланысты жүргізілетін көп салалы жұмыс және бөлінетін қаражат осыған тікелей тәуелді еді. Сондықтан отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитеттің техникалық кеңесінде бұл мәселе арнайы қаралды. Онда жаппай отырықшыландыру жөніндегі жұмыстар жоспарына енгізілуге жататын шаруа қожалықтарының санын анықтау қажет деп шешті. Ал бұл кезде, жаппай ұжымдасу барысында шаруалар басқа жерге босқын болып, қоныс аударды.

Қазақ өлкесіндегі ұжымдастыру шараларының алғашқы кезеңінде-ақ халықтың Кеңестік билікке деген сенімі жоғалды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында қазақ қоғамын күштеп отырықшыландыру процесі, астық пен ет дайындау науқаны және ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкелді. Жеке меншік малға қарсы жүргізілген саясат, көшпелі шаруашылық жүргізу дәстүрінің жойылуына алып келді. Осындай жағдайда бүгіндері заңды деп табылатын шаруалардың жаппай наразылықтары етек алды. Олар шетелге үдере көшу, зиян келтіру, белсенділерге қастық жасау, қарулы көтерілістер сияқты әрекеттермен білінді.

1920-1930 жылдардағы жүргізілген науқандардың мақсаты көшпелі қазақ халқының өзіндік ұлттық дәстүр-салтын және тұрмысын өзгерту екенін ашық айтты. Қазақтардың мал шаруашылықтарына негізделген көшпелі және жартылай көшпелі тұрмысы социалистік құрылысқа қарама-қарсы қойылып, бүкіл қоғамда, мемлекеттік деңгейде оған деген жаулық көзқарас қасақана жандандырылды. Ал мұның басты мақсаты қазақ шаруашылығын, жалпы Қазақстандағы аграрлық саланы кеңестік біртұтас өндіріс саласының құрамдас бөлігіне айналдыру болатын.

Мемлекеттік басқару органдары отырықшыландыратын қазақтардың санын жыл сайын күштеп арттыра түсті. Ф. Голощекин отырықшыландыруда шаруашылық мәселелер, яғни шөп шабу, егіншілікпен айналысуға үйрету негізгі мәселе деп есептеді. Ал отырықшыланған шаруа екі жыл киіз үйде отырып, біртіндеп өз күшімен баспананы салып алуы керек болды. Сондықтан отырықшыландыруды шаруашылық құрылыстарын салудан бастауды ұсынды. Алайда үйлер мен құрылыстардың техникалық жобалары жергілікті жерлерге уақытында жіберілмеуі, отырықшыланатын аудандардың табиғи-тарихи

ерекшеліктеріне және ауа райына сай келе бермеуі және басқада қиыншылықтардың орын алуы кері әсерін тигізді. Қазақстандағы отырықшыландыру үрдісіне үкімет тарапынан жете мән берілмей, шаруаларды ұжымдастыру маңызды мәселе ретінде саналды. Ал отырықшыландыру болса ұжымдастырудың көлеңкесінде қалды және екінші қатардағы міндет деп есептелді.

Ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру науқанының алғашқы баспалдағы іспетті болды. Біріншіден, байларды тәркілеуден материалдық жағынан да, рухани жағынан да қазақ кедейлері ештеңе ұтқан жоқ. Ауқатты шаруа қожалықтарын күшпен тәркілемей-ақ, оларды салықпен, экономикалық әдістермен тежеп, солардың негізінде коопетаривтік, фермерлік, жеке немесе ұжымдық шаруашылықтар құруға болатын еді. Ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеудің артында қазақ халқын билікке қарсы наразылық, ашаршылық және бас сауғалап шекара асып босуы күтіп тұр еді. Екіншіден, мал шаруашылығын іскерлікпен ұйымдастырудың үлгісі ірі байлар қажалықтарын күйрету – Қазақстанғы мал шаруашылығының даму қарқынының тежелуіне, тауарлылығының күрт төмендеуіне себеп болды.

Қорта келгенде, Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары барысында жүргізілген ауыл шаруашылық науқандары дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы ретінде қарастырылды. Жергілікті билік пен күш құрылымдары ауыл шаруашылық науқандарын репрессиялық саясаттың құралы ретінде белсенді пайдаланылды. Аштық жайлаған ауылды жерлердегі халықтың наразылығын Кеңестік билік партия саясатына қарсы, контрреволюциялық элементтердің ұйымдастырған бүлігі ретінде қарап, аяусыз жаншыды. Шаруалардың бас көтерулері ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде Кеңестік биліктің репрессиялық саясатына қарсы халық күресінің бір түрі болды. Ұжымдастыру саясатының баста мақсаты халықтың жеке меншікке қатысты қатынасын жою арқылы, оны өзімдікі деуден бас тартуға итермеледі және зорлық - зомбылық күштеу мен қорқыту үрейлендіру арқылы қол жеткізді. Нәтижесінде халық өз туған елін-жерін тастап кетуге мәжбүр болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы: 2020 жылдың 24 қарашада, №456 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz>. 24.11.2020.
- 2 Қозыбаев М.Қ. Киелі тәуелсіздік / құраст. І.М. Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 441 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын // Ақиқат. – 1993. – №3.
- 4 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. – 2021, қаңтар – 5.
- 5 Седельников А.Н. Распределения населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура // В кн.: Киргизский край. Россия: полное географическое описание нашего отечества. – СПб., 1918. – Т. 18. – С. 175-222.
- 6 Кауфман А.А. К вопросу о происхождении русской земельной общины. – М., 1907. – 90 с.
- 7 Нұрбекова Р.Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі 20-40 жылдардағы жергілікті Кеңестердің құрылу тарихы: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Өскемен, 2004 – 33 б.
- 8 Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К. История крестьянства Советского Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1985. – Т. 1. – 247 с.
- 9 Дахшлейгер Г. Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.): дис. ... док. ист. наук: 07.00.00. – Алма-Ата, 1965. – 536 с.
- 10 Шахматов В.Ф. О пастбищно-кочевой (земельной) общине у казахов // В кн.: Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. – Алма-Ата: АН КазССР, 1962. – Т. 15. – С. 3-40.
- 11 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахская трагедия // Вопросы истории. – 1989. – №7. – С. 53-71.
- 12 Берденова К.Ә. Қазақстан тарихы: лекц. кур. – Алматы: Экономика, 2008. – 384 б.
- 13 Қуандықов Е. Сұрқия саясат. – Алматы: Санат, 2002. – 120 б.
- 14 Қозыбаев М., Байпақов К., Алдажұманов К. және т.б. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): 5 т. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 4. – 752 б.
- 15 Тәтімов М.Б. Халықтардың саны мен құрамын зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 104 б.
- 16 Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты: оқу құр. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
- 17 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 18 Омарбеков Т.О. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

- 19 Омарбеков Т.О. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: ҚазАқпарат, 2001. – 404 б.
- 20 Омарбеков Т.О. Зобалаң. – Алматы: Санат баспасы, 1994. – 272 б.
- 21 Халидуллин Г. Политика Советского государства в отношении Казахских шаруа (1917-1940 гг.). – Алматы: Ғылым, 2001. – 214 с.
- 22 Мұхатова О.Х. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. XX ғ. 20-90-жж. – Алматы: Ғылым, 1999. – 287 б.
- 23 Сантаева К. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және оның ауыр салдарлары (оңтүстік Қазақстан материалдары негізінде 1925-1935 жж.): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 172 б.
- 24 Малышева М.П., Познанский В.С. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934). – Алматы: Ғылым, 1999. – 536 с.
- 25 Ескендиоров М.Г. Восточный Казахстан в годы силовой модернизации (1926-1939): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алматы, 2001. – 128 с.
- 26 Байсарина Қ.К. Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы (1920-1930): оқу құр. – Семей, 2014. – 238 б.
- 27 Байсарина Қ.К. Семей өңіріндегі ашаршылық және оның зардаптары (1931-1933 жж.) // XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары: тақырыб. республ. ғыл.-практ. конф. баянд. жин. – Семей, 2021. – Б. 31-35.
- 28 Нәсенов Б. Абыралы қанды жылдары (1905-1945). – Алматы; Новосибирск, 2006. – Б. 2. – 644 б.
- 29 Нәсенов Б. Абыралы - Сарыарқаның кіндігі. – Алматы, 2005. – Т. 9, кіт. 14. – 835 б.
- 30 Трагедия казахского аула. 1928-1934: сб. докум. / сост. А.С. Зулкашева и др. – Алматы: Раритет, 2013. – Т. 1. – 744 с.
- 31 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане, 1931-1933 гг.: сб. докум. и матер. / сост. К.С. Алдажуманов и др. – Алматы, 1998. – 263 с.
- 32 Ашаршылық. Голод 1928-1934. Документальная хроника: сб. док. / под ред. Б. Әбдғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – Т. 3. – 1028 с.
- 33 Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.): сб. докум. / сост. Г.Т. Касымовой и др. – Семипалатинск, 2002. – Ч. 1. – 249 с.
- 34 Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans L'URSS de Staline: collectivisation et changement (1928-1945). – Paris: Maisonneuve et Larose, 2006. – 416 p.
- 35 Olcott M.B. The fabrication of a social past: the kazakhs of Central Asia: Political anthropology yearbook // In book: Ideology and interest: the dialectics of politics: yearb. – New Brunswick; London, 1980. – P. 198-213.
- 36 Есмахамбетов К. Тарих тандақтары. – Алматы, 2008. – Кіт. 2. – 300 б.
- 37 Конквест Р. Жатва скорби: сов. коллективизация и террор голодом / пер. с англ. – Лондон, 1988. – 620 с.
- 38 Lewis R.A., Rowland R.H. Population redistribution in the USSR: its impact on society, 1897-1977. – NY., 1979. – 458 p.

- 39 Мартин М. Советская трагедия: история социализма в России: история социализма в России, 1917-1991 / пер. с англ. – М., 2002. – 580 с.
- 40 Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу-әдістем. кұр. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.
- 41 Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихы сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың әдістемелік жолдары. – Алматы, 2012. – 93 б.
- 42 Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу кұр. – Бас. 2-ші, өнд. толық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.
- 43 Кундакбаева Ж.Б., Алимгазинов К.Ш., Абдилдабекова А.М. и др. Новые парадигмы в преподавании истории Казахстана: конструктивистская педагогика и инновационные технологии обучения. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 125 с.
- 44 Ашаршылық. Голод. Документальная хроника 1928-1934: сб. докум. / под ред. Е. Сыдыкова. – Алматы, 2023. – Т. 10. – 600 с.
- 45 Коллективизация сельского хозяйства в Кировском (Усть-Каменогорском) районе. 1928-1936 гг.: сб. докум. / Государственный архив Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменогорск, 2005. – 288 с.
- 46 Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективизации. Реэмиграция. 1928-1957 гг.: сб. докум. / сост. О.В. Жандабекова. – Усть-Каменогорск, 1993. – 98 с.
- 47 Познанский В.С. Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932-1933 гг.: сб. докум. – Семипалатинск, 2005. – 268 с.
- 48 Гонимые голодом: документы о судьбе тысяч казахов, бежавших в Сибирь в начале 30-х годов / сост. В.С. Познанский, Е.Б. Сыдыков. – Алматы: РНК, 1995. – Ч. 4. – 127 с.
- 49 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг.: сб. докум. и матер. / сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Калугалиев, В.П. Осипов и др. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.
- 50 Образование Казахской АССР: сб. докум. и матер. / под ред. С.Н. Покровского. – Алма-Ата, 1957. – 368 с.
- 51 Байкенов М. К истории первых аграрных преобразований в южных районах Казахстана // В кн: Из истории Октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане. – Алма-Ата, 1962. – С. 59-66.
- 52 Жұртбаев Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 144 б.
- 53 Жакишева С.А. Баи - «полуфеодалы» в Казахстане на рубеже 20-30-х годов XX века: историко-источниковедческий анализ проблемы: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алматы, 1996. – 219 с.
- 54 Қозыбақова Ф.А. Қазақстан ауыл шаруашылығындағы «қанаушы таптарды» және жекелер қожалықтарын жою: тарихы және салдарлары (1926-1933 жж.): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 174 б.
- 55 Мухамедина Ш.М. Конфискация байских хозяйств в Казахстане // Вопросы истории. – 2002. – №4. – С. 138-142.
- 56 Нурбетова Г.О. История идейно-политического и агитационно-пропагандистского обеспечения основных хозяйственно-политических

кампаний тоталитарного советского режима в Казахстане (1925-1933 гг.): дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2000. – 140 с.

57 Қожамжарова Д.П. 1925-1929 жылдарындағы қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 28 б.

58 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 145. Т. 1. Іс. 19. П. 77.

59 Сол жерде. Қ. 1. Т. 1. Іс. 1563. П. 163.0

60 Записки Семипалатинского отдела Государственного Русского Географического Общества / под ред. М.А. Гартштейна и др. – Семипалатинск, 1928. – Вып. 17, ч. 2. – 49 с.

61 Краткий: отчет о работе Семипалатинского Губисполкома – окрисполкома: за 1927-1928 год / Окрисполком. – Семипалатинск, 1928. – 100 с.

62 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 1. Т. 1. Іс. 1183. П. 49.

63 Сол жерде. Іс. 1177. П. 3.

64 Алдажұманов Қ.С. және т.б. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: очерк. – Алматы: Дәуір, 1994. – 464 б.

65 Амантаев Б.А. Социализм и коренное преобразование социальной природы Казахстанского крестьянства. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 452 с.

66 Омарбеков Т. Кіші Қазан: Ол не ? // Ақиқат. – 1995. – №3.

67 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 152. Т. 1. Іс. 1177. П. 88-95.

68 Сол жерде. Іс. 886. П. 166^{арт}.

69 Сол жерде. Іс. 840. П. 47.

70 Сол жерде. П. 47^{арт}.

71 Сол жерде. Іс. 1151., П. 40.

72 Сол жерде. Іс. 1151. П. 49-51.

73 Қозыбаев М., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 36 б.

74 Махат Д.А. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «оңшылдыққа» және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдарлары (1925-1933 жж.): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2000. – 30 б.

75 Махат Д.А. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-словарь, 2001. – 304 б.

76 Аржанцева И.А., Қарманова М.С., Жүсіпов С. Мұстафа Шоқайдың "Кеңестер билігіндегі түркістан" еңбегі туралы // Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2015. – №1(44). – Б. 66-70.

77 Исаев У.Д. Казахстан в полосе социалистического наступления: докл. на 8-м всекавказском съезде советов. – М., 1931. – 88 с.

78 Жаулин К.М. Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын күшпен ұжымдастыру: тарих және тағлым (1928-1933 жж.): тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 265 б.

79 Жаманкулов А. Опыт перехода казахских шаруа к оседлости (1917-1937 гг.): автореф. ... канд. ист. наук: 571. – Алма-Ата, 1969. – 31 с.

- 80 КПСС и Советское правительство о Казахстане: 1917-1977 гг.: сб. докум. и матер. / Институт истории партии при ЦК Компартии Казахстана. – Алма-Ата, 1978. – 396 с.
- 81 Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан / Национальный совет по государственной политике при Президенте Республики Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1995. – 32 с.
- 82 Калинин М.И. Бүкіл Қазақстан халқының ат төбеліндегі азғана тобы, цифр ... // Известия. – 1931, қыркүйек – 19.
- 83 Галузо П.Г. Колониальная система Российского империализма в канун Октябрьской революции. – Алма-Ата, 1968. – 160 с.
- 84 Кулактардың қатарына өту үшін... // Дала шаруасы. – 1930, қараша – 17.
- 85 Сатыбекова Г.А. Переселенческий вопрос в освещении журнала «Айкап» // Общественные науки. – 1963. – Т. 4. – С. 28-36.
- 86 Субханбердина Ү. Айкап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы, 1961. – 156 б.
- 87 Голощекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане: сб. речей и статей (1925-1930 гг.). – М., 1930. – 344 с.
- 88 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав). – Алма-Ата: Наука, 1981. – 115 с.
- 89 Шестой Пленум Казахского краевого комитета ВКП(б) 10-16 июля 1933 года / ВКП(б). – М., 1936. – 274 б.
- 90 Омарбеков Т. Атабаев Қ. "Кооперативтендіру сабақтары // Лениншіл жас. – 1988. – №31.
- 91 БК(б)П Орталық комитеті пленумының қаулылары: 29 июнь - 1 июль 1934 ж. / ред. Р. Сүгірұлы. – Алматы, 1934. – 40 б.
- 92 Михайлов В. Хроника Великого джута: докум. повествов. – Алма-Ата, 1990. – 204 с.
- 93 Омарбеков Т. Дәстүрлі қазақ шаруашылығын қорғаушылар қалай айыпталды? // Ақиқат. – 1993. – №5.
- 94 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 578. Т. 1. Іс. 11. П. 23.
- 95 Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX века): сб. докум. / сост. Г.Т. Касымова и др. – Семипалатинск, 2002. – Ч. 1. – 250 с.
- 96 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 3. Т. 1. Іс. 389. П. 65.
- 97 Кондрашин В.В. Голод 1932-1933 годов: трагедия российской деревни. – М., 2008. – 519 с.
- 98 Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана XX век. – Алматы: Университет Туран, 1997. – 358 с.
- 99 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 74. Т. 1. Іс. 376. П. 76.
- 100 ҚР ОММ. Қ. 5. Т. 13. Іс. 376. П. 56.
- 101 Сол жерде. Қ. 116. Т. 1. Іс. 24. П. 234.
- 102 Сол жерде. Іс. 19. П. 20.
- 103 Сол жерде. Қ. 74. Т. 66. Іс. 11. П. 14.

- 104 Ахметова Е.Т. Ұжымдастыру науқанының Семей губерниясындағы көрнісі // <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9021>. 05.12.2023.
- 105 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 15. Т. 1. Іс. 2. П. 105.
- 106 Нәубет: публицистикалық ой-толғаулар / құраст. Қ. Қыстаубаев. – Алматы: Жалын, 1990. – 446 б.
- 107 Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях. – Алма-Ата: Казахстан, 1967. – 483 с.
- 108 Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в.: 1867-1907 гг. – Алма-Ата: Наука, 1963. – 410 с.
- 109 Тұрсынбаев Ә. Қазақстандағы социалистік өзгерістерде орыс халқының ролі. – Алматы, 1950. – 125 б.
- 110 Коллективизация сельского хозяйства Казахстана: в 2 ч. / под ред. А.Б. Турсунбаева. – Алма-Ата, 1967. – Ч. 1. – 576 с.
- 111 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
- 112 Әбілқожин Ж., Алдажұманов Қ.С. Этноцид // Егемен Қазақстан. – 1992, мамыр – 30.
- 113 Таңатарова Ж.Т. Қазақстандағы және Қалмақстандағы көшпелілерді отырықшыландыру: салыстырмалы тарихи талдау // Ақиқат. – 1999. – №4. – Б. 83-85.
- 114 Қызылдар қырғыны / құраст. Д. Досжан. – Алматы: Өнер, 1992. – 256 б.
- 115 Махмұтов С.Қ. «Қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекет саясаты» (XX ғ.20-30-шы жж.): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 22 б.
- 116 Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв.: матер. к истор.-этнограф. Атласу. – Алма-Ата, 1980. – 252 с.
- 117 Жириндинова Қ.Р. Шығыс Қазақстан облысында қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру және оның зардаптары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2010. – №3. – Б. 110-113.
- 118 История советского крестьянства: в 5 т. / под ред. Г.В. Шарапова. – М., 1986. – Т. 2. – 448 с.
- 119 Дахшлейгер. Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). – Алматы, 1965. – 536 с.
- 120 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 74. Т. 4. Іс. 40. П. 3.
- 121 Сол жерде. Іс. 71. П. 14.
- 122 ҚР ОММ. Қ. 135. Т. 1. Іс. 824. П. 51.
- 123 Сол жерде. Іс. 67. П. 66.
- 124 Сол жерде. П. 61.
- 125 Сол жерде. Іс. 564. П. 1.
- 126 Сол жерде. П. 53.
- 127 Сол жерде. Іс. 62. П. 20.

- 128 Акишева. З.А. Экономические и политические предпосылки и результаты конфискации собственности крупных баев - полуфеодалов в Казахстане // Известия АНН Каз ССР. – 1948. – Вып. 1. – С. 68-75.
- 129 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 74. Т. 1. Іс. 1583. П. 87.
- 130 Омарбеков. Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы. – Алматы: Санат, 1994. – 387 б.
- 131 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1. Т. 1. Іс. 1583. П. 88-92.
- 132 Сол жерде. Қ. 74. Т. 3. Іс. 7. П. 68-70.
- 133 ҚР ОММ. Қ. 5. Т. 21. Іс. 15. П. 1.
- 134 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 74. Т. 1. Іс. 58. П. 50.
- 135 Сол жерде. Іс. 36. П. 36.
- 136 Сол жерде. Іс. 58. П. 95, 105.
- 137 Сол жерде. Іс. 7. П. 28, 68.
- 138 Сол жерде. Іс. 17. П. 434.
- 139 Сол жерде. Қ. 3. Т. 1. Іс. 25. П. 44.
- 140 Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов: статьи, воспоминания. – Алма-Ата: Айқап, 1993. – 160 с.
- 141 Кәрімов М., Байсарина Қ., Ахмер С. 1928 жылғы ауқатты шаруаларды тәркілеу саясаты күткендей нәтиже бердіме // Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2020. – №2(90). – Б. 323-328.
- 142 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 3. Т. 1. Іс. 38. П. 7.
- 143 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. – Алматы, 1993. – 207 б.
- 144 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 2. Т. 1. Іс. 583. П. 88.
- 145 Сол жерде. Қ. 1. П. 14 п.
- 146 Мендикулова Г. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы, 2006. – 343 с.
- 147 Омарбеков Т. Қытайдағы қазақ басқындары // Ақиқат. – 1992. – №9. – Б. 38-43.
- 148 Новейшая история Казахстана (1917-1939 гг.): сб. док. и матер. / сост. К.С. Каражанов, А. Такенов. – Алматы, 1998. – Т. 1. – 302 с.
- 149 Омарбеков Т. Шетелдегі қазақ жасақтары // Ақиқат. – 1994. – №11. – Б. 37-41.
- 150 Қазақ қалай аштыққа ұшырады: қасіретті жылдар хаттары / құраст. С. Әбдірайымов, И.Н. Бухонова және т.б. – Алматы, 1991. – 208 б.
- 151 Омарбеков Т. Ақпан төңкерісінің ақиқаты // Семей таңы. – 2011, қыркүйек – б.
- 152 Дахшлейгер Г.Ф. Вопросы историографий опыта ленинского кооперативного плана в Казахстане (1917-40). – Алма-ата, 1965. – 455 с.
- 153 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника: сб. докум. / под ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – Т. 1. – 920 с.

- 154 Токишкадилов Б.Б. Сарқыт Біләлқызымен сұхбат. – Семей, 2022, қараша – 9.
- 155 Кэмерон С. Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана. – М.: Новое литературное обозрение, 2020. – 212 с.
- 156 Рахметуллин Е. Семей өңіріндегі тәркілеу саясаты // <https://e-history.kz/kz/news/show/831>. 25.09.2018.
- 157 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.). – Алматы, 2009. – 365 с.
- 158 Артизов А., Иконникова И. Из истории коллективизации // Известия ЦК КПСС. – 1991. – №5(316). – С. 193-204.
- 159 Ашаршылық. Голод 1928-1934. Документальная хроника: сб. док. / под ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – Т. 2. – 1240 с.
- 160 ШҚОММ. Қ. 2866. Т. 1. Іс. 501. П. 157.
- 161 Сол жерде. Қ. 3п. Т. 1. Іс 414. П. 213.
- 162 Виола Л. Крестьянский бунт в эпоху Сталина: Коллективизация и культура крестьянского сопротивления / пер. с англ. – М., 2010. – 367 с.
- 163 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 3. Т. 1. Іс. 457. П. 61.
- 164 Сол жерде. Қ. 3. Т. 1. Іс. 457. П. 88.
- 165 Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.): хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 203 с.
- 166 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание: докум. и матер. – М., 2000. – Т. 2. – 923 с.
- 167 Ескендилов М. Социальное и экономическое развитие Восточного Казахстана (вт. полов. XIX – начало XX в.): дис. ... док. ист. наук. – Семей, 2006. – 285 с.
- 168 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 578. Т. 1. Іс. 49. П. 7.
- 169 Трагедия казахского аула. 1928-1934: сб. докум. / сост. А.С. Зулкашева и др. – Алматы: Раритет, 2018. – Т. 2. – 744 с.
- 170 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 578. Т. 1. Іс. 49. П. 89.
- 171 Сол жерде. П. 15.
- 172 Сол жерде. Қ. 6. Т. 2. Іс. 31. П. 27.
- 173 Политбюро и крестьянство: высылка, спецпоселение. 1930-1940: в 2 кн. – М., 2005. – Кн. 1. – 912 с.
- 174 Apendiyev T.A., Batyrbekkyzy G.B., Dinashieva L.S., Tokishkadirov V.B. The Public Role of Deputies Elected to the State Duma from the Steppe Region: An Effective Dialogue between Government and Society // *Bylye Gody*-2024. 19(1)-P.407-415.
- 175 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 548. Т. 1. Іс. 5. П. 11.
- 176 Сол жерде. Қ. 578. Т. 1. Іс. 49. П. 4.
- 177 Сол жерде. Іс. 175. П. 103.
- 178 Сол жерде. Іс. 172. П. 127.
- 179 Сол жерде. Іс. 5. П. 29.
- 180 Сол жерде. Іс. 2. П. 67.

- 181 Тәгімов М. Зұлматтың ауыр зардабы (демографиялық талдау) / құраст. Б. Қойшыбаев // Зауал: мақалалар, естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 272 б.
- 182 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 578. Т. 1. Іс. 5. П. 29.
- 183 Сол жерде. Іс. 2. П. 67.
- 184 Омарбеков Т. Орталық Қазақстандағы шаруалар көтерілісіне кімдер қатысты? // Ақиқат. – 1994. – №2.
- 185 Аяған Б., Қыдыралина Ж., Ауанасова Ә. 1932-1933 жж. Ашаршылық ақиқаты. – Алматы: ТООЛитера-М, 2012. – 336 б.
- 186 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 7. Т. 1. Іс. 419. П. 5.
- 187 Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: зерттеу. – Алматы: Арыс баспасы, 2018. – 480 б.
- 188 Буктугутова Р.С. Роль Западно-Сибирского отдела Русского географического общества в развитии культурных связей Русского и казахского народов (конец XIX начало XX в.) // Вестник Томского государственного университета. – 2007. – №296. – С. 84-88.
- 189 Катанаев Г.Е. Прииртышские казахи и казаки: история, хозяйство и быт. – Алматы, 2007. – 221 с.
- 190 Масанов, Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР: науч. изд. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.
- 191 Исмагулов Ұ.Ш., Исмагулова Д.М. Қазақстанда жер нормасын жасақтау және жер қорын анықтау мәселелері (1917-1930 жж.) // Отан тарихы. – 2022. – №4(100). – Б. 122-131.
- 192 Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана / пер. с англ. – М., 2020. – 360 с.
- 193 Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Абенова Г.А. и др. Конфискация байских хозяйств как составная часть политики коллективизации в 20-30-е годы XX века (на примере Восточного Казахстана) // XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары: тақырыб. республ. ғыл.-практ. конф. баяндам. жин. – Семей, 2021. – Б. 36-39.
- 194 Әділбаева А.С., Жақыпова Т. Шығыс Қазақстандағы этнодемографиялық үрдістердің кейбір мәселелері (XX ғ. 20-30 жж.). // <https://edu.ehistory.kz/index.php/history/article/view/16>. 23.09.2023.
- 195 Екібаев Р.Ж. XX-ғасырдың 20-30 жылдарындағы Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси өмірі: 07.00.02: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Семей, 2010. – 30 б.
- 196 Мухамедина Ш.М. Массовая коллективизация и ломка привычных производственных отношений в Казахстане 1928-1936 гг. // Проблемы востоковедения. – 2020. – №4(90). – С. 38-43.
- 197 Довгялло М.С., Козик Л.А. Методика преподавания истории. – Минск, 2018. – 150 с.
- 198 Шеретов С.Г. Новейшая история Казахстана: 1985-2002 гг. – М.: Юрист, 2003. – 240 с.
- 199 Қасымова Р.С., Жүзей М.А. Студенттерді ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу // Академик Т. Тәжібаевтың 109 жыл. арнал. «Академик

Т. Тәжібаев және қазіргі педагогика ғылымы»: Т. Тәжібаев оқул. аясын. республ. ғыл.-әдістем. конф. матер. – Алматы, 2019. – Б. 118-121.

200 История педагогики / под ред. А.И. Пискунова. – М.: Сфера, 1998. – 192 с.

201 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б. и др. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 36 с.

202 Козыбаев М.К., Козыбаев И.М. История Казахстана. – Изд. 3-е, доп. – Алматы: Атамұра, 1997. – 208 с.

203 Тасилова Н.А. «Мәдени мұра» бағдарламасының ұлттық тәрбиені қалыптастырудағы ғылыми-педагогикалық негіздері // Мәдени мұра - қазақ тарихының дерек көзі: мақал. жин. – Алматы, 2013. – Б. 125-126.

204 Рамазанова Ф.С., Уакбаев М.Б. Қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру салдары. // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы. – 2019. – №4(44). – Б. 195-197.

205 Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В. и др. Современная история Казахстана. – Алматы: Раритет, 2010. – 452 с.

206 Алтаев А.Ш., Жангутин Б.О. История Казахстана: хрестоматия. – Алматы: Бастау, 2008. – Т. 1. – 252 с.; Т. 2. – 196 с.

207 Козыбаев М.К., Нурпеисов К., Жукешев К. История Казахстана. – Изд. 3-е, доп. – Алматы: Мектеп, 2005. – 240 с.

208 Аңсатова М.Н. Отан тарихын оқытудың кейбір методологиялық мәселелері // <https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/29850>. 10.05.2024.

209 Зуева Л.И. Опыт и современные проблемы преподавания школьных курсов истории в контексте мировых тенденций развития образования // Вестник КарГУ. – 2010. – №4. – С. 88-91.

210 Хазретәлі Т. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2014. – 156 б.

211 Студеникин М.Т. Методика преподавания истории в школе. – М., 2004. – 238 с.

212 «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша сараптамалық материалдар: сарапт. жин. / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана, 2015. – 125 б.

213 Сәрсекеев Б. Қазақстан тарихы. – Өскемен, 2008. – 80 б.

214 Коваль Т.В. Методика организации работы с визуальными источниками // Преподавание истории и обществознания в школе. – 2006. – №10. – С. 22-27.

215 Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Методика преподавания истории в школе Практическое пособие. – М.: Владос, 2000. – 175 с.

216 Баланецкий О.Ф., Зуева Л.И. О проблемах школьного исторического образования, тестировании и подготовке к ЕНТ // Вестник КарГУ. – 2011. – №3. – С. 22-27.

217 Хасен М., Батурина Л.Л., Юсупова Т.К. Дүние жүзі тарихы: әдістемелік нұсқау (8-сынып). – Алматы: Мектеп, 2010. – 48 б.

218 Троицкий Ю.Л. Дети пишут историю // Преподавание истории в школе. – 1999. – №1. – С. 28-42.

219 Қазақстан тарихы: лекц. курсы / ред. Қ.С. Қаражан. – Алматы: Нұрпресс, 2011. – 376 б.

ҚОСЫМША А

Семей губерниясындағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму көрсеткіштері

Кесте А.1 – Семей губерниясы бойынша 1926-1927 жылдардағы мал санының өсу динамикасы

Мал түрлері	1926 жылғы мал саны	1927 жылғы мал саны	Мал санының өзгеруі	% есептегенде
Жылқы	1087022	1172736	85714	7,9
ІҚМ	1751492	1953284	201702	11,5
Қой	3429716	3947966	518251	15,1
Қозы	600790	872197	27407	45,1
Түйе	105892	99391	- 6501	- 6,1
Шошқа	97107	168529	71422	73,5
Барлығы	7072518	8214103	1142085	16,2
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [53, с. 89]				

Кесте А.2 – 1926 жылдың 15 тамызына дейін Семей губерниясында жүргізілген шабындық жерін бөлу нәтижесі

Уездер	Уездердегі болыстар саны	Әкімшілік Ауылдар саны	Жер бөлуді және басы бойынша жүргізген әкімшілік ауылдар саны	Жер бөлуді аула бойынша әкімшілік ауылдар саны	Мәлімет түспеген ауылдар
Өскемен	5	39	32	6	1
Бұқтырма	4 7	23 36	7 11	16	22
Семей	9	-	-	-	-
Павлодар Қарқаралы	13 14	-	-	-	-
Губерния бойынша	52	98	40	25	23
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [69, п. 47]					

Кесте А.3 – Мал басының пайыздық көрсеткіші

Әлеуметтік	Қожалық	Мал есебі (процент есебімен)
------------	---------	------------------------------

Таптар	саны (процент есебімен)	барлық мал	жылқы	қой
Кедейлер	50,2	13,5	10,1	5,5
Орта шаруалар	43,8	52,7	51,6	50,5
Байлар	6,0	33,8	58,2	43,9

Кесте А.4 – 1924-1928 жылдар аралығындағы астық дайындаудағы өзгерістер (мың пұтпен есептегенде)

Астық дайындау жылдар	Жылдық жоспарлар		Дайындалғаны	
	жалпы	оның ішінде	жалпы	оның ішінде
		«союзхлебтікі»		«союзхлебтікі»
1924-25	9 250	5 600	14 550	7 760
1925-26	22 900	8 800	24 309	8 994
1926-27	54 290	21 655	57 914	24 610
1927-28	28 700	10 100	2 307	6 483
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [18, б. 42]				

Кесте А.5 – Қазақстандағы жеке меншік шаруа қожалықтардың астық дайындау көрсеткіштері

Жеке шаруашылықтар	1924-25 жылдар	1925-26 жылдар	1926-27 жылдар	1927-28 жылдар
	Үлес салмағы процентпен			
Мемлекеттік органдар	63,9	66,0	61,8	38,5
Кооперация	16,8	23,4	35,9	59,9
Жекеше	19,3	10,6	2,3	1,6
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [18, б. 43]				

Кесте А.6 – Байлардан тәркіленген жалпы мал саны

Топ	Шаруашылық Саны	Мал саны 1928 жыл	Тәркілеу кезінде есепке алынғаны	Соның ішінде тәркіленгені	Еңбек қажеттілігіне сай қалдырылғаны	Алынғаны
1 топ	44	11750,65	7866,46	2591,79	633	7233,46
2 топ	17	2206,10	1711,92	154,80	238	1455,92
Жалпы саны	61	13956,75	9578,38	2746,59	871	8689,38
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [136, п. 95]						

Кесте А.7 – Мал санының көрсеткіші

Болыстардың атаулары	Саны		Мал саны			
	шаруашылық	адам басы	ҚРС	жылқы	түйе	қой және ешкі
1	2	3	4	5	6	7

Аксаринск	2406	15069	18801	18224	769	38417
Беркаринск	2111	10588	11452	6103	543	28671
Баурск	2407	10835	12541	9376	664	43858
Қызылтау	1220	6036	7222	2578	1167	10020
Қу	2540	11806	14772	9795	353	46800
Кедей	4346	20432	12565	9620	3528	53367
Кент	2163	10838	17385	11449	927	4328

А.7-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Теміршін	2680	12845	16364	12055	1611	52761
Шұбартау	1934	10363	2361	10729	3556	75070
Абыралы	2275	12250	11076	15282	829	61909
Дегелең	1565	7997	6461	7587	905	36877
Барлығы	26147	129109	131000	107798	14852	491768
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [153, с. 65]						

Кесте А.8 – Шаруашылықтардың Қытайға көшуі бойынша

№6 ауыл	194 шаруашылық	Олардың ішінде 155 колхоздікі
№1 ауыл	63	1
№3 ауыл	129	65
№4 ауыл	37	24
№5 ауыл	265	181
№7 ауыл	Мәлімет жоқ	
Барлығы	697	426
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [169, с. 581]		

ҚОСЫМША Ә

XX ғ. 20-30 жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау құбылысын оқытудың әдістемелік негіздері бойынша эксперименттік көрсеткіштер

Кесте Ә.1 – Қазіргі таңдағы тарихы оқытудың өзекті ұстанымдары

Ұстанымдар	Мазмұны
Ғылыми танымды жүйелеу	Тарихи сананың танымдылық қабілетін жүйелі түрде арттырады
Тарихты қалпына келтіру	Теориялық-әдіснамалық жаңашылдықты талап ететін тарихи үрдістердің ішкі мазмұнын қайта пайымдайды
Интеллектуалдық моделдеу	Тарихи білімді интеллектуалдық қабілеттің жетістіктері арқылы білім алушылар мен қоғамға тиімді жеткізе білу

Кесте Ә.2 – Сауалнамаға қатысқан студенттер

Сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны	Жауаптардың мазмұны және саны		Пайызы
13	5	Ашаршылық	37
	3	1937-1938 жж қуғын-сүргін	23
	2	Ұжымдастыру	12
	1	Ұлы Отан соғысы	6
	1	Тың игеру	6
	1	Желтоқсан оқиғасы	6

Кесте Ә.3 – Еркін сауалнама нәтижелері

Тарих тобы	Студенттер
<i>И-711 011400</i>	Әнуарбек Айдын
	Ерланова Жанат
	Жайықбек Аслан
	Йулдашев Бобуржан
	Қашқынов Сәкен
	Оразқанқызы Диана
	Пердешов Қуат
	Уақасов Ернұр
	Узбеков Әділет
<i>Ия-713 0202300-</i>	Амиргалинов Айбек
	Қайрат Динара
	Нұржанова Айгерім
	Сүлейменов Әли

Кесте Ө.4 – «1920-1930 жж. Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының ахуалы және тарихи мәселесі» элективті курсының бағдарламасы

Тақырыптары	Сағаттар саны			
	лекция	семинар	СӨЖ	ОБСӨЖ
Кіріспе	1	1	2	2
Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының тарихнамасы мен дереккөздері, теориялық зерттелуі	1	1	2	2
Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи-тарихи қалыптасу ерекшеліктері және негіздері	1	1	2	2
Кеңестік биліктің орнауы және мал шаруашылығы саласындағы реформаларының алғышарттары	1	1	2	2
ЖЭС және қазақ шаруасының күйі	1	1	2	2
Тәркілеу саясаты және мақсаттары	1	1	2	2
Ұжымдастыру жылдарындағы қазақ малшыларының шынайы бейнесі	1	1	2	2
Ұжымдастыру кезеңіндегі дәстүрлі мал шаруашылығының ыдырау себептері	1	1	2	2
1930 жылдардағы кеңестік шаруашылық реформаларының көші-қон үдерісіне ықпалы	1	1	2	2
Кеңестік «Ет саясаты» және ұйымдастырылу тәсілдері	1	1	2	2
1931-1932 жылдардағы аштық - «Ұлттық зобалаң» ретінде	1	1	2	2
Аштық жөнінде қазіргі тарихтың теориялық ұстанымдары және маңызы	1	1	2	2
1930 жылдардың соңындағы Шығыс Қазақстандағы кеңестік мал шаруашылығының ахуалы	1	1	2	2
Кеңестік мал шаруашылығы жүйесінің отандық тарихтағы зерттелу рөлі	1	1	2	2
Қазіргі Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының даму бағыттары мен перспективалары	1	1	2	2
Жалпы	15	15	30	30
Жалпы саны	90 сағат			

Кесте Ә.5 – Дәстүрлі мал шаруашылығының ірі саяси-әлеуметтік және экономикалық науқан кезеңдеріндегі себеп-салдарлық рөлінің аспектілері

Тақырыптары	Себептері	Салдарлары	Оқыту әдістері
Ұжымдастыру	<p>1. Қазақтарды дәстүрлі мал шаруашылығынан ажырату.</p> <p>2. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық теңдігін сақтаушы және үйлестіруші бай шаруашылық тарын жою.</p> <p>3. Жоспарлы экономикалық модельге көшу және жасанды социалистік идеяны жүзеге асыру.</p>	<p>1. 1931-1932 жж. аштыққа ұрыну.</p> <p>2. Қазақтардың социалистік өмір сүру дағдыларына еріксіз мойынсұнуы.</p> <p>3. Кеңестік әміршілік реформаларға көнбеген жүздеген мың қазақтардың шет мемлекеттерге көшуі және қазіргі дейін өмір сүрулері.</p>	<p>1. Фактілермен түсіндіру.</p> <p>2. Сторителлинг әдісінің аясында көркем баяндау.</p> <p>3. Әңгімелесу, пікірлесу.</p> <p>4. Шығыс Қазақстанда көрініс тапқан 1920-1930 жылдардағы кеңестік реформалардың салдарлары мен ауыртпашылықтарын мысалдармен түсіндіру.</p> <p>5. Топтық жұмыс жасауға және ортақ пайым түйіндеуді ұйымдастыру.</p>
Аштық	<p>1. Ұжымдастыру және тәркілеу барыстарында қазақтардың негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығынан күшпен ажыратылуы.</p> <p>2. Кеңестік әміршіл-әкімшіл идеологияға арнайы тәрбиеленген шалакбелсенділердің әрекеттері.</p>	<p>1. 1931-1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6,2 млн. Республика халқының 2,1 млн-ы қырылды.</p> <p>2. Қазақтың табиғаты мен менталитетіне ежелден еніп кеткен мал шаруашылығы енді негізгі күнкөріс құралынан айырылды.</p>	<p>1. Құжаттық фильмдермен жұмыс жасау және білім алушылардың алған әсерлері мен бөлісуіне жол ашу.</p> <p>2. Еркін диалог форматында әңгіме құру.</p> <p>3. Картамен жұмыс. Картадан аштықтан анағұрлым зардап шеккен шығыс Қазақстан аудандарының орнын көрсету және себептеріне аргументтер келтіру</p>